

**ИДРЫШЕВА САРА ҚИМАДИҚЫЗЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**

**ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Астана, 2015

Бұл оқу құралы Азаматтық құқық саласының «Міндеттемелердің жекелеген түрлері», «Интеллектуалдық меншік құқығы» және «Мұрагерлік құқығы» бөлімдерін қамтиды. Қазақ тілінде Азаматтық кодекстің ерекше бөлімі бойынша комментарий болмауына және осы кодекстің қазақ тіліндегі мәтініндегі көптеген олқылықтарға байланысты студенттер және өзге қызығушылық білдіретін азаматтарға аталған тақырыптарды игеру қиындау болып келеді. Осы құрал тиісті салада білім алушыларға ыңғайлы, түсінікті әдістермен көмек беру мақсатында дайындалған.

Азаматтық құқық пәні бойынша білім алушылардың басты мақсаттарының бірі – теориялық білімдерді және заңнамалық нормаларын тәжірибеде пайдалана білу. Сондықтан әрбір тараудың немесе тақырыптың соңында нақты тәжірибелік жағдайлар келтірілген.

Оқу құралы «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Кеден ісі» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, азаматтық құқық саласында қызмет ететін азаматтарға және өзге қызығушылық білдіретін тұлғаларға арналған.

## МАЗМҰНЫ

КЕЛІСІМ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	6
МҮЛІКТІ МЕНШІККЕ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚҚА БЕРУДЕН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТҰРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР	
Сатып алу-сату келісім шарты бойынша жалпы ережелер	7
Бөлшектеп (жекелеп) сатып алу-сату келісім шарты	9
Энергиямен (қуатпен) жабдықтау келісім шарттары бойынша жалпы ережелер	12
Энергиямен (қуатпен) жабдықтау келісім шарттарының жекелеген түрлері	13
Тауар жеткізілімі келісім шарты	17
Контрактация келісім шарты	20
Жылжымайтын мүліктерді сатып алу-сату келісім шарттары	22
Айырбастау келісім шарты	26
Сыйға тарту келісім шарты	27
Рента келісім шарты	31
МҮЛІКТІ УАҚЫТША ИЕЛЕНУГЕ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУДЕН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР	36
Мүліктік жалдау (аренда) шарттары және олардың азаматтық- құқықтық сипаттамасы	
Лизинг келісім шарты	38
Көлік құралдарын жалдау келісім шарты	39
Прокат келісім шарты	42
Жылжымайтын мүлікті жалдау келісім шарттары	43
ЖҰМЫСТАР ЖАСАУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	49
Жұмыстарды жасау туралы міндеттемелердің нысанасы (пәні, заты). Мердігерлік шартының жалпы ережелері.	
Тұрмыстық мердігерлік келісім шарты	53
Құрылыс мердігерлігі келісім шарты	56
Ғылыми мердігерлік келісім шарттар	59
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	64
Қызмет көрсету туралы міндеттемелерінің ұғымы мен түрлері. Өтемелі (ақылы) қызмет көрсету келісім шарты	

Тапсырма келісім шарты	71
Комиссия келісім шарты	75
Сақтау келісім шарты	80
Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) келісім шарты	88
Мүлікті сенімгерлікпен басқару келісім шарты	92
<b>КӨЛІКТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	95
Тасымалдаудың түрлері мен олардың құқықтық реттелуі	
Тасымалдаудың жекелеген түрлері	97
Әуе көлігімен тасымалдау	98
Теміржол көлігімен тасымалдау	103
Көлік экспедициясы келісім шарты	100
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	104
Заем келісім шарты	
Заем келісім шартының жекелеген түрлері	106
Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) келісім шарты	109
<b>БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ШАРТТАР</b>	112
Банктік қызмет көрсету шарттары бойынша жалпы ережелер	
Банктік шот келісім шарты	114
Ақша аудару туралы келісім шарт	117
Банктік салым келісім шарты	119
Банктік заем келісім шарты	122
<b>САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	128
Сақтандыру туралы жалпы ережелер	
Сақтандыру түрлері	129
Сақтандыру келісім шартының жалпы сипаттамасы	131
Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісім шарты	140
<b>БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	143
Бірлескен қызмет міндеттемелері пайда болуының негіздері.	
Бірлескен қызмет туралы келісім шарт.	
Құрылтайшы келісім шарты	144
<b>БІР ТАРАПТЫ ӘРЕКЕТТЕРДЕН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР (КОНКУРСТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР).</b>	146
Бір тарапты әрекеттерден тұындайтын міндеттемелердің	

ұғымы. Сыйақыға жария уәде беру	148
Ойын бизнесі шеңберінде ұйымдастырылатын бәс тігуге негізделген әрекеттер	150
<b>ШАРТТАН ТЫС (ҚОРҒАУШЫЛЫҚ) МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	154
Шарттан тыс міндеттемелердің ұғымы мен түрлері Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер	
Зиян келтірудің түрлері	155
Моральдық зиян және оны өтеу	156
Заңды тұлғалар және кәсіпкерлердің азаматтың денсаулығына жарақат келтіруден және қайтыс болуына байланысты зиянды өтеудің ерекшеліктері	158
Заңды тұлға мен азаматтың өз қызметкерлері келтірген зиян	160
Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян	162
Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғалары келтірген зиян	163
Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиянды өтеу	164
Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер	165
<b>ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ (ЗИЯТКЕРЛІК, САНАТКЕРЛІК) МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ</b>	169
Интеллектуалдық (зияткерлік) меншік құқығының ұғымы мен құрамы	
<b>АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ</b>	171
Сабақтас құқықтар	175
<b>ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚ</b>	181
Патенттік құқық ұғымы және патенттік құқық объектілері	
Селекциялық жетістіктер патенттік құқықтың объектілері ретінде	186
Интегралды микротәсімдер патенттік құқықтың объектілері ретінде	188
Ашылмаған ақпаратты құқықтық қорғау талаптары	190
<b>АЗАМАТТЫҚ АЙНАЛЫМҒА, ТАУАРЛАРҒА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ДАРАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ</b>	192
Фирмалық атау	
Тауар белгісі субъектіні дараландыру құралы ретінде	193
Тауар шығарылатын жердің атауы	197
<b>МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ</b>	200
Мұрагерлік ұғымы және түрлері	

Өсиет бойынша мұрагерлік	203
Заң бойынша мұрагерлік	208
Мұраға иелену	210

# **МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІ**

## **1. Келісім шарттық міндеттемелер**

### **Мүлікті меншікке немесе өзге заттық құқыққа беруден туындайтын міндеттемелер туралы жалпы түсініктер**

Азаматтық құқықтың ерекше бөлімін игеру барысында келісім шарттық міндеттемелердің және келісім шарттардың жеке түрлерін сипаттау қажет болады. Келісім шарттық міндеттемелер сан алуан түрлі келісімдерден туындайды және өз кезегінен: мүлікті немесе мүліктік құқықтарды өзге тұлғаларға меншік (оралымды басқару, шаруашылық жүргізу) құқығына беру туралы; мүлікті өзге тұлғаларға уақытша иелену, пайдалану құқығына беру туралы; жұмыстар жасау туралы; қызмет көрсетуден туындайтын міндеттемелерге бөлініп қарастырылады.

Бұл міндеттеме түрлерінің анықтамасын (түсінігін, ұғымын), олардың объектісін (нысанасын, затын, пәнін), өзге шарттық міндеттемелерден айырмашылығын білу; және бұл міндеттемелер түрлерінің пайда болуына келтіретін барлық шарттарды атап, сипаттап өту қажет болады. Келісім шарттардың әр түрін сипаттау кезінде келесі жағдайлар анықталады: тараптардың атаулары; әр шарттың субъектілеріне қойылатын талаптар; нақтылы немесе консенсуалды, ақылы немесе ақысыз, екі тарапты да міндеттейтін немесе бір тарапты міндеттейтін келісім шарт екендігін; мерзімді әлде мерзімсіз бе, және қандай нормативтік құқықтық актілермен реттелетіні анықталады. Осыдан кейін тараптардың құқықтары мен міндеттерінің, олардың жауапкершілігінің сипаттамасы беріледі.

Студенттердің басты мақсаттарының бірі – теориялық білімдерді және заңнамалық нормаларын тәжірибеде пайдалана білу. Сондықтан әрбір тараудың немесе тақырыптың соңында нақты тәжірибелік жағдайлар келтіріледі.

Мүлікті меншікке немесе өзге заттық құқыққа, яғни шаруашылық жүргізуге, жедел (оралымды) басқаруға беруден туындайтын міндеттемелер сатып алу - сату шартынан, оның түр-түрлерінен және айырбастау, сыйға тарту мен рента шарттарынан туындайды. Бұл міндеттемелердің маңыздылығы – олардың нәтижесінде көбінде абсолюттік заттық құқық, яғни меншік құқығы бір тұлғадан (тұлғалардан) өзге тұлғаға (тұлғаларға) ауысуында, жаңа меншік иесі пайда болуында, бұрынғы меншік иесінің заттық құқықтары тоқтатылуында.

Қазіргі кезде сатып алу-сату шарты оның көптеп және бөлшектеп (жекелеп) сатып алу-сату, тауар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау, келісім шарт жасасу (контрактация) шарттары сияқты түрлеріне қатысты, тектік ұғым ретінде қаралады. Ал бөлшектеп (жекелеп) сатып алу-сату шартының өз кезегінен келесі түрлері болады: үлгілер бойынша сату, несиеге сату, автоматтар арқылы сату, белгілі бір орынға дейін жеткізіп беру тәсілімен сату және т. б.

## **САТЫП АЛУ-САТУ КЕЛІСІМ ШАРТЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**Сатып алу-сату келісім шартының түсінігі.** Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) екінші тарап (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына белгілі бір мүлікті (тауарды) беруге міндеттенеді, ал сатып алушы оны қабылдап алып, оның ақысын (белгілі бір ақшалай соманы) төлеуге міндеттенеді.

Келісім шарт тараптары – сатушы мен сатып алушы болады. Олардың орнында әрекет қабілеттілігіне қарай, кез келген жеке немесе заңды тұлға және мемлекет те болуы мүмкін.

**Шарттың заты (нысанасы, объектісі)** ретінде азаматтық айналымнан алынып тасталмаған кез келген мүлік (тауар) және мүліктік құқық болады (АК 406-б. 4-т.). Айналымы шектеулі мүлік тек арнайы рұқсат (лицензия) бойынша сатылады. Бұл келісім шарт қазіргі кезде бар тауарды беру жөнінде де және болашақта жасалғаннан немесе сатып алғаннан кейін болатын тауарды беру жөнінде (фьючерстік мәміле) де жасалуы мүмкін (АК 407-б. 2-т.).

Шарт консенсуалды, екі тарапты міндеттейтін және ақылы болады. Шарттың елеулі жағдайларына тауардың атауы және саны жатады (АК 407-б. 3-т.). Сатып алу-сату шарттарының кейбір түрлері ҚР АК 25–ші тарауымен қоса арнайы заңдармен реттеледі, мысалы: ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңымен, «Электр энергетикасы туралы» т.б. заңдармен.

Бұл келісім шарт консенсуалды болғандықтан, тараптардың құқықтары мен міндеттері де олар заң қажет ететін нысанда келісімге келген уақытта пайда болады.

**Сатушының міндеттері:** тауарды/затты оның барлық құжаттарымен, керек-жарақтарымен, саймандарымен тиісті сапасы мен санында, ассортиментінде, қапталған түрінде және үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан тыс сатып алушыға беру болып табылады (АК 408, 413-б.). Егер консенсуалды келісім шарт бойынша сатып алушыға меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығы тауарды берместен бұрын ауысқан болса, сатушы сол тауарды бергенге дейін оның нашарлауына жол бермей сақтауға міндетті (412-б.). Сатушының тауарды беру міндетін орындау уақыты туралы ережелерді ерекше атап өту қажет (АК 410-б.). Егер шартта тауарды жеткізіп беру бойынша сатушының міндеті көзделсе, сатып алушыға немесе ол атаған тұлғаға тауарды берген кезінде міндетін тиісінше орындады деп есептеледі. Егер тауар сол тауар орналасқан жерде сатып алушыға немесе ол атаған тұлғаға берілуге тиіс болса, сатушының міндеті сатып алушының билігіне тауар берген кезінде орындалған болып есептеледі.

Тауар шартта көзделген мерзімде тиісті жерде беруге дайын тұрған және сатып алушы шарт талаптарына сәйкес тауардың беруге дайын екендігі туралы хабардар болған кезде тауар сатып алушының билігіне берілген болып есептеледі. Егер тауар таңбалау арқылы немесе өзгеше түрде келісім шарт мақсаттары үшін сәйкестендірілмесе тауар берілуге дайын емес деп танылады.



Тауарды жеткізіп беру немесе сатып алушыға оның орналасқан жерінде тауар беру жөнінде сатып алу - сату шартынан сатушының міндеті туындамаған жағдайларда, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарды тасымалдаушыға немесе сатып алушыға жеткізу үшін байланыс ұйымына берген кезде сатушының тауарды сатып алушыға беру міндеті орындалған болып есептеледі.

Азаматтық кодекстің 190-бабына сәйкес, иеліктен шығарылған (яғни, сатылған) заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі, егер заңнамада немесе шартта өзгеше белгіленбесе, сатып алушыда меншік құқығы пайда болумен бір мезгілде соған көшеді. Егер сатушы заттарды беру мерзімінің өткізіліп жіберілуіне кінәлі болса немесе сатып алушы оларды қабылдау мерзімінің өткізіліп жіберілуіне кінәлі болса, тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі мерзімін өткізіп жіберген тарап көтереді.

Бұл жалпы ережелер Азаматтық кодекстің 411-бабында сатып алу – сату келісім шартына қатысты келесідей нақтыланады. Егер сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмесе, тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатушы заң актілеріне немесе шартқа сәйкес сатып алушыға тауар беру жөніндегі өз міндетін атқарды деп есептелетін кезден бастап сатып алушыға ауысады. Жолда келе жатқан кезде сатылған тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі, егер шартта немесе іскерлік айналым ғұрпында өзгеше көзделмесе, сатып алу-сату шарты жасалған кезден бастап сатып алушыға ауысады. Егер шарт жасасқан кезде сатушы тауардың жоғалтылғанын немесе бүлінгенін білсе немесе білуге тиіс болса және бұл туралы сатып алушыға хабарламаса, тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатып алушының талап етуі бойынша тауар бірінші тасымалдаушыға өткізілген кезден бастап сатып алушыға ауысатындығы туралы шарт талабын сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

**Сатып алушының міндеттері:** тауарды қабылдап алудан және қажет болған жағдайда, ол жөнінде қолхат беруден немесе тауарды қабылдап алу жөнінде акт жасаудан тұрады. Сатып алушының ең негізгі міндеті сатып алу ақысын төлеу болады (АК 439-б.). Кейбір жағдайларда сатып алушыға тауарды сақтандыру және сатушыны шарттың тиісті дәрежеде орындалғаны жөнінде ескерту міндеттері жүктеледі.

Ескеретін жағдай: міндеттемелік құқықта бір тараптың құқықтары қарсы тараптың міндеттеріне сәйкес келеді. Мысалы, сатушының тауарды беру міндеті, сатып алушының тауарды тиісті сапа мен санында, барлық саймандарымен және құжаттарымен беруді талап ету құқығына сәйкес келеді және т. б. Сатып алушының тауар ақысын төлеу міндеті сатушының тауардың ақысын толық және тиісті уақытта төлеуді талап ету құқығына сәйкес болады.

Сатушы мен сатып алушының жауапкершілігі, жалпы ереже бойынша, әр тарап өз міндеттерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда туындайды. Олардың жауапкершілігінің негізгі түрлері: шығындарды өтеу және тұрақсыздық төлемін (айып, өсім) төлеу. Қазіргі уақытта тұрақсыздық төлемі көбінде келісім шарттың мазмұнында белгіленуі қажет,

себебі заңда көзделген (заңды айып, өсім) тұрақсыздық төлемдері өте сирек кездеседі. Сондықтан шарт жасасу кезінде тиісті жауапкершілік шараларын қарастыруды ұмытпау қажет. Заңды айып төлеу - ол тек біреудің ақшаларын заңсыз пайдаланудан туындайтын ақшалай міндеттемелер бойынша қолданылады (ҚР АҚ-353 б.).

Сатып алу-сату келісім шарттарының жалпы ережелерін сипаттап болғаннан кейін шарт ұғымынан бастап, бұл келісім шарттың әр түрінің ерекшеліктеріне тоқтап өту қажет. Сату-сатып алу шарттарының саралану негізі - олардың бір бірінен сату тәсіліне және объектісіне қарай ерекшеленуіне байланысты болады. Сондықтан, сатып алу-сату келісім шарттарының барлық түрлерінің азаматтық-құқықтық сипаттамаларының ерекшеліктеріне мейілінше толық тоқтап өтейік.

### **Бөлшектеп (жекелеп) сатып алу-сату келісім шарты**

Келісімшарт түсінігі. *Бөлшектеп (жекелеп) сату шарты бойынша* тауар сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы сатып алушыға кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, әдетте жеке өзіне, отбасында, үйінде немесе өзге де пайдалануға арналған тауарларды беруге міндеттенеді.

Сатып алу-сату келісім шартының осы түрін жетілдіре түсіну үшін «бөлшектеп» сату дегеніміз тұтынушылық мақсаттарда сатуға рұқсат етілетін кез келген заттардың, яғни тауарлардың, бір-бірлеп, жекелеп, аз көлемде, және т.с.с. сатылуы деп білу қажет. «Бөлшектеп» сатудың қарама қарсы түсінігі – ол көптеп сату, көтерме сауда жасау.

Жалпы сату-сатып алу шартына қарағанда бөлшектеп сату келісім шарты жария шарты болып танылады (ҚР Азаматтық кодексінің 387-бабын қараңыз), ол жөнінде ҚР АҚ-нің 445-б. 2-тармағында айтылған. Тауарларды көруге қою, олардың үлгілерін көрсету немесе тауарлар сатылатын жерде сатылатын тауарлар туралы мәліметтер (сипаттамалар, каталогтар, фотосуреттер және т.б.) беру, сатушы тиісті тауарлардың сатуға арналмағандығын айқын көрсеткен жағдайларды қоспағанда, бағаның және сатып алу-сату шартының басқа да елеулі жағдаяттарының көрсетілгеніне қарамастан, **көпшілікке арналған (жариялық) оферта** болып танылады. Ал тауардың оның жарнамасында, каталогтарында, сондай-ақ тауар сатылмайтын жерлерде тауардың беймәлім адамдар тобына арналған және тауардың сатып алу-сату шартының елеулі талаптары болмаған басқа да сипаттамаларында көрсетілген ұсынымы көпшілікке арналған оферта деп танылмайды.

Басқа дәлелдемелермен қоса, бұл келісім шарт бойынша шарттың жасалу фактісін дәлелдеу үшін сатып алушы кұәлардың айғақтарына сүйенуіне болады.

Бөлшектеп сату шарты әр түрлі негіздер бойынша келесі түрлерге бөлінеді: сатып алушымен тауарды белгілі бір мерзімде қабылдап алу шартымен жасалатын шарт; үлгілер немесе каталогтар бойынша сату; тауарды автоматтар арқылы сату; сатып алушыға тауарды жеткізіп беру шартымен сату;

несиеге сату; өзіне өзі қызмет көрсетумен сатып алу (орысша - самообслуживание); электрондық нысанда сатып алу және т. б.

Бөлшектеп сату шарты бойынша сатушының негізгі міндеттері – сатып алушыға (тұтынушыға) келісімде көзделген тауарды беру, оның керек-жарақтарын, құжаттарын беру және сонымен қатар сатып алушыға тауар жөнінде барлық мәліметтерді/ақпаратты беру болып танылады (АК 448-б.).

Сатып алушының негізгі міндеттері – тауарды қабылдау және оның құнын төлеу.

Тараптардың құқықтары жоғарыда келтірілген міндеттерге сәйкес туындайды.

Сатушы сапасы жарамсыз тауарды айырбастап беру немесе қайтару кезінде «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының нормалары мен ҚР АК–ның 454-бабы нормалары қолданылады. Бірақта тәжірибеде «тауар айырбастауға және қайтаруға жатпайды» деген хабарландырулар ілу арқылы бұл нормаларды сатушылар өрескел бұзуға дейін барады.

Аталған АҚ 454-бабы бойынша сатып алушы әуелі сапасы лайықты тауарды алмастыруға құқылы: Атап айтқанда, сатып алушы азық-түлікке жатпайтын тауар өзіне берілген кезден бастап он төрт күн ішінде, егер сатушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаған болса, сатып алынған тауарды сату орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қажетті қайта есеп айырыса отырып, мөлшері, нысаны, ауқымы, пішіні, түсі, жинақтылығы және т.б. бойынша соған ұқсас тауармен алмастырып алуға құқылы.

Сатушыда алмастыруға қажетті тауар болмаған жағдайда сатып алушы сатып алынған тауарды сатушыға қайтарып беруге және оған төленген ақша сомасын алуға құқылы. Егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Егер тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат жоғалған немесе қандай да бір себептермен тұтынушыға берілмеген жағдайда, егер тұтынушы осы сатушыдан (дайындаушыдан) сатып алу фактісін дәлелдесе, онда тауарды айырбастау немесе қайтару жүргізілуге тиіс.

Алмастырылуға немесе қайтарылуға жатпайтын тауарлардың тізбесі Қазақстан Республикасы «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңының 30-бабында белгіленген тәртіппен айқындалады. Мұндай тауарларға келесілер жатқызылады:

- 1) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар;
- 2) іш киім;
- 3) шұлық-ұйық бұйымдары;
- 4) жануарлар мен өсімдіктер;
- 5) метрлеп сатылатын тауарлар, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталар, тоқыма және перделік кенеп мата, жасанды

тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес материалдары, ленталар, шілтер, таспа, сымдар, баулар, кәбілдер, линолеум, багет, пленка, клеенка.

ҚР АҚ–ның 455-бабында оған сапасыз тауар сатылған жағдайда, сатып алушының құқығын қорғау шаралары көзделеді.

Сатып алушы тауардан кемшіліктер тауып, оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда сатушы (дайындаушы) оны дереу ауыстыруға, ал сатушының (дайындаушының) тауар сапасын қосымша тексеруі қажет болған кезде тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруға міндетті. Тауарды (жиынтықтаушы бұйымды) ауыстыру кезінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, кепілді мерзім оны тұтынушыға берген күнінен бастап қайта есептеледі.

Егер шартта өзгеше мерзім белгіленбесе, сатып алушының келісімі бойынша сатушы (дайындаушы) тауардан табылған кемшіліктерді тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде жоюға тиіс. Тауардағы кемшіліктер жойылған жағдайда кепілді мерзім тауар пайдаланылмаған мерзім ішіндегі уақытқа ұзартылады. Көрсетілген уақыт сатып алушы кемшіліктерді жою туралы талаппен жүгінген күннен бастап оның талабы орындалған кезге дейін есептеледі.

Кепілді мерзімі белгіленбеген тауарға қатысты, егер тұтынушы тауардың кемшіліктері тұтынушыға берілгенге дейін пайда болғанын немесе сол кезге дейін пайда болған себептерден туындағанын дәлелдесе, тауардың кемшіліктері үшін сатушы (дайындаушы) жауап береді. Сатушы (дайындаушы) сатылған (дайындалған) тауардың кемшіліктері үшін олар жөнінде өзі білмеген жағдайда да жауап береді. Сатушыны (дайындаушыны) жауапкершіліктен босату туралы немесе оны шектеу туралы келісім жарамсыз болады.

Сатушы (дайындаушы) кепілді мерзімін белгілеген тауарға қатысты, егер тауардағы кемшіліктер оларды сатып алушыға бергеннен кейін тұтынушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың іс-әрекеті немесе еңсерілмейтін күштің салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, тұтынушының талаптарын орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін осындай бұзушылықтарға жол берген сатушы (дайындаушы) тұтынушыға мерзімі өткізіп алынған әрбір күн үшін тауар (жұмыс) құнының бір пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұтынушыға тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтарып беру кезінде сатушы (дайындаушы) одан тауарды толық немесе ішінара пайдаланғандықтан, оның тауарлық түрін жоғалтуынан немесе басқа да осы сияқты мән-жайлардан тауардың құны төмендеген соманы ұстап қалуға құқығы жоқ.

Кемшіліктері бар тауарды дәл сондай маркалы (модельді, артикулды) тауарға ауыстырған кезде бағасын қайта есептеу жүргізілмейді. Сондай-ақ, шартты бұзған кезде тауардың бағасы көтерілген жағдайда - оның шартты бұзған кездегі бағасының негізінде, ал бағасы төмендеген жағдайда мұндай

тауарды ауыстыру тауардың сатып алу кезіндегі бағасының негізінде жүргізіледі. Ал егер ауыстыруға жататын тауардың бағасы ауыстырылып берілген тауардың бағасынан төмен болса, тұтынушы баға айырмашылығын төлеуге тиіс. Тұтынушы қосымша ақы төлеуден бас тартқан жағдайда тараптар шартты бұзып, тұтынушыға сатып алынған тауарға төленген ақшалай сома қайтарылады. Ауыстыруға жататын тауардың бағасы ауыстырылып берілген тауардың бағасынан жоғары болған жағдайда, бағасының айырмашылығы тұтынушыға төленеді.

Сатушы (дайындаушы) тұтынушыға тиісті емес сападағы тауарды жеткізуге және (немесе) қайтарып беруге байланысты шығындарын да өтеуге міндетті.

### **Энергиямен (қуатпен) жабдықтау келісім шарттары бойынша жалпы ережелер**

Сатып алу-сатудың ерекше түрлеріне қазіргі уақытта **энергиямен (қуатпен) жабдықтау келісім шарты** жатады (АК 25-тарауының 6-параграфы).

Келісім шарттың түсінігі. **Энергиямен жабдықтау** шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке (тұтынушыға) жалғанған желілері арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген тәртібін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Оның ерекшелігіне мүлікті - энергияны және энергия көздерін (судың газды) ерекше әдіспен, яғни қосылған желілер арқылы, сатып алушыға (абонентке, тұтынушыға) беру жатады. Бұл шарт бойынша энергиямен жабдықтаушы кәсіпорны тұтынушыға/абонентке энергияны арнайы техникалық құралдар арқылы, электр, су, газ және жылу желілері мен құбырлары арқылы береді. Азаматтық кодекспен қоса, энергиямен жабдықтау келісім шарты тараптарының арақатынасы «Электр энергетикасы туралы», «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен, энергия түрлерін пайдалану жөніндегі ережелерімен және т. б. реттеледі.

Шарт тек энергиямен жабдықтау ұйымының жүйесіне қосылуға болатын абоненттың арнайы құралдары болған кезде жасалуы мүмкін.

Энергиямен жабдықтау ұйымы – ол қызметтің бұл түрімен шұғылдануға лицензия алған және қажетті құралдары мен саймандары, желілері бар, арнайы коммерциялық заңды тұлға болып танылады. Ал абонент - ол заңды тұлға да, тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті жеке тұлға да болуы мүмкін.

Энергиямен жабдықтау шарты жария болып табылады (Азаматтық кодекстің 387-бабы).

Энергиямен жабдықтау келісім шарттарын төрт нақты түрге бөліп қарастырған жөн деп санаймыз. Олар: электр энергиясымен жабдықтау, жылу энергиясымен жабдықтау, сумен жабдықтау және газбен жабдықтау. Су – ол

биологиялық қуат беретін, ал газ - химиялық қуатты беретін қуат көздері болып танылады.

### **Энергиямен (қуатпен) жабдықтау келісім шарттарының жекелеген түрлері**

#### **Электр және жылу қуатымен жабдықтау келісім шарттары**

Бөлшек сауда нарығында электр және жылу энергиясын сатып алу-сату тұтынушылар энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен жасасатын келісім шарттар негізінде жүзеге асырылады. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушыларға электр энергиясын тәулік аймақтары бойынша және (немесе) тұтынатын энергияның көлеміне (жеке тұлғалар үшін) қарай сараланған тарифтер бойынша өткізуден (сатудан) бас тартуға құқығы жоқ. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушыларға жылу энергиясын есепке алу аспаптарының бар болуына немесе жоқ болуына байланысты сараланған тарифтер бойынша жылу энергиясын беруден бас тартуға құқығы жоқ.

Энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдар бөлшек сауда нарығында жасасатын шарттарда электр және жылу энергиясының бөлшек сауда нарығына барлық қатысушылар үшін тең жағдайлар жасауға міндетті. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жеткізетін электр энергиясының бағалары мен оларды беру жағдайлары тараптардың келісімі бойынша энергия беруші ұйымның тарифін ескере отырып, сатып алу-сату шартына сәйкес белгіленеді.

Энергияны коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалану жағдайларын қоспағанда, тұтынушылардың тұтынған электр энергиясы үшін төлемақы коммерциялық есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері негізінде энергиямен жабдықтаушы ұйым берген төлем құжаты бойынша, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде есептеу арқылы жүргізіледі.

Өңірлік электр желілері бойынша электр энергиясын беру энергиямен жабдықтаушы ұйым немесе тұтынушы өңірлік электр желісі компаниясымен уәкілетті орган белгілеген үлгілік нысан бойынша жасасатын электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

#### **Электр және жылу қуатын тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері.**

Электр және жылу энергиясын тұтынушылардың құқықтары:

- 1) жасалған шарттарға сәйкес электр және жылу энергиясын алуға;
- 2) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымнан электр және жылу энергиясын жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты нұқсанның орнын толтыруды талап етуге;
- 3) шарттар жасасуға және оларды орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;
- 4) тұтынылған электр энергиясы үшін сараланған тарифтік есепке алу жүйелері бойынша ақы төлеуді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізуге.

Электр және жылу энергиясын тұтынушылардың міндеттері:

1) тұтынушылардың меншігіндегі электр және жылу энергия қондырғылары мен коммерциялық есепке алу аспаптарын тиісінше техникалық жағдайда ұстап тұруға, электр және жылу энергиясын пайдалану ережелеріне сәйкес олардың техникалық жағдайына қойылатын талаптарды орындауға;

2) электр және жылу қуатын сатып алу-сату шартында айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетика жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) жасалған шарттарға сәйкес босатылған, берілген және тұтынылған электр және (немесе) жылу қуатының ақысын уақтылы төлеуге;

5) энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың қызметкерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органның қызметкерлерін электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр қуатын сатып алатын заңды тұлғалар болып табылатын электр қуатын тұтынушылар тұтынған электр энергиясы үшін төлемақыны тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтермен төлеуге міндетті.

### **Электр қуатымен көтерме саудада жабдықтау**

«Энергиямен жабдықтау» деп аталатын ҚР АҚ 25-Тарауының 6-параграфы бөлшектеп/жекелеп сату рыногындағы тұтынушылар мен энергиямен жабдықтау ұйымы арасындағы қатынастарды реттейді. Одан басқа энергиямен жабдықтаудың көтерме саудада сату (көптеп сату) рыногы да бар, оның объектісі - арнайы нормативтік құқықтық актілермен реттелетін электр энергиясы (қуаты) болады. Көптеп сату рыногының қатысушыларына энергия өндіруші, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен қоса Техникалық және Нарықтық операторлары да жатады.

Электр энергиясын сатып алу-сату, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлендіру, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі жөнінде қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Электр энергетикасы туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалатын шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Көтерме саудада электр энергиясымен жабдықтау шарттарында тәуліктік электр тұтыну кестесі; энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатын резервтеу тәртібі қарастырылуға тиіс.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сату шарттарында, электр энергиясын беру, техникалық

диспетчерлендіру, электр қуатын реттеу, өндіру-тұтынуды теңгерімдеу жөнінде қызметтер көрсету шарттарында шарт бойынша уақтылы ақы төленбеген жағдайда энергиямен жабдықтауды немесе тиісті қызметтер көрсетуді тоқтату жағдайлары мен тәртібі болуға тиіс.

### **Сумен жабдықтау келісім шарты**

Тұтынушы мен сумен жабдықтау ұйымның арасындағы сумен жабдықтау бойынша қатынастары келісім шарт негізінде белгіленеді. Сумен жабдықтау шарттары жария шарттар болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабы).

Сумен жабдықтау шарты бойынша сумен жабдықтау жөніндегі ұйым тұтынушыға су беруді жүзеге асыруға міндеттенеді, ал тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, сумен жабдықтау қызметтері үшін уақтылы төлем жасауға міндеттенеді.

Сумен жабдықтау шарты сумен жабдықтау және су бұру бойынша бірлесе қызмет көрсету, сондай-ақ осы қызметтердің әрқайсысын жеке көрсету үшін жасалуы мүмкін.

Сумен жабдықтау жөніндегі ұйым сумен жабдықтаудың және су бұрудың орталықтандырылған жүйелеріне қосылған және осы ұйыммен жасасқан тиісті шарты жоқ тұтынушыларға шарт жасасу туралы ұсыныс жіберуге тиіс. Тұтынушы оған ұсыныс түскен кезден бастап 30 күн ішінде сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі ұйыммен көрсетілген шартты жасасады немесе ұйымға осындай шартты жасасудан жазбаша бас тарту жолдайды. Белгіленген мерзім біткеннен кейін абонент көрсетілген шартқа қол қоймаған немесе шарт жасасудан жазбаша бас тарту ұсынбаған жағдайда, шарт жасасқан болып саналады.

Сумен жабдықтау және су бұру шартын жасасу үшін сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылу үшін қойылатын техникалық шарттардың талаптарын орындау міндетті болып табылады.

Егер сумен жабдықтау және су бұру шарты бойынша жеке құрылыс салу объектілері бойынша заңды тұлға немесе жеке тұлға тұтынушы болып табылса, шарт тараптар арасында баланстық тиесілік шекараларын бөлу актісіне қол қойылғаннан кейін жасалады.

Сумен жабдықтау және су бұру шартында мынадай жағдайлар қамтылуға тиіс:

- 1) қызмет көрсету түрлері және олардың ұсынылу режимі;
- 2) берілген техникалық шарттармен расталған және су тұтыну және су бұру нормалары бойынша есептелген қызмет көрсету көлемі;
- 3) баланстық тиесілік және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекаралары;
- 4) тараптардың құқықтарын және міндеттері;
- 5) қызмет ұсынудың шектелу шарттары;
- 6) тұтынылған қызметтерді есепке алу тәртібі;
- 7) қызмет көрсету төлемінің мерзімдерін және тәртібі;
- 8) ағынды сулардың үлгілерін алу орындарын және тәртібін, су бұруды жүзеге асыратын кәсіпорынның өкілдеріне немесе осы кәсіпорынның нұсқауы



бойынша өзге кәсіпорынның өкілдеріне үлгілерді алатын орындарға қол жеткізу тәртібі;

9) жол берілетін төгінділердің нормативтерін, ағынды сулардың құрамының және қасиеттерінің көрсеткіштерін, ағынды сулардың құрамына және қасиеттеріне қойылатын талаптарды тұтынушылардың сақтауын бақылау тәртібі;

10) сумен жабдықтау және су бұру желілерін пайдалану үшін міндеттемелердің (жауапкершіліктің) белгілері бойынша анықталған, сумен жабдықтау және су бұру желілері бойынша тұтынушы мен сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі ұйымның пайдалану жауапкершілігін бөлу шекаралары;

11) шарт бойынша тараптардың арасында туындайтын келіспеушіліктерді реттеу тәртібі;

12) шарт ережелерін бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;

13) шарттың өзгеру және тоқтатылу тәртібі;

14) шарттың қолданылу мерзімі;

15) үлгілік шартпен белгіленген өзге талаптарды қамтуға тиіс.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған объектілерге меншік құқығы ауысқан кезде жаңа меншік иесімен сумен жабдықтау және су бұру шарты алдыңғы меншік иесінің тұтынған сумен жабдықтау және су бұру қызметтері үшін толық есеп айырысқан жағдайда жасалады.

### **Газбен жабдықтау келісім шартының ерекшеліктері**

Газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдығының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Өнеркәсіптік тұтынушылар өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсететін білікті персонал, сондай-ақ газ тұтыну жүйелерінің қауіпсіз жұмысы үшін жауапты адам ұстауға не газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамаға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарату немесе газ желісі ұйымымен не газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасаспай, оларды пайдалануға тыйым салынады. Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне, газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйым олардың техникалық

жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **Тауар жеткізілімі келісім шарты**

**Тауар жеткізілімі шарты** да азаматтық заңнамаларда сатып алу-сату шарттарының бір түрі ретінде қарастырылады. Ол тек кәсіпкерлік саласында жасалатын болғандықтан оның тараптары тек кәсіпкерлер, яғни коммерциялық ұйымдар мен дара кәсіпкерлер болады (АК 458-б.).

**Шарттың түсінігі.** **Тауар жеткізілімі шарты** бойынша кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік, шаруашылық қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге де мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Тауарлар жеткізілімі келісім шарты тауар беруші сатып алушыға немесе шартта тауарды алушы ретінде көрсетілген тұлғаға шартта көзделген көлікке тиеп жөнелту (беру) жолымен жүзеге асырылады. Егер шартта тауарды жеткізіп берудің қандай көлік түрімен немесе қандай жағдайларда жүзеге асырылатындығы белгіленбесе, көлік түрін таңдау немесе тауарды жеткізіп беру жағдайларын белгілеу құқығын заң актілерінен, іскерлік айналым дағдыларынан немесе міндеттеменің мәнінен өзгеше туындамаса, тауар беруші иеленеді.

Тауардың заты мен санынан басқа жеткізілім шартының негізгі жағдаяттарына жеткізіп беру мерзімі жөніндегі жағдайлар да жатады. Тиеп-жөнелтуге рұқсат қағаздың мазмұны және оны сатып алушының тауар берушіге жіберу мерзімі шартта белгіленеді. Егер шартта тиеп-жөнелтуге рұқсат қағаз жіберу мерзімі көзделмесе, ол жеткізілім кезеңі басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей тауар берушіге жіберілуге тиіс. Бұл шарт бойынша жеткізілім кезеңдері бөлініп бекітіледі, ал мерзімнен бұрын жеткізіп беру сатып алушымен ол жөнінде арнаулы келісім болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Шартта тауар жеткізілімі кезеңдерін айқындаумен қатар, тауарлар жеткізілімі кестесі белгіленуі мүмкін (онкүндік, тәуліктік, сағаттық және т.б.).

Шарт нысаны тек жазбаша болады.

ҚР АК–ның 459-бабында жеткізілім шартын жасау кезінде туындаған келіспеушіліктерді 30 күндік мерзім ішінде шешу қажеттілігі жөніндегі арнайы ережелер бекітілген. Бұл шартты орындамаған кінәлі тарап екінші тараптың шеккен шығындарын өтеуге міндетті болады. Бұл шартты сипаттау кезінде: тауардың қорабы жөніндегі, жеткізіп берушіден тауарды қабылдап алу тәртібі жөніндегі шарттың жағдайларына тоқтау қажет болады. Сондықтан, өнімді (тауарды) саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы ережелерді сақтау қажет. Қазіргі уақытта жеткізілім шарты орнына кәсіпкерлер жиі «сатып алу - сату шарты», «сатып алу - сату актісі» деген ұғымдарды қолданады. Оның себептерінің бірі - жеткізіп берушінің тараптар жауапкершілігі жөніндегі жағдайдайларды шартқа енгізуден жалтаруды көздеуі.

Тауар жеткізілімі келісім шарты сыртқы экономикалық қатынастарды реттеуде кеңінен қолданылады. Мұндай жағдайларда келісім шарттың мазмұнына халықаралық сатып алу-сату аясында қолданылатын ИНКОТЕРМС ережелері енгізіледі, оның соңғы мәтіні 2010 жылы Халықаралық сауда палатасымен бекітілген.

Тауар жеткізілімінің жекелеген кезеңінде тауардың саны шартта белгіленгенге жетіспейтін болса, тауар беруші жетіспейтін тауарлар санының, егер шартта өзгеше көзделмесе, шарттың қолданылу мерзімі шегіндегі келесі кезеңде (кезеңдерде) орнын толтыруға міндетті. Ұзақ мерзімді шарт бойынша тауар берушінің жекелеген тауар жеткізілімі кезеңінде кем берген тауарлар санының, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарлардың жетіспеуіне жол берілген жыл ішіндегі келесі кезеңде (кезеңдерде) орны толтырылуға тиіс (464-бап). Сатып алушы, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауар берушіге хабарлай отырып, жеткізілім мерзімі өткен тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Тауар беруші хабар алғанға дейін берілген тауарды сатып алушы қабылдауға және оған ақы төлеуге міндетті.

Жеткіліксіз беріліп, орны толтырылуға тиісті тауарлардың түр-түрі тараптардың келісімі бойынша айқындалады. Келісім болмаған жағдайда тауар беруші жетіспеушілікке жол берілген кезеңге арнап белгіленген түр-түрі бойынша жеткіліксіз берілген тауарлар санының орнын толтыруға міндетті. Бір атаудағы тауарлардың шартта көзделгенінен көбірек мөлшердегі жеткізілімі нақ сол түр-түріне кіретін басқа атаудағы тауарлардың жетпегенін толтыруға есептелмейді және сатып алушының алдын ала берген жазбаша келісімімен жасалатын жағдайларды қоспағанда, оның орны толтырылуға тиіс.

Сатып алушы (алушы) тауар жеткізілімі шартына сәйкес берілген тауар қабылдауды қамтамасыз ететін барлық қажетті іс-әрекетті жасауға міндетті. Қабылдаған тауар заң актілерінде, тауар жеткізілімі шартында немесе іскерлік айналым дағдыларында белгіленген мерзімде қаралуға тиіс. Сатып алушы (алушы) сол мерзімде заң актілерінде, шартта немесе іскерлік айналым дағдыларында белгіленген тәртіппен қабылданған тауардың саны мен сапасын тексеруге және тауардың байқалған сәйкессіздіктері немесе кемшіліктері туралы тауар берушіге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.

Көлік ұйымынан жеткізілген тауарды алған жағдайда сатып алушы (алушы) тауардың көлік және жолдама құжаттарында көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ көлік ұйымынан осы тауарды көлік қызметін реттейтін заң актілерімен өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген ережелерді сақтай отырып, қабылдауға міндетті (466-бап).

Сатып алушы (алушы) заң актілеріне немесе тауар жеткізілімі шартына сәйкес тауар беруші жіберген тауардан бас тартса, ол бұл тауардың сақталуын (жауапкершілікпен сақтауды) қамтамасыз етуге және тауар берушіге дереу хабарлауға міндетті. Ал тауар беруші сатып алушы (алушы) жауапкершілікпен сақтауға қабылдаған тауарды әкетуге немесе қисынды мерзімде оған билік етуге міндетті. Егер тауар беруші осы мерзімде тауарға билік етпесе, сатып алушы тауарды сатуға немесе оны тауар берушіге соның есебінен қайтаруға құқылы.

Тауар жеткізілімі шартында сатып алушының (алушының) тауарларды тауар берушінің орналасқан жерінен алуы (тауарлар таңдауы) көзделуі мүмкін (468-бап). Егер шартта таңдау мерзімі көзделмесе, сатып алушының (алушының) тауарлар таңдауы тауар берушінің тауарлар дайын деген хабарын алғаннан кейін қисынды мерзімде жүргізілуге тиіс. Тауар жеткізілімі шартында сатып алушының (алушының) тауар беруші орналасқан жерде тауар таңдауы көзделген кезде, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе немесе міндеттеменің мәнінен туындамаса, сатып алушы берілетін тауарларды қарап-көруді олар берілетін жерде жүзеге асыруға міндетті.

Сатып алушы жеткізілетін тауарларға шартта көзделген есеп айырысу тәртібі мен нысандарын сақтай отырып ақы төлейді. Тауар жеткізілімі келісім шарты бойынша тәжірибеде есеп айырысу төлем тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады.

Сатып алушы (алушы) тауар берушіге заң актілерінде белгіленген тәртіппен мерзімде тауар келіп түскен көп айналымды ыдысты және буып-түю құралдарын қайтаруға міндетті. Басқа да ыдыс пен буып-түю заттары тауар берушіге шартта көзделген жағдайларда ғана қайтарылуға тиіс.

Тауарды жеткіліксіз бергені немесе беруді кешіктіргені үшін заң актілерінде немесе шартта белгіленген тұрақсыздық айыбы, егер заң актілерінде немесе шартта тұрақсыздық айыбын өндіріп алудың өзгеше тәртібі белгіленбесе, шартта белгіленген күннен бастап, міндеттеменің нақты орындалған күніне дейін өндіріп алынуы мүмкін.

Тараптардың бірі шартты өрескел бұзуы екінші тараппен шартты орындаудан бас тартуға әкелдіруі мүмкін. Шартты өрескел бұзу ұғымы туралы жалпы ережелер ҚР АҚ 401-бабының 2-тармағында бекітілген. Ал АҚ 476-бабына сәйкес, жеткізіп берушімен шартты өрескел бұзу болып: сатып алушыға тиімді мерзім ішінде жойылмайтын кемшіліктері бар сапасыз тауарды жеткізу және жеткізіп беру мерзімдерін бірнеше рет бұзу жатады. Сатып алушы тарапынан шартты өрескел бұзу болып: төлемдер мерзімін бұзу және тауарды уақытында қабылдап алмау жатады.

ҚР АҚ-ның 477-бабында жеткізілім шарты бұзылған жағдайда шығындарды өтеу тәртібі бекітілген. Мысалы, сатушының кінәсімен шарт бұзылғаннан кейін, сатып алушы шартта көзделген тауарды өзге тұлғадан шартта көзделген бағадан неғұрлым жоғары бағаға сатып алған болса, ол сатушыдан бұрынғы шартта көзделген бағамен нақты сатып алған бағаның арасындағы айырмашылық мөлшерінде өзінің шеккен шығындарын өтеуді талап етуге құқылы болады. Шарт сатып алушының кінәсінен бұзылған болса және осыған байланысты сатушы өз тауарын бұрынғыдан төмен бағаға сатуға мәжбүр болса, онда ол сатып алушыдан өзінің шеккен шығындарын өтеуді талап етуге құқылы болады, және т.б.

## Контрактация келісім шарты

Бұл келісім шарт ҚР Азаматтық кодексінде формальды түрде «келісім шарт жасасу туралы келісім шарт» деп аударылған. Әрине, латын тілінен аударғанда «контракт» сөзі қазақ тілінде «келісім шарт» деп түсініледі. Алайда, бұл келісім шарттың «контрактация» деген атауы Кеңес одағында тарихи қалыптасқан, ХХ ғасырдың 20-жылдарында жас кеңес мемлекеті азаматтық соғыстан кейін экономикалық жағдайын қалыптастыру үшін барлық ауылшаруашылық өнімдерді толығымен мәжбүрлі түрде мемлекетке тапсырып тұруды ұйғарған, ал мұндай қатынастарды реттейтін келісім шартты «контрактация» деп атаған. Сол заманнан бері, Кеңес одағы таратылған болса да, ТМД елдерінің заңнамасына бұл термин осы атауымен енгізілген. Реттелуші құқықтық қатынастардың мәніне сай, бұл келісім шарт қазақ тілінде «Ауылшаруашылық өнімдерінің жеткізілімі» деген атауға ие болатыны жөн; немесе, латын терминологиясын сақтай отырып, «Контрактация келісім шарты» деп те атауға болады, себебі біздің заңнамamızда көптеген латын терминдері аудармасыз тікелей қолдануда.

**Контрактация келісім шарты (келісім шарт жасасу туралы келісім шарт)** – ол сатушының өзімен, яғни өндірушімен (шаруашылықпен) өндірілген немесе өсірілген ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу-сату болып танылады.

**Шарттың түсінігі.** Келісім шарт жасасу (контрактация) шарты бойынша ауыл шаруашылық өнімін өндіруші өзі өсірген (өндірген) ауыл шаруашылық өнімін – өндеу немесе сату үшін осындай өнімді сатып алуды жүзеге асыратын дайындаушы тұлғаға беруге міндеттенеді.

Сатып алушы бұл шартта дайындаушы (контрактант) деп аталады. Дайындаушы ретінде ауыл шаруашылық өнімдерін өндеу үшін немесе басқа тұлғаларға сату/айырбастау үшін алатын коммерциялық заңды тұлға танылады. Бұл келісім шартта дайындаушы ретінде мемлекет мұқтаждығына ауылшаруашылық өнімдерін сатып алатын арнайы заңды тұлға да болуы мүмкін.

**Ал өндіруші ретінде** әдетте шаруа қожалықтары, өзге де дара кәсіпкерлер, ауылшаруашылық саласындағы коммерциялық заңды тұлғалар бола алады.

Келісім шарттың объектілерін екі түрге бөлуге болады: 1) өсімдік өнімдері, 2) мал өнімдері.

Бұл шарт фьючерстік келісім шарттарға жатады, яғни әлі өндірілмеген, бірақ болашақта өндірілетін тауарды сатып алу-сату жөнінде жасалады. Егер сатылатын ауыл шаруашылық өнімі сатушының өзімен өсірілмеген немесе өндірілмеген болса, тараптардың қатынастары келісім шарт жасасу шартының емес, жәй сатып алу-сату шартының ережелерімен реттеледі.

Шарт нысаны жазбаша болады. Бұл шарт сатып алушыға (дайындаушыға) өндірушінің орналасқан жерінде өнімді қабылдап, оның бағасын төлеуден басқа, оны тасып әкетуді қамтамасыз етуге, өнімнің сапасын анықтау бойынша,

өндірушіге жәрдем беру сияқты қосымша міндеттер жүктейді (АК 479-б.). Дайындаушы өнім сапасын стандарттарға сәйкес дәл анықтауды қамтамасыз етуге де міндетті. Келісім-шарт жасасу шартында ауыл шаруашылық өнімін өңдеуді жүзеге асыратын дайындаушының өндірушіге оның талап етуі бойынша ауыл шаруашылық өнімін өңдеуден қалған қалдықтарды шартта белгіленген баға бойынша ақы төлете отырып қайтару міндеті көзделуі мүмкін.

Өндіруші тек кінәлі болған жағдайда ғана жауапты болады, яғни оған кәсіпкерлік қауіп-қатер (тәуекел) ауыртпалығы жүктелмейді.

478-баптың 2-тармағында келісім-шарт жасасу шарты бойынша қатынастарға тауар беру шарты туралы параграфтың ережелерімен реттелмеген жағдайларға тауар жеткізілімі келісім шарты туралы ережелер (458-477-баптар) қолданылады делінген.

## **Жылжымайтын мүліктерді сатып алу-сату келісім шарттары**

Жылжымайтын (қозғалмайтын) мүліктерге Азаматтық кодекстің 117-бабына сәйкес, келесі заттар жатқызылады: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер. Егер кондоминиум объектісінің құрамындағы пәтерлер және өзге де тұрғын үй-жайлар, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлар дара (бөлек) меншікте болса, олар дербес жылжымайтын мүлік объектілері (түрлері) болып танылады. Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, ғарыш объектілері, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын заттарға теңестіріледі. Заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

### **Кәсіпорынды сатып алу-сату шарты**

Жоғарыда аталған шарттармен қоса **кәсіпорынды сату шарты** заңдарда жеке орын алады (ҚР АҚ 493–500-баптары). Бұл сұраққа жауап беруді кәсіпорын ұғымынан бастаған жөн. Кәсіпорын - ол жылжымайтын мүлік болып танылатын және кәсіпкерлік мақсатында қолданылатын мүліктік кешен (АҚ 119-б.).

Келісім шарттың ұғымы: кәсіпорынды сату шарты бойынша сатушы тұтас алғанда кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде (ҚР АҚ 119-бабы) сатып алушының меншігіне беруге міндеттенеді, бұған сатушы басқа тұлғаларға беруге құқығы болмайтын құқықтар мен міндеттер қосылмайды.

Келісім шарттың ерекшеліктерінің бірі - кәсіпорынның қызметкерлері жөніндегі құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен сатушыдан сатып алушыға ауысады.

Ал фирмалық атауы, тауар белгісі, қызмет көрсету белгілері және сатушыны дараландыратын басқа да құралдар мен оның өнімдері, оның атқаратын жұмысын немесе көрсететін қызметін пайдалану құқықтары, сондай-ақ лицензия негізінде дараландыратын құралдарды пайдалану жөнінде сатушыға тиесілі құқықтар, егер шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушыға ауысады.

Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, тиісті қызметпен айналысуға арнайы рұқсат (лицензия) беру негізінде алынған құқықтар сатып алушыға ауыспайды. Шарт бойынша берілетін кәсіпорынның құрамына оның арнайы рұқсаты (лицензиясы) болмауынан сатып алушы орындай алмайтын міндеттемелердің енгізілуі сатып алушыны кредиторлар алдындағы тиісті міндеттемелерден босатпайды. Міндеттемелерді орындамағаны үшін сатушы мен сатып алушы кредиторлардың алдында бірдей жауап береді.

Кәсіпорынды сату шарты жазбаша нысанда жасалады және оған бухгалтерлік баланс, тәуелсіз аудиторлық қорытынды, сатылатын кәсіпорынның барлық міндеттемелерінің тізімі және инвентаризациялық

(түгендеу) актісі бірге тіркеледі. Сонымен бірге, сатып алушыға кәсіпорынды тапсыру актісі толтырылады және оған тараптардың қолы қойылған уақыттан бастап, кәсіпорын сатып алушының меншігіне көшкен болып танылады. Мәміле міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қажет етеді.

Мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру тәртібімен бірыңғай мүліктік кешен ретінде сату ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңымен айқындалады.

Сатушы сатылатын кәсіпорынның құрамына енгізілген міндеттемелер жөнінде кәсіпорын сатып алушыға берілгенге дейін оны сату туралы кредиторларға жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Борышты аударуға өз келісімін беру туралы сатушыға жазбаша хабарламаған кредиторлар кәсіпорынның сатылатындығы туралы хабар алған күннен бастап үш ай ішінде міндеттемелерді тоқтатуды немесе мерзімінен бұрын орындауды және сатушының осыдан келген залалдарды өтеуін не кәсіпорынды сату шартын толық немесе оның тиісті бөлігін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Ал кәсіпорынды сату туралы хабардар етілмеген кредитор сатушының кәсіпорынды сатып алушыға бергендігі туралы өзі білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл ішінде жоғарыда көзделген талаптардың қанағаттандырылуы туралы талап қоя алады (496-бап).

Сатушының кәсіпорынды сатып алушыға беруі өткізу актісі бойынша жүзеге асырылады, онда кәсіпорынның құрамы жөніндегі және кәсіпорынды сату туралы кредиторларға хабарлау жөніндегі деректер, сондай-ақ берілген мүліктен табылған кемшіліктер туралы мәліметтер және оны жоғалтып алуға байланысты беру міндеттерін орындау мүмкін болмайтын мүліктердің тізбесі көрсетіледі. Өткізу актісін жасауды және оны қол қоюға табыс етуді қоса алғанда, кәсіпорынды беруге дайындау сатушының міндеті болып табылады және оның есебінен жүзеге асырылады. Кәсіпорын сатып алушыға өткізу актісіне екі тарап та қол қойған күннен бастап берілген деп есептеледі. Сол кезден бастап кәсіпорын құрамында берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатып алушыға ауысады (497-бап).

Ал меншік құқығы сатып алушыға кәсіпорынды ол өз атына мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін ауысады. Қалған мүлікке құқықтар екі тарап табыстау актісіне қол қойған кезден бастап ауысады. Кемшіліктері бар кәсіпорынды беру мен қабылдаудың салдары Азаматтық кодекстің 499-бабында бекітілген. Егер сатушы жауапты болатын кемшіліктердің салдарынан кәсіпорын сату шартында аталған мақсаттарға жарамсыз болып шықса және сатушы ол кемшіліктерді жоймаған болса, не кемшіліктерді жою мүмкін болмаса, сатып алушы сот тәртібімен кәсіпорынды сату шартын бұзуды немесе өзгертуді және тараптардың шарт бойынша орындаған нәрсесін қайтарып беруді талап етуге құқылы.



## Тәжірибелік жағдайлар

1. «Барыс» жауапкершілігі шектелген серіктестіктің өндірістік қызметінің бір бағыты бойынша құрғақ қоспаны дайындап сату үшін оған үнемі цемент қажет болып тұрады. Ол цементті келісім шарт бойынша Новосибирск қаласындағы «Сибирь» АҚ цемент зауыты әр тоқсанда бір рет 60 тонна жіберіп туруға міндеттелген. «Сибирь» акционерлік қоғамынан үшінші тоқсан есебінен 60 тонна цемент келеді. Серіктестік қызметкерлері оны қабылдап, өндіріске енгізуге дайындалу барысында ол цементтің сапасы келісімшартта көзделген М-600 маркалы емес, одан төмен М-400 маркалы екенін анықтайды. Бұл цементтен жасалатын құрғақ қоспа едәуір арзан бағамен сатылуға жатады және де ол жоғары сұранысқа ие болмайды.

1. *Бұл келісім шарт сатып алу-сату шартының қандай түріне жатады?*

2. *Тиесілі келісім шарттық міндеттемеде тараптардың қайсысы қандай ережелерді тиісінше орындамады деп айтуға болады?*

3. *Қалыптасқан жағдайға байланысты серіктестіктің заңгерлері қандай талаптар қою қажет?*

2. «Барыс» жауапкершілігі шектелген серіктестігі тасымалдаушыға — «Жүк тасымалдау» акционерлік қоғамына және өнім берушіге – «ҚазақЕт» акционерлік қоғамына жауапкер ретінде жетіспеген еттің орнын толықтыру туралы талап арызын береді. Жүк бүтін вагонда, бірақ пломбасы жоқ күйде келеді. Оны ашқанда вагонның толығымен жүктелгені және жетіспеген жүк мөлшері оған сыймайтыны анықталады. Еттің кесіліп алынғаны және басқа зақымдары байқалған жоқ. Бұл жайттар ет өндіруші акционерлік қоғамның экспедиторымен расталып, коммерциялық актіде көрсетілген.

1. *Бұл келісім шарт сатып алу-сату шартының қандай түріне жатады?*

2. *Жүктің жетіспеушілігіне кім жауап көтеруі тиіс?*

3. *Егер жүк жіберуші жөнелткен вагон белгіленген бекетке дұрыс күйде және пломбаларын сақтап келген болса, шешім өзгере ме?*

3. Балаева «Барыс» ЖШС-ң меншігіндегі супермаркет дүкенінде балалар жейдесін, ер көйлегін, 2 журнал, және тағам бұйымдарын таңдап алып, оларды арнайы тасымалдау арбасына салып жүреді. Шараптар бөлімінде ол 1-литрлік «Мартини» шарабын таңдап, оны арбаға саларында шөлмек қолынан түсіп кетіп, арбаның темір құралдарына соғылып, шағылады да, арбаның ішіндегі тауарлар мен тағамдар суланып, тауарлық сапасы бұзылады. Балаева бұл тауарлардың құнын өтеуден бас тартады.

1. *Қалыптасқан қатынас сатып алу-сату шартының қандай түріне жатады?*

2. *Бұл келісім шарт қайсы сәттен жасалды деп саналады?*

3. *Балаева сапасы бұзылған тауарлардың құнын төлеуге міндетті ме?*

4. Байғожина «Барыс» ЖШС-ң меншігіндегі комиссиялық дүкенде жүннен тоқылған кеудешені (кофтаны) сатып алды. Бір айдан кейін, суық түскенде ол кофтаны алғаш киген кезде кеуде жағынан ішкі бөлігі тозған, ал қолтықтың асты сарғайып кеткенін байқады; одан басқа, кофтаның төменгі бөлігінің ортасында дақ болды. Бұл ақауларды бір айдан кейін ғана анықтау себебі сатып алу уақытында комиссиялық дүкенде әлсіз жарықтандыру болды, ал үйде Байғожина сатып алған затты жақсылап қарамай, бірден саяжайға кеткендігімен түсіндірді. Байғожина дүкеннің әкімшілігіне кофтаны кері қайтарып алу немесе оның сатып алынған бағасын азайту талабымен барды. Директор келіскен жоқ, оны комитентке ақша төленбей тұрғанда затты сатып алу уақытынан үш күн ішінде жасау керектігін айтты.

Байғожина дүкенді ақауы бар жүннен тоқылған кофтаны кері қабылдау және оған ақшаны қайтарып алу өтінішімен сотқа талап арыз берді

*1.Қалыптасқан қатынас сатып алу-сату шартының қандай түріне жатады?*

*2.Комиссиялық дүкен комиссияға жүннен тоқылған кофтаны қабылдаған кезде оның сапасын тексеруге міндетті болды ма?*

*3.Байғожинаның комиссиялық дүкенге ақауы бар жүннен тоқылған кофтаны кері қабылдау және оған төленген ақшаны қайтару туралы талабы заңды ма?*

*4.Сот қандай шешім қабылдау керек?*

## АЙЫРБАСТАУ КЕЛІСІМ ШАРТЫ

Айырбастау шарты, сатып алу сату шартына қарағанда, адамзат тарихында неғұрлым бұрын пайда болған, өйткені сатып алу-сату шартында мүлік орнына ақша беріледі, ал ақша мүлікті мүлікке айырбастаудан кейін пайда болған.

Айырбастау келісім шарттың ұғымы: айырбас шарты бойынша тараптардың әрқайсысы басқа тараптың меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе оралымды басқаруына бір тауарды екіншісіне айырбасқа беруге міндеттенеді (501-бап).

Айырбастау шартының екі тарапы да бір уақытта сатушы да, сатып алушы да болады (АК 501-505 баптары). Ақылы болып танылатын айырбастау шартының мақсаты – тараптардың келісімі бойынша берілетін бір мүліктің орнына басқа мүлікті беру. Егер шарттан өзгеше туындамаса, айырбастауға жататын тауарлар бір-біріне тең деп ұйғарылады, ал оларды беру мен қабылдап алу жөніндегі шығындарды әрбір жағдайда тиісті міндет жүктелетін тарап жүзеге асырады. Қосымша төлем ретінде бұл шартта ақша да төленуі мүмкін, егер айырбасталатын мүліктің бірінің бағасы екіншісінің бағасынан төмен болса. Бірақта айырбастау шартының сатып алу сату шартынан негізгі айырмашылығы – бір мүліктің орнына басқа мүліктің берілуі. Сондықтан да айырбастау шарты әрқашанда ақылы шарт болады.

Айырбастау шартының нысаны шарт объектісіне байланысты ауызша немесе жазбаша болады. Мысалы, үйді, пәтерді айырбастау шарты жазбаша нысанда жасалады және жылжымайтын мүлік бойынша орталығында тіркеуден өткізіледі. Заттармен қатар бұл шарттың объектісі ретінде жұмыстар мен қызметтер де болуы мүмкін.

Шартқа сәйкес айырбасталатын тауарларды беру мерзімдері тұспа-тұс келмейтін жағдайларда тауар беруге тиісті тараптың тауарды беру міндеттемелерін басқа тарап тауар берген соң орындауына өзара міндеттемелерді орындау туралы ережелер қолданылады. Тараптардың құқықтары мен міндеттері сатып алушы мен сатушыныкі сияқты болады. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, айырбасталатын тауарларға меншік құқығы айырбас шарты бойынша сатып алушы болатын тараптарға тараптардың әрқайсысы тиісті тауарларды беру міндеттемелерін орындағаннан кейін бір мезгілде ауысады.

### Тәжірибелік жағдай

Азамат Есжанов 20 миллион теңгеге бағаланған өзінің 3-бөлмелі пәтерін 1-бөлмелі пәтерге азамат Хасановпен айырбастап, пәтерлердің көлемі бойынша айырмашылығы үшін Хасановтан қосымша 10 миллион теңге ақшалай алады.

*Бұл келісім шарт сатып алу шарты ма, әлде айырбас шартына жата ма?*

## СЫЙҒА ТАРТУ КЕЛІСІМ ШАРТЫ

**Келісім шарттың түсінігі.** Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншігіне затты немесе өзіне немесе үшінші адамға мүліктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге міндеттенеді, не оны өзінің немесе үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттен босатады немесе босатуға міндеттенеді.

Осыған орай, келісім шарттың пәні ретінде тек қана зат емес, сонымен қатар жоғарыда аталған әрекеттер де танылады: сый алушыға нақты бір мүліктік құқықтар беру, сый алушыны нақты бір мүліктік міндеттерден босату, оның ішінде сый берушіге қатысты, немесе өзге тұлғаларға қатысты. Мысалы, азамат Омаров азамат Иісбаевты өзінің алдындағы қарызын төлеуден босатады, немесе Омаров борышкер Иісбаевтың азамат Жапаровқа қарызын өтейді.

Нақты сыйға тарту затын зат, құқық түрінде көрсетпей-ақ, өзінің барлық мүлкін немесе өзінің барлық мүлкінің бір бөлігін сыйға тартуға уәде беру немесе міндеттен босату жарамсыз болады.

**Сыйға тарту келісім шарты** ақысыз шарттарға жатады. Сондықтан, егер келісім шартта сыйға берілген нәрсенің орнына өзге затты немесе құқықты қарсы беру не қарсы міндет жүктеу қарастылырылған болса, бұл келісім шарт сыйға тарту шарты деп танылмайды. Мұндай шартқа жалған немесе құлықпен жасалған мәмілелер туралы ережелер қолданылады.

Егер шарт жасалған мезгілде (қолма-қол) орындалатын болса, онда ол ауызша жасалуы мүмкін (ҚР АҚ 508 б. 1 т.); ал егер сыйға тартушы заңды тұлға болса, сыйдың мөлшері он есе айлық есептік көрсеткіштен асатын болса және де егер сыйдың берілуі келешекте көзделсе, ол жазбаша жасалатын болады.

Жылжымайтын мүлікті және автокөлікті сыйға тарту шарттары жазбаша нысанда жасалуы тиіс (508-б.). Сыйды беру оны сый алушыға тапсыру, символдық беру (кілттерді табыс ету және т.б.) не құқық белгілейтін құжаттарды тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

Тараптар сый беруші (сыйға тартушы) мен сый (сыйды) алушы деп аталады. Олар ретінде азаматтық құқықтың кез келген субъектілері бола алады, бірақта сый беруші жеке тұлғалар тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті болу қажет. Сыйға тартушы қайтыс болғаннан кейін сый алушыға сый беруді көздейтін шарт жарамсыз болады. Мұндай сыйға тарту түріне мұрагерлік туралы ережелері қолданылады.

Шарт нақтылы (реалды) болады, яғни, сыйға тартылатын зат сый алушыға берілгеннен бастап күшіне енеді. Алайда сый тартуға уәде беру туралы келісім шарт консенсуалды болады.

Сый алушы өзіне сый берілгенге дейін кез келген уақытта одан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда сыйға тарту шарты бұзылған деп есептеледі. Егер сыйға тарту шарты жазбаша түрде жасалса, сыйдан бас тарту да жазбаша түрде жасалуға тиіс. Сыйға тарту шарты тіркелген жағдайда сыйды алудан бас тарту да мемлекеттік тіркелуге тиіс. Егер сыйға тарту шарты жазбаша түрде

жасалған болса, сый беруші сый алушыдан сыйды алудан бас тартқаны үшін өзіне келтірілген нақты зиянды өтеуін талап етуге құқылы.

Заң бойынша сыйға тартуға тыйым салу мен шектеу қою да бекітілген (509, 510-баптар). Мысалы, құны заң актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарды қоспағанда:

1) жас балалар мен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан олардың заңды өкілдерінің;

2) емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және сол секілді мекемелердің қызметкерлеріне олардың емдеуіндегі, асырауындағы не тәрбиесіндегі азаматтардың және осы азаматтардың зайыптары мен туыстарының;

3) мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайына байланысты немесе олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сый тартуға жол берілмейді.

Шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында мүлікті иеленетін заңды тұлға, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, меншік иесінің келісімімен өзінің затын сыйлауға құқылы. Бұл шектеу құны заң актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарға қолданылмайды.

Бірлескен ортақ меншіктегі мүлікті сыйға тартуға бірлескен меншіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша, Азаматтық кодекстің 220-бабында көзделген ережелерді сақтай отырып жол беріледі.

Сый берушіге тиесілі талап құқықтарын үшінші тұлғаға сыйға тарту Азаматтық кодекстің 339-343, 345, 346-баптарында көзделген ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады.

Үшінші тұлға алдында сый алушының міндеттерін орындау арқылы сыйға тарту Азаматтық кодекстің 276-бабының 1-тармағында көзделген ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады. Ал үшінші тұлға алдында сый берушінің сый алушы борышын өзіне аудару арқылы сыйға тартуы Азаматтық кодекстің 348-бабында көзделген ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады.

Өкілдің сыйға тартуға жасаған сенімхатында сый алушы аталмаса және сыйға тартатын заты көрсетілмесе, ол жарамсыз болады.

Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту негіздері және тәртібі Азаматтық кодекстің 511-бабында бекітілген. Яғни, шарт жасалғаннан кейін сый берушінің мүліктік немесе отбасылық жағдайы, не денсаулығы шартты жаңа жағдайларда орындау оның тұрмыстық деңгейінің едәуір нашарлауына әкеп соқтыратындай болып өзгерсе, сыйға тартушы келешекте сый алушыға зат немесе құқық беру уәдесін немесе сый алушыны мүліктік міндеттен босату уәдесін қамтитын шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Сыйға тартушы келешекте сый алушыға зат не құқық беру уәдесін, не сый алушыны оған сыйға тартуды өзгерту құқығын беруші негіздемелер бойынша мүліктік міндеттемеден босату уәдесін қамтитын шартты орындаудан бас тартуға құқылы (ҚР АҚ 512-бабының 1-тармағы).

Сыйға тартушының сыйға тарту шартын орындаудан бас тартуы сый алушыға залалдарды өтеуді талап ету құқығын бермейді.

Егер сый алушы сыйға тартушының өміріне, оның отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының біреуіне қастандық жасаса не сый берушіге қасақана дене жарақатын салса, сыйға тартушы сыйға тартудың күшін жоюға құқылы. Сый алушы сыйға тартушыны қасақана өлтірген жағдайда сотта сыйға тартудың күшін жоюды талап етуге сыйға тартушы мұрагерлерінің құқығы болады.

Егер сый алушының сыйға тартушы үшін үлкен мүліктік емес құндылық болып саналатын сыйланған затты ұстауы оның біржола жойылу қаупін тудырса, сыйға тартушы сыйға тартудың күшін сот тәртібімен жоюды талап етуге құқылы.

Сыйға тарту шартында сый беруші сый алушыдан ұзақ өмір сүрген жағдайда сыйға тартудың күшін жою құқығы ескертілуі мүмкін. Сыйға тартудың күші жойылған жағдайда, егер сыйланған зат сыйға тартудың күші жойылған кезге дейін сол күйінде сақталса, сый алушы оны қайтаруға міндетті.

Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту туралы және сыйға тартудың күшін жою туралы ережелер құны заң актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықтарға қолданылмайды.

Қазіргі кезде заңдарда шарттың жаңа түрі де көзделеді – ол консенсуалды болып табылатын сыйды алдағы уақытта табыс ету туралы уәде беру (ҚР АҚ 506-б. 2-т.). Сыйға тарту шарты бойынша сыйға тартуға уәде берілген сый алушының құқықтары, егер сыйға тарту шартында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауыспайды. Ал сыйға тартуға уәде берген сыйға тартушының міндеттері, егер сыйға тарту шартында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауысады.

Сый тартуға уәде беру шарты консенсуалды, ал нысаны жазбаша болады.

Сыйға тартудың ерекше түрі ретінде қайырмалдықты қарастыруға болады. Қайырмалдық деп Азаматтық кодекстің 516-бабы бойынша жалпы пайдалану мақсатында затты немесе құқықты сыйға тарту танылады. Қайырмалдық азаматтарға, емдеу, тәрбие беру мекемелеріне, әлеуметтік қорғау мекемелеріне және басқа да сол сияқты мекемелерге, қайырымдылық, ғылыми және оқу мекемелеріне, қорларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет мекемелеріне, қоғамдық және діни бірлестіктерге, сондай-ақ мемлекетке және Азаматтық кодекстің 111 және 112-баптарында аталған азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне жасалуы мүмкін.

Қайырмалдық ретінде берілетін заттарды, құқықтарды алуға ешкімнің рұқсаты немесе келісімі талап етілмейді. Азаматқа мүлік қайырмалдыққа берілуге тиіс, ал заңды тұлғаларға қайырмалдық етуші осы мүлікті белгілі бір мақсатқа пайдалануды ескертіп беруі мүмкін. Мұндай талап болмаған жағдайда азаматқа мүлікті қайырмалдыққа беру жай сыйға тарту болып есептеледі, ал басқа жағдайларда қайырмалдыққа берілген мүлікті сый алушы мүлікті мақсатына сай пайдаланады. Пайдалану үшін белгілі бір мақсат белгіленген қайырмалдықты алушы заңды тұлға қайырмалдыққа берілген

мүлікті пайдалану жөніндегі барлық операциялардың оқшауланған есебін жүргізуге тиіс.

Егер мән-жайлардың өзгеруі салдарынан қайырмалдыққа берілген мүліктің қайырмалдық беруші көрсеткен мақсатқа сәйкес пайдаланылуы мүмкін болмаса, ол басқа мақсатқа қайырмалдық берушінің келісімімен ғана, ал қайырмалдық беруші азамат қайтыс болған немесе қайырмалдық беруші заңды тұлға таратылған жағдайда - соттың шешімі бойынша пайдаланылуы мүмкін.

Қайырмалдыққа берілген мүліктің қайырмалдық беруші көрсеткен мақсатқа сәйкес пайдаланылмауы немесе бұл мақсатты бұза отырып өзгертуі қайырмалдық берушіге, оның мұрагерлеріне немесе өзге де құқық мирасқорына қайырмалдықтың күшін жоюды талап етуге құқық береді.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

Ластаев Арлановқа Швейцариядан әкелген қымбат қол сағатын сыйға тартады. Біраздан кейін олардың арасында түсініспеушілік пайда болып, олар араздасып кетеді. Осындай бір сөзге ұстасып қалған жағдайда арланов Ластпаевтың көзінше оның жүргізушісі Тарақовқа қол жүгіртіп, оны ұрып, дене жарақатын келтіреді. Сол әрекеті үшін Арланов бұзақылық жасады деп сотталып, бас бостандығынан айыру орындарына жіберіледі.

Ластаев Арлановтың үйіне келіп, оның жұбайынан Арлановқа сыйлаған сағатын тартып алып кетеді. Арланова сотқа Ластаевтан сағатты қайтарып беру туралы талап арыз жазады.

*Арланованың арызы қанағаттандырыла ма?*

## РЕНТА КЕЛІСІМ ШАРТЫ

Мүлікті иеліктен шығару шарттарының ерекше түріне қазіргі кезде **рента** шарты жатады. Бұрынғы заңнамада ол ғұмырлық асырау негізінде тұрғын үйді иеліктен шығару келісім шарты деп аталатын.

**Келісім шарттың түсінігі.** Рента шарты бойынша бір тарап (рента алушы) екінші тарапқа (рента төлеушіге) меншігіне мүлік береді, ал рента төлеуші алған мүлікке айырбас ретінде рента алушыға белгілі бір ақша сомасы түрінде немесе оны асырап ұстау үшін өзге де нысанда қаражат беру түрінде мезгіл-мезгіл рента төлеп отыруға міндеттенеді (517-б.).

Рента – ол рента алушыға ақша және мүлік түрінде төленетін төлем немесе оны асырау. Азаматтық Кодексте рента шарты неғұрлым толық мазмұнға ие болып, екі түрге бөлінген - тұрақты рента және ғұмырлық рента. Ғұмырлық рента азаматты өмір бойы асырап отыру жағдайларында белгіленуі мүмкін. Ғұмырлық рентаның бір түрі - өмір бойы асырауда ұстау рентасы.

Шарт міндетті түрде жазбаша нотариалдық **нысанда** жасалады.

**Келісім шарттың тараптары,** жоғарыда аталғандай, рента төлеуші мен рента алушы деп аталады. Рента төлеуші, әрекетке қабілеттілігіне қарай, кез келген жеке немесе заңды тұлға болуы мүмкін. Рента алушы ретінде коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар болуы да мүмкін, ал өмір бойы асырау шарты бойынша рента алушы еңбекке қабілеттілігіне және өзге табыстарының болуына қарамастан тек азаматтар ғана болады.

Рента төлемдерінің орнына рента алушы рента төлеушіге кез келген жылжитын және жылжымайтын мүлікті беруге болады. Ол мүлікті рента алушы рента төлеушінің меншігіне ақы төлетіп немесе тегін беруі мүмкін.

Азаматтық құқық теориясында рента шарты қатерлі шарттарға жатқызылады, оның қатерлігі рента төлеушінің міндеттерінен көрінеді. Мысалы, рента төлеушінің төлеу міндеттері алған мүлігі өртеніп кеткен жағдайда да тоқтатылмайды. Ал рента төлеуші қайтыс болса, оның төлеу міндеттері мұрагерлеріне ауысады екен.

Рента шартының объектілері ретінде кез келген мүлік, ақша болуы мүмкін. Егер рента шартының объектісі ретінде жер учаскесі, кәсіпорын, үй, ғимарат немесе басқа да қозғалмайтын мүлік болған жағдайда, жасалған рента келісім шарты бойынша ол мүліктерге ауыртпалық жүктеледі. Яғни, рента төлеуші осындай мүлікті иеліктен айырған жағдайда оның рента шарты бойынша міндеттемелері мүлікті сатып алушыға ауысады (520-бап).

Жер учаскесі немесе басқа да қозғалмайтын мүлік рента төлеу үшін берілген кезде рента алушы рента төлеушінің міндеттемесін қамтамасыз ету үшін осы мүлікті кепілге алу құқығын алады. Ол үшін бұл ереже келісім шартта қолданылмаса да, осы заң нормасы қолдануға жатады (521-бап). Яғни, бұл ереже рента төлеушінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Рента төлеуші міндеттерін орындамаған кезде, сондай-ақ рента алушы жауап бермейтін мән-жайлар бойынша қамтамасыз етуден айырылған немесе



қамтамасыз ету талаптарын нашарлатқан жағдайда рента алушы рента шартын бұзуға және рента шартының бұзылуынан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

Рента төлеу мерзімін кешіктіргені үшін рента төлеуші рента алушыға, егер шартта тұрақсыздық айыбының өзгеше мөлшері белгіленбесе, Азаматтық кодекстің Кодекстің 353-бабында көзделген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

### **Тұрақты рента**

Рента келісім шартының бұл түрі тәжірибеде өте сирек кездеседі, себебі рента алушының құқықтары және рента төлеушінің міндеттері мирасқорларына ауысады..

Тұрақты рента алушылар ретінде тек қана азаматтар мен коммерциялық емес ұйымдар бола алады.

Тұрақты рента шартта белгіленген мөлшерде ақшалай төленеді. Шартта рентаны төлеу рентаның ақшалай сомасының құнына сәйкес келетін заттар беру, жұмыстар атқару немесе қызметтер көрсету жолымен қарастырылуы мүмкін. Егер шартта өзгеше көзделмесе, төленетін рентаның мөлшері заң актілерінде белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне бара-бар өзгертіледі.

Тұрақты рента әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін төленеді.

Жоғарыда көрсетілген тұрақта рентаның қолайсыз салдарын ескере отырып, заңнамада тұрақты рента төлеуші рентаны сатып алу жолымен оны одан әрі төлеуден бас тартуға құқығы бекітілген (526-бап). Бұл құқық рента төлеуші рента төлеу тоқтатылғанға дейін үш айдан кешіктірмей немесе шартта көзделген неғұрлым ұзақ мерзімде жазбаша түрде мәлімдеген жағдайда жүзеге асырылуға болады. Алайда рента төлеу жөніндегі міндеттеме, егер шартта сатып-алудың өзгеше тәртібі көзделмесе, рента алушы барлық сатып алу сомасын алғанға дейін тоқтатылмайды. Тұрақты рента төлеушінің оны сатып алу құқығынан бас тарту туралы шарт талабы жарамсыз болады. Шартта тұрақты рентаны сатып алу құқығы рента алушының тірі кезінде не шарт жасалған кезден бастап отыз жылдан аспайтын өзге де мерзім ішінде жүзеге асырылмайтындығы көзделуі мүмкін.

Азаматтық кодекстің 527-бабында тұрақты рентаны рента алушының талабы бойынша сатып алу негіздері де көзделген. Мәселен, рента алушы, егер рента төлеуші оның төленуін бір жылдан астам уақытқа кешіктірген болса, рентаның төленуін қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін бұзған болса, ол төлемге қабілетсіз деп танылған болса, және басқа да жағдайларда төлеушінің рентаны сатып алуын талап етуге құқылы.

Тұрақты рентаны сатып алу келісім шартта белгіленген баға бойынша жүргізіледі. Ал шартта рента төлемі ретінде төлеу үшін берілген мүліктің сатып алу бағасы туралы ереже болмаған кезде сатып алу рента төлемдерінің жылдық сомасына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады. Ал егер шартта рента төлемін төлеуге тегін берілген мүліктің сатып алу бағасы туралы ереже

болмаған кезде сатып алу бағасына рента төлемдерінің жылдық сомасымен қатар берілген мүліктің бағасы да қосылады.

Тұрақты рента төлемі ретінде тегін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін рента төлеуші көтереді. Тұрақты рента төлемі ретінде төлеу үшін берілген мүлік кездейсоқ жойылған немесе кездейсоқ бүлінген кезде төлеуші тиісінше рента төлеу жөніндегі міндеттемесін тоқтатуды немесе оны төлеу талаптарын өзгертуді талап етуге құқылы.

### **Ғұмырлық рента**

Рента төлемі ретінде мүлік берген азаматтың өмірі кезеңіне не ол көрсеткен басқа азаматтың өмірі кезеңіне ғұмырлық рента белгіленуі мүмкін. Ғұмырлық рента шартында алушылар ретінде рента алу құқығындағы үлестері тең деп саналған бірнеше азамат болуы да мүмкін. Рента алушының біреуі қайтыс болған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның рента алу құқығындағы үлесі тірі қалған рента алушыларға ауысады, ал соңғы рента алушы қайтыс болған жағдайда рента төлеу міндеттемесі тоқтатылады. Шарт жасасу қарсаңында қайтыс болған азаматтың пайдасына ғұмырлық рента белгілейтін шарт жарамсыз болады.

Ғұмырлық рентаның мөлшерін анықтау Азаматтық кодекстің 531-бабымен белгіленеді. Ғұмырлық рента шартта рента алушыға оның өмір сүруі кезінде мезгіл-мезгіл төленіп тұратын ақша сомасы ретінде белгіленеді және мұндай асыраудың ақшалай бағасы белгіленуге тиіс, бірақта төленетін рентаның мөлшері бір айға шаққанда заң актілерінде белгіленген ең төменгі жалақыдан кем болмауға тиіс.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, ғұмырлық рента әрбір күнтізбелік ай аяқталғанда төленеді.

Төлеуші шарт талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда рента алушы рента төлеушіден рентаны сатып алуды не шартты бұзуды талап етуге құқылы. Егер пәтер, тұрғын үй немесе өзге де мүлік ғұмырлық рента төлемі ретінде тегін иеліктен айырылса, рента төлеуші шарт талаптарын елеулі түрде бұзған кезде рента алушы осы мүлікті оның құнын рентаның сатып алу бағасына есептей отырып қайтаруды талап етуге құқылы (533-бап).

Ғұмырлық рента төлемі ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ бүлінуі рента төлеушіні шартта көзделген талаптар бойынша оны төлеу міндеттемесінен босатпайды.

### **Өмір бойы асырауда ұстау келісім шарты**

Өмір бойы асырауда ұстау келісім шарты бойынша рента алушы азамат өзіне тиесілі қозғалмайтын мүлікті сол азаматты және (немесе) ол көрсеткен үшінші бір адамды өмір бойы асырауда ұстауды жүзеге асыруға міндеттенген рента төлеушінің меншігіне береді. Бұл келісім шарт рентаның өзге түрлеріне қарағанда кең қолданылады. Өмір бойы асырауда ұстау шартына ғұмырлық рента туралы ережелер қолданылады.

Рента төлеушінің асырауда ұстауға беру жөніндегі міндетіне тұрғын үйге, тамақ пен киімге, күтім жасауға және қажетті көмекке деген қажеттерін қамтамасыз ету, төлеушінің салт-жора қызметін көрсетуге ақы төлеуі, жалпы

асырауда ұстау көлемінің құны айқындалуға тиіс. Бұл орайда жалпы асырауда ұстау көлемі айына заң актілерінде белгіленген ең төменгі екі жалақы мөлшерінен кем болмауы керек.

Келісім шарт мазмұнында асырауда ұстауға заттай беруді ақшалай мерзімдік төлеммен ауыстыру мүмкіндігі көзделуі мүмкін (537-бап).

Рента төлеуші өзіне өмір бойы асырауда ұстауды қамтамасыз ету үшін берілген қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыруға, кепілге беруге және өзге де әдіспен жүктеуге рента алушының алдын ала келісімі болғанда ғана құқылы. Рента төлеуші өмір бойы асырауда ұстауға берілген кезеңде аталған мүлікті пайдалану осы мүліктің құнын оның табиғи тозуынан тыс төмендетуге әкеп соқпау үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Өмір бойы асырауда ұстау міндеттемесі рента алушы қайтыс болғанда тоқтатылады.

Рента төлеуші өз міндеттерін елеулі түрде бұзған кезде рента алушы өмір бойы асырауды қамтамасыз етуге берілген қозғалмайтын мүлікті қайтаруды не өзіне сатып алу бағасын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл орайда рента төлеушінің рента алушыны асырауда ұстауға байланысты жасалған шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Өмір бойы асырауда ұстау шарты бойынша рента алушы – 75 жасар Қалиева - өзіне тиесілі екі бөлмелі пәтерді Қазбековтың меншігіне берді, ол Қалиеваны асыраумен өмір бойы бағуды жүзеге асыруға міндеттенді.

Шартта ақшалай сомада асыраумен бағудың барлық көлемінің құны анықталды, бұл заң актілерінде белгіленген ең төменгі жалақының екі көлемі деп белгіленді.

Бұдан өзге, шартта Қазбековтың Қалиеваны жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу де көзделді. Қалиева шарт жасалғаннан кейін өзінің саябақтық үйіне көшіп кетеді, ал Қазбеков шарт талаптарына сәйкес асырауда рента төлемдерін төлеп отырды.

Үш жылдан соң Қазбеков Қалиеваның екі бөлмелі пәтерін оның келісімінсіз үш бөлмелі үйге ауыстырады. Ауыстыру туралы білген Қалиева сот тәртібімен Қазбековтен ҚР Азаматтық кодексте белгіленген тәртіпте пәтердің сатылған құнын өзіне төлеуді талап етеді. Қазбеков өз кезегінен сотқа Қалиевадан оны рента алушы ретінде асырауда ұстауына байланысты кеткен шығындардың құнын қайтару туралы қарсы талап берді.

1. *Қандай жағдайда Қазбеков жерлеуге жұмсалған шығындарды төлеу керек?*

2. *Қандай жағдайларда Қазбеков Қалиеваның екі бөлмелі пәтерін үш бөлмелі пәтерге айырбастау құқығына ие болушы еді?*

3. *Қалиеваның Қазбековке қатысты талаптары заңды ма?*

4. *Қазбековтың Қалиеваға қатысты талаптары заңды ма?*

5. *Көрсетілген екі талап бойынша сот қандай шешім шығару керек?*

2. Жақсыбаев қайырымдылық қорымен тұрақты рента шартын жасасты. Рента төлеу үшін ол Қор меншігіне тегін түрде жеке меншігі құқығындағы өзіне тиесілі құны 20 мың теңге тұратын екі автокөлікке арналған үлкен гаражды тапсырады, Қор Жақсыбаевқа екі АЕК көлемінде ренталық төлемді тоқсан сайын төлеп тұру міндеттемесін өзіне алады.

Шарт жасау кезінде, Жақсыбаевтың сұрауы бойынша Қор рентаны сатып алуға құқығынан бас тартуы туралы тармақ қосылады.

Бес жыл өткеннен соң Қор Жақсыбаевқа келесі үш айдан кейін рентаны сатып алу ниеті туралы хабарландыруды жібереді. Жақсыбаев бұл ұсынысқа шарттың тиісті тармағына сілтеме жасай отырып қарсы болады.

*Дау сотқа берілді.*

*Сот қандай шешім қабылдауы керек.*

## **МҮЛІКТІ УАҚЫТША ИЕЛЕНУГЕ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУДЕН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

### **Мүліктік жалдау (аренда) шарттары және олардың азаматтық- құқықтық сипаттамасы**

Мүлікті иеленуге және пайдалануға беру міндеттемелері мүлікті жалға беру шарттары мен оның түрлерінен туындайды.

**Мүліктік жалдау шартының ұғымы** заңда келесі түрде берілген: мүлікті жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы үшін уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді (АК 540-б.). Жалға алған мүлікті жалға алушы Азаматтық кодексте бекітілген жағдайда және тәртіппен пайдалануға құқылы болады.

Бұл міндеттемелердің объектісі - мүлікті және мүліктік құқықтарды уақытша иеленуге және пайдалануға беру болып табылады. Жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін мүлік меншік иесіне немесе өзге заңды иеленушісіне қайтарылуы тиіс.

Мүлікті жалдау шартының тараптары жалға беруші (арендаға беруші) және жалға алушы (арендаға алушы) деп аталады. Оларға әрекет қабілеттілігінің көлеміне қарай, кез келген жеке немесе заңды тұлғалар жатқызылуы мүмкін. Мүлікті жалдау шартының объектісі - азаматтық өрістіктен (айналымнан) алынбаған жеке белгілерімен анықталған және тұтынылмайтын кез келген мүлік болуы мүмкін (541-б.). Бұл келісім шарттың объектісі (заты) жөніндегі жағдаяттар оның елеулі ережелерінің біріне жатады.

Жалға алушының негізгі міндеттеріне: жалға алынған мүлікті мақсатына қарай пайдалану (егер шартта өзгеше көзделмесе), оны ағымды жөндеуден өткізу, жалдау ақысын шартта көзделген нысан мөлшерде және уақытында төлеп отыру және де жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін мүлікті сол қалпында қайтарып беру жатады.

Мүлікті жалға берушінің міндеті: жалға алушыға мүлікті барлық саймандарымен және құжаттарымен уақытша иеленуге және пайдалануға беру, оны күрделі жөндеу болады.

Мүлікті жалдау ақысы тараптардың келісімі бойынша келесі түрлерде төленуі мүмкін: 1) бір реттік немесе мезгіл-мезгіл төленетін тұрақты ақшалай төлемдер ретінде; 2) жалға алынған мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған өнімдердің, жемістердің немесе табыстардың белгіленген бір үлесін беріп отыру ретінде; 3) жалға алушымен белгілі бір қызмет көрсету ретінде; 4) жалға алушымен жалға берушіге шартта белгіленген мүлікті жалға немесе меншігіне беру ретінде; 5) жалға алушыға жалға алынған мүлікті жақсартуға кеткен шығындар ауыртпалығын жүктеу ретінде (546-б.). Бұл тізім онымен аяқталмайды, яғни жалдау төлем ақысы өзге де жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін.

Шартты тоқтатуда мүліктің бөлінетін және бөлінбейтін жақсартулары жөніндегі мәселелер тәжірибеде әрқашан да ең даулы мәселелер болып танылады. Олардың тағдыры келесі түрде шешіледі: кейбір жақсартулар жалға алушының меншігіне көшеді, егер жақтар келісімінде өзгеше көзделмесе. Жалға берушінің келісімінсіз жасалған жақсартулардың ақысы төлеуге жатпайды (АК 555-б.). Жалпы алғанда, күрделі жөндеуден өткізу міндеті жалға берушіге жүктеледі, егер шартта өзгеше көзделмесе.

ҚР АК 557-бабы бойынша жалға алушының шартты жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы бекітілген. Өз міндетін лайықты түрде атқарған жалға алушының, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, шарт мерзімі біткеннен кейін басқа тұлғалардың алдында мүлік жалдау шартын жаңа мерзімге жасау үшін басқадай тең жағдайларда артықшылықты құқығы болады. Жалға алушы мүлікті жалға алу шартында көрсетілген мерзімде, ал егер шартта осындай мерзім көрсетілмесе, шарттың қолданылуы аяқталғанша қисынды мерзімде осындай шартты жасағысы келетіндігі туралы жалға берушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Мүліктік жалдау шартының кейбір түрлерінде аталған ережелер өзгеше бекітіледі.

**Қосалқы жалдау.** Азаматтық кодексінің 551-бабына сәйкес жалға алушы жалға алған мүлікті жалға берушінің келісімімен қосымша жалдауға (қосалқы жалға) басқа тұлғаға беруге (қайта жалға беру) құқылы. Мүлікті басқа тұлғаларға беру туралы келісім шартты жалдау шартының мерзімінен асатын мерзімге жасауға болмайды. Қосалқы жалға беру шартына, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мүліктік жалдау шарты туралы ережелер қолданылады.

Егер мүліктік жалдау шартында өзгеше көзделмесе, мүлік жалдау шартын мерзімінен бұрын тоқтату соған сәйкес жасалған **қосымша/қосалқы жалдау** шартын тоқтатуға әкеп соғады. Егер мүлік жалдау шарты Азаматтық кодексте көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп табылса, оған сәйкес жасалған қосымша жалдау шарты да жарамсыз болып табылады.

Егер жалға беруші тарапынан қарсылық болмаған жағдайда жалға алушы шарттың мерзімі біткен соң да мүлікті пайдалана беретін болса, шарт нақ сондай талаптармен белгісіз мерзімге қайта жаңартылған деп есептеледі. Бұл орайда тараптардың әрқайсысы қозғалмайтын мүлікті жалға алған кезде, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, бұл туралы басқа тарапқа кем дегенде үш ай бұрын және өзге мүлікті жалға алған кезде - бір ай ішінде жазбаша түрде ескерте отырып, шарттан кез келген уақытта бас тарта алады.

Жалдау шарты мүлік түрлерінің жіктелуі негізінде келесі түрлерге бөлінеді: кәсіпорынды жалдау, үйлер мен ғимараттарды жалдау, көлік құралдарын жалдау, тұрғын үй жалдау.

Сонымен қатар, оларды өз арасында айыратын тек олардың нысанасы емес, оларды субъектілік құрамы, олар кәсіпкерлік пе, әлде кәсіпкерлік емес пе, мазмұнының өзгешелігі, тараптардың арасында тәуекелдерді бөлу және т.б. ерекшелейді. Бұл айтылған басқа мүлік жалдау (аренда) шартының түрлеріне лизинг, тұрмыстық прокат, жерді жалдау шарттарына да қатысты.

Мүлік жалдау шартына арналған ҚР АҚ-нің 29 Тарауы оның келесі түрлерін атайды: лизинг, кәсіпорындарды арендаға алу, құрылыстар мен ғимараттарды арендаға алу, көлік құралдарын (экипажымен немесе экипажсыз) арендаға алу, прокат, тұрғын үйді жалдау. Аталған шарттардың барлығы ақылы болады.

**Мүлікті ақысыз (тегін) пайдалану (ссуда) шарты** жеке аталады, оның тараптары ссуда беруші және ссуда алушы деп аталады. Бірақта бұл шартты банктік несие шартымен шатастыруға болмайды (ол шарт - жалдау шартының емес, несие шартының бір түрі; оның заты тек ақша болады және ол ақылы шарт болады).

**Мүлікті тегін пайдалану** шарты (ссуда шарты) бойынша бір тарап (несие беруші) екінші тарапқа (несие алушыға) мүлікті тегін уақытша пайдалануға береді, ал соңғысы мүліктің қалыпты тозуын ескере отырып, қандай күйде алса, сондай күйде немесе шартта ескертілген күйде қайтаруға міндеттенеді.

Әрі қарай мүлікті жалдау шартының жоғарыда аталған жеке түрлері туралы ережелерін сипаттап өткен жөн.

### **Лизинг келісім шарты.**

**Келісім шарттың ұғымы. Лизинг шарты** бойынша бір тарап (лизинг беруші) екінші тарап (лизинг алушы) көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және осы мүлікті лизинг алушыға ақы төлеп уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға беруге міндеттенеді (ҚР АҚ 565-б.).

Бұл шарттың **объектісі** ретінде кәсіпкерлік мақсатта пайдаланылатын жарамды, тұтынылмайтын заттар болуы мүмкін. Оларға үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, көлік құралдары, жер учаскелері және т. б. жатады. Бағалы қағаздар мен табиғи ресурстар лизинг нысанасы (пәні, заты) бола алмайды. Тәжірибеде лизинг келісім шартының объектілері ретінде автобустар, комбайндар, самолеттер болады.

Келісім шарттың субъектілері ретінде кәсіпкерлер ғана, яғни дара кәсіпкерлер немесе коммерциялық заңды тұлғалар болады. Қазіргі таңда біздің мемлекетімізде лизинг беруші заңды тұлғалар көбінде банктердің еншілес ұйымдары ретінде құрылып, қызмет етуде. Мысалы, «БТА-лизинг», «АТФ-лизинг», «Темірлизинг», «Халықлизинг», «Центрлизинг» және т.б.

Қазақстанда лизинг қатынастары Азаматтық кодекспен қоса 2000 жылы 5 шілдеде қабылданған «Қаржы лизингі туралы» Заңымен реттеледі.

**Лизинг шартының елеулі ережелері:**

- 1) мүлікті сатушының атауы;
- 2) лизинг алушыға мүлікті берудің талаптары мен мерзімі;
- 3) төлемдердің мөлшері мен мерзімділігі;
- 4) шарттың әрекет ету мерзімі;
- 5) егер шартта лизинг алушының меншігіне мүліктің көшуі (ауысуы) көзделсе, осындай көшудің талаптары көрсетіледі.

Яғни, егер төленіп отырған лизинг төлемдерінің сомасы жалға алынған мүліктің құнына жететін болса, лизингалушы жалға алынған мүлікті меншігіне айналдыру құқығы бар.

Лизинг алушы сатушыдан мүлікті сатып алған кезде оны лизинг шарты бойынша басқа тұлғаға беретіні жөнінде ескертуі қажет. Сондықтан, лизинг алушы арендаға алған мүліктің кемшіліктерін анықтаған жағдайда, ол жөнінде тікелей сатушыға жүгінуіне болады.

Лизингтің нысанасы болып табылатын мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі, егер шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті берген кезде лизинг алушыға ауысады.

Лизинг шартына сәйкес төленуге тиісті мерзімділік төлемдері мүліктің шарт жасасқан кездегі баға бойынша құнының барлық немесе елеулі бөлігінің амортизациясы ескеріле отырып есептелуі мүмкін (570-бап).

Лизинг шартының нысанасы болып табылатын мүлікті сатушы лизинг алушыға, егер шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеме мәнінен өзгеше туындамаса, лизинг алушы орналасқан жерде тікелей береді.

Лизинг келісім шарты екітарапты болғандығына қарамастан, сатушы да осы қатынастарға тікелей араластырылады. Мәселен, лизинг алушы лизинг шартының нысанасы болып табылатын мүлік бойынша сатушыға мүліктің сапасы мен жиынтықтылығына, оны беру мерзіміне қатысты және сатушы шартты тиісті түрде орындамаған басқа да жағдайларда туындайтын талаптарды тікелей қоюға құқылы. Бұл орайда лизинг алушы аталған мүлікті сатып алу-сату тарабы болғандай сатып алынған мүлікке ақы төлеу міндетін қоспағанда, оны сатып алушы үшін Азаматтық Кодексте көзделген құқықтарына иеленеді және міндеттері жүктеледі.

Сатушымен қатынастарда лизинг алушы мен лизинг беруші бірлескен кредиторлар ретінде қарастырылады.

Егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, сатушыны таңдау құқығы лизинг алушыда болған жағдайларды қоспағанда, лизинг беруші лизинг алушының алдында сатушының сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды орындауы үшін жауап бермейді. Сатушыны лизинг беруші таңдайтын жағдайда лизинг алушы сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды тікелей өз қалауы бойынша бірдей жауап беретін мүлікті сатушыға да, лизинг алушыға да қоюға құқылы.

### **Көлік құралдарын жалға алу келісім шарты**

**Көлік құралдарын жалға алу келісім шарты** (АК 585-594-баптары) экипажымен және экипажсыз жалға алуға (фрахт) болып бөлінеді. Тенізбен жеткізу шартында шарттардың бұл екі түрі тайм-чартер және бербоут-чартер деп аталады. Тараптардың құқықтары мен міндеттері көлікті жалға алу шартының нақтылы түріне байланысты болады. Көлік құралын экипажымен жалдау шарты оның мерзіміне қарамастан жазбаша түрде жасалуға тиіс.



Техникалық пайдалану және басқару бойынша қызмет көрсетумен байланысты қатынастардың және көлік құралы болып келетін шарт нысанасының ерекшеліктері болғандықтан, осы мүлік жалдау түрі бөлек қарастырылады.

**Көлік құралын экипажымен жалдау** келісім шартының түсінігі Азаматтық кодекстің 585-бабында келесідей бекітілген: Көлік құралын басқару және техникалық пайдалану бойынша қызмет көрсетуімен жалдау шарты (көлік құралын экипажымен жалдау шарты) бойынша жалға беруші жалға алушыға ақы төлетіп көлік құралын уақытша иелену мен пайдалануға беруге және өз күшімен оны басқару мен техникалық пайдалану бойынша қызмет көрсетуге міндетті. Жалға алушының жалдау шартын жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы туралы және жалдау шартын белгісіз мерзімге қайта жаңарту туралы қағидалары көлік құралдарын экипажымен жалдау шартына қолданылмайды.

Көлік құралын экипажымен жалдау шарты оның мерзіміне қарамастан жазбаша түрде жасалуға тиіс.

**Жалға берушінің міндеттері.** Жалға беруші шарт қолданылатын бүкіл мерзім ішінде жалға берілген көлік құралын ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыру мен қажетті керек-жарақтарын беруді қоса алғанда, тиісті жағдайда ұстауға міндетті.

Жалға алушыға жалға беруші берген көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану бойынша көрсететін қызметінің көлемі шартта аталған жалдау мақсатына сәйкес оның қалыпты және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс. Көлік құралын экипажымен жалдау шартында жалға алушыға көрсетілетін қызметтің неғұрлым кең ауқымы көзделуі мүмкін. Көлік құралы экипажының құрамы және оның біліктілігі тараптар үшін міндетті ережелер мен шарттың жағдайларына, ал егер тараптар үшін міндетті ережелермен мұндай талаптар белгіленбесе, көлік құралының осы түрін пайдаланудың әдеттегі практикасы талаптарына және шарттың жағдайларына сай келуге тиіс.

Экипаж мүшелері жалға берушімен еңбек қатынастарын сақтап қалады. Олар жалға берушінің басқару мен техникалық пайдалануға қатысты өкімдеріне және жалға алушының көлік құралын коммерциялық пайдалануға қатысты өкімдеріне бағынады. Егер жалдау шартында өзгеше көзделмесе, экипаж мүшелерінің көрсеткен қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды, сондай-ақ оларды ұстау жөніндегі шығындарды жалға беруші көтереді.

Жалға алушының міндеттері: жалға алушы жанармайға және пайдалану процесінде жұмсалатын басқа да материалдарға ақы төлеу жөніндегі, алымдарды төлеу жөніндегі шығындарды және көлік құралын коммерциялық пайдалануға байланысты туындаған басқа да шығындарды көтереді.

Көлік құралын сақтандыру және (немесе) ол келтіруі мүмкін немесе оны пайдалануға байланысты келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру міндеті мұндай сақтандыру міндетті болып табылатын жағдайда жалға берушіге жүктеледі (590-бап).

Жалға алушы жалға алынған көлік құралын коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберінде жалға берушінің келісімінсіз өз атынан үшінші тұлғалармен, егер олар жалдау шартында көрсетілген көлік құралдарын пайдалану мақсаттарына, ал егер мұндай мақсаттар белгіленбесе, - көлік құралының мақсатына қайшы келмесе, тасымалдау шарты мен өзге де шарттар жасасуға құқылы.

Жалға алынған көлік құралы жойылған немесе бүлінген жағдайда, егер жалға беруші көлік құралының жойылуы немесе бүлінуі жалға алушы заң актілеріне немесе шартқа сәйкес жауап беретін мән-жайлар бойынша болғанын дәлелдесе, жалға алушы жалға берушіге келтірілген залалды өтеуге міндетті.

Үшінші тұлғаға жалға алынған көлік құралы, оның тетіктері, құрылғылары, жабдықтары және т.б. келтірген зиян үшін Азаматтық кодекстің 931-бабының ережелеріне сәйкес жалға алушы жауапты болады.

Көлік құралдарының жекелеген түрлерін оны басқару және техникалық пайдалану жөніндегі қызмет көрсетуімен жалдау жоғарыда көзделгендерден басқа ерекшеліктері арнайы заңнамалармен белгіленеді.

### **Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты**

Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану бойынша қызметтерді көрсетпестен, оны уақытша иеленуге және пайдалануға ақы төлетіп береді (594-1-бап). Жалдау шартын белгісіз мерзімге қайта жаңарту және жалға алушының жалдау шартын жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы туралы қағида көлік құралын экипажсыз жалдау шартына қолданылмайды.

Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты оның мерзіміне қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Жалға алушы көлік құралын экипажсыз жалдау шартының бүкіл мерзімі ішінде ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыруды қоса алғанда, жалға алынған көлік құралын тиісті жағдайда ұстауға міндетті.

Егер көлік құралын экипажсыз жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы жалға алынған көлік құралын күтіп ұстауға, өз жауапкершілігін сақтандыруды қоса алғанда, оны сақтандыруға жұмсалатын шығыстарды, сондай-ақ оны пайдалануға байланысты туындайтын шығыстарды көтереді (594-4-бап).

Егер көлік құралын экипажсыз жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы көлік құралын экипажбен немесе экипажсыз жалдау шартының талаптарымен жалға алынған көлік құралын жалға берушінің келісімінсіз қосалқы жалға беруге құқылы.

Үшінші тұлғаларға көлік құралымен, оның тетіктерімен, құрылғыларымен, жабдықтарымен келтірген зиян үшін Азаматтық кодекстің 931-бабының қағидаларына сәйкес жалға алушы жауаптылықта болады.

Қосымша ретінде аталған шарттар көліктің әр түрімен тасымалдау туралы арнайы заңдармен реттеледі.

## Прокат келісім шарты

**Келісім шарттың түсінігі.** Прокат шарты бойынша тұрақты кәсіпкерлік қызмет ретінде қозғалатын мүлікті жалға беруді жүзеге асыратын жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлетіп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді.

**Прокат шарты** жария шарты болып танылады.

Жалға беруші кәсіпкер ретінде (коммерциялық ұйым немесе дара кәсіпкер) тіркеуден өтуі қажет. Шарттың мақсаты – жалға алушының тұрмыстық, отбасылық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондықтан жалға алушы ретінде әрекет қабілетті жеке тұлғалар болады, алайда кейбір жағдайларда заңды тұлғалар да тұтынушылық мақсатпен шарттың тарабы бола алады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, прокат шарты бір жылға дейінгі мерзімге жасалады.

Жалға алушының мүлікті жалға алу шартын жаңартуға басым құқығы туралы және мүлікті жалға алу шартын белгісіз мерзімге жаңарту туралы ережелер (Азаматтық кодекстің 557, 558-баптары) прокат шартына қолданылмайды. Қосалқы жалға алу да бұл жерде мүмкін емес. Ағымды және күрделі жөндеуден өткізу міндеті жалға берушіге жүктеледі, және т. б. (АК 595-600 баптары).

Жалға алушы жалға берілген мүліктің оны пайдалануға толық немесе ішінара кедергі келтіретін кемшіліктерін тапқан жағдайда, жалға алушы кемшіліктер туралы мәлімдеген күннен бастап он күн мерзімде жалға беруші, егер шартта одан неғұрлым аз мерзім белгіленбесе, мүліктің кемшіліктерін ақысыз жоюға не осы мүлікті соған ұқсас тиісті күйдегі басқа мүлікпен айырбастап беруге міндетті.

Егер жалға берілген мүліктің кемшіліктері жалға алушының мүлікті пайдалану және ұстап-тұту ережелерін бұзуы салдарынан болса, жалға алушы жалға берушіге мүлікті жөндеу және оны жөндеу орнына дейін және кері тасымалдау құнын төлейді.

Прокат шарты бойынша жалға берілген мүлікті күрделі және ағымдағы жөндеу жалға берушінің міндеті болып табылады.

Жалға алушыға берілген мүлікті қосымша жалға беруге, жалға алушының прокат шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруіне, осы мүлікті өзге тұлғаларға тегін пайдалануға беруге, жалға алушының құқықтарын кепілге салуға және оларды шаруашылық серіктестіктеріне, акционерлік қоғамдарға мүлік салымы, өндірістік кооперативтерге жарна ретінде енгізуге жол берілмейді.

Прокат шарты бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы мерзімдік немесе біржолғы енгізілетін, тұрлаулы сомада белгіленген төлемдер түрінде белгіленеді. Жалға алушы мүлікті мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда жалға беруші мүлікті пайдаланғаны үшін алған ақының тиісті бөлігін оған мүлікті нақты қайтарған күннен кейінгі күннен бастап есептеп қайтарады.

## **ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ЖАЛДАУ.КЕЛІСІМ ШАРТТАРЫ**

### **Кәсіпорынды жалдау шарты**

**Кәсіпорынды жалдау шарты** (АК 573-580 баптары) бойынша жалға беруші жалға алушыға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы үшін кәсіпорынды ақы төлеп уақытша иеленуге және кәсіпорынды толығымен біртұтас мүлік кешені ретінде пайдалануға, оның ішінде құқық иесінің фирмалық атауына және (немесе) коммерциялық белгісіне, қорғалатын коммерциялық ақпаратқа құқығын, сондай-ақ жалға берушінің басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ құқықтар мен міндеттерді қоспағанда, шартта көзделген басқа да айрықша құқықтағы объектілерді - тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін және т.б. (айрықша құқықтар кешенін) беруге міндеттенеді.

Жалға берушіге кәсіпорынды жалға беруге дайындықпен байланысты ауыртпашылықтар жүктеледі. Оның берілуі өткізу актісі бойынша жасалады. Өткізу актісін жасау мен қол қоюға ұсынуды қоса алғанда жалға берушінің міндеті болып табылады және оның есебінен жүзеге асырылады.

Егер кәсіпорында борыштар болса, кәсіпорын жалға алушыға жалға берушіден міндеттемелерді тоқтатуды немесе мерзімінен бұрын орындауды талап еткен несие берушілермен есеп айырысу аяқталғаннан кейін ғана берілуі мүмкін.

Жалға алушының басты міндеті жалданған кәсіпорынды шарт жағдайларына және оның құрамына кіретін мүліктің тағайындалуына сәйкес пайдалануды және арендалық төлемдерді (ақыны) төлеуде болып келеді.

Бұл шарт міндетті түрде жазбаша жасалуы және мемлекеттік тіркеуден өткізілуі қажет. Ағымды және күрделі жөндеуден өткізу міндеттері арендаға алушыға жүктеледі. Шарт кәсіпкерлік мақсатта жасалатын болғандықтан оның тараптары кәсіпкерлер ретінде тіркеуден өтуі қажет болады. Бұл шарт бойынша жақсартулар өткізу үшін жалға берушінің келісімі қажет емес, өйткені оған кеткен шығындар міндетті түрде өтеледі.

Жалға алушыға борыштарын аударғаны туралы жалға беруші өз кредиторларын жалдау шарты жасалғанға дейін жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Олар осындай аударумен келіспеген жағдайда хабарлама алған күннен бастап үш айдың ішінде жалға берушіден тиісті міндеттемелерді тоқтатуын немесе мерзімінен бұрын орындауын және залалды өтеуін талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде осы талаптардың ешқайсысы қойылмаса, кредитор тиісті борышты жалға алушыға аударуға келісім берді деп танылады.

Жалдау шарты тоқтатылған жағдайда кәсіпорын тұтастай мүлік кешені ретінде ережелерді сақтай отырып жалға берушіге қайтарылуға тиіс. Өткізу актісін жасауды және оны қол қоюға табыс етуді қоса алғанда, кәсіпорынды жалға беруге дайындау, егер шартта көзделмесе, бұл жағдайда жалға алушының міндеті болып табылады және соның есебінен жүзеге асырылады.

Жалға алушы кәсіпкерлік қызмет субъектісі болған соң оған берілген мүліктің сақтығы үшін кінәсіз жауапкершілікті қатерді және мүліктің жойылуы

немесе бүлінуі бой бермейтін (дүлей) күштердің салдарынан болғанын дәлелдегенде ғана жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

### **Үйді немесе ғимаратты жалдау келісім шарты**

**Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты** бойынша жалға беруші үйді немесе ғимаратты жалға алушының уақытша иеленуіне және пайдалануына беруге міндеттенеді. Егер Азаматтық Кодекстің кәсіпорынды жалдау туралы ережелерінде өзгеше көзделмесе, кәсіпорындарды жалдауға осы ережелер де қолданылады.

Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты тараптар қол қойған бірыңғай құжат ретінде жазбаша нысанда жасалады (582-б.). Үйді немесе ғимаратты жалдау шартының нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады. Кемінде бір жыл мерзімге жасалған үйді немесе ғимаратты жалдау шарты бойынша құқықтар мен ауыртпалықтар мемлекеттік тіркелуге тиіс және ол осындай тіркеуден өткен кезден бастап жасалды деп есептеледі.

Үйді немесе ғимаратты жалдау шартында жалдау ақысының мөлшері көзделуге тиіс. Тараптардың жалдау ақысының мөлшері туралы жазбаша түрде келіскен талаптары болмаған жағдайда үйді немесе ғимаратты жалдау шарты жасалмаған деп саналады. Бұл орайда Азаматтық кодекстің 385-бабының 3-тармағында көзделген баға белгілеу ережелері қолданылмайды. Үйді немесе ғимаратты жалдау ақысы шартта үй (ғимарат) алаңының бөлінісіне немесе оның көлемінің өзге көрсеткішіне белгіленсе, жалдау ақысы жалға алушыға берілген үйдің немесе ғимараттың нақты мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

**Тұрғын үйді жалдау шарты** бойынша тұрғын үйдің иесі немесе оның уәкілетті адамы (жалға беруші) азаматқа (жалға алушыға) және оның отбасы мүшелеріне тұрғын үйді ақы төлеп пайдалануға беруге міндеттенеді. **Тұрғын үйді жалдау шарты** жазбаша нысанда жасалады және заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуден өткізіледі.

Мемлекеттік тұрғын үйлер қорындағы үйлерді жалға алу мен жеке меншіктегі тұрғын үйлерді жалға алу жеке түрлерге жатады (601-603 баптар). Яғни, мемлекеттік тұрғын үйлерді (пәтерлерді) жалдау «ордер» деп аталатын арнаулы құжат беру ресімімен бекітіледі. Ал жеке меншіктегі тұрғын жайларды жалға беру осы атаудағы келісім шарт бойынша жасалуы қажет. Өкінішке орай, практикада бұл шарттың нысаны көбінде ауызша жасалады да, жалдаушылар осының салдарынан өздерінің құқықтары бұзылған жағдайларда сотқа жүгіне алмайды. Бұл шартты жетілдіре анықтау үшін арнайы ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңын қолдану қажет.

Келісім шарттың объектісіне келесілер жатады:

1. бөлмелер, бөлек тұрған ғимараттар мен үйлер, олардың ведомстволық тиістілігіне (байланысты) қарамастан;
2. ведомстволық балансына жататындығына қарамастан тұрғын үйлерге құрыстырылған бөлмелер;
3. мәдени, тарихи, архитектуралық ескерткіштері бар үйлер, ғимараттар;
4. мемлекеттік тұрғын қорынан тұрғын емес қорына ауысқан бөлмелер;

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің аумақтық органдарының қарамағына өзге де заңды әдіспен өткен бөлмелер.

Үйлерді, ғимараттарды жалға беру, оларға қызмет ету үшін қажетті (оларда үй, ғимарат орналасқан) жер учаскесін дәл сондай мерзімге уақытша жер пайдалануға беруге әкеледі.

Егер жер пайдаланушыда өзіне тиесілі жер пайдалану құқығын иелігінен шығара алмаса, онда ол жер учаскісінде орналасқан үйлер мен ғимараттарды да иелігінен шығаруға құқылы болмайды.

Үйді және ғимаратты жалдау шартында жалдау бағасы (аренданың бағасы) әдетте қолданылатын бағалармен анықталуы мүмкін емес, сондықтан ол шартта көзделуі тиіс.

Шартпен аренданың төлемінің толық (жалпы) сомасы белгіленуі мүмкін. Кейбір жағдайларда ол жалға берілген мүліктің бір бірлігі үшін немесе басқа көрсеткіш арқылы есептік жолымен белгіленуі мүмкін. Мысалы, жалға берілген бірнеше бөлмелердің көлемі бірдей болса, жалдау бағасы бір бөлек бөлме үшін көрсетілуі мүмкін.

Онда аренданың төлемінің жалпы мөлшері жалға алушыға берілген ғимараттың немесе үйдің жалпы мөлшеріне қарап есептеледі. Мемлекеттік меншігіндегі үйлермен ғимараттар арендаға берілген кезде ол аренданың төлем ақысына коммуналдық қызмет үшін төлемдер, ағымдағы және күрделі жөндеуге кеткен төлем ақы, объектіні күтіп ұстауға қажет төлемдер қосылмайды. Осы төлемдер жалға алушылармен санитарлық, коммуналдық ұйымдарға тікелей төленеді. Тағы да бір ерекшелік бар.

Мемлекеттік үйлер мен ғимараттарды жалдау шартында жалға төлем ақының мөлшерін инфляция деңгейіне қарай әр үш ай сайын қайта қарау ережелері көзделуі керек. Жалға беруші жалға алушыға үш ай сайын инфляцияның және басқа да жағдайлардың себебінен аренда үшін төлемді көбейту мөлшерінің коэффициентін хабарлауға міндетті.

Үйлер мен ғимаратты жалдау шартының мазмұны. Жалға беруші үйді немесе ғимаратты беруі және оны жалға алушының қабылдауы, кәсіпорынды жалдау шарты сияқты өткізу актісі немесе тараптар қол қоятын өткізу туралы өзге де құжат бойынша жүзеге асырылады. Өткізу актісін (өткізу құжатын) жасау міндеті шартпен тараптардың біреуіне жүктелуі мүмкін.

Азаматтық кодекс оны кімнің жасау міндеті екенін анықтамайды, сондықтан дау болған жағдайда кәсіпорынды жалдау шартының нормалары ұқсастық бойынша қолданылуы мүмкін.

Үйлер мен ғимараттарды жалдау туралы жалпы ережелерде жалға алушыға объектілерді беру мерзімдері анықталмайды, олар шартта көзделуі тиіс, егер шартта мерзімдер көзделмесе, онда үйлерді, ғимараттарды беру қисынды мерзімдерде жүзеге асуы тиіс. Аталған ережелерге сәйкес жалға беруші аренда шартына қол қойғаннан кейін бір айдан аспайтын мерзімде объектінің берілуін (өткізілуін) қамтамасыз етуге міндетті.

## **Жер учаскелерін/танаптарын жалдау шарты**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 25-бабында жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі бекітілген. Яғни, меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы, оның ішінде уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға да беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт жалдау шарты (жалға алушымен) немесе өтеусіз пайдалану туралы шарт (өтеусіз пайдаланушымен) түрінде жасалады.

Жалға беруші ретінде мемлекеттің меншігіндегі жер учаскелерін жалға беруді тиісті жергілікті өкілетті орган жүзеге асырады. Бұл жағдайда ол «Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға берген кезде конкурстарды ұйымдастыру және өткізу ережесіне» қосымша ретінде бекітілген Типтік келісім шартты қолданады.

Жер учаскелерін жалдау құқығын жерді пайдалану құқығымен шатастырмау керек. Жер пайдалану құқығы – ол шектелген заттық құқықтарға жатады, ол тұрақты (49 жыл) немесе уақытша деп айырылады, жерді пайдалануға беруші ретінде тек мемлекет болып табылады; жер учаскелерін жалдау – міндеттемелік құқықтарға жатады, ол тек мерзімді келісім шарт ретінде жасалады, жалға беруші ретінде жерді заңды түрде иеленуші кез келген тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті тұлға болады.

Жер учаскелерін жалдау келісім шартында шарт объектісін мақсатты түрде пайдалану талабы қойылады. Мұндай талап бұзылған жағдайда жалға беруші келісім шартты бұзуға толығымен құқылы.

Жер учаскелерін жалдау барысында жалға алушы өзге міндеттеріне қоса экологиялық ережелерді де сақтауға міндетті, ал ауыл шаруашылық немесе өндірістік мақсатта жалға алған болса, онда жердің сапасын сақтау бойынша да талаптарды орындау қажет.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Азамат Саматов шарт бойынша азамат Қаржауовтың «Жигули» автокөлігін ақы төлеп уақытша пайдалануға алады. Біраз уақыт өткен соң Қаржауов өз таныстарынан Саматовтың жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, Қаржауовтың автомобилін жолаушыларды ақы алып тасымалдау үшін пайдаланып жүргенін біледі. Автомобильдің осылай жиі қолдануымен келісе алмаған, Қаржауов автомобильді пайдаланғаны үшін Саматовтан жолаушылар тасымалдаудан түскен табыстың 20% мөлшерінде төлем төлеуді немесе шартты бұзуды талап етеді. Саматов Қаржауовтың талабы негізсіз деп санайды, өйткені олар Саматов тапқан табысының бір үлесіне үміттенуге болатындай бірлескен

іс-әрекет шартын емес, жалға алу шартын жасасты. Сонымен қатар жалға алу шартында автомобильдің қандай мақсаттар үшін пайдалануы керек екені жайлы бірде-бір сөз жоқ. Автомобильді пайдалану кезінде мақсаттық келісімге келе алмаған тараптар заң кеңесшісіне барады, ол Саматовты жақтап, автомобильді пайдалану кезінде мақсаттық тағайындалуы сақталады деп мәлімдейді.

*Бұл келісім шарт мүліктік жалдау шарттарының қайсысына жатады?*

*Жалдау келісім шартының елеулі жағдайлары қандай?*

*Кәсіпкерлік мақсат және жеке, отбасылық, тұрмыстық мақсаттардың айырмашылығын келтіріңіз. Бұл мақсаттардың қайсысы көлікті тез арада тоздыруға келтіреді?*

*Саматов жалға алушы ретінде өз міндеттерін тиісінше орындады ма?*

*Қорғаушының шешімі дұрыс па?*

2. Кеңсе тазалау қызметімен шұғылданып жүрген жеке кәсіпкер Шұбаров прокат фирмасынан бір-екі ай мерзімге шаңсорғыш алмақ болады. Себебі, өз шаңсорғышының бір бөлшегі кәсіпкерлік қызмет барысында істен шығып, тұрмыстық техникаларын жөндейтін шеберханаға тапсырылған болатын. Ол бөлшекті шаңсорғыш жасайтын фирмадан сұраныс жасап алу үшін біраз уақыт қажет болды.

Прокат фирмасы шаңсорғыштың тұрмыстық мақсатта ғана пайдалануға арналғандығын және кәсіпкерлік мақсатта қолдану кезінде анық тез тозатындығын желеу етіп, шаңсорғышты беруден бас тартады. Сонымен бірге, прокат фирмасының қызметкері мүлікті пайдалануға байланысты белгіленген бағада (тарифте), жоғарыда аталған жайлардың ескерілмегендігін айтады.

Прокат фирмасының бас тартуы негізсіз деп белгілеген Шұбаров сотқа берген талап арызында прокат фирмасын шарт жасасуға мәжбүрлеуді және кәсіпкерлік нәтижесінде алуға тиіс, күндік орташа табыстың тұрып қалған күндерге көбейтілген көлемінде шығындарды өтеуді талап етеді.

*1) Прокат келісім шартының жалдау шартының жалпы ережелерінен айырмашылықтары қандай?*

*2) Шұбаровтың даулы затты пайдалану мақсаттары қандай?*

*3) Дауды шешіңіздер. Егер шарт объектісі Шұбаровтың жеке өз үйі қажеттілігіне арналған болса, сіздердің шешімдеріңіз өзгере ме?*

3. Құрылыс-монтаж фирмасы (ҚМФ) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен (ЖШС) соңғысының заңсыз иелігінен көтергіш кранды қайтаруы жөнінде талап арыз ұсынады. Ол кранды фирма екі жыл бұрын «Алау» акционерлік қоғамына үш жылға жалға беріпті, бірақта құрылыс объектілері көбеюіне байланысты көтергіш құрылыс краны өзіне қажет болғандықтан, акционерлік қоғамға алдын ала ескере отырып, жалдау шартын тоқтатқан болатын. Бірақта ол кранды акционерлік қоғам заң талаптарын сақтай отырып,



қосалқы жалдауға негізгі келісім шарттың мерзіміне, яғни 3 жылға ЖШС-ке берген екен. Енді ЖШС қосалқы жалдау шартының мерзімі әлі аяқталмағанына сілтеп, кранды қайтарудан бас тартады.

*Сот қандай шешім шығаруы тиіс.*

## **ЖҰМЫСТАР ЖАСАУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

### **Жұмыстарды жасау туралы міндеттемелердің нысанасы (пәні, заты). Мердігерлік шартының жалпы ережелері.**

Жұмыстар жасау туралы міндеттемелер мердігерлік шарттарынан пайда болады (ҚР АҚ 32 Тарауы). Бұл міндеттемелердің нысанасы (пәні, заты) жаңа бір объект жасау немесе бұрынғы объектіні неғұрлым өзгерту, жақсарту болып танылады. Келісім шарттың тараптары мердігер мен тапсырысшы (тапсырушы) деп аталады. Мердігер өз саласының маманы болуы қажет және көптеген жағдайларда мердігерлік жұмыстардың тиісті бір түрін жүргізу (орындау) үшін қажетті лицензиясы болуы тиіс. Мердігер өз қызметі саласында білікті маман болуына байланысты оған мүліктің абайсызда жойылуы немесе бүлінуі қауіпі, жұмыс нәтижесіне жетпеу қауіпі, жұмыс сапасы үшін жауапкершілік ауыртпалықтары және т.б. жүктеледі.

ҚР Азаматтық кодексінің 32-тарауы бес параграфтарды қамтиды, бұлардың бірінші параграфында мердігерлік туралы жалпы ережелер бекітілген. Мұндай құрылымға сәйкес, егер 2-5 параграфтарда көрсетілген (тұрмыстық мердігерлік, құрылыс мердігерлігі және т.б.) құқықтық қатынастарды реттеуде пайдаланылатын арнайы нормалар көзделмеген болса, онда сол қатынастарды реттеу үшін жалпы ережелер қолданылады.

Шарттың түсінігі. Мердігерлік келісім шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырысы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндетті, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндетті (АҚ 616-б.).

Шарт консенсуалды, екіжақты, ақылы, мерзімді болады. Тапсырысшының міндеті - мердігерге тапсырма беру, жұмыстың ақысын төлеу, ал мердігердің міндеті – тапсырманы тапсырушының нұсқаулары бойынша орындау. Қазіргі уақытта тапсырманы арнаулы талаптарға сәйкес құрастыру міндеті келісім шарт бойынша мердігердің өзіне жүктелуі мүмкін.

Аталмыш шарттарды игеру барысында мердігерлік тәуекел деген ұғымды да білу қажет. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады, себебі мердігер кәсіби білімді, білікті, тәжірибелі, мамандандырылған кәсіпкер болып табылады.

Мердігердің тәуекелі келесі жағдайлардан көрініс табады. Егер заңмен немесе келісім шартпен өзгеше көзделмесе, мердігер тараптардың еркіне, әрекетіне байланыссыз, кездейсоқ жағдайларға байланысты, келісім шарттың орындалуына әсер ететін барлық қолайсыз салдарын өзі көтереді. Мысалы, мердігерлік нысанасы оны тапсырғанға дейін кездейсоқ жойылса немесе жұмысты аяқтаудың мүмкін болмауы тараптардың кінәсінен болмаса, тәуекел мердігерге жүктеледі; тұрлаулы смета көзделген жағдайда жұмыстардың кездейсоқ қымбаттауы мердігерге жүктеледі; егер жұмыс тапсырысшының

сапасыз материалдарынан жасалатын болса, ол материалдардың сапасыздығы туралы мердігер тапсырысшыға ресми түрде ескертпеген болса, онда жұмыстың және сол материалдардың сапасыздығы үшін жауаптылықты мердігер көтереді.

Мердігердің тәуекелін материалдардың кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупімен шатастырмаған жөн. Материалдардың кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі сол материалдардың меншік иесіне жүктеледі (ҚР Азаматтық кодексінің 190-бабы).

Жалпы ереже бойынша жұмыстар мердігердің қарамағында орындалу керек, яғни, өзінің материалдарымен, күшімен және қаражатымен (617-бап).

«Өзінің материалдарымен және қаражатымен» деген ұғымдар қосымша түсінікті талап етпейді деген ойдамыз. Сондықтан «жұмысты өзінің күшімен орындау» деген сөз тіркесін түсініп алайық. «Жұмысты өзінің күшімен орындау» дегеніміз – ол өзінің жеке қолымен немесе өзінің қызметкерлерінің қолымен, ойларымен, біліктілігімен, өзге қабілеттерімен, өзінің құралдарымен, және т.с.с.

Мердігерлік шартта жұмысты орындаудың бастапқы және түпкі мерзімі көрсетіледі. Тараптардың арасындағы келісім бойынша шартта жұмыстың жекелеген кезеңдерінің аяқталу мерзімдері (аралық мерзімдері) де көзделуі мүмкін. Мұндай жағдайда аралық мерзімдерде жасалатын жұмыстың көлемдері міндетті түрде орындалуы қажет, ал тапсырысшы ол кезеңдерде жасалған жұмыстарды бөлек-бөлек қабылдап алуға міндетті.

Мердігерлік келісім шарт мазмұнында орындалуға жататын жұмыстың бағасы немесе оны анықтау әдістері көрсетілу керек. Шартта мұндай нұсқаулар болмаған және тараптар келісімге келмеген жағдайда бағаны тараптарға келтірілген қажетті шығындарды ескере отырып, әдетте осыған ұқсас жұмыстарға қолданылатын бағаларды негізге алу арқылы сот белгілейді. Жұмыстың бағасы **смета** жасау жолымен белгіленуі мүмкін. Және де жұмыстың бағасы (смета) шамамен алынған немесе тұрақты (тұрлаулы) болуы мүмкін. Шартта басқа нұсқаулар болмаған кезде жұмыстың бағасы (смета) тұрлаулы деп есептеледі.

Мердігерлік шартты орындауға байланысты мердігердің иелігіне өткен заттарды немесе өзге де мүлікті өңдеу үшін тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың сақталмағаны үшін мердігер жауапты болады.

Мердігер тапсырысшыға жұмыстың нәтижесімен бірге, егер бұл шартта көзделсе немесе ақпараттың сипатына қарай, онысыз жұмыстың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсаттар үшін пайдалану мүмкін болмаса, шарттың нысанасын пайдалануға немесе өзгеше іске асыруға қатысты ақпаратты беруге міндетті (637-бап).

Мердігер ұйымдастырушылық жағынан да, экономикалық жағынан да тапсырысшыдан тәуелсіз, ол жұмысты өз тәуекелімен орындайды және өзі жауапкершілікті көтереді, сондықтан жұмыс жасау әдістерін өзі белгілейді, тапсырысшы оның жедел-шаруашылық қызметіне араласпайды. Бірақта тапсырысшы мердігердің қызметіне араласпай, кез келген уақытта жұмыстың барысы мен сапасын тексеруге құқылы.

Егер мердігер шартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау көрінеу мүмкін болмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқылы. Егер жұмыстың орындалу барысында оның тиісті дәрежеде орындалмайтыны анық болса, тапсырысшы мердігерге кемшіліктерді жою үшін қисынды мерзім белгілеуге және мердігер белгіленген мерзімде ол талапты орындамаған жағдайда шарттан бас тартуға не жұмысты түзетуді мердігердің есебінен үшінші тұлғаға тапсыруға, сондай-ақ залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

**Мердігердің үнемі** – ол мердігердің нақты шығыны бағаны белгілеу (сметаны жасау) кезінде есептелгеннен кем болып шыққан жағдайда, егер тапсырысшы мердігер алған үнем орындалған жұмыстың сапасына теріс әсер еткенін дәлелдей алмаса, мердігер шартта (сметада) көзделген баға бойынша жұмысқа ақы алу құқығын сақтауы.

Мердігердің нақты шығыны бағаны белгілеу (сметаны жасау) кезінде есептелгеннен кем болып шыққан жағдайда, егер тапсырысшы **мердігер алған үнем** орындалған жұмыстың сапасына теріс әсер еткенін дәлелдей алмаса, мердігер шартта (сметада) көзделген баға бойынша жұмысқа ақы алу құқығын сақтайды. Мердігерлік шартта мердігер алған үнемді тараптар арасында бөлу көзделуі мүмкін.

Мердігер тапсырысшы берген материалды үнемдеп және есеппен пайдалануға, жұмыс аяқталғаннан кейін тапсырысшыға жұмсалған материалдар туралы есеп беруге, сондай-ақ олардың қалдықтарын қайтарып беруге не тапсырысшының келісімімен, мердігерде қалған пайдаланылмаған материалдың құнын ескере отырып, жұмыстың бағасын кемітуге міндетті.

Тапсырысшы мердігерлік шартта көзделген мерзімде және тәртіппен орындалған жұмыстың нәтижесін мердігердің қатысуымен қарауға және қабылдауға, ал жұмысты нашарлататын шарттан ауытқулар немесе жұмыста өзге де кемшіліктер анықталған жағдайда бұл туралы мердігерге дереу мәлімдеуге міндетті.

Жұмысты қабылдау кезінде ондағы кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы, егер актіде не қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта ол кемшіліктер не оларды жою туралы кейін талап қойылу мүмкіндіктері айтылған жағдайда ғана оларға сілтеме жасауға құқылы.

Жұмыстың нәтижесін тексерусіз қабылдаған тапсырысшы оны қабылдаудың әдеттегі әдісі кезінде анықталуы мүмкін жұмыс кемшіліктеріне (көрінеу кемшіліктер) сілтеме жасау құқығынан айрылады. Жұмыс нәтижесін қабылдағаннан кейін әдеттегі қабылдау әдісі кезінде анықталуы мүмкін емес (жасырын кемшіліктер), оның ішінде мердігер қасақана жасырған шарттан ауытқуды немесе өзге де кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы олар анықталғаннан кейін қисынды мерзімде бұл туралы мердігерге хабарлауға міндетті.

Тапсырысшы анықтаған жасырын кемшіліктер туралы мердігерге хабарлау үшін шекті мерзім - бір жыл, ал үйлер мен ғимараттарға байланысты жұмыстарға қатысты, сондай-ақ жұмыс түріне қарамастан - мердігердің

қасақана жасырған кемшіліктеріне қатысты - жұмысты қабылдаған күннен бастап үш жыл болып табылады. Заң актілерінде немесе шартта неғұрлым ұзақ мерзімдер (кепілдік мерзімдер) белгіленуі мүмкін. Егер шартқа сәйкес тапсырысшы жұмысты бөліп-бөліп қабылдаса, онда белгіленген мерзім жұмыстың нәтижелерін тұтасымен қабылдаған күннен басталады.

Тапсырысшы мен мердігердің арасында орындалған жұмыстың кемшіліктері немесе олардың себептері жөнінде дау туған кезде тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша сараптама тағайындалуға тиіс, сараптаманы өткізу жөніндегі шығындарды мердігер көтереді. Ал сараптама нәтижесінде шартты бұзушылық немесе мердігердің іс-әрекетімен анықталған кемшіліктердің арасында себепті байланыстар жоқ екені анықталғанда сараптама жөніндегі шығындарды оны тағайындауды талап еткен тарап, ал егер сараптама тараптардың арасындағы келісім бойынша тағайындалса - екі тарап тең көтереді.

Тапсырысшы орындалған жұмыстың нәтижелерін қабылдаудан жалтарған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер шартқа сәйкес жұмыс тапсырысшыға өткізуге тиісті күннен бастап бір ай өткен соң және тапсырысшыға бұдан кейін екі мәрте ескерткеннен кейін жұмыстың нәтижесін сатуға, ал алынған соманы мердігерге тиесілі барлық төлемдерді шегеріп, нотариус депозитіне тапсырысшының атына салуға құқылы. Егер тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижелерін қабылдаудан жалтаруы жұмысты тапсыруды кешіктіруге әкеп соқса, дайындалған (өңделген) затқа меншік құқығы өткізілген кезден тапсырысшыға көшті деп танылады.

**Мердігерлік нысанасы жойылған немесе жұмысты аяқтау мүмкін болмаған жағдайдағы тараптар арасындағы есеп айырысу (631-бап).** Жалпы ереже бойынша, егер мердігерлік нысанасы оны тапсырғанға дейін кездейсоқ жойылса немесе жұмысты аяқтаудың мүмкін болмауы тараптардың кінәсінен болмаса, мердігердің жұмыс үшін сыйақы талап етуге құқығы жоқ. Егер мердігерлік нысанасының жойылуы немесе жұмысты аяқтаудың мүмкін болмауы тапсырысшы берген материал кемшіліктерінің немесе оның жұмысты орындау әдісі туралы нұсқауларының салдарынан болса, не тапсырысшы орындалған жұмысты қабылдаудың мерзімін өткізіп алғаннан кейін болса, оның үстіне мердігер Азаматтық кодекстің 628-бабы ережелерін сақтаған болса, мердігер жұмыс үшін сыйақы алу құқығын сақтап қалады.

**Жұмыстың сапасы (632-бап).** Мердігер орындаған жұмыс шарт ережелеріне, ал олар болмаған немесе толық болмаған жағдайда - әдетте тиісті тектес жұмысқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс. Егер заң актілерінде немесе оларда белгіленген тәртіпте мердігерлік шарты бойынша орындалатын жұмысқа міндетті талаптар көзделсе, кәсіпкер ретінде іс-әрекет етуші мердігер жұмысты осы міндетті талаптарды сақтай отырып орындауы қажет.

Мердігер белгіленген міндетті талаптармен салыстырғанда, келісім шарт бойынша сапаға қойылатын неғұрлым жоғары талаптарға сай келетін жұмысты орындау міндетін өзіне алуы мүмкін.

Заң актілерінде немесе шартта мердігердің тапсырысшыға жұмыс сапасына кепілдік беруі көзделген жағдайда мердігер тапсырысшыға бүкіл

кепілдік мерзімінің ішінде Азаматтық кодекстің 632-бабының талаптарына сай болуға тиіс жұмыс нәтижесін беруге міндетті. Жұмыс нәтижесінің сапасына кепілдік, егер шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады (633-бап). Егер мердігерлік шартта өзгеше көзделмесе, кепілдік мерзімі орындалған жұмыс нәтижесін тапсырысшы қабылдаған немесе қабылдауға тиіс болған кезден басталады.

Жұмыстар жүргізу туралы міндеттемелер институтында **бас мердігер** және **қосалқы мердігерлерді** айыру қажет (619-бап). Егер заң актілерінен немесе келісім шарттан өзгеше туындамаса, мердігер келісім шарт бойынша жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға мамандандырылған басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға құқылы. Мұндай жағдайда мердігер тапсырысшының алдында - бас мердігер, ал қосалқы мердігердің алдында тапсырысшы болады.

Бас мердігер қосалқы мердігердің алдында тапсырысшының міндеттемені орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапты, ал тапсырысшының алдында қосалқы мердігердің міндеттемені орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапты болады. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы мен қосалқы мердігер бір-біріне өздерінің бас мердігермен арадағы шарттарды бұзуына байланысты талаптар қоюға құқығы жоқ.

Кейбір жағдайларда бас мердігердің келісімімен тапсырысшы өзі жекелеген жұмыстарды орындауға үшінші тұлғалармен дербес шарт жасасуға құқылы. Мұндай жағдайда үшінші тұлға жұмысты орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін тікелей тапсырысшының алдында жауапты болады.

Егер шарт бір мезгілде екі немесе одан да көп мердігермен жасалса және міндеттеме нысанасы бөлінбейтін болса, мердігерлер тапсырысшыға қатысты ортақтасқан борышқорлар және тиісінше ортақтасқан кредиторлар болып танылады. Міндеттеме нысанасы бөлінетін жағдайда, сондай-ақ заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда мердігерлердің әрқайсысы құқықтарға ие болып, тапсырысшыға қатысты өз үлесінің шегінде міндеттемелерді мойнына алады.

### **Тұрмыстық мердігерлік келісім шарты**

**Тұрмыстық мердігерлік шарты**, өзге мердігерлік шарттарына карағанда, заң бойынша жария шарттарына жатқызылған (640-бап), оның мақсаты - тапсырысшының тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру.

*Келісім шарттың түсінігі.* Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшы азаматтың тапсырмасы бойынша тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

Мердігер тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті және дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға немесе коммерциялық ұйым болуға тиісті. Мердігерге өз саласында кәсіпкер-маман болу талабы қойылады, себебі ол жұмысты өз күшімен, өзінің тәуекелімен орындауға тиісті. Егер мердігер заңды тұлға болса, оның қызметкерлері жасалатын жұмыстар саласында білімді, білікті, тәжірибелі мамандар болуы қажет.

Тапсырысшы ретінде біліктілігіне, тәжірибесіне ешқандай талаптар қойылмайтын әрекет қабілетті жеке тұлғалар бола алады.

Келісім шарттың нысаны – жазбаша. Егер заң актілерінде немесе шартта (формуляр, өзге де стандартты нысанда) өзгеше көзделмесе, тұрмыстық мердігерлік шарты мердігердің тапсырысшыға түбіртек немесе өзге құжат берген кезден бастап тиісті нысанда жасалған болып есептеледі. Тапсырысшыда аталған құжаттардың болмауы оны шарттың жасалу фактісін немесе оның ережелерін растауда куәгерлік айғақтарға сілтеме жасауға құқылы.

Жұмыс мердігердің де, тапсырысшының да материалынан орындалуға болады. Егер жұмыс мердігердің материалынан орындалатын болса, шартты жасау кезінде тапсырысшы материал үшін толық немесе тапсырысшы мердігер орындаған жұмыстың нәтижесін алған кезде түпкілікті есеп айырыса отырып, шартта көрсетілген бөлігі үшін ақы төлейді. Алайда мердігер берген материал бағасының шарт жасалғаннан кейін өзгеруі қайта есептеуге әкеп соқпайды (645-баптың 3-тармағы).

Егер материалдар тапсырысшынікі болса, мердігерге берілгеннен кейін олардың бүліну, жоғалу қаупі мердігерге жүктеледі, ал сапасы бойынша талаптар осы материалдардың иесіне, яғни тапсырысшыға жүктеледі. Бірақта мердігер, білікті маман бола тұра, берілген материалдардың сапасыздығы туралы тапсырысшыға ескерту керек. Тапсырысшы берген материалдар туралы мердігер келісім шарт жасалғандығы туралы құжатта материалдың дәл атауы, саны, сипаты мен тараптардың келісімі бойынша белгіленетін бағасы көрсетілуге тиіс.

Жұмыстың бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді. Көп жағдайларда жұмыстың бағасы кәсіпкер тарапынан бекітілген тарифтермен анықталады.

Мердігердің міндеттері:

- өзінің атауы (аты-жөні), мекен жайы, жұмыс жөнінде және жұмыс нәтижелері жөнінде тапсырысшыға мәліметтер беру;

- тапсырысшыға жұмыстардың нәтижелерін өткізген кезде мердігер оған дайындалған немесе қайта жасалған затты не орындалған жұмыстың өзге нәтижесін тиімді және қауіпсіз пайдалану үшін сақталуы қажет талаптар туралы, сондай-ақ тиісті талаптардың сақтамауын тапсырыс берушінің өзіне және басқа тұлғаларға келтірілуі мүмкін зардаптары туралы хабарлау;

- жұмысты тиісті мерзімде орындау;

- тапсырысшы оған берген материалдарын және өзге заттарын тиісінше сақтау, тиімді пайдалану және олардың пайдаланылған көлемі, саны бойынша есеп беру, ал қалдықтарын қайтарып беру;

- жұмысты сапалы орындау.

Тапсырысшының міндеттері:

- орындалған жұмыстың ақысын төлеу;
- жұмыс нәтижесін қабылдау.

Тапсырысшы жұмысқа ақыны мердігер оның нәтижесін түпкілікті тапсырғаннан кейін төлейді. Алайда, тараптардың келісімі бойынша жұмысқа тапсырысшы шарт жасасу кезінде толық немесе жартылай төлем беру арқылы ақы төлеуі де мүмкін.

Тапсырысшы жұмыс нәтижелерін қабылдап алмаған жағдайда, мердігер тапсырысшыға жазбаша түрде ескерте отырып, екі ай өткен соң жұмыс нәтижесін сатып, одан түскен сомадан өзінің кеткен шығындарын өтеп алуға құқылы болады, ал қалған ақшаны тапсырысшының атына депозитке салуға болады.

Жұмыс нәтижесін түпкілікті қабылдауда және жұмыстың кезекті сатыларын қабылдауда тапсырысшы сол нәтижелерді тексеру қажет. Жұмыстың нәтижесін тексерусіз қабылдаған тапсырысшы оны қабылдаудың әдеттегі әдісі кезінде анықталуы мүмкін көрінеу жұмыс кемшіліктеріне сілтеме жасау құқығынан айрылады.

Ал жасырын кемшіліктер, яғни жұмыс нәтижесін қабылдағаннан кейін әдеттегі қабылдау әдісі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер бойынша, оның ішінде мердігер қасақана жасырған шарттан ауытқуды немесе өзге де кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы олар анықталғаннан кейін қисынды мерзімде бұл туралы мердігерге хабарлауға міндетті. Тапсырысшы анықтаған жасырын кемшіліктер туралы мердігерге хабарлау үшін шекті мерзім - бір жыл, ал үйлер мен ғимараттарға байланысты жұмыстарға қатысты, сондай-ақ жұмыс түріне тәуелсіз - мердігердің қасақана жасырған кемшіліктеріне қатысты - жұмысты қабылдаған күннен бастап үш жыл болып табылады.

Егер жұмыс нәтижелеріне кепілді мерзім қолданылатын болса, тапсырысшы сол мерзімдердің ішінде Азаматтық кодекстің 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыра алады, яғни өз таңдауы бойынша мердігерден:

- 1) қисынды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтемсіз жоюды;
- 2) жұмыс үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайтуды;
- 3) тапсырысшының кемшіліктерді жою құқығы шартта көзделсе, өзінің оларды жоюға шыққан шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

Мердігер өзі жауап беретін жұмыстың кемшіліктерін жоюдың орнына, тапсырысшыға орындаудың мерзімін өткізіп алу арқылы келтірген зиянды өтей отырып, жұмысты тегін қайта орындауға құқылы. Бұл жағдайда тапсырысшы, егер жұмыс сипаты бойынша ондай қайтарып беру мүмкін болса, оған бұрын тапсырылған жұмыс нәтижесін мердігерге қайтарып беруге міндетті. Егер жұмыста шарттың талаптарынан ауытқу немесе жұмыстың өзге де кемшіліктері елеулі және жоюға келмейтін болса не анықталған кемшіліктер тапсырысшы белгілеген қисынды мерзімде жойылмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.



Тұрмыстық мердігерлік шарт тараптардың бірінің қайтыс болуы негізінде тоқтатылған жағдайда (376-б.) шарттың тоқтатылу зардабы тиісті тараптың құқықтық мирасқорымен келісім бойынша, ал олар келісімге келмеген кезде орындалған жұмыстың мөлшері мен оның бағасы, жұмсалған және сақталған материалдың құны, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайлар ескеріле отырып сот арқылы айқындалады.

### **Құрылыс мердігерлігі келісім шарты**

**Келісім шарттың түсінігі.** Құрылыс мердігерлігі келісім шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді (АК 651-б. 1-т.).

Құрылыс мердігерлігі келісім шарттың нысанасы (пәні, заты) - белгілі бір жаңа құрылысты салу немесе өзге құрылыс жұмыстарын (жөндеу, қайта жөндеу, өндірісті қайта құралдандыру, технологияны жаңарту, монтаждық жұмыстар және іске қосу жұмыстарын) жүргізу болады.

Аяқталмаған құрылыстың иесі ретінде оны тапсырысшыға тапсырғанға дейін және оған төлем жасалғанға дейін мердігер болып табылады.

Құрылыс мердігерлігінің шарты кәсіпорынды, үйді (оның ішінде тұрғын үйді), ғимаратты немесе өзге де объектіні салуға немесе қайта жаңартуға, сондай-ақ монтаждау, іске қосу-жөнге келтіру және салынып жатқан объектімен тығыз байланысты өзге де жұмыстарды орындауға жасалады, мысалы, үйлер мен ғимараттарды жөндеу бойынша.

Егер құрылыс, мердігерлігі шарты бойынша жұмыс жеке тұлғаның (тапсырысшының) тұрмыстық немесе басқа жеке қажеттерін қанағаттандыру үшін орындалатын болса, мұндай шартқа тиісінше тұрмыстық мердігерлік шарт туралы тапсырысшының құқықтары жөнінде ережелер қолданылады.

Азаматтық кодексінің 652-бабы құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тараптар арасында тәуекелді бөлісуді реттейді. Осыған сәйкес, егер құрылыс объектісі жұмысты өткізудің шартта белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін дүлей күштің салдарынан қираған немесе бүлінген болса, тапсырысшы, егер шартта өзгеше көзделмесе, орындалған және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының құнын төлеуге міндетті.

Егер заңнамаларда немесе келісім шартта өзгеше көзделмесе, жұмыстарды орындаудың кездейсоқ мүмкін болмай қалу қаупін ол жұмыстар өткізілгенге дейін тапсырысшы көтереді. Ал жұмыстың кездейсоқ қымбаттау қаупін мердігер көтереді. Сонымен қатар, келісім шартта құрылыста болуы ықтимал барлық тәуекелді мердігердің көтеретіндігі көзделуі мүмкін (құрылысты толығымен аяқтау әдісі қолданылған жағдайда).

Және де келісім шартта мердігердің тәуекелдерін сақтандыру көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сақтандыру жөніндегі шығындар орындалған жұмыстар

үшін сыйақыны айқындау кезінде ескерілетін құрылыс жөніндегі шығыстарға енгізіледі.

Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін мердігер жауапты болады (653-бап).

### **Тапсырысшының міндеттері.**

Жалпы ережелер бойынша, тапсырысшы мердігерге тапсырыс беруге міндетті. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тапсырысшының тапсырысы жобалау-сметалық құжаттарында көрсетіледі. Бірақта тараптардың келісімі бойынша жоба мен сметаны жасау міндеті мердігерге де жүктелуі мүмкін.

651-бапта тапсырысшының міндеті ретінде мердігерге жұмыс орындау үшін қажетті жағдай жасау белгіленген, бұл міндеттің мазмұнына оны жұмыспен қамтамасыз ету, яғни шартта көзделген жағдайлар мен тәртіпте мердігерге жұмыстарды жүргізу үшін құрылыс алаңын тазалап, жерді бөлу жөнінде құжаттарды алу, қажетті үйлер мен ғимараттар беруге, мердігердің мекен-жайына жүктердің тасымалдануын қамтамасыз етуге, энергиямен жабдықтау желілерін, су және бу құбырларын уақытша жүргізуге коммуналдық жүйелерге қосылуға рұқсат алу және т.б. әрекеттер жатады. Мысалы, АҚ-ң 658-бабына сай, тапсырысшы құрылыс салу үшін жер учаскесін мердігерге шартта көрсетілген көлемде және сондай күйде уақытылы беруге міндетті. Шартта мұндай нұсқау болмаған жағдайда жер учаскесінің көлемі мен күйі жұмыстың уақытылы басталуын, оның қалыпты жүргізілуін және мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Келесі міндет - орындалған жұмысқа ақы төлеу. Бұл ақыны тапсырысшы сметада көзделген мөлшерде заң актілерінде немесе шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен төлейді. Заң актілерінде немесе шартта тиісті нұсқаулар болмаған жағдайда мердігер орындаған жұмысқа ақы төлеу жұмысқа немесе оның жекелеген кезеңдеріне, келісілген мерзімде, не жұмыстың нәтижесін түпкілікті тапсырғаннан кейін жүргізіледі.

Сонымен бірге, тараптардың келісімі бойынша кейбір жағдайларда тапсырысшының құрылысты тұтасымен немесе белгілі бір бөлігінде материалдық қамтамасыз етуі көзделуі мүмкін.

Тапсырысшы жұмысты қабылдауды өткізуге міндетті болады. Жұмысты қабылдап алу жұмыс аяқталмай да және аяқталғаннан кейін де өткізілуі мүмкін. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалған жұмысты не, егер бұл шартта көзделсе, жұмыстың бір кезеңін тапсыруға дайын екендігі туралы мердігердің хабарын алған тапсырысшы дереу оның нәтижелерін қабылдауға кірісуге міндетті. Жұмыстың жекелеген кезеңдерін алдын-ала қабылдаған тапсырысшы оның мердігердің кінәсіз жойылу немесе бүліну қаупін мойнына алады, бұған оның ішінде шартта жұмысты мердігердің тәуекелімен орындау көзделген жағдайлар да кіреді.

Тапсырысшының өкілі немесе өзі, дәлелді себепсіз жұмыстың жеке кезеңдерін қабылдап алуға келмей қалған жағдайда, мердігер қабылдап алу актісін өзі жасауы мүмкін, осыдан кейін тапсырысшының талабымен өндірілген жұмыстарды ашып қарау қажет болса, онда ол тапсырысшының өз есебінен өткізіледі. Кейбір объектілер үшін алдын ала сынақ жұмыстары жүргізілуге

тиіс, ал кейбір объектілерді мемлекеттік комиссия қабылдауға тиіс. Жұмыс нәтижелерін тапсыру-қабылдау әрекеттері арнаулы құжат - Акті - толтырумен ресімделеді.

Егер құрылыс мердігерлігі шарты бойынша жұмыс тараптардың кінәсіз себептермен тоқтатылып, құрылыс объектісі консервацияланса, тапсырысшы мердігерге консервацияланған кезге дейін толық орындалған жұмыс көлеміне ақы төлеуге, сондай-ақ жұмыстың тоқтатылуы мен құрылысты консервациялау қажеттігінен туған шығындарды өтеуге міндетті (662-бап).

Тапсырысшы, мердігердің жедел-шаруашылық қызметіне араласпай, құрылыс мердігерлігі шартында орындалып жатқан жұмыстың барысы мен сапасына, олардың орындалу мерзімінің (кестесінің) сақталуына, мердігер берген материалдардың сапасына, сондай-ақ тапсырысшының материалдарын мердігердің дұрыс пайдалануына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға құқылы. Орындалып жатқан жұмысты бақылау мен қадағалау кезінде шарт талаптарынан жұмыс сапасын нашарлататын ауытқуды немесе ондағы өзге де кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы ол туралы дереу мердігерге мәлімдеуге міндетті. Мұндай мәлімдеме жасамаған тапсырысшы кейін өзі анықтаған кемшіліктерге сілтеме жасау құқығынан айырылады.

**Мердігердің міндеттері.** Мердігер белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, сонымен қатар келісім бойынша оған жоба мен сметаны жасау жұмыстары да жүктелуі мүмкін.

Құрылысты және оған байланысты жұмыстарды мердігер жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті. Шартта өзге нұсқаулар болмаған кезде мердігер жобалау-құжаттамасында және сметада (жобалау-сметалық құжаттамада) көрсетілген барлық жұмыстарды орындауға міндетті деп түсініледі.

Құрылыс жүргізу барысында жобалау-сметалық құжаттамада есептелінбеген жұмыстарды және осыған байланысты қосымша жұмыстар жүргізу мен құрылыстың сметалық құнын өсіру қажеттігін анықтаған мердігер тапсырысшыға ол туралы хабарлауға міндетті.

Келісім шарт бойынша мердігер құрылысты материалдық қамтамасыз етуге міндетті болуы мүмкін (656-бап), бұл жағдайла ол өзі берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) немесе жабдықтарды орындалатын жұмыстардың сапасын нашарлатпай пайдалану мүмкін болмай қалатындығы анықталатын тәуекелге барады. Және де тапсырысшы берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) немесе жабдықтарды орындалатын жұмыстардың сапасын нашарлатпай пайдалану мүмкін болмай қалатындығы анықталған жағдайларда мердігер тапсырысшыдан оларды қисынды мерзімде ауыстыруын талап етуге міндетті.

Мердігердің міндетіне орындалған жұмысты немесе жұмыстың бір кезеңін тапсыруға дайын екендігі туралы тапсырысшыға хабарлау кіреді. Бұл

хабарлауда жұмысты немесе оның кезеңін қабылдау уақыты, орны белгіленуге тиіс.

Құрылыс объектісін түпкілікті тапсыру алдында кейбір объектілер бойынша мердігер сынақ жұмыстарын өткізуге міндетті болады.

Мердігер құрылыс барысында тапсырысшыдан алған нұсқауларды, егер ондай нұсқаулар шарттың талаптарына қайшы келмесе және мердігердің жедел-шаруашылық қызметіне араласу болмаса, орындауға міндетті.

Жұмысты тиісті дәрежеде орындамаған мердігер оның орындалуына тапсырысшының бақылау мен қадағалау жасамағанына сілтеме жасауға құқылы емес.

Егер тапсырысшы берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) және жабдықтарды пайдалану немесе оның нұсқауларын орындау қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу туралы міндетті талаптарды бұзуға әкеліп соғатын болса, мердігер сол материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) және жабдықтарды пайдалануға немесе тапсырысшының нұсқауларын орындауға құқығы жоқ.

Мердігер шартта, жобада және тараптар үшін міндетті құрылыс нормалары мен ережелерінде көзделген талаптардан жол берілген ауытқулар үшін, сондай-ақ құрылыс объектісінің жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштеріне, оның ішінде кәсіпорынның өндірістік қуаты сияқты көрсеткіштерге жете алмағандығы үшін тапсырысшының алдында жауапты болады. Үйді немесе ғимаратты қайта жаңғырту кезінде (жаңартқанда, қайта салғанда, қалпына келтіргенде және т.б.) мердігерге үйдің, ғимараттың немесе оның бөлігінің беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін төмендеткені немесе жойғаны үшін жауаптылық жүктеледі.

АК-нің 665-бабы бойынша егер құрылыс мердігерлігі шартында өзгеше көзделмесе, мердігер құрылыс объектісінің жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштерге жеткізілуіне және шартқа сәйкес кепілді мерзім ішінде объектіні пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгедей кепілдік мерзім көзделмесе, жаңа объектілер бойынша кепілдік мерзімі тапсырысшы объектіні қабылдағаннан бастап он жыл болады.

## **Ғылыми мердігерлік келісім шарттар**

### **Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерліктің ерекшеліктері.**

Жобалау және іздестіру жұмыстарын жүргізу келісім шартының нысанасы (пәні, заты) (АК 667-б.) жобалау-сметалық құжаттарын жасау және іздестіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Тараптар атқарушы және тапсырысшы деп аталады. Табиғатына қарай бұл шарттар консенсуалды, екі тарапты, ақылы болады. Аталған шарттардың ерекшелігі - жұмыстар нәтижелеріне жете алмау қаупі (тәуекелі) тапсырысшыға жүктеледі. Сондықтан мердігер біліктілік, тәжірибелік, мамандандырылу бойынша талаптарға сай болу қажет. Ғылыми мердігерлік шарттарының өзге ерекшелігі - шартты орындау кезінде, тараптармен алынған мәліметтердің құпиясы туралы жағдайларды енгізу; өйткені олар ғылыми-шығармашылықпен

байланысты және оларды орындау нәтижесінде заңмен қорғалатын интеллектуалдық меншік объектілері жасалуы мүмкін. Өзге жағдайлар жөнінде бұл шарттар бойынша көбінде мердігерлік туралы жалпы ережелер қолданылады.

**Тапсырысшының міндеттері:**

Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша, егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы:

1) мердігерге барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін белгіленген бағаны төлеуге немесе оны жұмыстың жекелеген кезеңдері аяқталғаннан кейін бөліп төлеуге;

2) мердігерден алынған жобалау-сметалық құжаттаманы тек шартта көзделген мақсаттарға пайдалануға, жобалау-сметалық құжаттаманы үшінші тұлғаларға бермеуге және ондағы деректерді мердігердің келісімінсіз жария етпеуге;

3) мердігерге шартта көзделген көлем мен жағдайда жобалау және іздестіру жұмыстарын орындау үшін тиісті ақпарат беріп, өзге қызмет көрсетуге;

4) мердігермен бірге дайын жобалау-сметалық құжаттаманы күзиретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісуге қатысуға;

5) мердігерге қатысы жоқ мән-жайлардың салдарынан жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректердің өзгеруінен пайда болған қосымша шығындарды өтеуге;

6) жасалған жобалау құжаттамаларының немесе орындалған іздестіру жұмыстарының кемшіліктеріне байланысты үшінші тұлға тапсырысшыға қойған талап бойынша мердігерді іске қатысуға тартуға міндетті.

**Мердігердің міндеттері (670-бап):**

1) жұмыстарды шарт жасасу кезінде жобалауға берілген бастапқы деректерге сәйкес орындауға;

2) дайын жобалау-сметалық құжаттаманы тапсырысшымен, ал қажет жағдайда тапсырысшымен бірге құзыретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келістіруге;

3) егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшыға дайын жобалық-сметалық құжаттаманы және іздестіру жұмыстарының нәтижесін бір мезгілде беруге;

4) тапсырысшының келісімінсіз жобалау-сметалық құжаттаманы үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

**Мердігердің кепілдіктері:** мердігер жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша тапсырысшыға мердігер әзірлеген жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде үшінші тұлғалардың жұмыстардың орындалуына бөгет жасау немесе шектеу қою құқығының жоқтығына кепілдік береді.

**Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің ерекшеліктері.**

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын, тіжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізу мердігерлігінің нысанасы (пәні, заты):

а) ғылыми зерттеулер;

б) жаңа өнімнің үлгісін, оның конструкторлық құжаттарын жасау; жаңа технологиялар жасау немесе үлгілер жасау болып танылады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шарт бойынша мердігер (атқарушы, орындаушы) тапсырысшының тапсырмасында көзделген ғылыми зерттеулерді жүргізуге, ал тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарт бойынша - жаңа бұйымның үлгісін, оған конструкторлық құжаттаманы, жаңа технологияны жасауға немесе үлгі дайындауға міндеттенеді; ал тапсырысшы мердігерге (атқарушыға) техникалық тапсырма беруге, жұмыс нәтижелерін қабылдауға және оларға ақы төлеуге міндеттенеді.

Мердігермен (атқарушымен) жасалған шарт зерттеу жүргізудің, үлгілерді әзірлеу мен жасаудың бүкіл циклын да, сондай-ақ олардың жекелеген элементтерін де қамтуы мүмкін.

Мердігер біліктілік, тәжірибелік, мамандандырылу бойынша талаптарға сай болу қажет және жалпы ереже бойынша ғылыми зерттеулерді жеке өзі жүргізуге міндетті. Егер шартта өзгеше көзделмесе, ол ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартты орындауға тапсырысшының келісімімен ғана үшінші тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға құқылы.

Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау кезінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер оларды орындауға үшінші тұлғаларды қосалқы мердігер ретінде тартуға құқылы (674-бап.).

Мердігер (атқарушы) толық аяқталған ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмысты тапсыруға, ал тапсырысшы оны қабылдауға және оған ақы төлеуге міндетті. Шартта жұмыстың жекелеген кезеңдерін қабылдау және оларға ақы төлеу не ақы төлеудің өзге де әдісі көзделуі мүмкін.

Шарт туралы мәліметтердің құпиялылығы туралы заңда мынадай ережелер көзделген: егер ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта өзгеше көзделмесе:

1) мердігер (атқарушы) де, тапсырысшы да шарттың нысанасына, оның орындалу барысына және алынған нәтижелерге қатысты мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті. Құпия деп танылатын мәліметтердің көлемі келісім шартта белгіленеді;

2) мердігер аталған шарт бойынша алынған жұмыс нәтижелерін тек тапсырысшының келісімімен ғана патенттеуді жүзеге асыруға құқылы.

Тапсырысшының ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шарт бойынша өзіне берілген жұмыс нәтижелерін шартта көзделген шекте және жағдайда пайдалануға құқығы бар.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер (атқарушы) өзі алған жұмыс нәтижелерін өзі үшін пайдалануға құқылы. Шартта мердігердің (атқарушының) жұмыс нәтижелерін үшінші тұлғаларға сату құқығы көзделуі мүмкін.

## Тәжірибелік жағдайлар

1. «Алау» ЖШС тапсырысшы ретінде жобалық және мердігерлік жұмыстармен шұғылданатын «Ойыл» АҚ-н шарт жасасып, оған көкөніс сақтауға арналған қойманың жобасын жасауды және оның ғимаратын салуды тапсырады. Қойма екі жыл мерзімінің ішінде салынып, 2013 жылы 1 шілдеде пайдалануға ресми қабылданады. Алайда 2013 ж. қыс айларында «Алау» сол қоймаға сақтауға салған көкөністердің едәуір көлемі үсіп кетіп, қойма иесіне 10 млн теңгені құрайтын шығынға келтірді. Тауарлардың үсіп кетуінің себебі ретінде қойманың температуралық көрсеткіштері оны жобалау сатысында ескерілмегені, және құрылысты салу барысында қойманың қабырғаларына сапасыз арзан құрылыс материалдары қолданғаны анықталды.

*Бұл келісім шарт мердігерлік жұмыстардың қайсыларын қамтиды?*

*Осы мердігерлік келісім шарттарда тәуекелді қайсы тарап көтереді, және қандай себептерден?*

*Тараптардың қайсысы қандай міндеттерін тиісінше орындамаған?*

*Қалыптасқан жағдайды реттеу қандай жолдармен жүзеге асырылады?*

2. Азамат Оспанов меншігіндегі теледидарының көрсету сапасы төмендегеніне байланысты оны теледидар жөндейтін арнайы шеберханаға жөндеуге тапсырады. Төлем ақысы есебіне ол шеберханаға алдын ала 2000 тенге беріп, ол туралы теледидардың атауы, төленген сомасы және тапсырылған күні, дайын болатын күні көрсетілген жазбаша құжат алады.

Тапсырыстың орындалатын күні Оспанов теледидарды алуға такси жалдап келіп, ол әлі жөнделмегенін анықтайды. Шеберхана қызметкері оған тағы үш күннен кейін келуді ұсынады. Бірақта үш күннен кейін теледидардың көрсету сапасы қалпына келтірілмепті, бұл жолы да Оспанов таксимен келген, себебі жаяу және автобуспен жүріп теледидарды жерге түсіріп алуы да мүмкін болды. Шеберхана осындай теледидарларды жөндеу бойынша мамандандырылған шеберлер осы шеберханада жоқ екендігін келтірді.

Шеберхананың әкімшілігі Оспановқа алдын ала төлеген ақшасын қайтарудан бас тартады, себебі осы маркалы теледидарды жөндеу білетін маманды белсенді түрде іздеу салып, біраз шығынданғандықтарын келтіре отырып, теледидарын алып кетуге ұсынды.

Ал Оспанов жолға кеткен шығындарын қоса отырып, алдын ала төлеген 2000 теңгесін қайтаруды талап етеді.

*Келтірілген азаматтық құқықтық қатынас қандай келісім шарт нормаларымен реттеледі?*

*Бұл келісім шарт орындалу барысында ҚР АҚ-не қоса қандай заңнамалар қолдану қажет?*

*Шеберхана мен Оспановтың талаптарының қайсысы қанағаттандырылуға жатады?*

*ҚР Азаматтық кодексінің 617-бабы, 1-тармағының: «жұмыс мердігердің қарамағында: соның ... күштерімен ... орындалады» деген нормасын қалай түсінеміз?*

*ҚР Азаматтық кодексінің 616-бабы, 1-тармағының: «жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады» деген норманы қалай түсінеміз?*

3. Мемлекеттік орган тендер өткізу негізінде «Ғылым» акционерлік қоғамын жеңімпаз деп танып, онымен арнайы заң жобасын жасау туралы 2014 жылы 30 қаңтарда мемлекеттің мүддесіне келісім шарт жасасады, оның тармақтарына сәйкес заң жобасы осы жылдың 30 қарашасына дейін ҚР Парламентіне жіберілу белгіленген. Тапсырысшы орындаушыға келісім шарт бойынша белгіленген жалпы соманың 50 пайызын аударып берген. «Ғылым» акционерлік қоғамы 2014 жылы 01 қарашада бұл Заң жобасын тиесілі мерзімде жазып үлгермейтіндігін тапсырысшыға жазбаша мәлімдейді, себебі заң жобасын дайындау тобынан ең білікті маманы жұмыстан өз еркімен шыққан. Өзге мамандар ондай білікті емес екен.

*Қалыптасқан жағдай қызмет көрсету ме әлде жұмыс жасау туралы нормаларымен реттеледі?*

*Жағдай қалай шешілу қажет?*

*ҚР Азаматтық кодексінің 617-бабы, 1-тармағының: «жұмыс мердігердің қарамағында: соның ... күштерімен ... орындалады» деген нормасын қалай түсінеміз?*

*ҚР Азаматтық кодексінің 616-бабы, 1-тармағының: «жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады» деген норманы қалай түсінеміз?*



## **ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

### **Қызмет көрсету туралы міндеттемелерінің ұғымы мен түрлері.**

Қызмет көрсетуден туындайтын міндеттемелер - міндеттемелік құқық жүйесінде, көлеміне қарай, ең кең тарайтын келісімшарттық міндеттемелер болып табылады. Олардың нысанасы (пәні,заты) - әрекеттерді жасау болады. Бірақ бұл әрекеттердің нәтижесінде жаңа объект жасалмайды және бұрынғы объектінің жақсартулары да жасалмайды. Осы арқылы аталған міндеттемелерді жұмыстарды жасау міндеттемелерінен айыруға болады. Бұл міндеттемелер арасында оның келесі түрлерін атауға болады: құқықтық және фактілік қызмет көрсету, көлік міндеттемелері, сақтандыру міндеттемелері, есеп айырысу және несиелік (қаржылық) міндеттемелер, өзге де ақылы қызметтер.

### **Өтемелі (ақылы) қызмет көрсету келісім шарты**

Өтемелі қызмет көрсету шарты – ол азаматтық құқықтағы шарттардың дербес топтық түрі, оған ҚР АҚ-ның 33 Тарауы арналған. Ақылы қызмет көрсету шарттарына: байланыс қызметі, медициналық, мал дәрігерлік, аудиторлық, консультациялық, жарнамалық, ақпараттық, оқыту (білім беру), туристік, бағалау қызметтерін көрсету және т.б. жатады.

Бұл келісім шарттардың анықтамасы АҚ 683-бабында берілген. Өтемелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекеттер жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Кеңес құқығында аталған қызметтер немесе тегін болған (білім беру, медициналық), немесе ол қызметтер үшін ақы алу заңсыз пайда табу болып танылған және мемлекеттің қолдауын таппаған (делдалдық); немесе бұрын сұраныста болмаған (аудиторлық, бағалау) қызметтер. Заң қолдауын бұл қызметтер жаңа экономикалық қатынастарға көшкен кезде және ҚР АҚ Ерекше бөлімін қабылдағаннан кейін тапқан. Азаматтық кодексте бұл шарттар, реттеу ерекшеліктеріне байланысты, мердігерлік пен қызмет көрсету шарттарының арасына орналастырылған.

Егер өтемелі қызмет көрсету шартында өзгеше көзделмесе, атқарушы қызметті өзі көрсетуге міндетті. Тапсырысшы өзіне көрсетілген қызметтерге өтемелі қызмет көрсету шартында көрсетілген мерзім мен тәртіпте ақы төлеуге міндетті.

Тапсырысшының кінәсінен орындау мүмкін болмаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе өтемелі қызмет көрсету шартында өзгеше көзделмесе, көрсетілген қызметке ақы толық көлемінде төленуге жатады.

Орындаудың мүмкін болмауы тараптардың ешқайсысы жауап бермейтін мән-жайлар бойынша туындаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы атқарушыға оның іс жүзінде шыққан шығындарын өтейді (685-бап).

Шарт нысаны жазбаша да, ауызша да болуы мүмкін. Бұл шарттарға мердігерлік және тұрмыстық мердігерлік шарттарының жалпы ережелері қолданылады, егер ол ҚР АҚ 33 Тарауы нормаларына және өтемелі қызмет көрсету шартының нақтылы түрінің ерекшеліктеріне қарама қайшы келмейтін болса.

Азаматтық кодекске қоса, өтемелі қызметтер көптеген арнайы заңнамалармен реттеледі, олардың ішінде келесілерді атап кетуге болады:

1. «Байланыс туралы» Заңы. 5 шілде 2004 ж.
2. «Туристік қызмет туралы» Заң. 13 маусым 2001 ж.
3. «Күзет қызметі туралы» 2000 ж. 19 қазандағы Заңы,
4. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңы.
5. «Білім туралы» 2007 ж. 27 шілдедегі ҚР Заңы.
6. «Ветеринария туралы» 2002 1 шілдедегі ҚР Заңы.
7. Телефон байланысы қызметтерін көрсету ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 қыркүйектегі N 204-п бұйрығы және т.б.

Мысалы, «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңы бойынша аудит дегеніміз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатымен тексеру. Ал аудиторлық қызмет – ол қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпараттың аудитін жүргізу және қызмет бейіні бойынша қызметтер ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Аудиторлық қызмет тек жазбаша нысандағы келісім шарт арқылы жүргізіледі.

Аудит жүргізу және (немесе) аудиторлық қызмет бейіні бойынша қызмет көрсету шартында: шарттың нысанасы, мерзімі, ақы төлеу мөлшері мен талаптары, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, алынған ақпараттың құпиялылығы, сондай-ақ кәсіби ұйымға мүшелігі көзделеді. Міндетті аудит, салықтар бойынша аудит және аудиттелетін субъектінің ілеспе қызметтер жүргізу шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Орындаушы ретінде тек аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдар бола алады. Аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы коммерциялық заңды тұлға ретінде құрылуы қажет. Шетелдік ұйым, егер оның мәртебесін өзі резиденті болып табылатын елдің кәсіби ұйымы растаса, аудиторлық ұйым деп танылады. Бұлардың мәртебесін растайтын кәсіби ұйым Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі болуға тиіс. Шетелдік аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті тиісті аудиторлық ұйымдарды - Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

Аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторлардың саны екі адамнан кем болмауға тиіс. Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталында аудиторға

(аудиторларға) және (немесе) шетелдік аудиторлық ұйымға (ұйымдарға) тиесілі үлес жүз пайыз болуға тиіс. Аудиторлық ұйым басшысының «аудитор» деген біліктілік куәлігі болуы міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясынан айырылған аудиторлық ұйымға бұрын жетекшілік еткен аудитор лицензиядан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл бойы басқа аудиторлық ұйымның басшысы бола алмайды. Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым басқа аудиторлық ұйымның - Қазақстан Республикасы резидентінің қатысушысы бола алмайды. Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, филиал басшысының «аудитор» деген біліктілік куәлігі болуы міндетті.

Аудиторлық ұйымдардың құқықтары:

1) аудит жүргізу әдістерін дербес анықтауға;  
2) аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамасын сұратуға және тексеруге;

3) салықтар бойынша аудит жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан аудиттелетін субъектіге қатысты мәліметтер сұратуға;

4) әр түрлі бейіндегі мамандарды аудит жүргізуге қатысуға шарттық негізде тартуға;

5) аудиттелетін субъект аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуден не аудиторлық есепті немесе аудиторлық қорытындыны беруден бас тартуға;

6) аудиттелетін субъектінің қаржы-шаруашылық қызметтеріне байланысты құжаттамаларды толық көлемде, сондай-ақ осы құжаттамада есепке алынған мүліктің нақты бар-жоғын тексеруге құқылы.

Аудиторлық ұйымдардың міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, аудит стандарттарын сақтау;

2) сапаны сыртқы бақылаудың жүргізілуіне, уәкілетті орган жүргізетін тексерулерге кедергі жасамау;

3) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған немесе кәсіби ұйымнан ерікті түрде шыққан немесе одан шығарылған күннен бастап бір ай ішінде кәсіби ұйымға кіру;

4) өздері мүшелері болып табылатын кәсіби ұйымды аккредиттеуден айырған кезде үш ай ішінде басқа кәсіби ұйымға кіру;

5) коммерциялық құпияны жария етпеу;

6) аудиттелетін субъектіге бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты беруге міндетті. Аудиторлық ұйымдар мемлекеттік мекемелерде, мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекет

қатысатын заңды тұлғаларда аудит жүргізген жағдайда аудиттелетін субъектіге бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалану кезінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпаратты да беруге міндетті;

7) өздері үшін аудит жүргізу міндетті болып табылатын қаржы ұйымдарына, банктік конгломерат құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру тобына кіретін ұйымдарға аудит жүргізу нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы аудиттелетін субъектілерді хабардар ете отырып, Ұлттық Банкке хабарлау;

8) уәкілетті органға лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес есептілікті, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпаратты табыс ету;

9) Ұлттық Банкке қаржылық ұйымдардың, банктік конгломерат құрамына кіретін ұйымдардың, сақтандыру тобына кіретін ұйымдардың аудиторлық есебін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табыс ету;

10) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны аудиттелетін субъектінің орналасқан жеріндегі мемлекеттік кіріс органына ұсыну;

11) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға міндетті.

Мемлекеттік органдардың, аудиттелетін субъектілердің және кез келген үшінші тұлғалардың аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметіне заңсыз араласуына жол берілмейді.

Келісім шарттың екінші тарабы **аудиттелетін субъект** деп аталады және ондай субъект ретінде кез келген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға бола алады.

Алайда, мына субъектілерге қатысты өз қызметтерін аудиторлық тексеруден өткізу және тиісті шарт жасасу міндетті болып табылады:

- акционерлік қоғамдар;
- қадағалау кеңесі бар, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар;
- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру холдингтері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдар, сақтандыру брокері;
- бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және инвестициялық портфельді басқарушылар;
- инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары;
- жер қойнауын пайдаланушылар;
- банктер, банк холдингтері мен ірі қатысушылары банк және (немесе) банк холдингтері болып табылатын ұйымдар;

- қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, табиғи монополия субъектілері;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларды қоспағанда, азаматтық авиация ұйымдары;

- астық қабылдау кәсіпорындары;

- сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры;

- инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары;

- мақта өңдеу ұйымдары;

- «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылыс салушылар мен жобалау компаниялары;

- «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнайы қаржы компаниялары;

- «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы;

- «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес уәкілетті экономикалық операторлар.

Аудит міндетті болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті мерзімді баспа басылымдарында жариялайтын ұйымдар жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті де жариялауға міндетті.

Аудиттелетін субъектілердің құқықтары:

1) аудиторлық ұйымнан Қазақстан Республикасы заңнамасының аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге қатысты талаптары туралы қажетті ақпаратты алуға;

2) аудиторлық ұйымның ескертпелері мен қорытындылары негізделетін нормативтік құқықтық актілермен танысуға;

3) аудитордан, аудиторлық ұйымнан бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты алуға;

4) шарттың талаптарын бұзған жағдайда, аудиторлық ұйымның қызметтерінен бас тартуға құқылы.

Аудиттелетін субъектілердің міндеттері:

1) аудитті, салықтар бойынша аудитті уақтылы және сапалы жүргізуі үшін аудиторлық ұйымға жағдай жасауға, қажетті құжаттаманы ұсынуға, ауызша немесе жазбаша нысанда түсіндірулер мен түсініктемелер беруге;

2) егер шартта өзгеше көзделмесе, аудитке, салықтар бойынша аудитке жатқызылатын мәселелер ауқымын шектеу мақсатында аудиторлық ұйымның қызметіне араласпауға;

3) аудиторлық ұйымның талабы бойынша қажетті ақпаратты алу үшін үшінші тұлғаның атына өз атынан жазбаша сауал жіберуге міндетті.

Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар болып табылатын аудиттелетін субъектілер өз қызметтерінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін бір ай мерзімде мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдалану кезінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат береді. Және де аудиторлық ұйымның шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын талаптарын орындау аудиттелетін субъект үшін міндетті болып табылады.

## Тәжірибелік жағдайлар

1. Медицина институтының оқытушысы Қосжанов Сержановаға оның қызы Әлияны медицина институтына физика пәні бойынша қабылдау емтихандарын тапсыруға дайындауға міндеттенді. Ақылы қызмет көрсету шартында сабақ Сержанованың пәтерінде бір ай бойы күн сайын екі сағаттан өткізіледі деп көрсетілген. Сабақ үшін төлем әр аптаның соңында берілу керек болатын.

Екінші аптаның соңында Сержанова Әлияның есірткі пайдаланытынын көреді. Ол қызын жазалап, есігін құлыптап қамап қояды. Қосжанов Әлиямен кезекті сабақ өткізуге келгенде, ол бөлмесінде болмай шығады. Ол терезеден секіріп, үйден шығып кеткен екен. Осыдан кейін келесі күні де осы жағдай қайталаанады. Қосжанов Сержановадан орындалу мүмкінсіздігіне байланысты ақылы қызмет көрсету шартын бұзуды және қалған екі апта үшін қызметтер төлемін толық көлемде төлеуді талап етті. Сержанова болмай қалған екі сабақты есептеп, нақты жүргізілген сабақ үшін ғана ақы төлеуге келісті.

*1. Қосжановтың Сержановаға сабақ үшін толық көлемде төлеу туралы талабы заңды ма?*

*2. Қосжановқа нақты жүргізілген сабақ үшін төлеген Сержанованың әрекеттері заңды ма?*

*3. Кімнің әрекеті заңды: Қосжановтың ба немесе Сержанованың ба?*

2. Исабекова «Денсаулық» ақылы медициналық емханасына арқасының ауруына байланысты көмек сұрауға барды. Қарау жүргізілгеннен кейін Исабековаға массаж курсы және су процедураларын жасау ұсынылды. Бірнеше массаж сеансынан кейін ауру тыйылды, бірақ толық курс аяқталғаннан кейін ауру қайта қалпына келеді. Исабекова төлеген процедуралардың құнын қайтаруды, сондай-ақ уәде етілген сауығудан кейін оның жағдайы жақсармағандықтан денсаулығына келтірілген моральдық зиян үшін өтемақы төлеуді талап етеді.

«Денсаулық» емханасының уәкілі массаж курстары мен су процедуралары Исабекованың денсаулығына еш зиян келтірмегенін, оның арқа

ауруына қатысты жүргізілген процедуралар аясында пайда болғанын мәлімдеді. Егер Исабекова емделуді жалғастырса ауру себебі жойылуы мүмкін.

Исабекова заңгердің көмегіне жүгінеді, ол оң нәтижеге жетпеу қаупі үшін мердігер жауапты болатындығы туралы қағидаларды басшылыққа алып Исабековаға Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңға сәйкес «Денсаулық» емханасы алған барлық соманы, сондай-ақ моральдық зиян үшін өтемақыны өтеп алуды ұсынды.

*Бұл дауда кімдікі дұрыс?*

*Осы құқықтық қатынас қандай келісім шартпен реттеледі?*

*Мердігерлік шарт пен өтемелі қызмет көрсету шарттарының айырмашылығы неде?*

*Тараптардың дәлелдерін талқылаңыз.*

3. Өзбекстан азаматы Икрамов Астана қаласына келіп, «Отау» қонақ үйіне бес күн тұрып шығуға жүгінеді. Қонақ үйінің әкімшілігі Астанада қазіргі күндерде көптеген қазақстандықтар келіп жатқандығынан бос орындар шет мемлекет азаматтарына берілмейді деп, Икрамовты орналастырудан бас тартады.

Икрамов «Манар» қонақ үйіне барып, сол мейманханадан орын алады, бірақта басқа елдің азаматы болғандықтан одан қонақжай төлемақысы Қазақстан азаматтарымен салыстырғанда 1,5 есе көп алынды.

*Қалыптасқан құқықтық қатынастар қандай келісім шарттарға жатады?*

*Қонақжайлар иелерінің әрекеттері заңға сәйкестігін талдап, жауап беріңіз*

## ТАПСЫРМА КЕЛІСІМ ШАРТЫ

**Тапсырма шарты** бойынша «бір тарап (сенім білдірілген өкіл) екінші тараптың (сенім білдірушінің) атынан және соның есебінен белгілі бір заңды іс-әрекет жасауға міндеттенеді» - делінген ҚР АҚ 846-бабында. Алайда, заңсыз әрекеттер азаматтық құқықтың объектілері ретінде бола алмайды, бұл арада келісім шарттың түсінігінде аудармашылар тарапынан олқылық жіберілген деп түсінеміз. Сондықтан «заңды іс-әрекет» сөздерінің орнына «құқықтық іс-әрекет» деп түсіну, пайдалану қажет.

Сенім білдірілген өкілмен жасалған мәмілелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер сенім білдірушіде пайда болады. Шарт нысаны ауызша және жазбаша да болуы мүмкін. Сенім білдірушінің міндеттері: сенім білдірілген өкілге тапсырма беру; тапсырманы орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету; орындалғанды қабылдап алу; сенім білдірілген өкілдің шығындарын өтеу және шартта көзделген ақысын төлеу.

Шарт, жалпы ереже бойынша, ақылы болады, бірақта ол ақысыз да болуы мүмкін, әсіресе егер тараптардың арасында жеке-сенімгерлік қатынастар қалыптасқан болса.

### **Сенім білдірілген өкілдің міндеттері:**

- 1) сенім білдірушінің нұсқаулары бойынша тапсырманы орындау;
- 2) сенім білдірушінің талабы бойынша тапсырманың орындалуы жөнінде есеп беру;
- 3) сенім білдірушіге мәміле бойынша барлық алғандарын қайтарып беру;
- 4) орындағаны жөнінде сенім білдірушіге есеп беру;
- 5) егер келісім шарт сенімхатқа негізделген болса, тапсырманы орындап болғаннан кейін сенімхатты қайтарып беру.

Егер істің мән-жайы бойынша ол сенім білдірушінің мүдделері үшін қажет болса және сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден алдын ала сұрай алмаса не өзінің сауалына дер кезінде жауап алмаса, сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің нұсқауларынан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда сенім білдірілген өкіл, хабарлау мүмкін болысымен жол берілген ауытқулар туралы сенім білдірушіні хабардар етуге міндетті.

### **Сенім білдірушінің міндеттері:**

- 1) өкілге тапсырма және нұсқаулар беру. Сенім білдірушінің нұсқаулары нақтылы, заңды және жүзеге асырыла алатын болуы тиіс;
- 2) сенім білдірілген өкілді тапсырманы орындау үшін қажетті қаражатпен, құралдармен қамтамасыз етуге;
- 3) сенім білдірілген өкілдің тапсырманы орындау үшін қажет болған шығындарының орнын толтыруға міндетті;
- 4) сенім білдіруші шартқа сәйкес сенім білдірілген өкіл орындағанының барлығын кешіктірмей қабылдауға міндетті;



5) егер тапсырма шарты тараптардың екеуінің немесе олардың бірінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты болса, шартта өзгеше көзделмесе, сенім білдіруші сенім білдірілген өкілге сыйақы төлеуге міндетті.

Егер шартта немесе заң актілерінде шартты орындаудың өтелуі көрсетілсе, бірақ сыйақының мөлшері көрсетілмесе, онда ол осыған ұқсас қызметтер үшін әдетте қабылданған баға ескеріле отырып айқындалады. Сенім білдірілген өкіл барлық талап етілген іс-әрекеттерді тиісті түрде атқарғанын, бірақ тапсырма оның кінәсіз орындалмай қалғанын дәлелдеген кезде де сыйақы төленуге тиіс.

Кейбір жағдайларда сенім білдірілген өкілге сенімді басқа тұлғаға (орынбасарға) тапсыруға, яғни, сенім ауыстыруға, рұқсат етіледі. Бұл келесі жағдайлар:

- келісім шартта (сенімхатта) сенім ауыстыруға құқық берілген болса;
- өкіл елеулі себептермен сенім білдірушінің мүдделерін жеке өзі қорғауға мүмкіндігі болмағанда, оның мүдделерін қорғау үшін сенімді басқа тұлғаға ауыстыруға мәжбүр болса.

Сенім білдірілген тұлғаның өз өкілеттігін басқа тұлғаға беруі жөніндегі сенімхатты нотариус куәландыруға тиіс.

Сенім ауыстыру мерзімі ол негізге алынып берілген алғашқы келісім шарттың қолданылу мерзімінен аспауы керек. Өз өкілеттігін басқа біреуге берген өкіл бұл жөнінде сенім білдірушіні дереу хабардар етуге және оған орынбасары туралы, оның тұрғылықты жері туралы қажетті мәліметтерді хабарлауға тиіс.

Егер біреудің мүддесі үшін жасалған әрекеттер оның тапсырысынсыз, яғни шартқа отырмастан жасалған болса және кейінде оның осы әрекеттерін сол тұлғаның өзі қолдаған болса, онда сенім білдірілген өкіл шығындарын одан өтетіп алуға және сыйақы алуға құқылы болады, сонда ғана бұл әрекеттерге тапсырма шарты жөніндегі ережелер қолданылады (ҚР АҚ 855-857-б., б.).

#### **Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс әрекет жасау.**

Мүдделі тұлғаның тапсырмасынсыз, өзге де нұсқауынсыз немесе алдын ала уәде берілген келісімінсіз оның жеке басына немесе мүлкіне зиян келтірілуін болдырмау, оның міндеттемесін орындау немесе оның өзге де заңға қарсы емес мүдделері (басқаның мүддесі үшін іс-әрекет жасау) мақсатындағы іс-әрекеттер істің мән-жайлары бойынша қажетті қамқорлықпен және сақтықпен, мүдделі тұлғаның айқын олжасына немесе пайдасына және іс жүзіндегі немесе ықтимал ниеттеріне сүйеніп жасалуы тиіс. Бұл ережелер осындай іс-әрекеттер олардың қызмет мақсаттарының бірі болып табылатын мемлекеттік органдар басқаның мүддесіне жасайтын іс-әрекеттерге қолданылмайды.

Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасайтын тұлға алғашқы мүмкіндік туған жағдайда мүдделі тұлғаға бұл туралы хабарлауға және, егер күту тек мүдделі тұлғаға айтарлықтай зиян келтірілмейтін болса, қисынды мерзімнің ішінде жасалған іс-әрекеттерді мақұлдайтындығы туралы немесе мақұлдамайтындығы туралы шешімді күтуге міндетті. Егер бұл іс-әрекеттер

оның қатысуымен жасалса, мүдделі тұлғаға оның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер туралы арнайы хабарлау талап етілмейді.

Егер оның тапсыруынсыз өзінің мүддесіне іс-әрекеттер жасалған тұлға осы іс-әрекеттерді мақұлдаса, тіпті мақұлдау ауызша түрде жасалса да, тараптардың қатынасында бұдан әрі жасалатын іс-әрекеттердің сипатына сәйкес тапсырма шарты немесе өзге де шарт туралы ережелер қолданылады.

Іс-әрекеттер жасаған тұлға оларды мүдделі тұлғаның мақұлдамағандығы белгілі болған соң жасаған бөтен мүдделердегі іс-әрекеттер осы іс-әрекеттер жасаған тұлғаға қатысты да, үшінші бір тұлғаға қатысты да соңғысына міндеттер жүктемейді (858-бап). Қатерге ұшыраған адамның өміріне төнген қауіпті жою мақсатындағы іс-қимылға осы адамның еркіне қарсы, ал біреуді асырау жөніндегі міндеттерді орындауға - осындай міндеті бар тұлғаның еркіне қарсы жол беріледі.

Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасаған тұлғаға келтірілген қажетті шығындар мен өзге де нақты зиянды, 858-б. 1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерден туындаған шығындарды қоспағанда, мүдделі адам өтеуге тиіс. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер болжанған нәтижеге жеткізбеген жағдайда да қажетті шығындар мен өзге де нақты зиянды өтеу құқығы сақталады. Алайда басқа тұлғаның мүлкіне залал келтіруді болдырмау жағдайында өтеу мөлшері мүліктің құнынан аспауы тиіс. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған тұлғаға мүдделі тұлғаның мақұлдауын алған соң жасаған іс-әрекеттерге байланысты келтірілген шығындары мен өзге де залалдар тиісті түрдегі шарт туралы ережелер бойынша өтеледі. Егер мұндай құқық заң актілерінде, мүдделі тұлғамен жасалған келісімде немесе іскерлік айналым дағдысында көзделсе, басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттері мүдделі тұлға үшін оң нәтижеге жеткізген тұлға сыйақы алуға құқылы.

Басқаның мүддесіне жасалған мәміле бойынша міндеттер, ол осы мәмілені мақұлдаған жағдайда және басқа тарап мұндай ауысуға қарсы болмаса не мәміле жасаған кезде мәміле басқаның мүддесіне жасалғандығын білген болса немесе білуі тиіс болса, мүддесіне мәміле жасалған тұлғаға ауысады. Мәміле бойынша міндеттер мүддесіне осы мәміле жасалған тұлғаға ауысқан кезде, соңғысына осы мәміле бойынша құқықтар да берілуге тиіс.

Егер басқа тұлғаның мүдделерін қамтамасыз етуге тікелей бағытталмаған іс-әрекеттер, оның ішінде оны жасаған тұлға өз мүддесіне іс-әрекет жасағанын қате болжаған жағдайда да, басқа тұлғаның негізсіз баюына әкеп соқса, Кодекстің 48-тарауында негізсіз баю жөнінде көзделген ережелер қолданылады.

Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттермен келтірілген зиянды мүдделі тұлғаға немесе үшінші бір тұлғаларға өтеу жөніндегі қатынастар Кодекстің 47-тарауында көзделген зиян келтіру туралы ережелермен реттеледі.

Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған тұлға мүддесіне іс-әрекеттер жасалған тұлғаға, түскен кірістер мен жасалған шығындарды және өзге де залалдарды көрсетіп есеп беруге міндетті.

## Тәжірибелік жағдай

1. Сағатов «Лекс» құқықтық фирмасына өзінің мүдделерін сотта қорғау туралы ұсынып, шарт жасасады. Ол жұбайымен ажырасуға байланысты бірнеше жыл бойы екі бөлек пәтерге айырбастай алмай жүрген екі бөлмелі пәтерінде өз меншік құқығын анықтап белгілейтін шешім шығарып, ресми құжат ретінде анықтауды тапсырады.

«Лекс» фирмасының негіздемелері бойынша сот Сағатовқа екі бөлменің көлемі бойынша ең үлкен бөлмені иелену туралы шешім шығарды.

Бірақ Сағатов оған қанағаттандырылмай, оның жұбайылық меншіктегі екіден бір бөлігіне дара меншік құқығы туралы құжат алынбағандығы туралы наразылық білдірді. Және ол қазіргі уақытта 2-ші топтағы мүгедектігі туралы куәлік алуға тиісті мемлекеттік органға құжаттар тапсырған еді, ал «Лекс» фирмасы оны ескермей, шарт бойынша одан осы қызмет көрсету үшін толық соманы заңсыз алғанын айта отырып, жарты сомасын қайтаруды талап етеді.

1. *Бұл құқықтық қатынас қандай келісім шартпен реттеледі?*
2. *Сағатовтың наразылықтарын талдаңыздар*
3. *Оның талаптары бойынша нақты шешім беріңіздер*

## КОМИССИЯ КЕЛІСІМ ШАРТЫ

**Комиссия шарты** бойынша бірінші тарап (комиссионер) екінші тараптың (комитент) тапсыруы бойынша сыйақы үшін комитент есебінен, бірақ өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндеттенеді (ҚР АҚ 865-б. 1-т.).

Шарт консенсуалды, ақылы, екі тарапты болып танылады. Шарт нысаны жазбаша болады. Комиссия шартында тараптарының құқықтары мен міндеттері тапсырма шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері сияқты болады.

Комитент комиссионерге сыйақы төлеуге, ал 868-б. 2-тармағында көзделген жағдайда шартта белгіленген мөлшерде қосымша сыйақы төлеуге де міндетті. Егер шартта бұл мөлшер көзделмесе және оның талаптарының негізінде оны белгілеу мүмкін болмаса, сыйақының мөлшері 385-б. 3-тармағына сәйкес белгіленеді. Егер комиссия шарты комитентке байланысты себептермен орындалмаса, комиссионер комиссиялық сыйақы алу, сондай-ақ шыққан шығындарының орнын толтыру құқығын сақтап қалады.

Комиссионердің мәміледе аты аталса немесе үшінші тұлғамен мәміле бойынша тікелей қатынастарға кірсе де, комиссионердің үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі бойынша комитент құқықтар иеленеді және міндетті болады.

Комиссионер өзіне алған тапсырманы комитенттің нұсқауларына сәйкес орындауға, ал шартта мұндай нұсқаулар болмаған кезде - іскерлік айналымының дағдыларына немесе әдетте комитент үшін неғұрлым тиімді жағдайларда қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындауға міндетті. Егер комиссионер мәмілені комитент көрсеткеннен гөрі тиімді жағдайлар бойынша жасаған болса, түскен олжа, шартта өзгеше көзделмесе, тараптарға тең бөлінеді. Комиссионер комитент есебінен жасаған мәмілені үшінші тұлғаның орындамағаны үшін, осы тұлғаны таңдауда комиссионер тиісті сақтық көрсетпеген не мәміленің орындалу кепілдігін өз мойнына алған (делькредере) жағдайларды қоспағанда, комитент алдында жауап бермейді.

Комиссионермен жасалған мәмілені үшінші тұлға бұзған жағдайда комиссионер бұл туралы дереу комитентке хабарлауға және қажетті дәлелдерді жинау мен қамтамасыз етуге міндетті. Комиссионермен жасалған мәмілені үшінші тұлғаның бұзғандығы туралы хабарландырылған комитенттің осындай мәміле бойынша комиссионердің ол адамға қойған талаптарын өзіне беруді талап етуге құқығы бар.

Шарттың ерекшелігіне – комиссионерден комитент есебіне түскен сомалардан шарт бойынша оған төленетін ақшалай соманы **ұстап қалу құқығы** жатады.

ҚР АҚ 868-бабының 2-ші тармағында келісім шарттың тағы бір ерекшелігі көзделген - комиссионердің жасаған мәмілелерінен түскен пайда комитент нұсқауларында көзделген пайдадан неғұрлым жоғары болса, онда ол екі жаққа тең бөлінеді, егер шартта өзгеше көзделмесе. Ал егер комиссионер ондай пайданы жасырын иеленіп алып, соңынан бұл жағдай анықталған болса, комиссионер түскен пайданы комитентке толығымен қайтарып беруге міндетті.

Мүлікті комитентпен келіскен бағадан төмен сатқан комиссионер, егер ол мүлікті келісілген бағамен сатуға мүмкіндігі болмағанын және неғұрлым төмен бағамен сату бұдан да көп залалдан сақтағанын, сондай-ақ оның нұсқауларынан ауытқуға комитенттің алдын ала келісімін алуға мүмкіндігі болмағанын дәлелдей алмаса, комитентке айырманы өтеуге міндетті. Егер комиссионер мүлікті комитентпен келісілгеннен жоғары бағамен сатып алса, мұндай затты қабылдағысы келмейтін комитент үшінші тұлғамен мәміле жасалғандығы туралы хабар алған бойда бұл жөнінде комиссионерге кешіктірмей мәлімдеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда комитент сатып алынған затты қабылдады деп танылады. Егер комиссионер баға айырмасын өз есебіне алатынын хабарласа, комитенттің өзі үшін жасалған мәміледен бас тартуға құқығы жоқ.

Комиссионерге комитенттен келіп түскен не комиссионер комитенттің есебінен сатып алған мүлік комитенттің меншігі болып табылады.

**Қосалқы комиссия.** Комиссионер қосалқы комиссионердің іс-әрекеті үшін комитент алдында жауапты бола отырып, егер шартта өзгеше көзделмесе, басқа тұлғамен қосалқы комиссия шартын жасасуға құқылы. Қосалқы комиссия шарты бойынша комиссионер, 867-баптың 2-тармағында көзделген құқықтарды қоспағанда, қосалқы комиссионерге қатысты комитенттің құқықтары мен міндеттерін иеленеді. Заң қандай да бір мәмілелерді тек уәкілдік берілген адамдармен ғана жасауға жол беретін жағдайларда қосалқы комиссия шарты тек осындай тұлғамен жасалуы мүмкін. Комиссия шарты тоқтағанға дейін, егер комитент комиссионермен жасаған шартта өзгеше көзделмесе, комитенттің қосалқы комиссионермен тікелей қатынас жасауға құқығы жоқ.

Комиссия шартының құқықтық реттелудегі бір көрінісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 Қаулысымен бекітілген «Ішкі сауда ережесінде» бекітілген. Аталмыш Ереженің 2-ші параграфы «Комиссиялық сауда» деп аталады және келесі нормаларды қамтиды.

Комиссияға (комиссиялық сатуға) тауарлар Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетелдік азаматтардан, азаматтығы жоқ тұлғалардан қабылданады. Егер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында меншік құқығы ауысуының өзге тәртібі көзделмеген болса, комиссияға қабылданған тауарға меншік құқығы ол сатып алушыға сатылған (берілген) сәтке дейін комитентте қалады. Комиссионер комитенттің алдында өзіндегі комитент сату үшін берген тауардың жоғалғаны, жетпегені немесе бүлінгені үшін жауап береді.

Комиссионер мен комитент арасындағы келісім бойынша комиссияға жаңа және бұрын тұтынылған азық-түлік емес тауарлар қабылданады.

Комиссияға тауарларды қабылдау комиссионер және комитент қол қоятын мынадай мәліметтерді қамтитын жазбаша нысандағы комиссия шартын жасау жолымен ресімделеді:

- 1) шарттың нөмірі, оның жасалған күні;
- 2) тараптардың атауы және деректемелері (мекен-жайы, есеп шоты, комиссионердің телефоны, паспорт деректері немесе комитенттің жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың деректері);

- 3) тауардың атауы;
- 4) бұрын тұтынылған тауардың тозу деңгейі және кемшіліктері;
- 5) тауардың бағасы;
- 6) комиссиялық сыйақының мөлшері және төлеу тәртібі;
- 7) тауарды комиссияға қабылдау шарттары; тауарға арзандату жүргізудің тәртібі мен мөлшері; тауарды сатудың оны арзандатқанға дейінгі және кейінгі мерзімдері; комиссиянер сатпаған тауарды комитентке қайтарудың шарттары мен тәртібі;
- 8) комиссиянер мен комитент арасында есеп айырысу шарттары мен тәртібі; егер тараптардың келісімі бойынша бұл шығыстар өтелуге жатса, комиссияға қабылданған тауарды сақтау бойынша комиссиянердің шығыстарын төлеу мөлшері.

Тауарларды комиссияға қабылдау ресімделетін шартқа тараптардың келісімі бойынша комитенттің құқықтарын шектемейтін қосымша шарттар енгізілуі мүмкін. Егер комиссияға бірнеше тауарлар тапсырылса, олардың атаулары мен бағалары тауарларды комиссияға қабылдау ресімделетін шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тауарлар тізбесінде көрсетілуі мүмкін.

Көрсетілген шарт екі данада жасалады. Бір данасы комитентке тапсырылады, екіншісі комиссиянерде қалады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жататын отандық та, шетелдік те өндірістің автомобильдері, мотоциклдері және мототехниканың басқа да түрлері (бұдан әрі - көлік құралдары деп аталады), олардың нөмірлі агрегаттары көлік құралдарына және олардың агрегаттарына меншік құқығын, сатуға байланысты олар есептен шығарылғандығын куәландыратын құжаттар болған жағдайда комиссияға қабылданады. Қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған бұйымдар осы Ережеде көзделген оларға қойылатын талаптарға сәйкес комиссияға қабылданады.

Комиссияға келесі заттар қабылданбайды:

- 1) зияткерлік меншік объектілерін қамтитын, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұза отырып немесе бөгде тауарлық белгіні заңсыз пайдалана отырып дайындалған тауарлар;
- 2) айналымнан алынып тасталған тауарлар;
- 3) арнайы рұқсат алынбаған, айналымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектеулі тауарлар;
- 4) телгіленген тәртіппен таңбалауға жататын, акциздік маркалары жоқ акциздік тауарлар;
- 5) тиісті сапасы жоқ, қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін және нормативтік құжаттарға, техникалық шарттарға сәйкес келмейтін тауарлар;
- 6) үй жағдайларында аурулардың алдын алу мен емдеуге арналған тауарлар;
- 7) жеке гигиена заттары;
- 8) парфюмерлік-косметикалық тауарлар;

9) полимерлік материалдардан жасалған тамақ өнімдерімен жанасатын, соның ішінде бір рет пайдалануға арналған бұйымдар мен материалдар; тұрмыстағы химия тауарлары;

10) дәрілік заттар.

Тауарды комиссияға қабылдау кезінде оған тауарлық жапсырма, ал ұсақ бұйымдарға (сағаттар, моншақтар, сәнді түйреуіштер және басқа да соған ұқсас бұйымдар) - тауарды қабылдау кезінде ресімделетін құжаттың нөмірі мен бағасы көрсетілген баға көрсеткіші бекітіледі.

Комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесінде және тауарлық жапсырмада тауардың жай-күйін сипаттайтын мәліметтер көрсетіледі (жаңа, бұрын тұтынуда болған, тозу дәрежесі, негізгі тауарлық белгілері, тауардың кемшіліктері). Комиссияға қабылданған көлік құралдарына қатысты бұл мәліметтерге көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, маркасы, моделі, атауы (түрі), шығарылған жылы, двигателінің, шассиінің (рамасының), шанағының (тіркемесінің), «транзит» тіркеу белгісінің нөмірлері, шанағының (кабинаның) түсі, спидометр деректері бойынша жүрілгені, көлік құралы паспортының сериясы және нөмірі енгізіледі, ал Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген көлік құралына қатысты оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік ресімделгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесі мен тауарлық жапсырмаға комиссиягер және комитент қол қояды.

Комиссия шарты жалпы негіздермен қатар:

- 1) комиссиягердің шартты орындаудан бас тартуының;
- 2) комиссиягердің қайтыс болуы, оны әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен немесе дәрменсіз (банкрот) деп танудың салдарынан тоқтатылады.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Дара кәсіпкер Манапов кәсіпкерлік делдалдық қызметпен айналысып жүрген азамат Ибраевқа өндірістік ғимарат салуға арналған құрылыс материалдарын сатып алып, оған әкеліп беруін сенімхат бойынша тапсырады. Құрылыс материалдарының тізімін, санын, көлемін беріп, олардың бағасын «қолданыстағы нарықтық орта баға бойынша сатып алу» деп көрсетіпті. Шарт бойынша сыйақысын Манапов Ибраевпен келісім бойынша белгілеп, алдын ала төлеп берді.

Ибраев тапсырылған материалдарды сатып алып, Манаповқа тапсырады, алайда олардың бағасы өте жоғары болып шығады, сондықтан Манапов орындауды қабылдаудан бас тартады да, төлем төлемейді.

Ибраев тауарлардың бағасы тапсырмада нақты белгіленбегеніне сілтеп, ол құрылыс материалдарының сапасы бойынша ең жоғарғы бағасымен сатып алғанын, және ол материалдарға төлеген шығындарына қоса, осы тауарларды

Манапов қабылдамауына байланысты сақтауға тапсырғанын және сақтау үшін кеткен шығындарын да төлеуді талап етеді.

1. *Бұл құқықтық қатынас қандай келісім шартпен реттеледі*
2. *Шарт тиісті нысанда жасалды ма*
3. *Тапсырманың бағасы белгіленді ме*
4. *Тараптардың дәлелдемелерін сараптап, тиісті шешім*

*шығарыңыздар*

2. Уәлиханов комиссия шарты бойынша Имановқа тұрғын үй-жайын тауып, оны жалдау шартын жасап беруді тапсырады. Иманов оған берілген тапсырманы орындағаннан кейін жасалған үй-жай жалдау шарттың бағасынан 15% мөлшерде сыйақыны төлеуді талап етті. Уәлиханов осындай мөлшердегі сыйақыны төлеуден бас тартты, өйткені келісімді жасаған кезде сыйақының нақты сомасы аталған жоқ, алайда ол Иманов жасаған жалдау келісім шарттың жағдайларына өте риза және шарттың бағасынан 3% мөлшерінде сыйақыны төлеуге дайын. Ал Иманов оған тиесілі сыйақының сомасын өзі тағайындай алады деп есептеді. Одан басқа, оған белгілі болғандай, тұрғын үйді жалдау бойынша агенттіктер осындай қызметтері үшін шарттың бағасынан 15-тен 25% дейін мөлшерінде сыйақыны алады, ол болса тек минималды соманы ғана сұрап отыр.

Сотта дауды қарастырған кезде Иманов жалдау туралы шарт жасаған пәтердің иесі оның әйелі екендігі анықталды, ал Иманов ол мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының негізінде басқаратыны анықталды.

*Бұл дауда кімдікі дұрыс?*

*Жалданған пәтер иесі Имановтың жұбайы екендігі дұрыс шешім қабылдауға әсер ете ме?*

3. Қайдаровтардың отбасы Атырау қаласынан Астана қаласына көшуге бел буып, тұрғын жай сатып алу үшін Астанада тұратын өздерінің таныстары Тілеповқа бұл жөнінде сенімхат арқылы тапсырма береді. Тапсырма бойынша 3-бөлмелі, көлемі 100 шаршы метрден аспайтын, 3-қабаттан жоғары емес, сол жағалауда орналасқан, бағасы 25 миллион теңгеден аспайтын пәтер сатып алу деп көзделген.

Тиісті мерзімде Тілепов дәл сондай көлемді, сол бағаға сәйкес пәтер сатып алғанын хабарлайды да, Қайдаровтар Астанаға көшіп келеді. Біраз уақыттан кейін пәтердің техникалық құрылғылары бойынша бұрынғы иесімен ақылдаспақшы болып, Қайдаров оны тауып алып, кеңес сұрайды. Өңгімелесу барысында бұл пәтер 25 миллионға емес, 24 миллион теңгеге сатылғаны анықталады. Ол туралы сатушыда Тілеповтың қолхаты бар екен.

*Тараптардың арасында қандай келісім шарт жасалған?*

*Жоғарыда анықталған жағдайды ескере отырып, Қайдаров Тілеповқа қандай талап қоя алады?*

*Егер Тілепов сатып алынған пәтердің нақты бағасын Қайдаровқа тапсырманы орындаған кезде хабарлаған болса, шешіміңіз өзгере ме?*



## САҚТАУ КЕЛІСІМ ШАРТЫ

**Сақтау шарты** бойынша бір тарап (сақтаушы) оған екінші тараптың (жүк берушінің) берген затын сақтауға және бұл затты сақталған күйінде қайтаруға міндеттенеді (ҚР АҚ 768-б.).

Шарт нақтылы, мерзімді, ақылы (ақысыз да болуы мүмкін). Егер сақтаушы кәсіпкер болса, шарттың кейбір түрлері заңда консенсуалды деп айқындалады. Бұл шарттар заңда жария шарттарына жатқызылады (ҚР АҚ 387-б., 770-б.).

Жалпы алғанда сақтау шартының нысанасы (пәні,заты) - жеке белгілермен анықталған заттарды сақтау болады. Бірақта, заңда, тектік белгілерімен анықталған заттарды да сақтау көзделеді (ҚР АҚ 771-б.), мысалы, элеваторларда астық сақтау.

Сақтауды кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыратын сақтаушы шарт бойынша өзіне жүк берушінің затын сақтауға қабылдау және жүк берушінің берген затын сақтау міндеттемесін өз мойнына алуы мүмкін.

Шарт бойынша өзіне затты сақтауға қабылдау міндеттемесін алған сақтаушының бұл заттың өзіне сақтауға берілуін талап етуге құқығы жоқ. Алайда шартта көзделген мерзімде затты сақтауға бермеген жүк беруші, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сақталмай қалуға байланысты келтірілген залалдар үшін сақтаушының алдында жауапты болады. Егер жүк беруші сақтаушының қызметінен бас тартқандығы туралы қисынды мерзімде мәлімдеген болса, ол затты сақтауға бермегені үшін жауапкершіліктен босатылады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, шартта келісілген мерзімде зат сақталуға өткізілмеген, ал бұл мерзім шарт жасалған күннен бастап отыз төулік өткенге дейін белгіленбеген жағдайларда сақтаушы затты сақтауға қабылдау міндетінен босатылады.

Өзінің кәсіпкерлік қызметіне қарай сақтауды жүзеге асыратын сақтаушының, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, техникалық мүмкіндігі бола тұра, затты сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Мұндай жағдайларда сақтау шарттары жария деп танылады (Азаматтық Кодекстің 387-бабы).

Шарт нысаны жазбаша болады, бірақта жетон, номер немесе өзге белгілер беруімен де, рәсімделуі мүмкін. Егер сақтауға алынған заттар сақтаушы жүк берушіге сақтау қолхатын, түбіртек, куәлік, сақтаушы қол қойған өзге де құжаттар беру жолымен куәландырылған болса, шарттың жазбаша нысаны сақталған болып есептеледі. Тұрмыстық қызмет көрсету түріндегі сақтау шарты ауызша нысанда жасалуы мүмкін. Сақтауға алынған затпен сақтаушы қайтарған заттың бірдейлігі туралы дау туған жағдайда куәгерлік айғақтарға жол беріледі.

Заттарды төтенше жағдайлар (өрт, су тасқыны және басқалар) кезінде сақтауға өткізу, шарттың жазбаша нысаны болмаған жағдайда сақтауға өткізілген заттардың құнына қарамастан куәгерлік айғақтар бойынша дәлелденуі мүмкін.

Негізіне қарай сақтау шарттарының келесі түрлерін бөлуге болады: кәсіби сақтау, ломбардта сақтау, көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау, банкте құндылықтарды сақтау, ұйымдар гардеробтарында сақтау, қонақ үйлерінде сақтау, тауар қоймаларында сақтау, секвестер (даулы заттарды сақтау).

Жүк тапсырушының маңызды міндеті - сақтаушыны заттың қасиеттері мен ерекшеліктері жөнінде ескерту болады (сынатындығы, жарылыс заты, ұлы зат екендігі жөнінде және т.б.).

Егер зат талап етілмелі сақтауға немесе мерзімі көрсетілмей өткізілген болса, сақтаушы осындай жағдайлардағы заттың әдеттегі сақталу мерзімі өткен соң жүк берушінің заттарды қайтып алуын талап етуге құқылы, бірақ жүк берушіге затты қабылдап алуға жететіндей қисынды мерзім беруге міндетті.

Жүк беруші шарт бойынша сақтаудың өзге мерзімі көзделгенде де кез келген уақытта сақтаушыдан затты талап етуге құқылы. Алайда бұл жағдайда жүк беруші, егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтаушыға міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан туған залалдарды өтеуге міндетті.

Сақтаушы сақтауға алған заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауап береді. Егер ол заттың жоғалуы, кем шыққаны немесе бүлінуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдесе, жауаптылықтан босатылады.

Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі дүлей күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

Егер шартта көзделген сақтау мерзімі немесе Азаматтық Кодекстің 773-бабында белгіленген тәртіппен сақтаушы көрсеткен мерзім өткен соң жүк беруші затты қайтарып алмаған болса, оның тарапынан қасақана пиғыл немесе өрескел абайсыздық болғанда ғана сақтаушы бұл заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауап береді (780-бап).

Заттардың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен жүк берушіге келтірілген шығындарды, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сақтаушы өтейді. Егер шартта немесе сақтаушы берген өзге де жазбаша құжатта көрсетілгендей сақтауға өткізу кезінде заттар бағаланған болса, сақтаушының жауаптылығы баға сомасының негізінде айқындалады.

Тегін сақтау кезінде жүк берушіге заттың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен келтірілген залалдар келесі мөлшерлерде өтеледі:

1) затты жоғалтқаны және оның кем шыққаны үшін - жоғалған немесе кем шыққан заттың құны мөлшерінде;

2) заттың бүлінгені үшін - оның құны төмендеген соманың мөлшерінде.

Сақтаушы жауапты болатын заттың бүлінуі салдарынан зат сапасының соншалықты өзгергендігінен оны бастапқы мақсат бойынша пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жүк беруші оны алудан бас тартуға және сақтаушыдан бұл заттың құнын өтеуді, сондай-ақ басқа да залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Жүк беруші көзделген мерзім аяқталғаннан кейін сақтауға берілген затты қайтарып алуға міндетті. Ол өз затын алудан жалтарған жағдайда сақтаушы кемінде бір ай бұрын ескерткеннен кейін, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен затты сатуды талап етуге құқылы. Затты сатудан түскен сомалар сақтаушыға тиесілі сома шегеріліп тастап жүк берушіге беріледі.

Егер сақтаушы заттың сақтауға қабылдағанда оның ерекшеліктері туралы білмесе және білуі тиіс болмаса, жүк беруші сақтаушыға затты өз ерекшеліктерінен туындаған залалдардың орнын толтыруға міндетті (782-бап).

**Ломбардта сақтау.** Ломбард екі функцияны атқарады: азаматтардың құнды заттарын сақтауға алу және сол заттың кепілдігі есебінен заттың иесіне несие беру. Ломбард ретінде коммерциялық заңды тұлға болады және ломбард иесі кем дегенде дара кәсіпкер болуы қажет. Ломбард әкімшілігі тұтынушыларға көрінеу орынға Ломбард қызметін көрсету туралы ережені орнату қажет.

Сақтауға заттарды берушілер ретінде тек тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті жеке тұлғалар болады, ал сақтау пәні ретінде – тек жылжитын, жеке белгілермен анықталған, тұтынушылық мақсаттарда пайдаланылатын заттар. Келісім шарттың нысаны: затты ломбардта сақтау шарты ломбардтың атаулы сақтау түбіртегін беруімен ресімделеді. Ломбардқа сақтауға өткізілетін зат тараптардың келісуі бойынша, осы тектес және сапасы сондай затқа, оны сақтауға қабылдау кезі мен жеріндегі саудада әдетте белгіленетін бағаларға сәйкес бағалануға тиіс. Ломбард сақтауға қабылдаған затты оның толық бағасының сомасына қарай жүк берушінің пайдасына сақтандыруға міндетті.

Жүк беруші затты қайтарып алудан жалтарған жағдайда ломбард оны үш ай бойына сақтауға міндетті. Жүк беруші өз затын алудан жалтарған жағдайда бұл мерзім өткен соң ломбард жүк берушіге кемінде бір ай бұрын ескерткеннен кейін талап етілмеген затты Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен затты сатуға құқылы. Затты сатудан түскен сомадан сақтағаны үшін ақы және ломбардқа тиесілі өзге де төлемдер өтеледі. Қалған соманы ломбард сақтау түбіртегінің иесіне оны көрсетуі бойынша қайтарады.

**Құндылықтарды банкте сақтау.** Банк бағалы қағаздарды, қымбат металдарды, тастарды және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ құжаттарды сақтауға қабылдай алады. Құндылықтарды банкте сақтау шарты банктің жүк берушіге атаулы сақтау құжатын беруімен ресімделеді, оны көрсету банктің жүк берушіге немесе оның өкіліне сақтаудағы құндылықтарды беруі үшін негіз болып табылады. Жеке банк сейфін (сейфтің ұясын, сақтауға арналған бөлек үй-жайды) пайдалану арқылы құндылықтарды сақтау шарты банктің құндылықтарды сақтауға қабылдау жөнінде іс-әрекет жасауы және жүк берушіге сейфтің кілтін, жүк берушінің сәйкестендірме карточкаларын, көрсетушінің сейфті ашу мен одан құндылықтарды алу құқығын куәландыратын өзге де белгі немесе құжат беруі жолымен жасалады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк беруші кез келген уақытта сейфтен құндылықтарды алуға, оларды қайта қоюға, сақтаулы жатқан құжаттармен

жұмыс істеуге құқылы. Банктің бұл орайда жүк берушінің құндылықтарды алғандығын және қайтарғандығын есепке алуға құқығы бар. Жүк беруші сейфтегі құндылықтардың бір бөлігін, оның ішінде уақытша алған жағдайда банк құндылықтардың қалған бөлігінің сақталуына жауапты болады. Осы құндылықтарды банк сейфінде сақтау ережелері банк өз сейфін (сейфтің ұясын, сақтауға арналған бөлек үй-жайды) мүліктік жалдау талабымен басқа тұлғаға пайдалануға берген жағдайда қолданылмайды.

**Көлік ұйымдарының қарамағындағы сақтау камералары** жол жүру құжаттарының болуына қарамастан жолаушылардың және өзге де азаматтардың заттарын сақтауға қабылдауға міндетті. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау шарты жария шарт деп танылады. Заттардың сақтау камерасына (автоматты камерадан басқа) қабылдануын растап жүк берушіге түбіртек немесе нөмірлі жетон беріледі. Түбіртек немесе жетон жоғалған жағдайда сақтау камерасына өткізілген заттар жүк берушіге бұл заттардың оған тиесілі екендігіне дәлелдер көрсетуі бойынша беріледі. Сақтау камерасына өткізілген заттардың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен жүк беруші шеккен залалдардың сомасы, егер заттарды сақтауға өткізу кезінде оған бағалау жүргізілген болса не егер тараптар өтелуге тиісті залалдардың сомасына қатысты келісімге келген болса, жүк берушіге тәуліктік мерзімде төленеді. Заттар сақтау камерасына арнайы ережелерде немесе тараптардың келісінде белгіленген шектердегі мерзімге өткізіледі. Көрсетілген мерзімде талап етілмеген заттарды сақтау камерасы тағы да үш ай бойына сақтауға міндетті. Бұл мерзім өткен соң талап етілмеген заттар сатылуы, ал сатудан түскен сомалар Азаматтық кодекстің 181-б. сәйкес бөлінуі мүмкін.

**Ұйымдардың киімлігіштерінде сақтау.** Егер затты сақтауға өткізу кезінде сақтағаны үшін сыйақы беру айтылмаған болса, ұйымдардың киімлігіштерінде сақтау тегін болады деп ұйғарылады. Сақтаушы заттың киімлігіште сақтауға қабылданғанын растап, жүк берушіге заттың сақтауға қабылданғандығын растайтын нөмірлі жетон немесе басқа да таңба береді. Киімлігішке өткізілген зат жетонды көрсеткен адамға беріледі. Бұл ретте сақтаушы жетонды көрсетушінің затты алуға өкілеттігін тексеруге міндетті емес. Алайда сақтаушы жетонның оны көрсеткен адамға тиесілі екендігіне күмән келтірсе, затты жетон көрсетушіге қайтаруды тоқтата тұруға құқылы. Сақтаушы жүк беруші жетонды жоғалтып алғанда да киімлігіштен затты беруге құқылы, бірақ оның киімлігішке зат өткізгендігі фактісі немесе оның жүк берушінікі екендігі күмән тудырмауы немесе жүк өткізуші оны дәлелдеуі керек.

**Қонақ үйлерде сақтау (789-бап).** Қонақүй сақтаушы ретінде, онда тұратын адамның қонақүйге енгізген ақшасын, өзге де валюталық құндылықтары мен бағалы қағаздарын қоспағанда, жоғалу мен бүліну дүлей күштің, заттың өз ерекшеліктері салдарынан не тұратын адамның өзінің, оның қасында жүргендердің немесе оған келушілердің кінәсінен болған жағдайлардан басқа кезде, бұл туралы ерекше келісім жасамай-ақ, заттың жоғалғаны немесе бүлінгені үшін жауап береді. Ал ақшаның, өзге де

валюталық құндылықтар мен бағалы қағаздардың жоғалғаны үшін қонақүй олар сақтауға қабылданған жағдайда ғана жауап береді.

Қонақүйде тұратын адам өз затының жоғалғанын немесе бүлінгенін байқаған бойда бұл туралы дереу қонақүй әкімшілігіне мәлімдеуге міндетті. Бұлай жасамаған жағдайда қонақүй заттың сақталмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Көп жағдайларда қонақ үйлері тұрғындарының заттары жоғалғаны үшін жауап бермейміз деген хабарламалар іліп қояды, алайда жауапкершіліктен мұндай бас тартулар заңға қайшы болып табылады, себебі АҚ-ң 789-бабының 4-тармағына сәйкес, қонақүй мұндай жауапкершілікті өзіне алмайтындығы туралы хабарлама бергенмен, онда тұратындардың заттарын сақтау жөніндегі жауапкершіліктен босатылмайды.

789-баптың ережелері мейманханаларға, демалыс үйлеріне, санаторийлерге, жатақханаларға және осы сияқты ұйымдарға, сондай-ақ ұйымға келуші азаматтардың сыртқы киімдерін, бас киімдерін және өзге де заттарын сақтау үшін арнайы орын бөлінген ұйымдарға қатысты да қолданылады.

**Даулы заттарды сақтау (секвестр).** Секвестр ежелгі рим құқығынан бері қалыптасқан сақтау түрі болып танылады. Секвестр туралы шарт бойынша затқа деген құқық жөнінде араларында дау туған екі немесе бірнеше тұлға даулы затты даудың шешілуі бойынша соттың шешімі не дауласып жүрген барлық адамның келісуі (шарттық секвестр) бойынша бұл зат кімге тиесілі деп танылса, соған қайтаруды міндетіне алатын үшінші тұлғаға беріледі.

Даулы зат соттың шешімі бойынша секвестр тәртібімен сақтауға берілуі мүмкін (сот секвестрі). Сот секвестрі бойынша сақтаушы ретінде сот тағайындаған тұлға да, дауласушы жақтардың өзара келісуі бойынша белгіленген адам да болуы мүмкін. Екі жағдайда да, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сақтаушының келісімі талап етіледі. Секвестр тәртібімен сақтауға қозғалатын да, қозғалмайтын да заттар берілуі мүмкін.

Бұл құқықтық қатынастың аяқталу мерзімі соттың даулы зат бойынша шешімі заңды күшіне ену уақытына байланысты болады.

**Тауар қоймасында сақтау** осы шарттың тағы да бір түрі болып келеді. Тауар қоймасы – ол тауарлар сақтауды жүзеге асыратын және кәсіпкерлік қызмет ретінде сақтауға байланысты қызметтер көрсететін коммерциялық ұйымдар. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы «Астық туралы» Заңы тауар қоймасы ретінде астық қабылдау кәсіпорындарын (элеваторлар) қарастырады. Астық қабылдау кәсіпорындары (заңды тұлға) жалпы пайдаланылатын тауар қоймасы деп танылады және қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырады. Олардың астық сақтауға жасалатын шарттары жария шарты болып табылады.

Келісім шарт астық қолхаттарын беру арқылы жасалады. Астық қолхаттары сонымен қатар бағалы қағаздар санатына жатады.

Тиісті лицензиясы жоқ тұлғаларға келесі әрекеттер жасауға тыйым салынады:

1) қырман шаруашылықтарында және (немесе) сервистік-дайындау орталықтарында жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, негізгі немесе

қосымша қызмет ретінде астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі жөнінде қызмет көрсетуге;

2) өз атауында, құжаттарында, хабарландырулары мен жарнамаларында «астық қабылдау кәсіпорны», «астық қоймасы», «астық қабылдау пункті», «элеватор» деген сөздерді немесе ол астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырады деп ұйғарылатын, солардан туындайтын сөздерді пайдалануға.

Астық қабылдау кәсіпорнының міндеттері (14-бап):

1) астық сақтау тәртібін, сондай-ақ олардың саны мен сапасы жағынан белгіленген сақтау тәртібін қамтамасыз ететін іс-шараларды сақтау;

2) қажет болған жағдайларда белгіленген тәртіппен астық иелеріне оның сынамаларын іріктеп алуды қамтамасыз ету;

3) астық қолхатын ұстаушының алғашқы талап етуі бойынша астық қолхатына айырбастап, сондай-ақ астық қолхатымен қамтамасыз етілген астықты сақтағаны үшін берешегі болмаса, шарт талаптарына сәйкес сақтаулы астықты толық көлемінде беру;

4) мемлекеттік астық ресурстары астығын басым (бірінші кезектегі) тәртіппен қабылдауды, сақтауды және тиеп жөнелтуді қамтамасыз етуге міндетті.

Тауар қоймаларында сақтау жоғарыда келтірілген заңнан басқа «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінде де бекітілген. Бұл кодекс бойынша сақтаушы ретінде уақытша сақтау қоймасы келтірілген.

Уақытша сақтау қоймасының иесі болып қазақстандық заңды тұлғалар бола алады, олар Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген жағдайларда және шарттарда кедендік бақылаудағы тауарларды сақтауды жүзеге асырады.

Кеден ісі саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшелері уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміндегі ақпаратты, сондай-ақ тиісті қызметті тоқтата тұру, қайта бастау немесе аталған тұлғаларды тізілімнен шығару туралы деректерді кеден ісі саласындағы уәкілетті органға жібереді. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ай сайын әр айдың бесінші күнінен кешіктірмей кеден ісі саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсына жаңартылған тізілімді орналастыруды қамтамасыз етеді.

Уақытша сақтау қоймалары келесі талаптарға сай болу керек (40-бап):

1) көлік құралдарының аумаққа кіруін және аумақтан шығуын, адамдардың қойма аумағында соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейне ақпараттарды қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін бейне бақылау құралдарымен жабдықталған аумаққа және (немесе) үй-жайларға (кедендік бақылауға жататын құжаттар, тауарлар мен көлік құралдары тұрған) кіруін және аумақтан және (немесе) үй-жайлардан шығуын бақылау жүйесінің болуы;

2) қажетті тиеу-түсіру механизмдерінің және арнаулы техниканың, сондай-ақ орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипатына

сәйкес сертификатталған таразы жабдығының, ал арнаулы сақтау орнына газ орналастырылатын жағдайда тиісті есептеу аспаптарының болуы;

3) техникалық жарамды кіреберіс жолдарының болуы;

4) тауарларды тексеріп қарау үшін орындардың, оның ішінде электр жарығымен жарактандырылған және соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейне ақпараттарды қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін бейне бақылау құралдарымен жабдықталған орындары бар жабық алаңдардың болуы;

5) жапсарлас тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғанда, аумақ Кеден ісі туралы кодекстің 186-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленуге және оның бетон немесе асфальт төсемі болуға тиіс;

6) аумақта қойма қызметіне байланысы жоқ ғимараттар (құрылыстар) мен имараттар орналаспауға тиіс;

7) жапсарлас тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғанда, аумақ (бір немесе бірнеше қойма үй-жайлары мен алаңдар) біртұтас және бөлінбейтін кешен болуға, бір почта мекенжайы бойынша орналасуға және барлық периметрі бойынша бірыңғай үздіксіз қоршауы болуға тиіс үй-жайлардың және (немесе) ашық алаңдардың болуы.

Уақытша тауар сақтау қоймасының иесі сақтауда тұрған басқа тұлғалардың тауарларына зиян келтіру немесе басқа тұлғалармен жасалған сақтау шарттарының өзге талаптарын бұзу салдарынан туындауы мүмкін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға міндетті.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Ахметов үйлену тойларына 10 жыл толуына орай әйеліне құндыз тон сыйлады және «Роден» мейрамханасына мерекелік күнді атап өтуге барады. Гардеробқа сыртқы киімін өткізгеннен кейін және екі жетонды алып, Ахметовтар жұбы екі сағат бойы кешкі ас ішіп, өздерінің танысқан алғашқы күндерін еске алысып отырысты. Содан кейін олар таза ауада серуендеуге шыққылары келеді. Киім іліп жүрген адамға жетондарын ұсынғанда Ахметовке тиесілі былғары курткасы және бұрын киілген бөтен әйел пальтосы ұсынылады. Құндыз тон гардеробта болмай шығады.

Мейрамхана директоры Ахметовке құндыз тонның құнын қайтару талабын қанағаттандыра алмайтынын айтады, өйткені киім ілгіште қызмет ететін адам оның мейрамхана гардеробына тапсыру фактісін растаудан үзілді-кесілді бас тартады.

*Осы жағдайда Ахметов қандай дәлелдемелерді пайдаланып, құқықтарын қорғай алады?*

2. Жүзу бассейніне жаттығуға келген кезде Нұрмышев бассейндегі гардеробтың жұмыс істемейтіндігін көрді. Суға түсетін киімді ауыстырып

киетін бөлмеге сырт киіммен жібермегендіктен, Нұрмышев басқа келушілер сияқты өзінің пальтосы мен бас киімін жұмыс істемейтін гардеробтағы ілгіште қалдырып кетті.

Бассейннен шыққаннан кейін Нұрмышев оның пальтосы мен бас киімінің жоғалғандығын анықтады. Ол бассейннің директорына ұрланған мүліктің құнын өтеу талабымен барды. Директордың пайымдауынша, Нұрмышев заттарының жоғалып кетуіне өзі кінәлі, өйткені өте қымбат пальтомен келді және заттарды қараусыз қалдырып кетті. Жұмыс істемеген гардеробқа қатысты бассейннің әкімшілігі оның жұмысына жауапты емес, өйткені оған «Работа» Агенттігінің жұмыскерлері қызмет көрсетеді, оның гардеробшысы заттардың ұрланған күні ауырып қалды. Өзінің сөздерінің дәлелі ретінде директор «Работа» Агенттігінен гардеробшының ауырғаны туралы акті мен телефонограмманы көрсетті.

Нұрмышев сот тәртібінде бассейн мен «Работа» Агенттігінен бірге жоғалған мүліктің құнын өндіріп алуды талап етті.

*Талап қанағаттандырылуға жата ма?*

3. Студент Иманов сабаққа біраз кешігіп қалып, гардеробқа өз курткасын асығуда тез тапсырып кетіп, тиесілі жетонын алмай жүгіріп кетеді. Сабақ аяқталған соң ол киімін алуға келгенде оның курткасы жоқ болып шығады, ал гардеробшы ондай куртканы киім ілгішке сақтауға қабылдамағанын айтады. Алайда Иманов өзімен бірге кешігіп келген 2 басқа студенттерді тауып, олардың куәгерліктерін келтіреді. Гардеробшы Имановта жетонның жоқтығына негізделіп, куәгер студенттердің сөздері негізге алынбайды деп, куртканы қабылдағанынан бас тартады. Иманов гардеробшыны жауапкер ретінде көрсетіп, сотқа талап арыз береді.

*Келтірілген жағдайда Имановтың құқықтары қорғалуға жата ма?*

*Жауапкер ретінде кім болады?*



## **Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) келісім шарты**

Кешенді кәсіпкерлік келісім шарты (франчайзинг) Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы шарттарының жаңа бір түріне жатады. Ресей азаматтық кодексінде ол «коммерциялық концессия» деп аталады. Бұл шарттың құрамында тапсырма, комиссия және сақтау шарттарының элементтері бар.

Шарт ұғымы ҚР АҚ-ның 896-бабында келесі түрде берілген: кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақыға айрықша құқықтар кешенін (лицензиялық кешен), соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығын, сондай-ақ лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде пайдалану үшін шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патент және т. б.) беруге міндеттенеді. Яғни бұл шарт кәсіпкерлік шарттарына жатады, сондықтан оның тараптары кәсіпкерлер ретінде тіркеуден өтуі қажет болады.

Шарт консенсуалды, екі тарапты, ақылы болады. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

Тәжірибеде франчайзинг шартының қолдану үлгілері – ол Қазақстандағы «XEROX», «Кодак», «Донер» және т.б. фирмалық атаулары бар кәсіпорындардың қызметі болады (Ресейде – «Макдональдс»). Азаматтық кодекспен қоса, қазіргі уақытта бұл келісім шарт 2002 жылы қабылданған «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» ҚР Заңымен де реттеледі.

### **Тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.**

Лицензиардың міндеті - лицензиатқа техникалық және коммерциялық құжаттарды беру; шартта көзделген мерзімде және көлемде өзге де мәліметтер беру; айрықша құқықтар кешенін жүзеге асыру мәселелеріне байланысты лицензиатқа кеңес беріп, оны оқыту болып танылады.

Лицензиат міндеттері ҚР АҚ-нің 899-бабында көзделген. Олар келесі болады: шартта көзделген әрекеттерді жүзеге асыру кезінде лицензиардың лицензиялық кешенін шартта көзделген түрде пайдалану; берілген айрықша құқықтардың дұрыс пайдаланылуын тексеру үшін лицензиарды өзінің өндірістік аумағына кіргізу; оған қажетті құжаттарды беру және қажетті мәліметтер алуға жәрдемдесу; пайдалануға берілген айрықша құқықтарды пайдалану жағдайлары, тәсілдері мен мінездері жөніндегі лицензиардың берген нұсқауларын орындау; лицензиардың өндірістік құпияларын және одан алған өзге де құпия болып танылатын мәліметтерді жария етпеу. Лицензиат кешенді лицензиялық шарт негізінде, фирмалық атауды, тауарлық белгіні, қызмет белгісін немесе өзге де дараландыру құралдарын қолданылатыны жөнінде сатып алушыны ескертуге міндетті болады.

Лицензиар өзінің фирмалық атауын өзгерткен жағдайда кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты сақталады, егер лицензиат шартты бұзуды және залалды өтеуді талап етпесе, лицензиардың жаңа фирмалық атауына қатысты қолданыла береді. Шарттың қолданылуы сақталған жағдайда лицензиат лицензиарға тиесілі сыйақыны мөлшеріне қарай азайтуды талап етуге құқылы.

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында лицензиар мен лицензиат құқықтарын шектейтін жағдайлар да көзделуі мүмкін. Атап айтқанда:

1) лицензиардың лицензиатқа бекітілген аумақта қолдану үшін басқа ұқсас кешенді кәсіпкерлік лицензияларды бермеуі не осы аумақта тікелей дербес қызметті жүргізуден тартыну міндеттемесі;

2) лицензиаттың кешенді кәсіпкерлік лицензияны пайдалану аумағында лицензиат лицензиарға тиесілі айрықша құқықтарды пайдалана отырып жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке қатысты лицензиармен бәсекеге түспеу міндеттемесі;

3) лицензиардың бәсекелестерінен (әлеуетті бәсекелестерінен) басқа да кешенді кәсіпкерлік лицензияларды алудан лицензиаттың бас тартуы;

4) шарт бойынша берілген айрықша құқықтарды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын үй-жайдың орналасқан жерін, сондай-ақ оның сырты мен ішін безендіруді лицензиаттың лицензиармен келісу міндеттемесі.

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының шектеу талаптары мынадай жағдайда:

1) лицензиардың лицензиат сататын тауардың бағасын немесе лицензиат орындайтын (көрсететін) жұмыстардың (қызметтердің) бағасын анықтауға, не аталған бағаның жоғарғы немесе төменгі шегін белгілеуге құқығы болғанда;

2) лицензиаттың белгілі бір санаттағы сатып алушыларға (тапсырыс берушілерге) ғана не шартта белгіленген аумақта ғана орналасқан жері бар (тұратын орны) ерекше сатып алушыларға (тапсырыс берушілерге) тауарлар сатуға, жұмыстар орындауға немесе қызметтер көрсетуге құқығы болғанда жарамсыз деп табылады.

Тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер сапасы жөнінде лицензиатқа қойылатын талаптар қойылған жағдайда, лицензиар бірлесіп қосымша жауап қайтарады.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. «Темек» ЖШС-ы Москва қаласындағы «Лава» темекі компаниясымен мерзімсіз франчайзинг шартын жасасып, Қарағанды қаласында сол «Лава» атаулы темекі жасайтын кәсіпорын ашып, оның технологиясын пайдаланумен темекі өнімдерін шығаратын болды. Үш жылдан кейін «Лава» АҚ-ң құрылтайшысы апаттан қайтыс болып, оның мұрагері Карин М. темекі фабрикасын иеленгеннен кейін оның атауын «Карин и К°» деп өзгертті. Келісім шартқа негізделі отырып, «Темек» ЖШС-ы да өз фабрикасының атауын «Карин и К°» деп өзгертті. Алайда оның кәсіпорнының өнімдеріне сұраныс аса

төмендеп кетті, себебі «Лава» маркасымен салыстырғанда, «Карин и К°» деген марканы ешкім білмеген.

ЖШС кешенді лицензиардан келісім шартты бұзып, фабриканың атауы өзгертілуіне байланысты келтірілген шығындарын өтеп беруді талап етті.

1. *Кешенді лицензиар – азамат қайтыс болған жағдайда оның шарт бойынша құқықтары мен міндеттері құқықмирасқорларына (мұрагеріне) қандай жағдайларда ауысады?*

2. *Кешенді лицензиаттың талаптары заңға сай келе ме?*

2. «Шығыс» АҚ сотқа «Батыс» ЖШС-на қатысты талап арыз беріп, олардың арасында жасалған франчайзинг шартын бұзу және шығындарын өтеп беру туралы талап қойды. Сот мәжілісін дайындауда келесі жағдайлар анықталды:

«Шығыс» АҚ кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша «Батыс» ЖШС-на өзінің фирмалық атауын, фирмалық белгісін, тауар белгісін, «Батыс» ЖШС-ң иелігіндегі жанармай құю станциясында (ЖҚС) жанармай сатуда, көлік жуу қызметінде, көліктерге техникалық қызмет көрсету станциясында (ТҚКС) және солардың жанындағы кафе қызметінде қолдануға рұқсат береді.

Шарт орындалу барысында «Батыс» ЖШС-ы қызмет көрсететін жанармай құю станциясында жанармай сапасы «Шығыс» АҚ-ң өзге ЖҚС станцияларына қарағанда ең төмен болып шығыпты. Оған қоса, бұл ЖҚС тәуліктің қараңғы уақыттарында қызмет көрсетпейді екен, ал шартқа сәйкес ол тәулік бойы үзіліссіз қызмет ету керек.

ЖҚС пен кафенің қызмет көрсету сапасы да өте төмен болыпты, бұл себептен сатып алушылардан үнемі наразылықтар түсіп тұрады. Ал сотқа талап арыз берудің нақты себебі ретінде жергілікті теледидар бойынша осы ЖҚС-ң қызметі туралы «Барлығы жаман» деген тақырыптағы телерепортажы болыпты.

Сот отырысында «Батыс» ЖШС-ң өкілі ЖҚС-ң қызметіндегі жоғарыда келтірілген кемшіліктерң орын алғандығын мойындай отырып, бірақта «Шығыс» АҚ-ң талаптарын қанағаттандырудан бас тарту қажеттілігін мәлімдейді. Оның себебі – кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты «Шығыс» акционерлік қоғамын тіркеген органмен тіркелмеген, сондықтан ол күшіне енді деп саналмайды да ешбір құқықтық салдарға келтірмейді.

Ал «Шығыс» АҚ-ң өкілі бұл шарт Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқығы бойынша Комитетте тіркелгендігін және сондықтан күшіне енгенін (заңды күші бар екендігін) мәлімдейді.

*Сот қандай шешім қабылдау керек?*

3.«Ара» ауыл шаруашылығы кооперативі балды өндіру мен жинаудың ерекше технологиясын ойлап шығарды. Бұдан әрі кооператив шығаратын өніміне «Ара» тауарлық белгісін тіркеді. Бұдан өзге, кооператив өзіне тиесілі тауарлық белгісімен бал шығару үшін екі бал омартасымен кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жасады. Біршама уақыт өткеннен кейін салық инспекциясы кооператив пен омарталардың қызметінде салық заңнамасының маңызды

бұзушылықтарын анықтады және кооператив пен омартаның белсенді жұмысы тоқтатылды. Екі айдан соң кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының бір тарабы болған бір омартаның өнімін тұтынушы - «Прогресс» дүкені балды тиісті көлемде және мерзімде дүкенге тапсырмағаны үшін шығындардың орнын толтыру туралы омартаға наразылық хат түсірді. Омартаның меншігіндегі қаржысының жеткіліксіздігіне және барлық қойылған талаптарды қанағаттандыру мүмкінсіздігіне байланысты дүкен қоса жауап беруші ретінде ауыл шаруашылық кооперативін де тартуды талап етті.

Ауыл шаруашылық кооперативі дүкеннің талаптарын қанағаттандырудан бас тартты.

*Дауды шешіңіз.*

## Мүлікті сенімгерлікпен басқару келісім шарты

Мүлікті сенімгерлікпен басқару қатынастарын құқықтық реттеуін Азаматтық кодекске енгізу негіздерінің бірі - ағылшын-саксон құқық жүйесінде мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан «сенімгерлік меншігі» деп аталатын азаматтық құқық институтының бірі болып танылады. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша мүлікті сенімгерлікпен басқару: мәміле жасаудан, сот шешімінен, әкімшілік актісінен және заңда көзделген өзге де негіздерден пайда болуы мүмкін (ҚР АҚ 883-б. 2-т.).

Сенімгерлікпен басқару субъектілері – ол сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы, сенімгер басқарушы және пайда алушы. Тәжірибеде көптеген жағдайларда, пайда алушы мен сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы бір тұлға болады.

Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы ретінде меншік иесі, сондай-ақ өзге де заттық құқық субъектісі немесе мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге уәкілетті құзыретті орган бола алады. Сенімгер басқарушы тек оның келісімімен тағайындалуы мүмкін.

Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, ақшаны, бағалы қағаздарды және мүліктік құқықтарды қоса алғанда, кез келген мүлік сенімгерлікпен басқару объектісі бола алады. Сеніп тапсырылған мүлікті сенімгер басқарушы өзіне меншік (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) құқығымен тиесілі мүліктен бөлек есепке алуға тиіс. Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру процесінде сенім білдірілген басқарушы сатып алған және (немесе) алған мүлік сеніп берілген мүлік құрамына енгізіледі.

Құрылтайшының сенімгерлікпен басқаруға берген мүлкіне оның борыштары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді, бұған Азаматтық Кодекстің 1081-бабында көзделген жағдайлар, сондай-ақ бұл тұлғаның дәрменсіздігі (банкроттығы) қосылмайды. Құрылтайшы банкрот болған жағдайда осы мүлікті сенімгерлікпен басқару тоқтатылады және ол конкурстық массаға енгізіледі. Кепілге салынған мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру кепіл ұстаушыны осы мүлікті өндіріп алу құқығынан айырмайды.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының **ұғымы** АҚ-ң 886-бабында берілген: «Мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу кезінде сенімгер басқарушы, егер шартта немесе заң актілерінде өзгеше көзделмесе, өзінің иеленуіне, пайдалануына және билік етуіне берілген мүлікті пайда алушының мүддесі үшін өз атынан басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді».

Бұл шарттың тараптары ретінде кез келген әрекет қабілетті заңды және жеке тұлғалар болуы мүмкін. Мысалы, мемлекеттік қызметкердің мүлкін сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы тек мемлекеттік қызметкердің өзі болады және мүлік пен мүліктік құқықтарды сенімгерлікпен басқаруға беру ол үшін құқық емес, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында бекітілген міндет болып танылады. Мұраға қалдырылған мүліктің сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы ретінде нотариус болуы мүмкін. Сенімгер басқарушы тек әрекетке қабілетті азамат немесе бұл қызметпен

айналысуға құқығы бар заңды тұлға болуы мүмкін. Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы мүлік пен мүліктік құқықты басқаруға беру кезінде мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқықтарын емес, оларды өз атынан жүзеге асыру құқығын ғана береді. Ал иелену, пайдалану және басқару құқықтарының өздері, сенімгерлікпен басқару құрылтайшысында қалады, бірақта шарттың мерзімі ішінде ол өзі аталған құқықтарын жүзеге асыра алмайды.

Бұл келісім шарт нақтылы, екі тарапты, ақылы және ақысыз да болуы мүмкін. Ол ерікті шарт және ол қатысушыларының өз пайдасына да, үшінші тұлға пайдасына да жасалуы мүмкін.

Сенімгерлікпен басқару **объектісі** - жеке-айқындалған заттар (мүліктер) болады. Олардың ішінде қазіргі уақытта бар және алдағы уақытта болатын заттар да, және мүліктік құқықтар да болуы мүмкін.

Шарт нысаны жазбаша, қажетті жағдайларда ол мемлекеттік тіркеуден өткізілетін (егер оның объектісі қозғалмайтын мүлік болса) немесе нотариалдық кұәландырылатын болады.

Сенімгерлікпен басқару шартының мазмұны:

- 1) мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысанасы және мерзімі;
- 2) сенімгерлікпен басқаруға берілетін мүліктің құрамы;
- 3) пайда алушы туралы нұсқау;
- 4) сенімгер басқарушының есеп беру мерзімдері мен нысаны;
- 5) мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты тоқтатылған жағдайда сеніп тапсырылған мүлікті алатын тұлға көзделуге тиіс.

Шарттардың жекелеген түрлері үшін заң актілерінде өзге де елеулі талаптар көзделуі мүмкін.

Шартта басқа талаптар да, оның ішінде басқарушыға берілетін сыйақының мөлшері мен нысандары көзделуі мүмкін. Шартта үшінші тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруға берілген мүлікке құқығы көрсетілуге тиіс.

**Тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.**

Сенімгер **басқарушының міндеттері** - оған сеніп тапсырылған мүлікті тиісті дәрежеде басқару; өз мүлкінен бөлек және жеке шотта, жеке баланста ұстау болып танылады. Сонымен қоса сенімгер басқарушы мүлікті басқаруды жоғары кәсіби деңгейде орындауы тиіс, мүлікті бір қалыпта ұстап, оның сақталуын қамтамасыз етуі қажет; оның құнсыз болып қалмауы үшін қажетті шараларды қолдануы тиіс; өз қызметі жөнінде басқаруды құрылтайшысы мен пайда алушыға есеп беріп отыруы қажет; шарт тоқтатылған жағдайда басқару құрылтайшысына немесе пайда алушыға мүлікті қайтаруға міндетті.

Заңда көзделген жағдайда сенімгер басқарушы мүлікті басқаруды басқа тұлғаға қайта сеніп тапсыруы мүмкін.

Сенімгерлікпен басқару **құрылтайшысының негізгі міндеті** – сенімгер басқарушыға шартта көзделген сыйақысын төлеу.

Тараптардың жауапкершілігі азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы ережелеріне және диспозитивтік қағидаларға, яғни тараптармен келісіп бекіткен жауапкершілік түрлеріне сүйенеді.

Сенімгер басқарушының сенімгерлікпен басқаруға берілген және (немесе) сеніп тапсырылған мүліктің есебінен не сеніп тапсырылған мүлікті пайдаланудан түскен кірістің есебінен сатып алынған акциялармен және өзге де бағалы қағаздармен операциялар жасауды жүзеге асыруға құқығы бар. Эмиссиялық бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарушы туралы мәліметтер бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашқан сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының шоты бойынша көрсетілуге жатады.

Егер мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актіде өзгеше көзделмесе, сенімгер басқарушы өзіне сеніп тапсырылған акцияларды (акцияны) басқару кезінде:

- 1) акционерлік қоғамды басқаруға қатысады;
- 2) акцияларға тиесілі дивидендтер алады және оларды пайда алушыға береді;
- 3) акционерлік қоғам таратылған жағдайда акцияға тиесілі мүлікті алады және оны шартқа сәйкес пайда алушыға немесе құрылтайшыға береді;
- 4) акцияларды иеліктен айыруды және кепілдікті қоса алғанда, олармен өзге де операцияларды жүзеге асырады.

Бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарудың ерекшелігі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. Ал инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заң актісімен белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады (893-бап).

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сенімгерлікпен басқару, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актіде көзделген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметшінің кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын мүлкі заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша сенімгерлікпен басқаруға берілуге тиіс (895-бап).

## КӨЛІКТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Тасымалдаудың түрлері мен олардың құқықтық реттелуі.**

**Тасымалдау шарты** - ол көліктік міндеттемелерінің пайда болуына әкелдіретін басты негіз болады.

Тасымалдау, объектісіне қарай: жүктерді және жолаушыларды (теңдеме жүктерімен қоса немесе онсыз) тасымалдау болып бөлінеді. Тасымалдау көлігіне қарай - автокөлікпен, темір жолымен, ішкі сулармен, теңізбен, әуе көлігімен тасымалдауға бөлінеді. Бір шарт бойынша тасымалдаушылар санына қарай, тасымалдау: тікелей байланыс бойынша, тікелей аралас байланыс бойынша және жергілікті тасымалдау түрлеріне бөлінеді.

Тасымалдау шарттарының бір түріне жататын көлік экспедициясы шарты бөлек аталады. Сонымен бірге, тасымалдау шартына қарағанда консенсуалды болып танылатын, тасымалдауды ұйымдастыру шарттарын атап өткен жөн, ал тасымалдау шартының өзі - нақтылы (реалды) болады. Тасымалдау шарттарының түріне кіре тарту (буксировка) шартын да жатқызуға болады, ол Қазақстан Республикасы 2002 ж. 17 қаңтардағы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңында көзделген.

Тасымалдау шартының тараптары тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші (егер шарт объектісі жүк болса) және жолаушы (егер жолаушыларды тасымалдау болса) деп аталады. Шарт жай жазбаша нысанда жасалады, ақылы және мерзімді болады. Жазбаша нысаны тәжірибеде тасымалдаушы жүк жөнелтушіге «көліктік-тауарлық құжаты», «коносамент», «жүктік құжат» деген құжаттарды беру арқылы, ал жолаушыларға тиісті көлік түрінде қолданатын билет беру арқылы көрініс табады.

Азаматтық кодекспен қоса тасымалдау келісім шарттары көлік түрлері бойынша арнайы заңдарымен реттеледі, олардың арасында: Қазақстан Республикасы «Көлік туралы», «Темір жол көлігі туралы», «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы», «Автомобиль көлігі туралы» және т.б. заңдары және тасымалдау ережелерін бекітетін көптеген заңға тәуелді актілер.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері тасымалдау объектісіне байланысты болады. Сонымен бірге, тасымалдаушының міндеттері келесі болады: уақытында тасымалдауға жарайтын көлікті беру; егер шартта ол көзделген болса жүкті тиіп алу (немесе түсіріп беру); тиісті мерзімде тиісті орынға жүкті немесе жолаушыны жеткізу. Тасымалдаушы жүкті, жолаушыны және (немесе) теңдеме жүкті тиісті пунктке көлік туралы заң актілерінде айқындалған және оларға сөйкес тасымалдау ережелерінде белгіленген мерзімде жеткізуге міндетті.

Егер жүкті, жолаушыны немесе теңдеме жүкті жеткізу мерзімі белгіленбесе және тараптар бұл мерзімді шартта көздемеген болса, жеткізу қисынды мерзімде жүргізілуі тиіс.

Жүк жөнелтушінің міндеті - жүкті барлық құжаттарымен тасымалдауға беру; тасымалдаушыны жүктің қасиеттері мен сипаты жөнінде ескерту; кіре ақысын төлеу; жүкті қабылдап алу және, егер ол шартта көзделсе, жүкті тиіп, түсіру. Егер жүк жөнелтуші үшінші тұлға болса ол шартты жасауға



катыспайды, бірақта шартты жасаған уақыттан бастап белгілі болады, одан кейін шарт бойынша тараптың құқықтары мен міндеттеріне ие болады және жүкті беруді, шығындарды өтеуді талап етуге құқылы болады.

Тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда, тараптар Азаматтық кодексте, көлік туралы заң актілерінде, өзге заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімінде белгіленгендей жауапты болады.

Көлік ұйымдарының жолаушылармен және жүк жөнелтушілермен (жүк алушылармен) заң актілерінде белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою туралы келісімдері, жүкті тасымалдау кезінде мұндай келісімдер жасау мүмкіндігі көлік туралы заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда, жарамсыз болады.

Тасымалдаушы қабылданған өтінімге (тапсырысқа) немесе өзге шартқа сәйкес жүкті тасымалдау үшін көлікті бермегені үшін, ал жөнелтуші жүкті ұсынбағандығы не өзге себептер бойынша берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін көлік туралы заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімінде белгіленгендей жауапты болады.

Тасымалдаушы және жүкті жөнелтуші көлік құралдары берілмеген немесе уақтылы берілмеген, не көлік құралдары пайдаланылмаған жағдайда, жауаптылықтан келесі жағдайларда босатылады:

- 1) егер ондай орындамаушылық дүлей күштің салдарынан болса;
- 2) орындамаушылық көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленген белгілі бір бағыттарда жүктерді тасымалдауды тоқтатудың немесе шектеудің салдарынан болса;
- 3) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайлардың салдарынан болса.

**Жүкті тасымалдау шарты** бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті тұлғаға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге жүк тиеуге қабылданған өтінімде (тапсырыста), тасымалдау шартында белгіленген мерзімде тиісті жүкті тасымалдауға жарайтын күйінде ақаусыз көлік құралдарын беруге міндетті. Жүк жөнелтуші тиісті жүкті тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартуға құқылы (696-бап).

Жүкті тиеуді (түсіруді) көлік ұйымдары мен жүк жөнелтуші (жүк алушы) көлік туралы заң актілерінде және оларға сәйкес шығарылған ережелерде белгіленген талаптарды сақтай отырып, шартта көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады. Жүк жөнелтушінің (алушының) күшімен және құралдарымен жүзеге асырылатын жүк тиеу (түсіру), егер мұндай мерзімдер көлік туралы заң актілерінде және оларға сәйкес шығарылған ережелерде белгіленбесе, шартта белгіленген мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

**Жолаушы тасымалдау шарты** бойынша тасымалдаушы жолаушыны баратын мекеніне, ал жолаушы теңдеме жүкті тапсырған жағдайда теңдеме жүкті де апаратын мекенге жеткізуді және оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген тұлғаға беруге міндеттенеді; жолаушы жолына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде - теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді.

АК-тің 700-бабы жолаушылардың құқықтарын бекітеді. Көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіп бойынша жолаушының келесі құқықтары белгіленген:

1) өзімен бірге балаларды тегін немесе өзге де жеңілдікті жағдайларда алып жүруге;

2) белгіленген нормалардың шегінде өзімен бірге қол жүгін ақысыз алып жүруге;

3) теңдеме жүкті тариф бойынша ақы төлеп, тасымалдауға тапсыруға.

Жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, егер кідірту немесе кешігу дүлей күштің салдарынан орын алғанын дәлелдемесе, жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді. Жолаушы көлік құралы жөнелтілуінің кідіруі себебінен тасымалдаудан бас тартқан жағдайда, тасымалдаушы жолаушыға кіре ақысын толық көлемінде қайтаруға, сондай-ақ жолаушыға осындай кідіруге байланысты ол шеккен залалдың орнын толтыруға міндетті (704-бап).

Тасымалдаушыға жүкті тасымалдаудан туындайтын талап қоюға дейін оған көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіпте талаптар қойылуы міндетті. Жүк тасымалдаудан туындайтын талаптар бойынша талап қою мерзімі бір жыл деп белгіленеді (706-бап). Ал жолаушыны және теңдеме жүкті тасымалдаудан туындайтын талаптарға жалпы 3-жылдық талап қою мерзімі қолданылады.

Жолаушының өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілуі салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша тасымалдаушының жауапкершілігі, егер заң актілерінде немесе шартта тасымалдаушының жоғары жауапкершілігі көзделмесе, Азаматтық кодекстің зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер туралы (47-Тарау) ережелер бойынша белгіленеді (707-бап).

### **Тасымалдау шартының жекелеген түрлері**

**Тікелей аралас тасымалдау** – ол көлік ұйымдарының жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті әртүрлі көлік түрлерімен бірыңғай көлік құжаты бойынша (тікелей аралас қатынас) тасымалдау, бұл қатынастар тиісті көлік түрлері ұйымдарының арасындағы жасалатын келісімдермен белгіленеді (694-бап). Тасымалдаушылар тікелей аралас қатынаста жүктің жоғалғаны, бүлінгені, зақымданғаны, кем шыққаны үшін жүкті жөнелтушінің (жүк алушының) алдында ортақтасып жауап береді. Ал жүкті жеткізуді кешіктіргені үшін, егер кешіктіру тасымалдаушылардың кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, соңғы тасымалдаушы жауапты болады.

**Кеме жалдау (чартер) шарты** бойынша бір тарап (кемені жалға беруші) басқа тарапқа (кеме жалдаушы) жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүктерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше көлік құралын толық немесе оның сыйымдылығының бір бөлігін бір немесе бірнеше рейске ақы төлеттіріп беруге міндеттенеді (691-бап). Кеме жалдау шартын жасасу тәртібі, сондай-ақ оның нысаны мен түрлері көлік туралы заң актілерімен белгіленеді.

**Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар** (692-бап) жүйелі түрде едәуір ұзақ мерзімде тасымалдауларды жүзеге асыру қажет болған кезде тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші арасында жасалады. Жүктерді тасымалдауларды ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы белгіленген мерзімде жүкті қабылдауға, ал жүк жөнелтуші - келісілген көлемде тасымалдауға жүк беріп тұруға міндеттенеді. Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тасымалдау көлемдері, мерзімдері, сапасы және көлік құралдарын беру мен тасымалдауға жүктерді берудің басқа да жағдайлары, сондай-ақ тасымалдауды ұйымдастырудың заң актілерінде көзделмеген өзге де жағдайлары белгіленеді.

**Көлік ұйымдары арасындағы шарттар (693-бап)** әртүрлі көлік ұйымдары арасында жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы (тораптық келісімдер, жүктерді орталықтандырылған түрде әкелу (әкету) шарты және басқалар) жасалуы мүмкін. Мұндай шарттарды жасасу тәртібі көлік туралы заң актілерімен белгіленеді.

**Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау (695-бап).** Коммерциялық ұйым жүзеге асыратын тасымалдау, егер заң актілерінен, өзге нормативтік құқықтық актілерден немесе осы ұйымға берілген лицензиядан (патенттен) бұл ұйым жолаушыларды, жүктерді және (немесе) теңдеме жүкті кез келген азаматтың немесе заңды тұлғаның өтініші бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға міндетті екені туындайтын болса, жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау болып танылады. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты Азаматтық кодекстің 387-бабымен реттелетін **жария шарт** болып табылады.

### **Әуе көлігімен тасымалдау**

Тасымалдау келісім шарттарының жекелеген түрлерін әрі қарай **әуе көліктерімен тасымалдауды** реттейтін «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы негізінде талдауға алайық. Аталмыш Заңның 74-бабында тасымалдаушы ретінде осы салада қызмет жасауға құқық беретін қолданыстағы сертификаты бар авиакомпаниялар бола алады деп көрсетілген. Әуемен тасымалдауды тұрақты орындайтын әуе компаниялары акционерлік қоғам нысанында құрылады. Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және (немесе) шетелдік заңды тұлғалардың акционерлік қоғам нысанындағы авиакомпанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі қырық тоғыз пайыздан аспауға тиіс. Авиакомпанияда сертификаттау талаптарына сәйкес әуе кемелерінің резервтерін қоса алғанда,

әуе кемелері, әуе кемелерін қауіпсіз пайдалану және оларды ұшуға жарамдылықта ұстау үшін, сондай-ақ авиация персоналын даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру үшін қаржы ресурстары мен мүлкі, әуе кемелерінің ұшуын және көрсетілетін қызметтердің сапасын ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін әуе кемелеріне қосалқы бөлшектерінің қоры болуға тиіс. Сонымен қатар, авиакомпанияның бірінші басшысы лауазымына кандидат азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейтін біліктілік талаптарына сай болуға тиіс.

Келісім шарттың объектілері ретінде 74-бапта жолаушылар, олардың багаждары (теңдеме жүк), жүктер және почта жөнелтілімдері аталған.

Коммерциялық әуе тасымалдары әуе тасымалы шартының негізінде орындалады. Әуе тасымалы шарты авиакомпания не ол уәкілеттік берген тұлғалар (агенттер) беретін тасымалдау құжаттарын ресімдеумен куәландырылады.

Жолаушылардың, багаждың және жүктердің коммерциялық әуе тасымалдары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір жолаушыға жеке билет ресімделеді, ол жолаушының әуемен тасымалдау шартының талаптарымен танысқанын; жолаушы мен авиакомпания арасында әуемен тасымалдау шартының жасалғанын растайды. Билет жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері негізінде ресімделеді.

Авиакомпания әуе кемесінің бортында жолаушыларға қызмет көрсеткен кезде ұсынылатын тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін сақтауға міндетті. Тіркелген багажды тасымалдаған кезде жөнелту және межелі пункттері көрсетілген багаж түбіртегі беріледі.

Жүкті тасымалдаған кезде жөнелту және межелі пункттері, жүктің салмағы, оны тасымалдаудың шарттары көрсетілген жүкқұжаты беріледі. Жөнелтуші мәліметтер ұсынуға және жүк берілгенге дейін Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңнамалық актілерінде белгіленген рәсімдерді орындау үшін алушыға қажет барлық құжаттарды жүкқұжатына қоса беруге тиіс. Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді тасымалдау ерекшеліктері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулықта айқындалады.

Почта жөнелтілімдерін әуемен тасымалдау шарты, оның талаптары және почта жөнелтілімдерін тасымалдауға қабылдау почта жүкқұжатымен куәландырылады.

Тасымалдау құжаттарын ресімдеу қажетті деректерді тасымалдау құжатының электрондық немесе қағаз нысанына қолмен, автоматтандырылған немесе электрондық режимде енгізу арқылы жүзеге асырылады. Брондалғаннан кейін тасымалдау құжатын ресімдеу авиакомпания белгілеген мерзімде жүргізіледі.

Авиакомпания алатын және жолаушыларды, багажды, жүкті және почта жөнелтілімдерін тасымалдау құнына кіретін алымдардың негізгі түрлері

әуежай және отын алымдары болып табылады. Тасымалдауға арналған тариф қолданылатын кезеңде авиациялық отынға жұмсалатын шығындардың өсуін өтеу мақсатында авиакомпания алатын, оны есептеген кезде бұл өсуді ескеру мүмкін болмаған алым отын алымы болып табылады.

Авиакомпания әуежай алымын жолаушыларға әуежайда қызмет көрсету жөніндегі қызметтер құнын өтеу мақсатында енгізеді және алады. Әуежайларда және әуе кемелерінің бортында жолаушыларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Қосымша басқа тілдерді пайдалануға жол беріледі.

Жолаушының құқықтары мен міндеттері қарастырылып отырған Заңның 77-бабында бекітілген, осыған орай **жолаушы келесі құқықтарға ие:**

жолаушылар тасымалы үшін ашық кез келген авиамаршрут бойынша билет алуға;

алынған билетіне сәйкес орын алуға;

белгіленген нормалар шегінде қол жүгі мен багажды өзімен бірге тегін алып өтуге;

тасымалдаушының кінәсінен тасымалдауда үзіліс немесе кідіріс болған, әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейсті ұшырмай тастаған, тасымалдау маршруты өзгертілген кезде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген қызметтерге;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқығы бар.

Сонымен қатар, жолаушының ұшудан бас тартуға және енгізген тасымалдау ақысын әуемен тасымалдау шартында белгіленген мөлшерде қайтарып алуға құқығы бар.

#### **Жолаушылардың міндеттері:**

әуе көлігінде Жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтауға және әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекеттерге жол бермеуге;

авиация персоналының өз қызметтік міндеттерін орындауы кезінде кедергі жасамауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Авиакомпанияның бастамасы бойынша әуемен тасымалдау шарты біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда тоқтатылуға жол беріледі:

1) жолаушы әуе кемесі ұшуының алдында заңнамада белгіленген тексеруден бас тартқан болса;

2) жолаушы Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуемен тасымалдау қағидаларын бұзған болса, және (немесе) жолаушы әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекет жасаған болса;

3) жолаушы өзінің денсаулығына немесе әуе кемесінің бортындағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ басқа жолаушыларға қолайсыз жағдай туғызатын алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаң күйде болса;

4) жолаушылар әуе кемесінің бортында Заңмен көзделген өз міндеттерін орындамаған жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.

Жолаушының алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаң күйде болуы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық куәландыру арқылы расталады.

Жолаушыны әуемен тасымалдау шарты тоқтатылған жағдайда тасымалдау үшін енгізілген төлем әуемен тасымалдау шартында көзделген тәртіппен қайтарылады.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңының 83-бабы әуемен тасымалдау кезінде жолаушының өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін тасымалдаушының жауапкершілігін белгілейді. Осыған орай, тасымалдаушы, егер зиян бой мейтін күштің салдарынан немесе жәбірленушінің ниетінен туындағанын дәлелдемесе, әуемен тасымалдау кезінде жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықты көтереді. Жолаушыны әуемен тасымалдау жолаушы әуе кемесінің бортына отырғызылған кезден бастап, әуе кемесінің ұшқанына немесе ұшпағанына қарамастан, жолаушы әуе кемесінің бортынан шыққан кезге дейінгі кезеңді қамтиды. Халықаралық ұшуды орындаған кезде әуемен тасымалдау кезінде жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жауаптылығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалады.

Ал тіркелген багаждың, жүктің жоғалғаны, жетіспеушілігі және (немесе) зақымданғаны (бүлінгені) үшін, егер багаждың немесе жүктің жоғалғаны, жетіспеушілігі және (немесе) зақымданғаны (бүлінгені) оның кінәсінен болмағандығын дәлелдемесе, тасымалдаушы залалды мынадай мөлшерде өтейді:

1) тасымалдауға құны жарияланбай қабылданған багаждың, жүктің жоғалғаны немесе жетіспеушілігі үшін – әуемен тасымалдау шартында белгіленген мөлшерде;

2) тасымалға құны жарияланып қабылданған багаждың, жүктің жоғалғаны немесе жетіспеушілігі үшін – жарияланған құн мөлшерінде;

3) багаждың, жүктің зақымданғаны үшін – багаждың, жүктің құнының азайған сомасы мөлшерінде, ал зақымданған жүкті немесе багажды қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде – оның құны мөлшерінде өтейді.

Тасымалдаушы жолаушының өзінде болған заттардың жоғалғаны, жетіспеушілігі және (немесе) зақымданғаны (бүлінгені) үшін, егер жолаушы зиян тасымалдаушының кінәсінен болғандығын дәлелдесе, заттар құнының азайған сомасы мөлшерінде залалды өтейді. Халықаралық ұшуды орындаған кезде тіркелген багаждың, жүктің, жолаушының өзінде болған заттардың жоғалғаны, жетіспеушілігі және (немесе) зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауаптылығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалады. Егер багаждың, жүктің бір бөлігінің немесе солардың ішіндегі қандай да бір заттың жоғалғаны,

жетіспеушілігі және (немесе) зақымданғаны (бүлінгені) сол багаж түбіртегінде немесе жүкқұжатында жазылған багаждың немесе жүктің құнына әсер ететін болса, өтем мөлшерін белгілеген кезде бүкіл осы багаждың және (немесе) жүктің жалпы құны ескерілуге тиіс.

Тасымалдаушы жүктің немесе багаждың жоғалуынан, жетіспеушілігінен немесе зақымдануынан (бүлінуінен) келтірілген белгіленген залалды өтеумен қатар, жөнелтушіге (алушыға), егер тасымалдау ақысы жүк құнына кірмейтін болса, жоғалған, жетіспеген, бүлінген немесе зақымданған жүкті немесе багажды тасымалдау үшін алынған ақыны қайтарады.

Аталмыш Заңның 86-бабында тасымалдаушының рейс болмаған немесе кідірген кездегі жолаушы алдындағы жауапкершілігі көзделген. Осыған орай, тасымалдаушының кінәсінен рейс орындалмаған немесе кідірілген, немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірген, орындалмаған кезде тасымалдаушы жолаушылар үшін жөнелту пункттері мен аралық пункттерде мынадай әрекеттер жасауға міндетті:

1) жеті жасқа дейінгі балалы (болған кезде) жолаушыға ана мен бала бөлмесін ұсыну;

2) рейстің жөнелтілуін екі сағаттан аса күткен кезде ұзақтығы бес минуттан аспайтын екі телефон қоңырауын шалу, оның ішінде халықаралық байланыс желісі бойынша қоңырау шалу немесе электрондық почта арқылы екі хабарлама жіберу;

3) рейстің жөнелтілуін екі сағаттан аса күткен кезде салқындатылған сусындармен қамтамасыз ету;

4) рейстің жөнелтілуін төрт сағаттан аса және әрі қарай күткен кезде: күндізгі уақытта - әрбір алты сағат сайын, ал түнгі уақытта әрбір сегіз сағат сайын ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

5) рейстің ұшуын күндізгі уақытта сегіз сағаттан аса және түнгі уақытта алты сағаттан аса күткен кезде тасымалдаушы ұсынған қонақ үйге орналастыру;

6) қонақ үй қосымша ақысы алынбай ұсынылатын жағдайда тасымалдаушы ұсынған көлікпен әуежайдан қонақ үйге дейін және кері қарай жеткізу қызметтерін көрсетуді ұйымдастыруға міндетті. Осы қызметтер жолаушыларға қосымша ақысы алынбай көрсетіледі.

Тасымалдаушының кінәсінен рейс орындалмаған немесе он сағаттан астам мерзімге кідірілетін кезде, жолаушының қалауы бойынша, тасымалдаушы жоғарыда келтірілген қызметтер көрсете отырып, жолаушыны билетте көрсетілген баратын жеріне жақын арада ұшатын рейспен тасымалдауды қамтамасыз етуге немесе жолаушыға билеттің толық құнын қайтаруға міндетті.

Жоғарыда талдауға салынған Заңға қоса, қарастырылып отырған тасымалдау қатынастары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1522 Қаулысымен бекітілген «Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау» Қағидаларымен де реттеледі.

## Теміржол көлігімен тасымалдау

Бұл құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы «Теміржол көлігі туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 799 Қаулысымен бекітілген «Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды темір жол көлігімен тасымалдау» Қағидаларымен реттеледі.

Теміржол көлігінің қызметін пайдалану келісім шарт негізінде жүзеге асырылады және бұл келісім шарттар жария шарттарына жатады, ол туралы жоғарыда аталған Заңда тасымалдаушы «ақысын төлеген және жол жүру немесе багаж, жүк, жүк-багаж және почта жөнелтілімдерін тасымалдарына арналған тасымалдау құжаттарын дұрыс ресімдеген қызмет пайдаланушыларға тасымал жасаудан бас тартуға құқығы жоқ» делінген. Теміржол тасымалдаушысына мұндай шектеулер қойылу себебі – мемлекет деңгейінде темір жол біреу-ақ болады, оның қатарынан екінші темір жол салу тиімсіз болғандықтан, магистральдық теміржол қызметі табиғи монополиялық қызметтерге жатқызылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы кеңістігінде магистральдық теміржол қызметтерін «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы жүзеге асыруда. Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Магистральдық теміржол желісіне жатпайтын теміржолдар жеке пайдалану объектісі болып табылуы және жеке меншікте болуы мүмкін.

**Теміржол көлігімен жүк тасымалдау шарты** теміржол көлігі жүкқұжатын толтыру арқылы ресімделеді. Жүк жөнелтушіге теміржол көлігі жүкқұжатына жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабаны қойылған жүктің қабылданғаны туралы түбіртек берілген кезден бастап жүк тасымалдау шарты жасалды деп есептеледі.

Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушыға әрбір жөнелтілім үшін теміржол көлігі жүкқұжатын, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті жағдайларда өзге де құжаттарды (сертификатты, лицензияны, ветеринариялық сертификатты, кедендік декларацияларды) беруге міндетті. Теміржол көлігі жүкқұжаты мен өзге де тасымалдау құжаттарының нысаны, оларды ресімдеу тәртібі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

Жүк жөнелтуші жүкқұжатқа енгізілген мәліметтердің дұрыстығы, сондай-ақ ол теміржол көлігі жүкқұжатында көрсеткен мәліметтердің қателігі, дәл еместігі немесе толық еместігі нәтижесінде болған барлық зардаптар үшін жауаптылықта болады.

Тасымалдаушы теміржол көлігі жүкқұжатында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексереді, ол үшін жүкке тексеру жүргізуге; жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан, экспедитордан және вагондардың



(контейнерлердің) операторынан заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы алуға; жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор және вагондардың (контейнерлердің) операторы ретіндегі жеке тұлғалардың өз басын куәландыратын құжаттарын тексеруге құқылы.

Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды, контейнерлерді қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімдерде жүк тиеуге беруге және оларды алып кетуге міндетті. Берілген вагондар, контейнерлер мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін жарамды, іші мен сырты тазаланған болуға тиіс.

Вагондарға жүк тиеу тасымалдаушының құралдарымен жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа кезде, мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін жүк жөнелтуші вагондар мен контейнерлердің коммерциялық тұрғыдан жарамдылығын анықтайды. Жүк жөнелтуші тиісті жүктерді тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартуға құқылы.

Жүк тиелген вагондар мен контейнерлер: егер жүкті тасымалдаушы тиеген болса, соның бекіту-пломбалау құрылғыларымен; ал егер жүкті жүк жөнелтуші, порт, айлақ тиеген болса, онда жүк жөнелтушінің, порттың, айлақтың бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбаланады.

Вагондар, контейнерлер кедендік жете тексеру үшін ашылған жағдайда, оларды жаңа бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбалауды мемлекеттік кірістер органдары тасымалдау қағидаларына сәйкес қолдануға рұқсат етілген бекіту-пломбалау құрылғыларының түрлерімен жүзеге асырады. Мемлекеттік кірістер органдары салған бекіту-пломбалау құрылғылары жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының бекіту-пломбалау құрылғыларына теңестіріледі.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк тасымалдау ақысын және тасымалдаушыға тиісті өзге де төлемдерді жүк жөнелтуші немесе экспедитор жүк жөнелтілгенге дейін төлейді. Бұл орайда жүк тасымалдау ақысы жүк тасымалдауы жүзеге асырылатын ең қысқа ара қашықтыққа есептеп алынады. Жүкті тасымалдауға және беруге байланысты түпкілікті есеп айырысуды жүк алушы жүк жеткізілген кезде жүргізеді.

Жүкті жеткізу мерзімдері «Темір жол көлігі туралы» Заңның 48-бабында көзделген. Тасымалдаушы жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау шартында белгіленген мерзімде баратын теміржол станциясына жеткізуге міндетті. Егер жүкті жеткізіп беру мерзімі өткенге дейін ол межелеген пунктке жеткізілсе және жүк алушыға тапсырылса немесе қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдарына жеткізілсе, жүк мерзімінде жеткізілді деп есептеледі. Егер жүктің қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдарына берілуі жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің кінәсінен (түсіру орнының бос болмауы, жүк тасымалдау ақысының және тасымалдаушыға тиісті өзге де төлемдердің төленбеуі) кешіктірілген жағдайда, жүк мерзімінде жеткізілді деп есептеледі.

Жүк жөнелтуші, жүк алушы вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін тасымалдаушыға, ал тиісті шарт болған кезде вагондардың, контейнерлердің иесіне төлеуге міндетті. Төлемнің мөлшері Қазақстан

Республикасының табиғи монополиялар саласын реттейтін заңнамасына сәйкес белгіленеді.

### **Жолаушыны, багажды және жүк-багажды тасымалдау шарты**

Жолаушыны тасымалдау шарты - жол жүру құжатымен (билетпен), багажды тасымалдау - багаж квитанциясымен, жүк-багажды тасымалдау жүк-багаж квитанциясымен ресімделеді.

Тасымалдаушы жолаушы көрсеткен межелі станцияға дейін жол жүру құжатының (билеттің) сатылуын қамтамасыз етуге міндетті. Тасымалдаушы жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды жолаушы агенттіктерінің билет кассалары, электрондық терминалдар және интернет-ресурстар арқылы ұйымдастыра алады. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату және орындарды резервке қою жолаушы тасымалдауларын басқарудың автоматтандырылған жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жолаушыға жол жүру құжатына (билетіне) сәйкес орын бермеген немесе тасымалдауды жалғастырудан бас тартқан тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны баратын жеріне жеткізуге немесе жолаушыға шартты тиісінше орындамаудан келтірілген барлық залалды өтеуге міндетті.

Жол жүру құжаттарының (билеттерінің) нысаны, оларды сату тәртібі мен қолданылу мерзімдері тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

**Жолаушының құқықтары:** поездар жүретін маршруттар бойынша жолаушылар операциялары үшін ашық, өзі атаған баратын станциясына дейін кез келген поезға не кез келген вагонға билет сатып алуға; сатып алған жол жүру құжатына (билетке) сәйкес поездағы вагоннан орын алуға; өзімен бірге жеті жасқа дейінгі бір баланы, егер бала жеке орын алатын болмаса - ақысыз және жеті жастан он бес жасқа дейінгі балаларды жол жүру ақысының елу пайызын төлеп, оларға жеке орын беріп, алып жүруге; бір толық жол жүру құжатына немесе баланың жол жүру құжатына салмағы отыз бес килограмнан аспайтын қол жүгін өзімен бірге ақысыз алып жүруге (салмағы бұдан асатын қол жүгі багаж вагонына тапсырылуға тиіс); белгіленген тәртіп бойынша тасымалдаушыға жол жүру құжатын (билетті) қайтарып тапсыруға және тасымалдаушыдан жол жүру және багажды алып жүру ақысын (ал жөнелтуші - багаж, жүк-багаж тасымалының ақысын) қайтарып алуға; тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін ұзартуға; жол бойында аялдама жасап, тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін он күннен аспайтын мерзімге ұзартуға; бос орындар болған және сатып алынған жол жүру құжатына (билетіне) өзгерістер енгізген жағдайда, жол жүру құжаты (билет) сатып алынған поездан бұрын жүретін жолаушы поезымен жүруге; белгіленген ақысын төлеп, багажын тасымалдауға тапсыруға; жазбаша талап ету бойынша тасымалдаушыдан (билет кассаларынан немесе жолаушылар агенттіктерінен) бұрын сатып алынған жол жүру құжаты (билет) бүлінген, жоғалған жағдайда, Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды тасымалдау қағидаларында белгіленген тәртіппен оның телнұсқасын алуға құқығы бар. Бұрын қайтарылған жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша телнұсқа берілмейді.

Жолаушының міндеттері: қала маңындағы қатынас поездарын қоспағанда, жол жүру құжатын (билет) сатып алған кезде, поезға отырғызу кезінде жол бойында жол жүру құжатын (билетті) тексерген кезде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге; поезға отырғызған кезде және жол үстінде сапар аяқталғанға дейін оның жол жүру құжаты (билеті) болуы; қоғамдық тәртіпті, жолаушы вагондарын және жолаушылар тасымалдауына қызмет көрсетуге арналған объектілерді пайдалану қағидасын сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға және жол жүру барысында да, күту орындарында да өрт қауіпсіздігін сақтауға міндетті.

Тасымалдаушы жолаушыдан немесе жөнелтушіден багажды және жүк-багажды қабылдап алуға және осы операциялар үшін ашық кез келген теміржол станциясына дейін жөнелтуге міндетті. Жөнелтушінің жүк-багажы жол жүру құжатын (билетті) ұсынбай тасымалдау құжаты (жүк-багаждың түбіртегі) бойынша қабылданады. Жөнелтушінің багажы, жүк-багажы таяу арада жүретін багаж вагоны бар поезбен жөнелтіледі. Бұл орайда тасымалдаушы жолаушының багажын, жүк-багажын бірінші кезекте жөнелтуді қамтамасыз етуге міндетті. Жолаушының жол жүру құжатында (билетінде) көрсетілген маршрут бойынша жеткізілетін багаж, жүк-багаж жолаушы отырған поезбен немесе таяу арада жүретін багаж вагоны бар поезбен жөнелтілуге тиіс.

Жолаушы (жөнелтуші) багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға құқылы, ал жүк-багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға міндетті.

Багажбен, жүк-багажбен тасымалдауға өзінің мөлшеріне, буып-түйілуіне және қасиеттеріне қарай багаж вагонына қиындықсыз тиеліп, орналастырылатын және тасымалдаушының мүлкіне және басқа жолаушылардың (жөнелтушілердің) багажына, жүк-багажына зиян келтірмейтін заттар мен нәрселер қабылданады.

Багаж бен жүк-багажды жеткізіп беру мерзімі поездардың жүру кестесіне сәйкес тасымалдау жүзеге асырылатын жолаушы поезының межелі теміржолстанциясына дейін жүру уақытымен айқындалады. Егер багажды, жүк-багажды тасымалдау жол жүру барысында ауыстырып тиеу арқылы жүзеге асырылса, онда жеткізіп беру мерзімі әрбір ауыстырып тиеу үшін бір тәулікке арттырылады. Жолаушыға, алушыға багаж, жүк-багаж баратын станцияда багаж, жүк-багаж квитанциясын және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін беріледі.

Жолаушы, алушы тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша багажды, жүк-багажды алмаған жағдайда, тасымалдаушы оны баратын станцияда, келген күнінен бастап - отыз күн бойы, ал кедендік бақылаудағы багаж бен жүк-багажды он бес күн бойы сақтауға міндетті. Осы мерзім аяқталғаннан кейін, тасымалдаушы багаж бен жүк-багажды уәкілетті мемлекеттік органдардың (мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың) билігіне береді. Осы кезден бастап жолаушы, жөнелтуші, алушы оларға багаждың, жүк-багаждың құнын өтеу немесе оларды алу мәселелері бойынша өтініш жасауға құқылы.

Багаж, жүк-багаж (алып қойылған, тәркіленген, иесіз деп танылған) соттардың және басқа уәкілетті органдардың шешімдері бойынша сатылған жағдайда тасымалдаушының тасымалдау мен сақтауға байланысты шеккен шығыстары сот шешімдерін және басқа уәкілетті органдардың шешімдерін орындауға құзыретті тұлғалардың атқарушылық іс-әрекеттерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстары ретінде өтеледі.

### **Көлік экспедициясы келісім шарты**

Көлік міндеттемелері **көлік экспедициясы шартынан** да туындайды. Көлік экспедициясы шарты бойынша бір тарап (экспедитор) сыйақы үшін басқа тараптың (клиенттің - жүк жөнелтушінің немесе алушының) есебінен жүкті тасымалдауға байланысты экспедиция шартында белгіленген қызмет көрсетулерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүкті тасымалдау шартын жасауға міндеттенеді (АК 708-б., 1-т.).

Экспедитордың қосымша қызметтеріне экспорттық және импорттық құжаттарды алу, кеденде жасалатын әрекеттерді жасау, жүктің санымен жағдайын тексеру, тиіп жөнелту және түсіріп алу, баждар мен төлемдерді төлеу, жүкті сақтау, оны бағыт нүктесінде қабылдап алу және т. б. жатады.

Көлік экспедициясы шарты жазбаша түрде жасалады. Жүк жөнелтуші (алушы) экспедиторға, егер ол оның міндеттерін атқаруға қажет болса, сенімхат беруге тиіс.

Жүк жөнелтуші (алушы) экспедиторға жүктің қасиеттері, оны тасымалдау ережелері туралы құжаттарды, сондай-ақ экспедитордың шартта көзделген міндеттерді орындауына қажетті өзге де ақпаратты беруге міндетті.

Экспедитор жүк жөнелтушіге (алушыға) алған ақпараттың анықталған кемшіліктері туралы хабарлауға, ал ақпарат толық болмаған жағдайда, жүк жөнелтушіден (алушыдан) қажетті қосымша деректерді сұрауға міндетті. Жүк жөнелтуші (алушы) қажетті ақпаратты бермеген жағдайда, экспедитор осындай ақпарат берілгенге дейін өзінің тиісті міндеттерін атқаруға кіріспеуге құқылы.

Егер экспедиция шартынан экспедитордың өз міндеттерін жеке өзінің атқаруы міндеті туындамаса, экспедитор өз міндеттерін орындауға басқа тұлғаларды тартуға құқылы. Міндеттеменің орындалуын үшінші тұлғаға жүктеу экспедиторды шарттың орындалуы үшін клиенттің алдындағы жауаптылықтан босатпайды.

Экспедитор жүкті тек оның экспедициялық қызмет көрсетулері үшін алуы тиіс сыйақының төленбеуіне байланысты оған берілген мүлікті ұстап қалуға құқылы.

Мысал ретінде Қазақстан Республикасы бұрынғы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 28 шілдедегі № 296-І бұйрығымен бекітілген «Экспедитор қызметін ұсыну ережесін» қарастыруға болады. Бұл ережеге сәйкес экспедитор мен клиенттің қарым-қатынастары жазбаша нысанда жасасатын көліктік экспедиция шартының ережелері негізінде құрылады. Темір

жол көлігіндегі экспедиторлық қызмет мынадай қызметтерді көрсету арқылы жүзеге асырылады:

- 1) клиент атынан немесе өзінің атынан тасымалдау шартын жасасу;
- 2) жүк тасымалын жөнелту орнынан жеткізу орнына дейін ұйымдастыру;
- 3) көліктік темір жол жүкқұжатын және (немесе) тасымалдау құжаттарының жинағын, соның ішінде бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
- 4) жүкті басқа мекен-жайға жіберуге өтінімді ресімдеу;
- 5) жүкті тасымалдауға беру;
- 6) жүкті қабылдау;
- 7) жүкті клиенттің қоймасынан темір жол станциясына дейін және темір жол станциясынан клиенттің қоймасына дейін жеткізу;
- 8) темір жол станциясында және клиенттің қоймаларында жүкті тиеуді (түсіруді), қайта тиеуді ұйымдастыру;
- 9) жүкті сорттау;
- 10) жөнелтулерді жинақтау (жүкті шоғырландыру/тарату);
- 11) жүкті таңбалау, қайта таңбалау, орау;
- 12) көліктік ыдыс пен орамды жөндеу;
- 13) жүктің жөнелтілуі, қозғалысы (соның ішінде жүктің шекарадан өтуі), келуі және берілуі туралы, сондай-ақ жүк аудару пункттерінде жүктің басқа көлік құралдарына қайта тиелуі туралы клиенттерге хабарлау;
- 14) жүктің жол бойымен қозғалысын бақылау;
- 15) клиенттерді алмалы-салмалы жабдықтармен және жүкті тасымалдауға қажетті контейнерлермен қамтамасыз ету;
- 16) клиенттер мен тасымалдаушыға бекіту-пломбылау құрылғыларын беру;
- 17) тасымалдау төлемдерін, алымдар мен айыппұлды, тиеу-түсіру, қоймалық және өзге жұмыстарды есептеу және төлеу;
- 18) коммерциялық актіге қол қою;
- 19) коммерциялық актілер және өзге құжаттардың негізінде талап-арыздарды ресімдеу;
- 20) жүкті тиеу және бекітудің техникалық шарттарын әзірлеу және тасымалдаушымен келісу;
- 21) жүктерді сақтау, қоймалау;
- 22) жүкке жол бойында ілесіп жүру және/немесе күзетуді ұйымдастыру;
- 23) жеткізу мерзімдері аяқталғаннан кейін жоғалған жүкті іздеу;
- 24) жүкті тасымалдау саласындағы консультациялық қызметтер көрсету;
- 25) кедендік құжаттарды ресімдеу;
- 26) жүкті тасымалдауға байланысты өзге қызметтер көрсету.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Жұбанов Астана-Ақтау пойызының плацкарт вагонына билет сатып алды. Вагонға келісімен, ол өзінің орнында қолында осы орынға билеті бар өзге

бір жолаушының бар екенін біледі. Жұбанов өзінің орнын босатуды немесе өзге орын ұсынуын талап етуді сұрайды. Вагонда бос орындар болмағандықтан жолсерік Жұбановқа көрші вагонға, қалауы болса билет құнының айырмашылығын төлей отырып, купелі орынға өтуін ұсынды. Жұбанов купе орнына орналасты, дегенмен, билет құнының айырмашылығын төлеуден бас тартты.

*Бұл келіспеушілікте кімдікі дұрыс?*

*Билетте көрсетілген орынды ұсынбаған жағдайда жолаушының құқықтарын атап өтіңіз.*

2. Алматыдағы «Ауыр машина жасау зауыты» Атыраудағы «Көлік көтергіш жабдықтар зауытына» теңіз кемелеріне жүк тиейтін порталды крандар үшін электр моторларын жөнелтеді. Жүк мерзімінен 10 күн кешігіп келеді. Моторлардың уақытында жеткізілмеу себебінен «Көлік көтергіш жабдықтар зауыты» Атырау портына крандарды жасап жеткізу міндеттемесін орындай алмай қалады да, соңғысына шартты орындау мерзімін бұзғаны үшін айып төлейді. Осыған байланысты «Көлік көтергіш жабдықтар зауыты» Темір жол ұйымынан жүкті (электрмоторларды) кешіктіріп жеткізгені үшін айып төлеуді және сатып алушыға крандарды мерзімінен кешіктіріп жеткізгені үшін төлеген 500 мың теңге айыппұлдар шығындарының орнын толдыруды талап етеді.

- 1. Бұл жағдайда қандай азаматтық қатынастар қалыптасқан?*
- 2. Ситуация қандай келісім шарттарды сипаттайды?*
- 3. Зауыт талаптарын қанағаттандыруға бола ма?*
- 4. Толық жауабын беріңіз*

3. Қаражанов жүк тасымалдау шарты бойынша жүктің құндылығын жариялап жөнелтеді. Жеткізу станциясына келген жүкті алған кезде Қаражанов жіберген заттардың орнына еш керегі жоқ бөтен заттар табылғаны анықталды. Бұл жағдай жеткізу станциясында жасалған коммерциялық актімен куәландырылды. Қаражанов темір жолға Қаражанов белгілеген жүк құндылығынан екі есе көп екенін дәлелдейтін тауар чегін көрсетіп, жоғалған заттардың нақты құнын өтеу туралы арыз жазады.

*Темір жол жүктің жоғалуы үшін қанай көлемде жауапты болады? Қаражанов жүкті құндылығын жарияламай бергенде шешім өзгереді ме?*

*Жоғалған жүктің құнын өтеу туралы талап қай тасымалдаушыға (жөнелту орны бойынша әлде жеткізу орны бойынша) беріледі?*

## ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Қаржылық міндеттемелері** заем (қарыз) шартынан және оның түрлерінен, банктік келісім шарттарынан туындайды.

### **Заем (қарыз) келісім шарты**

**Заем (қарыз) шарты** бойынша бір тарап (заем, қарыз беруші) басқа тараптың (заемшының) меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына) ақша немесе тектік белгілерімен айқындалған заттарды береді (беруге міндеттенеді), ал заемшы заем берушіге дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенеді (ҚР АҚ 715-б.).

Шарттың нысанасы (пәні, заты) - тектік белгілерімен айқындалған және тұтынылатын мүлікті (ақшаны немесе өзге заттарды) беру болып танылады. Заем шартының мүлікті жалдау шартынан негізгі айрмашылығы осыда болады. Заем түрлеріне аванс, несие беру, төлемді кейінге қалдыру, төлемді бөліп төлеуге рұқсат беру, алдын ала төлеу жатады.

Заңды тұлғалар мен азаматтарға кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан заем түрінде ақша тартуға **тыйым салынады** және мұндай шарттар олар жасалған кезден бастап жарамсыз деп танылады. Бұл **тыйым салу** заемшылар депозиттер қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар банктер болған жағдайларда, сондай-ақ шығарылуы заңдарда белгіленген тәртіппен тіркелген бағалы қағаздарға ақшаны айырбасқа қабылдау жағдайларында қолданылмайды.

Заем келісім шартының нысаны мәміле нысандары туралы ҚР АҚ-нің 151-152 баптарында көзделген жалпы ережелерге бағынады. Заем шарты заемшының облигациясы, қолхаты немесе оған заем берушінің белгілі бір соманы немесе заттардың белгілі бір мөлшерін бергендігін куәландыратын өзге де құжат болған жағдайда да тиісті жазбаша нысанда жасалды деп танылады.

Шарт біржақты болады, өйткені зат немесе ақша берілгеннен кейін міндет (алғанын тиісті уақытында қайтару) тек заем алушыға жүктеледі, ал заем берушіде тек заемды қайтаруды талап ету құқығы ғана болады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасыз болады және заемшы алынған заем нысанасын өз қалауы бойынша пайдаланады. Келісім шартта заем нысаналы болуы да көзделуіне болады, ол тараптардың келісіміне байланысты. Шарт заемшының заем нысанасын белгілі бір мақсатқа пайдалануы шартымен (нысаналы заем) жасалған жағдайда, заем берушінің заемның нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар, ал заемшы заем берушінің осындай бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Заемшы заем нысанасын нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда заем беруші заем нысанасының берілмеген бөлігіне қатысты шартты орындаудан бас тартуға және заемшыдан заем нысанасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

Заем нысанасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау Азаматтық кодексте көзделген әдістермен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Бұл жағдайда заемшы, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заем берушіге заемның қамтамасыз етілуін бақылауға мүмкіндік беруге міндетті (721-бап).

Заем шарты реалды болғандықтан, егер заңнамада немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ақша немесе заттар берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі. Шартта ақшаны немесе заттарды бөлшектеп (бөліп-бөліп) беру көзделген жағдайларда, егер шартта өзгеше көзделмесе, олардың бірінші бөлігі берілген кезден бастап шарт жасалды деп есептеледі.

Заем шарты бойынша сыйақы (718-бап): егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасын пайдаланғаны үшін заемшы шартта белгіленген мөлшерде заем берушіге сыйақы төлейді. Егер заем шарты бойынша заемшыға заттар берілсе, сыйақы төлеу олардың көлемі мен нысаны (ақшалай немесе заттай) шартта көзделген жағдайда жүргізіледі. Сыйақы төлеудің тәртібі мен мерзімі заем шартында белгіленеді. Егер сыйақы төлеу тәртібі мен мерзімі шартта белгіленбесе, ол ай сайын төленеді. Егер заемшы заем нысанасын мерзімінде қайтармаса, сыйақы заем нысанасын пайдаланған бүкіл кезеңге төленеді.

Заем нысанасы шартта көзделген мерзімде, мөлшерде және жағдайда беріледі. Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасы оны заемшыға берген немесе оның банктегі шотына тиісті ақша қаражаты есептелген кезден бастап берілген деп есептеледі. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заемшы заем берудің шартта белгіленген мерзіміне дейін заем берушіні бұл туралы хабардар ете отырып, заем алудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы. Тектік белгілерімен айқындалатын заттарды заемға берген кезде олардың саны, түр-түрі, жинақтылығы, сапасы, ыдысы және (немесе) буып-түйілуі туралы шарттарды орындау, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарларды сатып алу-сату шарттары туралы (406-492-баптар) ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Заемшы шартта көзделген тәртіппен және мерзімде заем нысанасын қайтаруға міндетті (722-бап). Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасы оны заем берушіге берген немесе оның банктегі шотына тиісті ақша есептелген кезде қайтарылды деп есептеледі.

Егер заем нысанасын қайтару мерзімі шартта белгіленбесе, оны заемшы ол туралы заем беруші талап еткен күннен бастап **отыз күн ішінде** қайтаруы тиіс.

Сыйақы төлеу туралы шартсыз берілген заем нысанасы мерзімінен бұрын қайтарылуы мүмкін. Сыйақы төлеу шартымен берілген заем нысанасы заем берушінің келісімімен, не, егер ол шартта көзделсе, мерзімінен бұрын қайтарылуы мүмкін. Егер шартта өзгеше белгіленбесе, заем бойынша сыйақы кез келген уақытта мерзімінен бұрын төленуі мүмкін.

Заем берушінің келісімімен заемшының міндеттемелері: ақша заемы шарты бойынша - борыш есебіне тектік белгілерімен айқындалған заттарды қабылдаумен; заттар заемы шарты бойынша - борыштың есебіне ақша қабылдаумен орындалуы мүмкін. Аталған заттардың құны тараптардың келісімімен айқындалады. Егер шартта заемды бөлшектеп (бөліп-бөліп) қайтару



көзделсе, заемшы заем нысанасының кезекті бөлігін қайтару үшін белгіленген мерзімді бұзған жағдайда заем беруші заем нысанасының қалған барлық бөлігінің тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы. Егер шартта заем бойынша сыйақыны заем нысанасының өзін қайтару мерзімдерінен бұрын төлеу көзделсе, сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзім бұзылған жағдайда заем беруші заемшыдан заем нысанасын тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

Заемшы заем берушіден өзінің заем нысанасын (ақшаны немесе заттарды) іс жүзінде алмағандығын немесе шартта көрсетілгеннен аз мөлшерде немесе аз санда алынғанын дәлелдей отырып, заем шартын даулауға құқылы. Азаматтық кодекстің 716-бабында көзделгендей, заем шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс жағдайларда келісім шарт алдаудың, күш қолданудың, қорқытудың, тараптар өкілдерінің қаскүнемдік келісімінің немесе ауыр мән-жайлар тоғысуының ықпалымен жасалған жағдайларды қоспағанда (ҚР АҚ-н 159-бабының 9 және 10-тармақтары), оны **куәгерлік айғақтар арқылы даулауға жол берілмейді.**

Заем шартында міндеттемені жаңалау да болады. Сатып алу-сату, мүлікті жалға алу немесе өзге негіздегі мәмілелерден пайда болған кез келген міндеттеме тараптардың келісімі бойынша заем шартымен жаңаланып ресімделуі мүмкін. Міндеттемені заем шартына ресімдеп жаңалау туралы талаптарды (Азаматтық кодекстің 372-бабы) сақтай отырып жүзеге асырылады және заем шарты үшін Азаматтық кодекстің 716-бабында көзделген нысанда жасалады.

### **Заемнің (қарыз) келісім шартының жекелеген түрлері.**

Заңда заемның келесі түрлері аталады: мемлекеттік заем және банктік заем. Одан басқа қарыз қатынастары несие беру, факторинг шартынан, алдын ала төлеу, бөлшектеп төлеу, т.б. құқықтық қатынастарды да қамтиды.

Мемлекеттік заем шарты Азаматтық кодексінің 726-бабында көзделген. Мемлекеттік заем шарты бойынша заемшы - мемлекет, ал заем беруші – тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті жеке тұлға немесе заңды тұлға болады. Мемлекеттік заемдар ерікті болып табылады.

Мемлекеттік заем шарты заем алушының шығарылған мемлекеттік облигацияларды, сондай-ақ заем берушінің заемшыдан одан қарызға берілген ақшаны немесе заем талаптарына байланысты өзге де мүліктік баламаны, белгіленген сыйақыны немесе өзге де мүліктік құқықтарды осы заемды айналымға шығару шарттарында көзделген мерзімде алу құқығын куәландыратын басқа да мемлекеттік бағалы қағаздарды (құжаттық немесе құжаттық емес) алу жолымен жасалады.

Мемлекеттік заем шартынан туындайтын өз міндеттемелері бойынша, заемшы (Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе әкімшілік аумақтық бөліністер, Ұлттық Банк) тиісті қазынаның мүлкімен жауап береді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік заем қатынастарына қатысу ерекшеліктері заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының 2008 ж. 4 желтоқсанда қабылданған Бюджеттік кодексінің 200-бабына сәйкес мемлекеттік қарыздардың (заем) төмендегідей түрлері мен нысандары бекітілген.

Қарыз алушыға (заемшыға) қатысты алғанда: Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыздары; жергілікті атқарушы органдардың қарыздары болып бөлінеді.

Несие капиталының нарықтарына қарай мемлекеттік қарыздар мемлекеттік сыртқы қарыздар және мемлекеттік ішкі қарыздар болып бөлінеді.

Қарыз алу нысаны бойынша мемлекеттік қарыздар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару, қарыз шарттарын жасасу болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар қолданылу мерзімі бойынша:

- 1) 1 жылға дейінгі айналыс мерзімімен қысқа мерзімді;
- 2) 1 жылдан 5 жылға дейінгі айналыс мерзімімен орта мерзімді;
- 3) 5 жылдан артық айналыс мерзімімен ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару мақсаттары бойынша:

- 1) бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында шығарылатын;
- 2) борыштық құралдардың ішкі нарығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында шығарылатын болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар құжаттамалық және құжаттамалық емес нысанда шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар ұсынушыға арналып құжаттамалық нысанда ғана шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар нақты және дисконттық құны бойынша сыйақының тіркелген және тіркелмеген (құбылмалы) мөлшерлемесімен шығарылуы мүмкін.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Омаров қарыз шарты бойынша Досановтан Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сәйкес ай сайын пайызын төлеу шартымен 5 жылға 500 мың теңге алады. Бірінші жылы бұл пайыздарды төлеп отырды, артынан Омаров Досановқа қарызға алған ақшаның қалған құнын толық осы жолы қайтаруға шешім қабылдайды. Омаров бұған келіспейді, ақшаны қарызға алу шартының әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін ғана аламын дейді.

*Жеке тұлғалардың арасындағы заем шарты бойынша сыйақы төлеу заңда көзделген бе?*

*Дауды шешіңіз.*

2. Л. және П. арасында бекітілген заем шартына сәйкес соңғысы Л-дан 5 миллион тенгені қарызға алады. Қарызды қайтаруды қамтамасыз ету үшін кепіл шарты жасалған болатын. Кепіл заты болып П-ның атына тіркелген тұрғын үй болатын. Кепіл шарты мен заем шарты жазбаша нысанда жасалған болатын,

бірақ та кепіл шарты нотариалды түрде куәландырылған жоқ. Қарыздың сомасын уақытында алмаған Л. сотқа кепілге салынған үйді өз меншігіне өндіріп алу туралы арызбен жүгінеді. Сотқа П-ң әйелі арызбен жүгінеді, арызында ол үйдің неке барысында салынғандығы туралы және де оның ортақ мүлік екендігі туралы мәлімдейді. Ол өзіне тиісті бөлігін кепілге салуға келісімін берген жоқ.

*Кепіл шарты мен заем шартының нысандары қандай болу керек?*

*Жұбайлардың ортақ меншік құқығы туралы қандай ережелер білесіз?*

*Заемды қайтаруды қамтамасыз ететін кепілге берілген мүлік кредитордың меншігіне бірден ауысуға бола ма?*

*Заем берген кредитордың құқықтары осы жағдайда қалайша жүзеге асырылады?*

**Банк заемы (қарыз) келісім шарты** осы құралдың «Банктік қызметтерін көрсету келісім шарттары» тарауында қарастырылған.

## **Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) келісім шарты**

Заем шартының түріне **факторинг немесе ақшалай талапты беріп қаржыландыру келісім шарты** жатады, оның негізінде рим құқығындағы цессия (несие берушіні/кредиторды ауыстыру) болады.

**Шарттың түсінігі.** Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты бойынша бір тарап - қаржы агенті (фактор) ақшаны басқа тараптың (клиенттің) билігіне береді немесе беруге міндеттенеді, ал клиент қаржы агентіне клиенттің (несие берушінің, кредитордың) осы үшінші тұлғамен (борышқормен) қатынастарынан туындайтын өзінің ақшалай талабын береді немесе беруге міндеттенеді (ҚР АҚ 729-б.). Яғни, клиент қаржы агентіне (факторға) өзінің борышкеріне деген талап ету құқығын аударады. Аудару заты – қаржыландыру алу мақсатында аударылатын, сол кезде бар немесе алдағы уақытта пайда болатын талап (алдағы уақытта ақша алу құқығы) болады.

Клиент қаржы агентіне аударылатын талап жарамды болуы тиіс. Келісім шарт консенсуалды да, нақтылы (реалды) да болуы мүмкін. Шарт мерзімі тараптардың келісімімен бекітіледі. Шарттың бағасы – ол клиенттің борышкерге аударылған талабының құны болып танылады.

**Тараптардың құқықтары мен міндеттері.** Қаржы агентінің міндеттеріне клиентті қаржыландыру; шартта көзделген жағдайларда, бухгалтерлік есептерді жүргізу үшін, клиенттен құжаттарын қабылдап алу; клиентке өзге де қаржылық қызмет көрсету және т.б. жатады. Клиенттің міндеті – қаржы агентіне (факторға) ақшалай талапты аудару және оның жарамдылығын қамтамасыз ету. Және де клиент пен фактор борышқорды несие берушінің ауыстырылуы жөнінде ескертуі қажет.

Борышқордың қаржы агентіне ақшалай талапты орындауы Азаматтық кодекстің 735-бабында көзделген. Борышқор қаржы агентіне ол клиенттен немесе қаржы агентінен ақшалай талаптың аталған қаржы агентіне берілгендігі туралы жазбаша хабарлама алған жағдайда төлем жүргізуге міндетті. Хабарламада орындалуға жататын ақшалай талап нақты белгіленуге және төлем жүргізілуі тиіс қаржы агенті көрсетілуі керек.

Борышқордың өтініші бойынша қаржы агенті қисынды мерзімде борышқорға ақшалай талаптың қаржы агентіне шындығында берілгеніне дәлелдеме ұсынуға міндетті. Егер қаржы агенті бұл міндетті орындамаса, борышқор клиенттің алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау үшін оған аталған талап бойынша бұрынғы кредиторына төлем жүргізуге құқылы.

Борышқордың қаржы агенті алдында ақшалай талапты орындауы оны клиенттің алдындағы тиісті міндеттемелерінен босатады.

Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша клиентті қаржыландыру одан осы талапты қаржы агентінің сатып алуы жолымен жүзеге асырылса, соңғысы борышқордан талапты орындау үшін алатын барлық сомаға құқықты иемденеді, ал клиент өзі алған сома қаржы агенті клиентке төлеген сомадан аз болғаны үшін қаржы агенті алдында жауап бермейді.

Егер қаржы агентіне ақшалай талапты беру клиенттің агент алдындағы өзінің міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету әдісі ретінде жүзеге асырылса

және талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, қаржы агенті клиентке есеп табыс етуге және оған талапты беріп қамтамасыз етілген клиент міндеттемелері сомасынан асатын соманы беруге міндетті. Егер қаржы агенті борышқордан алған ақша клиенттің қаржы агентіне талапты берумен қамтамасыз етілген міндеттемелері сомасынан аз болып шықса, клиент қаржы агентінің алдында міндеттемелердің қалған бөліктері бойынша өзі жауапты болады.

Азаматтық кодексінің 370-бабы бойынша міндеттеме мерзімі жеткен, не мерзімі көрсетілмеген, немесе мерзімі талап ету кезімен белгіленген біртектес қарсы талапты есепке жатқызу арқылы толық немесе бөлік-бөлігімен тоқтатылуына болады. Есепке жатқызуға бір тараптың өтініші жеткілікті делінген. Осыған орай, 737-бапта келесі ереже бекітілген: қаржы агенті борышқорға төлем жүргізуді талап еткен жағдайда борышқор талаптың қаржы агентіне берілгені туралы жазбаша хабарламаны өзі алған уақытта борышқорда болған, клиентпен борышқор арасындағы шартқа негізделген өзінің ақшалай талаптарын есепке алуға ұсынуға құқылы.

Бірақта клиент борышқор алдында міндеттемелері бар екені туралы оған хабарламаса, қаржы агенті борышқордың қарсы талабын есепке алудан бас тартуға құқылы.

Клиент борышқормен жасалған шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, соңғысы агентке ауысқан талаптар бойынша өзі төлеген сомаларды, егер борышқордың осындай соманы тікелей клиенттен алуға құқығы болса, қайтаруды қаржы агентінен талап етуге құқығы жоқ. Талапты берудің нәтижесінде қаржы агентіне төленген соманы тікелей клиенттен алуға құқығы бар борышқордың қаржы агентінен бұл сомаларды қайтаруды, егер соңғысының клиент алдындағы талаптың берілуі бойынша оны қаржыландыруды жүзеге асырудағы міндеттерін орындамағаны не борышқордың алдындағы талаптың берілуіне байланысты қаржыландыруға жататын міндеттемені клиенттің орындамағанын біле тұра қаржыландыруды жүргізгені дәлелденсе, дегенмен де талап етуге құқылы.

Факторингтік қатынастарға ұқсас қатынастар Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» Заңында көзделген. Аталған Заң бойынша секьюритилендіру – ол бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды шығару арқылы ақшалай талап етуді беруге орай қаржыландыру, ал секьюритилендіру мәмілесі дегеніміз - арнайы қаржы компаниясының талап ету құқығын алуы және бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды шығаруы.

Азаматтық кодексінің 738-1-бабы бойынша факторинг келісім шарты туралы ережелері, егер Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, секьюритилендіру мәмілелеріне де қолданылады.

Келісім шарттың нысанасы болып табылатын ақшалай талаптың жарамсыздығы үшін қаржы агентінің алдында клиент жауапты болады (732-бап). Егер клиент ақшалай талапты беру кезінде борышқордың ол талапты

орындамауға құқығы болатын мән-жайлар оған белгісіз болса, беру нысанасы болып табылатын ақшалай талап жарамды деп танылады. Қаржы агенті борышқорға орындауды ұсынған жағдайда беру нысанасы болып табылатын талапты борышқордың орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін клиент жауап бермейді.

Бұл келісім шарт тиісінше орындаумен тоқтатылады немесе тараптардың келісімі бойынша, және сот шешімі бойынша тоқтатылады.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

Дара кәсіпкер Омаров өзінің «АлыпБанк» банкінің алдындағы несие бойынша қарызын өтеу мақсатымен осы банкіге өзінің борышкері дара кәсіпкер Қилымовқа ақшалай талабын береді. Қилымов Омаровпен жасаған сатып алу – сату шарты бойынша одан тауарлар сатып алған, ал сол тауарлар үшін төлем жасау мерзімі екі күн бұрын басталып қойған.

Банк Қилымовқа ақшалай талапты орындауды өте қатаң нысанда қояды, сондықтан Қилымов Омаровтан алған тауарлардың әлі сатылып үлгерілмеген бөлігін өте төмен бағамен сатып жіберуге мәжбүр болып, бұрын Омаровқа тауарлар үшін төлеуге тиесілі соманы банкке төлейді.

Осыдан кейін Қилымов Омаровтан соңғысы шарт жағдайларын бұзғандығы үшін келтірілген шығындарын өтеуді талап етеді, себебі шарт бойынша кредитор өз талабын ауыстыру құқығына тыйым салынған болатын.

- 1. Омаровтың банкпен жасасқан келісім шарты заңға сәйкес келе ме?*
- 2. Қилымовтың талаптары туралы қандай пікір айта аласыз?*
- 3. Соттың шешімі қандай болады?*

## БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ КЕЛІСІМ ШАРТТАРЫ

### Банктік қызметтер көрсету келісім шарттары бойынша жалпы ережелер

Банктік қызметтер көрсету келісім шарттарына «Банктік қызмет көрсету» жөніндегі ҚР АҚ-нің 38 Тарауы арналған.

Келісім шарттың түсінігі. *Банктік қызмет көрсету шарты бойынша* бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) тапсырмасы бойынша банктік қызмет көрсетуге, ал клиент, егер шартта өзгеше көзделмесе, осы көрсетілген қызметке ақы төлеуге міндеттенеді.

Банктік қызметтері банктік шот, ақша аудару туралы, банк салымы шарттарынан және өзге де шарттардан тұрады (ҚР АҚ 739-б.). Азаматтық кодекспен қоса банктік қызмет көрсету арнайы заңдармен реттеледі. Мысалы, «Ұлттық банкі туралы», «ҚР банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер мен ақша аудару туралы» заңдармен және көптеген заңға тәуелді актілермен реттеледі. Бұл шарттарды орындаудағы банктердің негізгі міндеттерінің бірі - банктік құпияны сақтау болады (ҚР АҚ 745-б.).

Барлық банктік қызметтерге төмендегідей жалпы ережелер белгіленеді.

Заңды тұлғалар мен азаматтардың банктердегі ақшаларына тыйым салуды тек соттар, тергеу және анықтау органдары, атқарушылық іс жүргізу органдары өздерінің іс жүргізуіндегі қылмыстық және азаматтық істер және атқарушылық іс жүргізу істері бойынша қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу, атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда белгіленген тәртіппен және негіздерде жүзеге асыра алады. Заңды тұлғалар мен азаматтардың банктердегі ақшаларына тыйым салу мерзімі тиісті істерді жүргізу үшін қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген мерзімдерден аспауға тиіс. Тергеу органдары мен анықтау органдарының клиенттің ақшасына тыйым салу туралы шешімдеріне заң актілерінде белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін (740-бап).

Клиенттің келісімінсіз банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы ақшаларын алып қою тек қана заңды күшіне енген сот актісі негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық, Кеден кодекстерінде және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жүргізілуі мүмкін (741-бап).

Клиенттің банктегі ақшасы клиентке қойылған барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған жағдайда сол ақшадан төлемдер жүргізу клиенттің немесе өзге құзіретті тұлғалардың өкімдері түсу ретіне қарай жүзеге асырылады (күнтізбелік кезектілік), егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе (742-баптың 1-тармағы). Ал егер клиенттің банктегі ақшасы клиентке қойылған кезекті талапты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, банк клиенттің пайдасына түсетін ақшаны жинақтай отырып, төлеуге тиесілі соманы талапты қанағаттандыруға жеткілікті ету үшін қалыптастырады.

Клиентке бірнеше талап қойылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, банк клиенттің ақшасын мынадай кезектілік бойынша алуды жүргізеді:

1) бірінші кезекте адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өтеу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқарушы құжаттар бойынша ақша алу жүзеге асырылады;

2) екінші кезекте еңбек шарты жұмыс істейтін адамдармен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбекақы төлеу жөніндегі, авторлық шарт бойынша сыйлықақы төлеу, клиенттің міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына және міндетті әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін ақша алуды көздейтін атқару құжаттары бойынша ақша алу жүргізіледі;

3) үшінші кезекте клиенттің бюджет алдындағы міндеттемелері бойынша ақша алу жүргізіледі;

4) төртінші кезекте басқа да ақшалай талаптарын қанағаттандыру көзделген атқарушы құжаттар бойынша ақша алу жүргізіледі;

5) бесінші кезекте клиентке қойылған басқа да талаптарды қанағаттандыру үшін күнтізбелік кезектілік тәртібімен ақша алу жүргізіледі.

Бір кезекке жататын талаптар бойынша банктен ақша төлеу тиісті құжаттардың түскен уақыты бойынша кезектілікпен жүргізіледі.

Егер банктік клиенті болып табылатын заңды тұлға таратылатын болса, кредиторлардың талабын қанағаттандыру Азаматтық кодекстің 51-бабында көзделген кезектілікпен жүргізіледі.

Клиент міндеті - банктік қызмет көрсету шарты бойынша өзіне банк көрсеткен қызметтерге шартта көзделген ережелер мен тәртіп бойынша ақы төлеу.

Банк банктік құпияны жария етпеуге кепілдік береді. Банк құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесі және оны беру негіздері банк қызметін реттейтін заң актілерімен белгіленеді (745-бап).

Азаматтық кодекстің 743-бабына сәйкес банктік қызмет көрсетудің жекелеген түрлерін банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыра алатын ұйымдар көрсетуге құқылы. Мұндай ұйымдардың банктік қызметтің жекелеген түрлерін көрсетуі Азаматтық Кодекспен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Банктер және банк қызметтерінің (операцияларының) жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар клиенттерге банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заң актілерінде және банктік қызмет көрсету шарттарында белгіленген шекте жауап береді.



## Банктік шот келісім шарты

Банк қызметін көрсету жөніндегі шарттардың негізгі және жиі кездесетін түрі - **банктік шот шарты** болады. Біздің пікірімізше, өзге нормативтік құқықтық актілерде көрсетілгендей, бұл келісім шарт «банктік есепшот келісім шарты» деп аталу қажет. Ол шарт бойынша бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) пайдасына түсетін ақшаны қабылдауға, клиенттің клиентке немесе үшінші тұлғаларға ақшаның тиісті сомаларын аудару (беру) туралы өкімдерін орындауға және банктік шот шартында көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

Банк клиент есебіндегі ақшаны пайдалануына болады, бірақта клиенттің өз ақшасын ешбір кедергісіз басқару және кез келген уақытта талап етіп алу құқығын қамтамасыз ететіні жөнінде кепіл береді. Клиенттің шотындағы ақшасын пайдаланғаны үшін банк оған пайыз төлейді. Банктің немесе өзге де банк мекемесінің бұл қызметті көрсетуге құқық беретін лицензиясы болуы қажет.

Шарт консенсуалды, ақылы, екі тарапты және мерзімсіз болады. Келісім шарттың нысаны міндетті жазбаша, ал жазбаша түрін сақтамау осы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға санатындағы клиенттер өз ақшаларын бір ыңғайландырылған дербес код беру арқылы олардың атына ашылған шот арқылы сақтауға және есеп жүргізуге (төлемдер төлеу, қабылдау) міндеттенеді. Клиенттің бір ыңғайландырылған дербес кодын беру, жою, банктің клиент ақшасына есеп жүргізу тәртібі банктік заңнамалармен белгіленеді.

Банк клиенттері заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін, соның ішінде кәмелетке толмағандар да болады (ҚР АҚ 25-б.). Клиенттер осы қызмет көрсету банктерін өз бетінше таңдайды және олар банктік шот шартын бір банкпен де, бірнеше банкпен де жасауға құқылы (АҚ 747-бабының 2-тармағы).

Банктік есепшоттардың келесі түрлері болады: есеп айырысу шоты, ағымды, қосалқы, бюджеттік, корреспонденттік, контокорренттік, арнайы ссудалық және т.б. шоттары.

2000 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесі бойынша банк шотын ашу үшін клиент мынадай құжаттар ұсынуы қажет (11-тармақ):

1) Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) үшін:

- бірінші басшысының және бухгалтерінің қолдарының үлгілері мен мөртаңбасының үлгісімен қоса нотариуспен күәландырылған қарточкасын;

- клиенттің банк шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

- қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде (қоғамдық немесе діни бірлестіктердің

филиалдары және өкілдіктері үшін) көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын, орыс тіліндегі және/немесе мемлекеттік тілдегі нотариат куәландырған құжаттар;

- өзге нысандардағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін филиалдың немесе өкілдіктің басшысына заңды тұлға берген сенімхаттың көшірмесі;

- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – бюджеттің орындалуы жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсаты;

2) Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғалары үшін - жеке басын куәландыратын құжат;

3) Қазақстан Республикасының резидент - дара кәсіпкерлері, жеке нотариустары, жеке сот орындаушылары және адвокаттары үшін: қол қою үлгісі бар құжат; жеке басын куәландыратын құжат;

- жеке нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары үшін – аталған қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияның көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының резидент емес-заңды тұлғалары және олардың окшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) үшін: қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат; резидент еместі салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі;

- резидент емес-заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін – уәкілетті орган берген, есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын белгіленген нысандағы құжат не оның көшірмесі, сондай-ақ мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде жазылған тиісті филиал немесе өкілдік туралы ереже не оның нотариалды куәландырылған көшірмесі және Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- сауда тізілімінен үзінді-көшірменің түпнұсқасы немесе нотариус куәландырған көшірмесі не осындай сипаттағы, резидент емес-заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелген күні және орны туралы ақпарат бар, мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасымен белгіленген тәртіппен расталған және, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қатысушысының біреуі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес заңдастырылған не апостиль қойылған басқа құжат;

- қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжатқа сәйкес клиенттің банк шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғалары үшін: жеке басын куәландыратын құжат; резидент еместің салық төлеуші ретінде тіркелуі туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының резиденті емес дара кәсіпкерлері үшін: қол қою үлгісі бар құжат; жеке басын куәландыратын құжат;

7) шаруа (фермер) қожалықтары үшін: қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат;

8) уәкілетті орган берген, мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын анықтама немесе белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі.

Банктің міндеттері:

1) клиент талап еткен кезде ақшаның болуын қамтамасыз ету;

2) клиенттің пайдасына түскен ақшаны қабылдау;

3) клиенттің үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы өкімін орындау;

4) үшінші тұлғалардың, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) банктік шот шартында көзделсе, клиенттің ақшасын алып қою туралы өкімдерін орындау;

5) банктік шот шартында белгіленген тәртіп бойынша клиенттен қолма-қол ақша алуды және оған беруді жүзеге асыру;

6) клиенттің талап етуі бойынша клиенттің банктегі ақша сомасы және жүргізілген операциялар туралы ақпаратты шартта көзделген тәртіппен беру;

7) клиентке шартта, заңдарда және банктік тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де банктік қызмет көрсету;

8) банктік құпияны сақтау.

Сонымен қоса, Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 581-бабында осы келісім шарт бойынша банктерге мемлекет алдында бір міндет жүктелген. Яғни, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін, арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығаруды қамтамасыз ету болып табылатын активтерді және инвестициялық қордың активтерін сақтауға арналған банк шоттарынан, бейрезидент заңды тұлғалардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақ шоттарынан, шетелдік корреспондент-банктердің корреспонденттік шоттарынан, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алуға арналған банк шоттарынан басқа, бейрезидентті қоса алғанда, салық төлеуші заңды тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, шетелдікке және азаматтығы жоқ жеке тұлғаға банк шоттарын ашу кезінде уәкілетті органды олар ашылған күнінен кейінгі **бір жұмыс күнінен кешіктірмей**, сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, хабарлардың кепілдік пен жеткізілуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы, **көрсетілген шоттардың ашылғаны туралы хабардар етуге міндетті**.

Бұл келісім шартта банк басымырақ құқылы тарап болады, сондықтан заңда міндеттерін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін банк жауапкершілігі бекітіледі.

### **Ақша аудару туралы келісім шарт**

**Ақша аудару туралы келісім шарт** бойынша бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) тапсырмасы бойынша клиенттік бірыңғайландырылған дербес код бермей-ақ үшінші тұлғаға ақша аударуға міндеттенеді (ҚР АҚ 754-б.). Егер банк клиенттің тапсырмасын клиент оған осындай банктік қызмет көрсету туралы ұсыныс жасаған кезде орындауға қабылдаған болса, банктік шот ашпай-ақ ақша аудару туралы шарт жасалған болып есептеледі. Бұл келісім шарт банк заңнамаларының арнайы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

«Ақша төлемдері мен аударымдары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңының 7-бабында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырудың келесі тәсілдері көзделген:

- 1) қолма-қол ақшаны табыстау;
- 2) төлем тапсырмаларын табыстау;
- 3) чектер беру;
- 4) вексельдер беру немесе оларды индоссамент бойынша табыстау;
- 5) төлем карточкаларын (оның ішінде микропроцессорлық төлем карточкаларын) пайдалану;
- 5-1) электрондық ақшаны беру;
- 6) банк шотын тікелей дебеттеу;
- 7) төлемдік талап-тапсырмаларды табыстау;
- 8) инкассалық өкімдерді табыстау;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдер.

Ақша төлемі мен (немесе) аударымын жүзеге асыру тәсілдерін қолдану ережелері мен ерекшеліктері және нұсқаулардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптар заң актілерінде және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Қағаз нысанындағы ақша аударымымен қатар осы заманда электронды ақша аударымы да кең қолдануда, ол электронды төлем құжаты арқылы жүргізіледі.

Ақша аударымдары жөнелтушінің бенефициар пайдасына ақша аудару туралы алушы банкке берген нұсқауы негізінде жүргізіледі. Бенефициар дегеніміз - ақша аударған кезде, сондай-ақ ақша аудармай-ақ жүзеге асырылатын қолма-қол ақшасыз төлем жасаған кезде тапсырмада не талапта ақша алушы ретінде көрсетілген тұлға. Заң актілерінде немесе тиісті шартта көзделген жағдайларда төлем туралы нұсқауларды алушы банктің клиенті болып табылмайтын үшінші тұлға да ұсына алады.

Ақша аударымының негізгі әдістері «Ақша төлемдері мен аударымдары туралы» Заңының 29-бабында белгіленген: ақша аударымы клиринг

нәтижелері бойынша не жөнелтушінің әрбір нұсқауын жеке орындау арқылы жүргізіледі.

Клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымы клирингке қатысушылардың қарсы талаптарын есепке алу процесі аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Бұл орайда клиринг нәтижелері бойынша жасалған аударым клирингке қатысушының ақшасын оған қызмет көрсететін банктен міндетті түрде алып қоюды білдірмейді. Теріс сальдо пайда болған клирингке қатысушы оны өтеу үшін төлем жасайды.

Ал жөнелтушінің әрбір нұсқауын жеке орындау арқылы жасалатын ақша аударымы жөнелтушінің басқа нұсқауларынан туындайтын оның құқықтары мен міндеттемелеріне қарамастан жасалады.

Ақша аударымы туралы нұсқауларды орындау үшін оларды ұсыну мынадай әдістермен жүргізіледі:

- 1) төлем құжатының қағазға басылған түпнұсқасын ұсыну арқылы;
- 2) нұсқауды байланыс пен телекоммуникацияның тиісті электронды арналарын пайдалана отырып, қағазға баспай-ақ электрондық әдіспен беру арқылы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де әдістермен.

Нұсқауды электронды әдіспен ұсынуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген талаптар сақталған жағдайда ғана жол беріледі. Мұндай талаптар болмаған жағдайда банк тәжірибесінде қабылданған бірыңғайлы ережелер және (немесе) іскерлік айналымындағы ресімдері қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында тек қана қағазға басу көзделген нұсқауларды электронды әдіспен ұсынуға тыйым салынады.

Егер жөнелтуші алушы банктің клиенті болса, жөнелтушінің алушы банкке ақша аудару туралы нұсқауын ұсыну әдістері, тәртібі мен ережелері олардың арасында жасалған шартта көрсетіледі.

Ақша аударымын алушы банк нұсқауларды және оларды кері қайтарып алу не олардың орындалуын тоқтату туралы өкімдерді қабылдауды өзі белгілеген операциялық күннің ішінде ғана жүзеге асырады. Егер нұсқау не оны кері қайтарып алу не олардың орындалуын тоқтата тұру туралы өкім операциялық күн аяқталған соң алынған болса, алушы банк мұндай нұсқауды немесе өкімді келесі операциялық күннің басында алған болып есептеледі.

Ақша аударымын жүзеге асырған кезде жөнелтуші мен алушы банк мыналарды қамтитын хабарлар алмасады:

- 1) нұсқауды акцептеу не акцептеуден бас тарту туралы ақпарат;
- 2) нұсқауды орындау туралы ақпарат;
- 3) қате нұсқаулар туралы ақпарат;
- 4) нұсқауды кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы ақпарат;
- 5) ақша аударымына қатысты басқа да мәліметтер.

Ақша аударымын аяқтау төменде көрсетілген кезден бастап аяқталды деп есептеледі:

- бенефициардың пайдасына ақша түскен кезде оның банк шоты бойынша бухгалтерлік жазба жасалған;
- егер бенефициардың банк шоты болмаса, бенефициардың банкі бенефициарға қолма-қол ақшаны нақты берген;
- ақша беру туралы бенефициар банкіне нұсқау түскен кезден;
- банк клиентінің пайдасына ақша қабылданғанын көрсететін өзге шот бойынша бухгалтерлік жазба аяқталған кезден бастап.

### **Банктік салым келісім шарты**

**Банктік салым шарты** бойынша бір тарап (банк) екінші тараптан (салымшыдан) ақша (салым) алуға, олар боцынша банктік салым шартында көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге салымның осы түрі үшін заң актілерінде және шартта көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша салымды қайтаруға міндеттенеді (ҚР АҚ 756-б.). Сондықтан, тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтау үшін, АҚ 757-бабында көзделген банк салымдарының түрін білу қажет: талап етуге дейінгі салымдар, мерзімді салымдар, шарттық салымдар. Тәжірибеде бұл шарттар депозит деп аталады.

Шарт нысаны жай жазбаша болады және заң актілерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде және банктік тәжірибеде қолданылып жүрген іскерлік айналым дағдыларында белгіленген талаптарға сай жасалуға тиіс. Салымшының талап етуі бойынша салымның жасалғанын куәландыратын құжат не оның атына, не белгілі бір үшінші тұлғаның атына ресімделуі мүмкін. Банк салымының жазбаша нысанын сақтамау осы құқықтың жарамсыздығына әкеп соғады.

Жеке тұлғалар үшін шарттың жай жазбаша нысаны - сертификат және атаулы немесе ұсынбалы түрінде болатын жинақтау кітапшасын беру арқылы рәсімделеді. Келісім шарт салым сомасы банкке келіп түскен күннен бастап жасалған болып саналады.

Бұл келісім шарт – нақтылы/реалды, біржақты, мерзімді және ақылы шарт. Салымшылар жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Банк салымдары салымдарды қайтару талаптарына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) талап етілмелі салым;
- 2) мерзімді салым;
- 3) шартты салым.

Талап етілмелі салым салымшының бірінші талап етуі бойынша толық немесе ішінара қайтарылуға тиіс. Талап етілмелі банк салымы шарты мерзімсіз болып табылады. Мерзімді салым белгілі бір мерзімге салынады, мысалы, бір жылға, бес жылға. Шартты салым банк салымы шартында белгіленген мән-жайлар болғанға дейін салынады, мысалы, жасөспірімнің кәмелетке толу жасына дейін немесе үйлену тойына дейін.

Мерзімді салымды салымшы белгіленген мерзім өткенге дейін, ал шартты салымды банктік салым шартында белгіленген мән-жайлар басталғанға дейін талап еткен жағдайда салым бойынша сыйақы, егер банк салымы шартында

өзгеше көзделмесе талап етілмелі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.

Банктің міндеттері:

- салымдарды қабылдау;

- салымшыға банк салымы шартында белгіленетін мөлшерде салым сомасына сыйақы төлеу (760-бап). Егер банк салымы шартында өзгеше көзделмесе, банктің салым бойынша сыйақының мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы жоқ;

- сыйақыны банк салымы шартында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлеу (761-бап). Егер банк салымы шартында өзгеше көзделмесе, банк салымы бойынша сыйақы салымшыға оның талап етуі бойынша әр тоқсан аяқталғаннан кейін салым сомасынан бөлек төленеді, ал бұл мерзімде талап етілмеген сыйақының сомасы салымның сыйақы төленетін сомасын арттырады;

- салымды қайтару кезінде салымшыға сол кездегі оған тиесілі барлық сыйақыны төлу. Талап етілмелі салым бойынша салымшы салым бойынша өзіне тиесілі сыйақыны салым сомасынан бөлек алуға құқылы.

Мерзімді салым бойынша да салымшы салым бойынша өзіне тиесілі сыйақыны оның мерзімі аяқталғанға дейін салым сомасынан бөлек алуға құқылы, бірақ бұл ретте, банк салымы туралы шартта өзгеше көзделмесе, сыйақының мөлшері банк талап етілмелі салым үшін қолданатын мөлшерге сәйкес қайта есептелінеді. Салым мерзімі аяқталғанда салымшы өзіне тиесілі сыйақыны ол салымды талап етеуіне немесе етпеуіне қарамастан, толық мөлшерде алуға құқылы (759-бабының 3-тармағы). Шартты салым бойынша салымшының оған тиесілі сыйақыны салымның сомасынан бөлек алуы банк салымы шартында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Жалпы ереже бойынша салымшылар салымдарды қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз аудару арқылы да енгізеді. Талап етілмелі банк салымы шарты бойынша салымшы ақшаны кез келген сомада және кез келген кезеңде жекелеген жарналармен енгізе алады. Бұл ретте жаңа түскен сомалар бойынша сыйақы есептеу банкке ақша түскен күні қолданылған мөлшеріне қарай жүргізіледі.

Мерзімді салымдар, сондай-ақ шартты салымдар бойынша, егер банк салымы шартында өзгеше көзделмесе, салымшы ақшаны бір жолғы жарна түрінде енгізеді.

Салымды клиент өзі ғана емес, үшінші тұлғалар да салымшының атына оның бірыңғайландырылған дербес коды туралы қажетті деректер көрсете отырып салымға ақша енгізе алады (763-бап).

Үшінші тұлғалардың пайдасына салымдар салым енгізілетін азаматтың атын немесе заңды тұлғаның атауын көрсете отырып салына алады.

Шартты салымды алу үшін үшінші тұлға банкке белгіленген талаптарды орындағандығын растайтын құжаттар табыс етеді.

Банк салымдарын қайтару салым сомасын толығымен немесе оның бір бөлігін салымшының алғашқы талап етуі бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде:

1) талап етілмелі салымдар бойынша - салымшы талаптарының келіп түскен уақытта;

2) мерзімді салымдар бойынша - банк салымы шартында көзделген мерзімнің басталуы бойынша;

3) шартты салымдар бойынша - банк салымы шарты басталуымен салымның қайтарылуын байланыстыратын мән-жайлар болған кезде беруге міндетті.

Және де салымшының мерзімді салымды мерзімінен бұрын қайтарып алуға құқығы бар. Бұл ретте банк салымды немесе оның бір бөлігін салымшының талабы келіп түскен кезден бастап бес күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Салымшының мерзімді салымды мерзімінен бұрын алу құқығынан бас тартуы, сондай-ақ шартты салымның ережелері көзделген талаптар басталғанға дейін алу құқығынан бас тартуы жарамсыз болып табылады.

Шетел валютасымен енгізілген салым, егер заң актілерінде, банк салымы шартында немесе тараптардың қосымша келісімінде өзгеше көзделмесе, нақ сондай валютамен қайтарылуға тиіс.

Банк өзі алған салымдарды қайтаруды қамтамасыз ету үшін пайдалануға міндетті амалдар мен әдістер заң актілерімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен және банк салымы шартымен белгіленеді (766-бап).

### **Тәжірибелік жағдайлар**

«Ұшқын» акционерлік қоғамы «Самал» ЖШС-нен тағамдық өнімдерді сатып алды. Ақша аванс ретінде төлем тапсырмасымен сатушының шотына аударылуы керек болды. Алайда банктың операционистінің қателігімен ақша басқа кәсіпорынның шотына аударылды. Нәтижесінде бір айдан кейін «Самал» ЖШС «Ұшқын» АҚ-на сатып алынған өнімдерді төлеудің мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды төлеу туралы талап қойды. Өз кезегінде, «Ұшқын» АҚ банктен «Самал» ЖШС тиесілі сомаларды банктің қате есептен шығарғаны үшін айыптөлемді төлеуді, сонымен қатар «Ұшқын» АҚ жіберіп алған пайдасының шығындарын өтеуді талап етті.

Банк сатып алушының талаптарын қанағаттандырудан бас тартты, банк шотының шартында Банк пен «Ұшқын» АҚ арасында банктің өз міндеттерін бұзғандығы үшін қандай да бір жауапкершіліктің көзделмегенін көрсетті. Керісінше, бұл шартта клиенттің алынбаған (жіберіп алған) пайдасы үшін банктің жауапкершілігін жоятын тармақ қамтылған.

*Банк шотының шарты бойынша банктің жауапкершілік негіздері мен формалары қандай?*

*Бұл дауда кімнің талабы дұрыс? Істі шешіңіз.*



## Банктік заем келісім шарты

**Банктік заем/қарыз келісім шарты** «Азаматтық кодекстің 727, 728 баптарымен реттеледі. Басқаша айтқанда, бұл банктен несие алу болып табылады, яғни қарыз беру/алу қатынастарының тағы бір түрі. Банк заемы шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді. Банк заемы шартына Азаматтық Кодекстің 728-бабында көзделген ерекшеліктерімен қоса заем шартына қатысты жалпы ережелер қолданылады.

Банктік қарыз шартының мынадай ерекшеліктері бар:

1) қарыз беруші ретінде уәкілетті мемлекеттік органның ақшалай нысанда қарыз беруге лицензиясы бар банк немесе өзге де заңды тұлға әрекет етеді;

2) шарттың нысанасы алдағы уақытта берілуі мүмкін ақша болып табылады. Соңғы жағдайда, егер осы шартта өзгеше көзделмесе, шарт жасалған кезінен бастап күшіне енген болып есептеледі;

3) шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс, жазбаша нысанды сақтамау банктік қарыз шартының жарамсыздығына әкеп соғады;

4) шартқа банктің немесе уәкілетті мемлекеттік органның ақшалай нысанда қарыз беруге лицензиясы бар өзге де заңды тұлғаның шарт талаптарын біржақты өзгерту құқығын көздейтін талап енгізілмейді;

5) банктік қарыз шартына заем берушінің келісімімен заемшының міндеттемелері: ақша заемы шарты бойынша - борыш есебіне тектік белгілерімен айқындалған заттарды қабылдаумен; заттар заемы шарты бойынша - борыштың есебіне ақша қабылдаумен орындалуы мүмкін деген ережелер қолданылмайды;

б) Азаматтық кодекстің 722-бабы 3 және 4-тармақтарының ережелері қарыз алушы қарыз нысанасының кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күн мерзімнен асырып бұзған кезде банктік қарыз шартына қолданылады.

Банктерге осы банк эмитенті болып табылатын акциялармен қамтамасыз етілген қарыздар беруге не осы акцияларды сатып алуға арналған қарыздар беруге тыйым салынады.

Банктік заем келісім шарты Азаматтық кодекстен басқа «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңында және бірталай заңға тәуелді актілерінде қарастырылған. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 34-бабы «Банктік қарыз операциясы» деп аталады, бұл жерде экономикалық тұрғыдағы «қарыз операциясы» дегеніміз – ол Азаматтық кодексінің тұрғысынан банктік заем келісім шарты болып танылады. Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесі «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысымен бекітілген.

Екінші деңгейдегі банктер, оның ішінде ислам банкі және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, банктік заем операцияларын жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, банктің жекелеген операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар жасасатын банктік заем шарты шарттардың тиісті түріне арналған Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген талаптардан, тараптардың келісуі бойынша айқындалған талаптардан, сондай-ақ төмендегідей міндетті талаптардан тұрады:

- 1) келісім шарттың жалпы талаптары;
- 2) заемшының құқықтары;
- 3) банктің құқықтары;
- 4) банктің міндеттері;
- 5) банк үшін шектеулер;
- 6) міндеттемелерді орындамағаны үшін тараптардың жауаптылығы;
- 7) шарт талаптарына өзгерістер енгізудің тәртібі және т.б.

Өз кезегінен келісім шарттың жалпы талаптарына келесілер жатады:

- 1) шарт жасасқан күн;
- 2) банктік заемның мақсаты, бір айдан аспайтын мерзімге берілген заемды, кредиттік желі аясында төлем карточкалары бойынша берілген шарттарды, овердрафт кредитін, сондай-ақ оның аясында займ алу үшін займ беру туралы шарт (шарттар) жасасу қажет болатын кредиттік желіні ашу туралы келісімді қоспағанда, бизнес-жоспарға немесе заемның техника-экономикалық негіздемесіне және (немесе) заемшының өтінішіне сәйкес келеді;

- 3) заемның жалпы сомасы және валютасы;
- 4) заемның мерзімі;

- 5) сыйақы ставкасының түрі (тіркелген немесе құбылмалы), сыйақы ставкасының мөлшері жылдық пайызбен, шартты жасау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысына сәйкес сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы ставкасының мөлшері;

- 6) шартта құбылмалы сыйақы ставкасы көзделген болса, құбылмалы сыйақы ставкасын есептеу тәртібі

- 7) ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі үстеме бағасының түрі (тіркелген немесе тауарды сатып алу бағасының пайыздық мәнімен);

- 8) өтеу тәсілі (қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз);

- 9) заемды өтеу әдісі: аннуитеттік (теңдей төлемдермен өтеу) немесе сараланған (негізгі борышты теңдей үлеспен өтеу арқылы) не банктің ішкі ережелеріне сәйкес басқа тәсілмен;

- 10) заем бойынша берешекті өтеу кезектілігі;

11) негізгі борышы уақтылы өтелмеген және сыйақы төленбеген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және оның мөлшері. Жеке тұлғаға қарыз беру кезінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшері, сондай-ақ Банктер туралы заңда көзделген есептеу тәртібі көрсетіледі;

12) комиссиялардың толық тізбесі және олардың заем беруге байланысты алынуға жататын мөлшері;

13) заемды өтеудің және сыйақының тәртібі (касса арқылы, банктік шотқа қашықтатылған терминал арқылы және басқалар тараптардың келісімі бойынша), кезеңділігі;

14) қамтамасыз етусіз берілген заемды қоспағанда, қамтамасыз ету (түрі: кепіл, тұрақсыздық айыбы, кепілдік, кепілдеме, ұстап қалу және өзге түрлері);

15) заемшының шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше тәсілмен орындамаған жағдайда банк қабылдайтын шаралар;

16) шарттың қолданылу мерзімі;

17) заемшы - заңды тұлғаның банкке ұсынатын есебінің түрлері мен мерзімдері;

18) заемшының (тең заемшының) ол туралы мәліметтерді кредиттік бюроға беруге және кредиттік бюроның ол туралы банкке кредиттік есеп беруге келісімінің, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпараттың болуын көрсету;

19) банктің пошталық мекен-жайы мен электрондық адресі туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер.

Заемшының құқықтары:

1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес, тауарларды, жұмысты және қызмет көрсетуді сатып алуға заем алған жеке тұлғаның шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде заемды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларын төлеусіз, банктің заем берген күннен бастап есептеген сыйақы төлемін және заемды қайтару;

2) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түсетін болса, онда заемшы тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларын төлеусіз, сыйақыны немесе негізгі борышты төлеуді одан кейінгі жұмыс күні жүргізеді;

3) өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, айына бір рет шарт бойынша борышты өтеуге түскен кезекті қаражаттың таралуы (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге жататын сомалар) туралы жазбаша ақпаратты алу;

4) шарт бойынша ұсынылған ақшаны толық немесе ішінара мезгілінен бұрын банкке қайтару туралы өтініш бойынша – ақысыз, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге жататын сомаларға бөлінген, мерзімі өткен төлемдер көрсетілген қайтарылатын соманың мөлшері туралы мәліметті жазбаша түрде алу;

5) заем алған күннен бастап бір жыл өткен соң, тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларын төлеусіз, заемды ішінара немесе толық көлемде мезгілінен бұрын өтеу;

б) қызмет көрсету бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде банкке жазбаша өтініш жасауға және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңында бекітілген мерзімде жауапты алу.

Жеке тұлғамен жасалған ипотекалық заем шартында жасалған заем шартынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу үшін заемшының банк омбудсманына Банктер туралы заңға сәйкес жазбаша өтініш беру құқығы болады.

Банктің құқықтары мынадай:

1) заемшының жағдайын жақсарту мақсатында шарт талаптарын бір жақты тәртіппен өзгерту;

2) күнтізбелік қырық күннен аса заемның кезекті бөлігі мен (немесе) сыйақы төлемін қайтару үшін бекітілген мерзімді бұзған кезде заем сомасын және ол бойынша сыйақыны мезгілінен бұрын қайтаруды талап ету.

Банктің міндеттері мынадай:

1) тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларын ұстап қалмай, заем берген күннен бастап есептелген сыйақыны қоса отырып, заемды шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде қабылдау;

2) шарт бойынша борышты өтеуге түскен кезекті ақшаның таралуы (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге жататын сомалар) туралы ақпаратты жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына бір рет ақысыз заемшының өтініші бойынша ұсыну;

3) шарт бойынша ұсынылған ақшаны толық немесе ішінара мезгілінен бұрын қайтару туралы заемшының өтініші бойынша – негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге жататын сомаларға бөлінген, мерзімі өткен төлемдер көрсетілген қайтарылатын соманың мөлшері туралы мәліметті оған ақысыз, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, жазбаша нысанда хабарлау;

4) заемшыға міндеттемелердің орындалу мерзімінің өткенін және шарт бойынша төлемдер жасаудың қажеттігі туралы шартта көзделген мерзімде және тәсілмен хабарлауға. Шартта тараптардың келісуі бойынша кезекті төлем күнін хабарлаудың мерзімі мен тәсілі көзделуі мүмкін;

5) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен бекітілген мерзімде заемшының жазбаша өтінішін қарауға және оған жазбаша жауап беру;

б) шарт бойынша (талап ету) құқықтарын үшінші тұлғаға беру кезінде (егер құқықты беру шартта көзделген болса) берілген талап ету құқықтарын толық көлемде, негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге жататын сомаларға бөле отырып, ағымдағы және мерзімі өткен берешектің қалдығын, сондай-ақ, талап ету құқы берілген

банкке немесе тұлғаға заемды өтеу бойынша одан арғы төлемдерді тағайындау тәртібін үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға.

Банк үшін мынадай шектеулер қойылады:

1) қарыз беру қызметін көрсету бойынша қарыз алушы – жеке тұлғамен шарт жасасу күніне бекітілген тарифтерді, комиссиялық сыйақылар мен басқа да шығыстардың ставкасын және есептеу тәртібін бір жақты тәртіпте өсіру жағына өзгерту;

2) жасалған шарт аясында комиссияның жаңа түрлерін бір жақты тәртіппен енгізу;

3) қарыз беру туралы шартпен сақтандыру шартын жасасу туралы және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге талаптар көзделген болса қарыз алушыны, кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдау кезінде шектеу, сондай-ақ қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеу;

4) және т.б.

Бұл келісім шарттың ажыратылмас бөлігі ретінде тараптардың қолдары қойылған қарызды өтеу кестесі беріледі, онда:

шарттың нөмірі мен жасалған күні;

қарыз сомасы мен валютасы;

өтеу күндері және негізгі борышты, сыйақыны өтеу сомасы және олардың жиынтық мәні көрсетілген кезекті төлемдердің мөлшерлері;

келесі өтеу күніндегі негізгі борыштың қалдықтары;

төленуі тиіс негізгі борыш пен сыйақының жалпы жиынтық сомасы және олардың жиынтық мәні;

қарызды өтеу кестесі жасалған күн көрсетіледі.

Сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі шарт бойынша қарызды өтеу кестесі оның берілу күніне жасалады және одан кейін кезекті төлемдердің мөлшерлері түзетіледі және шартта белгіленген тәртіпте қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) жіберіледі.

Келісім шарт банк және заемшы арасында жазбаша нысанда, қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса берумен, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалады, ал шетелдік тұлғалармен шарт жасасқан жағдайда мемлекеттік және тараптарға қолайлы тілде жасалады.

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. «Ұлар» акционерлік қоғамы «Самал» ЖШС-нен тағам өнімдерін сатып алды. Ақша алдын ала төлем тапсырмасы негізінде банк арқылы сатушының шотына аударылуы керек болды. Алайда банк қызметкерінің қателігімен ақша басқа кәсіпорынның шотына аударылыпты. Нәтижесінде бір айдан кейін «Самал» ЖШС «Ұлар» АҚ-на сатып алынған өнімдерді төлеудің мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды төлеу туралы талап қойды. Өз кезегінде, «Ұлар» АҚ банктен «Самал» ЖШС тиесілі сомаларды банктің қате есептен шығарғаны

үшін сол ақша сомасын өсімпұлмен қоса төлеуді, сонымен қатар «Ұлар» АҚ «Самал» ЖШС-на төлеуге мәжбүр болған өсімпұлдың сомасын да өндіріп бергені үшін шығындарын өтеуді талап етті.

Банк сатып алушының талаптарын қанағаттандырудан бас тартты, банк шотының шартында Банк пен «Ұлар» АҚ арасында банктің өз міндеттерін бұзғандығы үшін қандай да бір жауапкершіліктің көзделмегенін көрсетті. Керісінше, бұл шартта клиенттің өзге шығындары үшін банктің жауапкершілігін жоятын тармақ қамтылған.

*Банк шотының шарты бойынша банктің жауапкершілік негіздері мен нысандары қандай?*

*Бұл дауда кімнің талабы дұрыс? Істі шешіңіз.*

## САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Сақтандыру туралы жалпы ережелер.

Сақтандыру міндеттемелері **сақтандыру келісім шартынан** және оның түрлерінен туындайды. Азаматтық кодекспен коса бұл құқықтық қатынастар, қазіргі кезде 2000 жылы 18 қарашада қабылданған «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңымен, өзге заңдармен және заңға тәуелді актілермен реттеледі.

Сақтандыру келісім шартын талдауға жатқызудың алдында сақтандыру қатынастарының субъектілерін, объектілерін, осы салада қолданылатын негізгі терминдер мен сөз тіркестерін және сақтандыру түрлерін түсініп алу жөн болады.

Сақтандыру міндеттемелерінің негізгі қатысушылары - **сақтанушы** мен **сақтандырушы болып табылады. Сақтанушы** – ол сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға, сақтанушы ретінде тиісті дәрежедегі әрекет қабілетті заңды тұлғалар мен азаматтар (жеке тұлғалар) бола алады. **Сақтандырушы** – ол сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы пайда болған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған соманың (сақтандыру сомасының) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті тұлға. Сақтандырушы ретінде сақтандырушы ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметінің әр түрімен айналысуға арнайы лицензиясы бар заңды тұлға ғана бола алады. Олардың фирмалық атауларында «сақтандыру» деген сөз болуы қажет.

**Сақтандырылған адам** - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады.

**Пайда алушы** - сақтандыру шартына немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сөйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға, ол заңды тұлға да, азамат та бола алады.

**Пайда алушы** мен **сақтандырылған** тұлға ретінде сақтанушының өзі немесе үшінші тұлға болуы мүмкін. Егер бұлар ретінде үшінші тұлға болса, сақтандыру шарты үшінші тұлғаның пайдасына жасалған келісім шарттарға жатады.

Сақтандыру **объектісі** заңды тұлғаның немесе азаматтың кез келген сақтандыру мүддесі болады (мүлкі, өмірі, ден саулығы, белгілі бір оқиға – белгілі бір жасқа толуы, некеге отыруы; жауапкершілігі, қауіп-қатері және т. б.).

**Сақтандыру жағдайы** - басталған бойда сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру жағдайының түрлері міндетті сақтандыру туралы заң актілерімен, ал өз еркімен сақтандыру бойынша - тараптардың келісімімен белгіленеді.

**Сақтандыру сыйлықақысы** - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру немесе аннуитет шартында көзделген мөлшерде

сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

Сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша олар заңдарда белгіленген мөлшерден артық бола алмайды. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеудің тәртібі мен мерзімдері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша олар заңдармен белгіленуі мүмкін.

**Сақтандыру сомасы** - сақтандыру объектілері сақтандырылған адам және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру сомасының мөлшері келісім шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде олар заң актілерінде белгіленген мөлшерден кем болмауы керек.

**Сақтандыру төлемі** - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы туған кезде не жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім туған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау тәртібі шартта белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

### **Сақтандырудың түрлері.**

**Сақтандыру түрлері:** ерікті және міндетті сақтандыру, жеке және мүліктік сақтандыру болады, ал сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша - жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады.

Мысалы, азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүдделерін сақтандыру жеке сақтандыруға жатады (809-бап). Жеке сақтандыру шарты бойынша сақтанушының өзі, сондай-ақ келісім шартта аталған басқа (сақтандырылған) адам сақтандырылған болуы мүмкін.

Мүліктік және кәсіпкерлік тәуекелдер мен азаматтық-құқықтық жауаптылықты қоса алғанда, оларға байланысты мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады. Мүлікті сақтандыру кезінде мүліктің жоғалуы (жойылуы) тәуекелі, жетіспеуі немесе бүлінуі және Азаматтық кодекстің 115-бабында көзделген өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады. Сақтанушының немесе пайда алушының мүліктерді сақтандыруға мүддесі болмаған жағдайда жасалған мүліктік сақтандыру шарты жарамсыз болады.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру кезінде үшінші бір адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу (келтірілген зияндар үшін жауаптылықты сақтандыру), сондай-ақ шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу (шарт бойынша жауаптылықты сақтандыру) тәуекелін сақтандырады.

**Қос (көпше) сақтандыру** - белгілі бір объектіні бірнеше сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарт бойынша сақтандыру. Мүлікті қос сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушының алдында онымен



жасалған шарттың шегінде жауапты болады, алайда сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты зияннан аспауы тиіс (821-бап). Бұл ретте сақтанушы кез келген сақтандырушыдан онымен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты зиянды жаппайтын болса, сақтанушы жетпеген соманы басқа сақтандырушыдан алуға құқылы.

**Топтық сақтандыру** кезінде бір сақтандыру шартымен бір мезгілде өздері пайда алушы болып табылатын бірнеше сақтандырылған адамдар қамтылады. Топтық сақтандыру адамдардың белгілі бір санаттарын қамтитын жеке де, мүліктік те, дербестендірілген де, иесіздендірілген де болуы мүмкін (822-бап).

**Ортақ сақтандыру** – ол сақтандыру объектісі бірнеше сақтандырушы бірлескен бір шарт бойынша сақтандырылуы (823-бап).

**Қайта сақтандыру** – ол сақтандырушы сақтанушы алдындағы өз міндеттерінің бөрін немесе оның бір бөлігін орындау төуекелін жабуды басқа сақтандырушыда (қайта сақтандырушыда) қайта сақтандыру жолымен қамтамасыз етуі (824-бап)

**Өзара сақтандыру** – ол азаматтар мен заңды тұлғалар қажетті қаражатты өзара сақтандыру қоғамдарына біріктіру жолымен өзара негізде өз мүлкін және Азаматтық Кодекстің 809-бабының 2-тармағында аталған өзге де мүліктік мүдделерді сақтандыру. Өзара сақтандыру қоғамдары коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

**Жинақтаушы сақтандыру** – ол сақтандыру жағдайы туған кезде, соның ішінде сақтандыру шартында белгіленген кезең не олардың қайсысының бұрын туындауына байланысты сақтандыру шартында көзделген өзге оқиға аяқталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру (809-1-бап). Жинақтаушы сақтандырудың мысалы ретінде қазіргі кезде аннуитеттік сақтандыруды атап кетуге болады.

**Суброгация** – ол егер мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға, сол төленген соманың шегінде, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қоятын сақтанушының (сақтандырылған адамның) талап қою құқықтары ауысуы. Алайда қасақана залал келтірген адамға қойылған талап қою құқықтарының сақтандырушыға ауысуын жоққа шығаратын шарт талабы жарамсыз болады.

Сақтандыру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалары:

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы;

«Өзара сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі N 163 Заңы;

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 93 Заңы;

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы;

«Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 580 Заңы;

«Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 533 Заңы;

«Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 513 Заңы;

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 446 Заңы;

«Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 444 Заңы;

«Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 440 Заңы;

«Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 435 Заңы;

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 405 Заңы;

«Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 95 Қаулысы, және т.б.

### **Сақтандыру келісім шартының сипаттамасы**

Сақтандыру шартының түсінігі (803-бап): Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

Сақтандыру сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады, шарт нысаны – жазбаша, тәжірибеде «сақтандыру полисін» беру ретінде жүзеге асырылады.

Келісім шарт мерзімді, консенсуалды, екіжақты, шартты.

**Сақтандырушының міндеттері** - сақтандыру оқиғасы болған жағдайда шартпен немесе заңмен көзделген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен сақтандыру төлемін төлеу; сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру оқиғасы болған кезде оның залалдарын азайтуға кетірген шығындарын өтеп беру, сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету (ҚР АҚ 828 б.) болып танылады.

**Сақтанушының міндеттері** ҚР АҚ-ның 831-бабында көзделген: шартта көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеу; сақтандырушыны сақтандыру қаупінің жағдайы жөнінде мәліметтендіру; сақтандырушыны сақтандыру оқиғасы болғаны жөнінде дәл уақытында ескерту; сақтандыру оқиғасы келтіретін залалдарын азайтуға қажетті шаралар қолдану; сақтандыру оқиғасы болуына кінәлі тұлғаға қойылатын талаптың сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету (АҚ 840-б.) және т.б.

Сақтандыру оқиғасы болуына кінәлі болған тұлғаға қойылатын талаптардың сақтандырушыға ауысуы суброгация деп аталады.

**Сақтандыру шартының мазмұнында келесі жағдайлар қамтылуы қажет:**

- 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;
- 2) сақтанушының (егер ол жеке адам болса) тегі, аты, өкесінің аты (егер бар болса) және тұрған жері немесе (егер ол заңды тұлға болса) оның атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;
- 3) сақтандыру объектісі;
- 4) сақтандыру жағдайы;
- 5) сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері;
- 7) шарттың жасалу күні және қолданылу мерзімі;
- 8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болса, сақтандырылған адам мен пайда алушы туралы көрсету;
- 9) шарттың (**сақтандыру полисінің**) номері, сериясы;
- 10) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
- 11) сатып алу сомасын (жинақтаушы сақтандыру үшін) төлеудің шарты және оның мөлшері.

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

АҚ-тің 826-3 бабы бас полисті ресімдеу жолымен шарт бойынша сақтандыру ережелерін бекітеді. Ал Азаматтық кодекстің 830-бабы сақтандыру құпиясы туралы негізгі ережелерді көздеген. Мысалы **сақтандыру құпиясына** сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады. Таратылу процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы мәліметтер сақтандыру құпиясына жатпайды.

Өздерінің қызмет міндеттерін жүзеге асыруына байланысты сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді алған лауазымды адамдар, сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымының қызметкерлері, сақтандыру брокерлері, сақтандыру агенттері және басқа да адамдар оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауап береді. Сақтандыру құпиясын үшінші адамға сақтанушының (сақтандырылған адамның, пайда алушының) жазбаша келісімі негізінде ғана ашуға болады.

**Жинақтаушы сақтандыру шартында** белгіленген мерзімде сақтандыру жарнасын (бірінші жарнадан басқасын) алмаған сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті. Хабарламада: сақтандыру жарнасын төлейтін кезең (сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі); сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлдың мөлшері; сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы болуға тиіс. Сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі 30 күнтізбелік күннен кем болмауға тиіс.

Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысынтөлеу мерзімін ұзарту кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы берешек сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлама сақтанушыға оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде тоқтатыла тұрса немесе тоқтатылса, сақтанушы: 1) жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған кезде алынған сатып алу сомасын; 2) мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарналарын; 3) сақтандыру жарналарын Азаматтық Кодекстің 353-бабында көзделген мөлшерде төлеудің мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды төлеген кезде сақтандырушы шарттың қолданылуын қалпына келтіруге міндетті.

Сақтанушы шарттың қолданылуы тоқтатылған немесе шарт тараптарының өз міндеттемелерін орындауын тоқтата тұрған күннен бастап бір жыл ішінде жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы. Бұл шарттың қолданылуы қалпына келтірілген кезде сақтандырылған адамның денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы. Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайы айтарлықтай нашарлаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің және (немесе) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы шарттың қолданылуын жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда шартты қалпына келтіруге болмайды.

### **Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісім шарты**

Міндетті сақтандыру келісім шарттарын жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісім шарты негізінде талдауға салайық. Бұл құқықтық қатынастар Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы «Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңымен реттеледі.

Осы Заң бойынша сақтанушы ретінде сақтандыру компаниясымен жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жекеше нотариус танылады. Ал жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі дегеніміз - ол жекеше нотариустың нотариалдық іс-әрекеттерді жасаудың нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген міндеті.

Пайда алушы ретінде үшінші тұлғалар болады, олар жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тарабы болып табылмайтын, жекеше нотариустың нотариалдық іс-әрекеттер жасауға байланысты кәсіби міндеттерін орындауы кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген тұлғалар, яғни бұл келісім шарт үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын шарттарға жатады. Көп жағдайларда пайда алушы ретінде сол нотариустың клиенті болып шығады.

Ал сақтандырушы компаниясында жекеше нотариустардың азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға құқық беретін арнайы лицензиясы болу керек.

Бұл келісім шарттың басты мақсаты - жекеше нотариустың нотариалдық іс-әрекеттерді жасауы нәтижесінде зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету. Бірақта моральдық зиянды, ала алмаған пайданы өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бұл келісім шарт бойынша сақтандырылмайды.

Жекеше нотариус өз жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай нотариалдық қызметтерді жасауға құқылы емес.

Жекеше нотариустардың міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады, ол полистің мазмұны және ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарында белгіленеді. Шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады. Жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Жекеше нотариустардың жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

Келісім шарт сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандырушылық қорғаудың қолданылу кезеңі жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

**Сақтандыру сомасының мөлшері** қызметін республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жүзеге асыратын нотариустар үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда міндетті сақтандыру

шартын жасасу күнгі белгіленген - 1000, өзге нотариустар үшін - 500 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс. Ал **сақтандыру сыйлықақысының мөлшері** тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ міндетті сақтандыру шартының талаптарында айқындалған сақтандыру сомасының 4,5 процентінен көп болмауға тиіс.

Жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді. Егер жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасының уақтылы төленбегені үшін сақтанушы сақтандырушыға өзгенің ақшасын заңсыз пайдаланғаны ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Осы келісім шарт бойынша **сақтандыру жағдайы** деп жекеше нотариустың нотариалдық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі танылады. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген не сақтанушының үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп таныған және сақтанушының талаптарды тануына сақтандырушы келіскен күннен басталған деп есептелінеді.

**Сақтандыру төлемінің мөлшерін** сақтандырушы үшінші тұлғалар талап еткен сомаға немесе соттың келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі заңды күшіне енуіне орай айқындайды. Сақтанушының шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бірақ сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс, егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерінде өтеледі.

Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша франшизаның мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының бес процентінен аспауға тиіс. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Заңда көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жасайды.

## Тәжірибелік жағдайлар

1. «Арман» сақтандыру қоғамы Жарасовқа тиесілі автомобильді, сонымен қатар оның азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасады. Сақтандыру полисіне Жарасовпен қатар оның досы Саматовтың азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру да енгізілді. Шарттың әрекет ету мерзімінде Саматовтың досы Ташкенов оның келісімімен автомобильді жүргізіп, жаяу жүруші Жүкеновті қағып, дене зақымдарын келтіріпті, нәтижесінде Жүкенов II топтағы мүгедек болып қалды. Одан басқа, автомобиль толығымен қиратылды және қалпына келтіруге жатпайтын болды.

Сақтандыру қоғамы Жарасовқа автомобильдің құнын өтеп берді және Жүкеновке келтірілген зиянның құнын өтеуді төлей бастады, одан кейін Ташкеновтен автомобильдің құны мен Жүкеновке төленген сомаларды өндіріп алуды талап етіп, сотқа регресстік талаппен жүгінді. Ташкенов талапты қанағаттандырудан бас тартты.

*Суброгация дегеніміз не?*

*Берілген жағдайды шешіңіз.*

*Ташкенов автомобильді заңсыз иеленіп алды деген жағдай анықталса, шешім өзгере ме?*

2. Сақтандырушы – «Мунар» акционерлік қоғамы – азамат Бауыржановпен оның өмірі мен денсаулығын сақтандыру шартын жасасты. Шарттың талаптары бойынша сақтандыру төлемі өлім немесе сақтандыру ережелеріне қоса тіркелген тізімде көрсетілген аурудың жағдайында төленуі керек. Шартты жасаудың алдында жүргізілген медициналық қарау кезінде болжалды сақтанушыда бауыр циррозы анықталды. Дәрігерлердің пікірінше, бұл аурудың себебі Бауыржановтың кезеңді, ұзақ мерзімді ішімдікке салынуы болды. Өзінің денсаулығының аянышты жағдайына көз жеткізіп, Бауыржанов салауатты өмір салтын ұстана бастады. Сақтандырушы, өз кезегінде, Бауыржановтың ішімдікке салынуын тоқтату міндетін енгізісе отырып, сақтандыру шартын жасасты. Сонымен бірге бауыр циррозы төлем жүргізілетін аурулардың тізімінен шығарылып тасталды.

Алайда шартты жасаудан кейін де Бауыржанов спирттік сусындарды ішуін жалғастырды және бір жылдан кейін бауыр циррозынан қайтыс болды. Бауыржановтың туыстары сақтандырушыдан шартпен қарастырылған төлемді төлеуді талап етті. Сақтандырушы оны төлеуден бас тартты, өлімнің себебі Бауыржановтың әрекеті болды, ол шартты бұзып, ішімдікке салынуын жалғастырды және өзін өлімге қасақана жеткізгендігін меңзеді. Демек, заң тұрғысынан кездейсоқтық және ықтималдылық белгілеріне ие болуға қажетті сақтандыру жағдайы болған жоқ. Іс сотқа берілді.

*Сот қандай шешім қабылдауы керек? Егер бауыр циррозы төлем жүргізілетін тізімде қалдырылса шешім өзгере ме?*

## **БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

### **Бірлескен қызмет міндеттемелері пайда болуының негіздері.**

#### **Бірлескен қызмет туралы келісім шарт.**

Бірлескен қызмет міндеттемелері – бірлескен қызмет туралы шартынан және құрылтай шарты негізінде пайда болады. Бұл шарттық қатынастардың ерекшелігі, онда «несие беруші - борышкер» сияқты қарама қайшылық жоқ. Шарт тараптары қатысушылар деп аталады олар бір түрлі (бір тектес) және тең құқықтар мен міндеттерге ие болады. Яғни, бірлескен қызмет міндеттемелері көп тарапты болады және экономикалық немесе өзге де мақсатқа жету үшін, бірлесіп қызмет ету мақсатында пайда болады.

**Бірлескен қызмет туралы шартын** жасау нәтижесінде заңды тұлға болып танылмайтын жай серіктестік құрылады, ал **құрылтай шартын** жасау нәтижесінде құқықтың жаңа субъектісі – заңды тұлға пайда болады.

Бірлескен қызмет туралы шартының ұғымы алғашқы рет 1991 жылғы Кеңес үкіметінің азаматтық заңдарының Негіздері деген нормативтік құқықтық актінің 122-бабында берілген. ҚР Азаматтық кодексі бұл шартты Жалпы бөліміне орналастырған және оған 12-ші Тарау арналған. Осыған байланысты бірлескен қызмет туралы шарты бойынша тараптар табыс табу мақсатында немесе заңға қайшы келмейтін өзге де мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп әрекет жасауға міндеттенеді.

ҚР АҚ 288-бабының 2-тармағына сәйкес шарттың тараптары әрекетке қабілетті азаматтар мен заңды тұлғалар болуы мүмкін. Заңды тұлғалардың қатысуымен жасалған бірлескен қызмет туралы шарты консорциум деп аталады. Ал азаматтар мен жасалатын бірлескен қызмет туралы шарты - шаруа немесе фермер қожалығын құру жөніндегі шарт болып танылады. Бірақта тәжірибеде бұл шарт ауызша нысанда жасалады, сондықтан ол қолайсыз жағдайларға және шаруа қожалықтарының таратылуына дейін келтіреді. Сондықтан бірлескен қызмет туралы шартын жазбаша жасау қажет.

Консорциум - ол бірлескен қызмет туралы шарты негізінде құрылған заңды тұлғалардың уақытша, ерікті және тең одағы (бірлестігі). Оған қатысушылар нақтылы шаруашылық мақсаттарын шешу үшін, өздерінің ресурстарын біріктіріп, өз күштерін жұмсайды (ҚР АҚ 233-б.). Көздеген мақсатына жеткеннен кейін немесе қатысушыларының шешімімен, консорциум өз қызметін тоқтатады. Консорциум, немесе консорциалдық келісім, жазбаша нысанда жасалады; ол ақылы, консенсуалды, мерзімді шарттарға жатады.

Шаруа қожалығы да, консорциум да заңды тұлға болып танылмайтын жай серіктестік санатында болады.

Шаруа қожалығының мүлкі Азаматтық кодексінің 219, 224 және 225-баптарына сәйкес оның мүшелеріне бірлескен ортақ меншік құқығында тиесілі болады, яғни, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, қожалық мүлкіне үлестері тең деп танылады. Осыған сәйкес, шаруа/фермер қожалықтары мүшелерінің жалпы табыстар мен жауапкерліліктегі үлестері де тең болып табылады.



Алайда, қатысушылардың жазбаша келісімі бойынша олардың ортақ меншіктегі үлестері, оның ішінде табысты бөлісудегі, жауапкершілікті көтерудегі үлестері қожалыққа, оның қызметіне салған салымдарына сәйкес деп бекітілуге болады. Бұл жағдайда олардың ортақ меншіктегі құқықтары бірлескен емес, үлесті ортақ меншік болады.

**Құрылтай келісім шарты** – ол екі немесе одан да көп құрылтайшылармен құқықтың жаңа субъектісін - заңды тұлғаны құруға бағытталған әрекет жасау жөніндегі жазбаша келісімі. ҚР АҚ 41-бабының 4-тармағына сәйкес, құрылтай шартында тараптар заңды тұлға құруға міндеттенеді, оны құру жолындағы өз мүліктерін оның меншігіне немесе оралымды басқаруына беру жағдайларын және оның қызметіне қатысуын, оның таза табысын құрылтайшылары арасында бөлу тәртібі мен жағдайларын, құрылған заңды тұлғаның қызметін басқаруды белгілейді. Шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі. Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісуі бойынша басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

Құрылтай шартының мазмұны оның қатысушыларының коммерциялық құпиясына жатады және оны үшінші тұлғаларға беру олардың міндеті емес, құқығы болып танылады. Бірақта заң тәжірибесінде бұл ереже әрқашанда бұзылады.

Бір заңды тұлғаның құрылтай шарты мен жарғысы арасында қайшылықтар болған жағдайда:

1) егер олар құрылтайшылардың ішкі қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының;

2) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынастарында маңызы болса, жарғының ережелері қолдануға тиіс.

Құқық әдебиетінде құрылтай шартының әрекет етуі жөніндегі мәселе - даулы мәселелердің бірі болып танылады. Ғалымдардың біреулері бұл келісім шарт заңды тұлға құрылған кезде тоқтатылады десе, келесілері заңды тұлға құрылғаннан кейін де, құрылтайшылар құқықтары мен міндеттері сақталады дейді. Яғни құрылтайшылардың құқықтары олар құрған заңды тұлға таратылғанға дейін сақталады. Олармен құрылған заңды тұлғаның әрекет етуі барысында алынған таза пайдадан оның құрылтайшылары бір бөлігін алып отыруға құқылы болады және өздері құрған заңды тұлғаның қарыздары бойынша заңмен немесе шартпен белгіленген мөлшерде мүліктік жауапкершілік беретін болады.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

Сиыр етін дайындау жөніндегі кәсіпкерлер, меншікті көлігінің болмауынан коммерциялық базарға жаңа сойылған етті тасымалдаудан қиындық көріп жүргендіктен, «Мерседес» автофургонының иесі кәсіпкер

Жүнісовпен жай серіктестік шартын жасайды. 1-ші маусымда Жүнісов еттің көптігінен және серіктестіктің арнайы өндірістік тоназытқыштары болмағандықтан етті толығымен, бірақ едәуір төмен бағамен сатуға өткізеді. Кәсіпкерлер Жүнісовтен олар тартқан шығынды өтеуін талап етеді. Ал соңғысы серіктестіктің барлық мүшелерінің мүдделерінде әрекет еткенін мәлімдеп, олай болмаса еттің көбі бұзылып кететіндігін көрсетіп, талаптарын орындаудан бас тартады.

*Дауды шешіңіз.*

Дара кәсіпкер Иісбаев, «Құрал» ЖШС-і және «Орал» ЖШС-і қаражаттарын, мүліктерін қосып, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы, «Қола» атаулы жаңа заңды тұлға құрыпты. Заттай жарналардан басқа, әрбір құрылтайшы жарғылық капиталға 1 миллион теңгеден ақшалай салым салуға міндеттелген. Яғни, барлық құрылтайшылардың жарналық үлестері тең болып бекітілген.

«Қола» ЖШС-ң бірінші қызмет еткен жылының нәтижелері бойынша түскен таза табыс құрылтайшылардың шешімі негізінде өндірісті дамытуға жұмсалған, ал екінші жылдың нәтижесіндегі таза табыс құрылтайшылардың арасында үлестеріне сай бөліну туралы шешім қабылданған.

Бірақта ЖШС-тың қаржы бөлімінің есебі бойынша Иісбаевқа өзге құрылтайшылармен салыстырғанда үштен екі бөлігіне тең табыс сомасы белгіленіпті. Иісбаевтың наразылығына ЖШС-тың әкімшілігі бұл құрылтайшы жарғылық капиталға 1 миллион теңгенін есебінен әлі күнге дейін тек 660 мың теңге енгізгенімен негіздейді, бұл тиесілі соманың үштен екі бөлігіне сәйкес келеді.

*Иісбаевқа заңға негізделген жауап беріңіз*

## **БІР ТАРАПТЫ ӘРЕКЕТТЕРДЕН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР (КОНКУРСТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР).**

### **Біртарапты әрекеттерден туындайтын міндеттемелердің ұғымы.**

Бір тарапты әрекеттерден туындайтын міндеттемелер шарттардан емес, заңды болып танылатын бір тарапты мәмілелерден туындайды. Сондықтан да, бұл міндеттемелер кодексте шарттық және шарттан тыс міндеттемелер арасына орналастырылған. Жаңа азаматтық заңнамаларда олар конкурстық міндеттемелер деп аталады және сыйақыға жария уәде беру, аукцион мен тендер, ойындармен бәс тігуден туындайды (АК 46-Тарауы). Осы тарау сыйақы беруге көпшілік алдында уәде беруден туындайтын конкурстық міндеттемелерді және тендер, аукцион әрі саудаластықтың Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де нысандары негізінде туындайтын міндеттемелерді реттейді. Конкурстық міндеттемелер Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен де регламенттелуі мүмкін.

Бұл міндеттемелерді түсіну үшін бір тараппен жасаған мәміледен екінші тарапта міндеттер мен құқықтар қандай жағдайда және қалай пайда болатынын анықтау өте маңызды болады. Бір тарапты мәміле өзі ғана емес, өзге де заңды фактілермен бірге міндеттемелік-құқықтық қатынастардың пайда болуына әкелдіреді.

### **Сыйақыға жария уәде беру**

Сыйақыға жария уәде беру (ҚР АК 911-б.) арқылы бір тұлға қажетті мақсатқа жету үшін, өздеріне бірнеше тұлғалардың назарын тез арада тарту үшін қолданылады. Оның нәтижесі тиімді болуы мақсатында оған жете алған тұлғаға немесе тұлғаларға сыйақыға жария уәде беріледі. Бірақта олардың барлығы құқықтық нәтижелерге әкелдіре бермейді. Ол үшін келесі талаптар орындалуы тиіс: ол жария болуы (көпшілікке жариялау); уәде берілген сыйақы мүліктік болуы қажет (ақша немесе жолдама, т.б.); жарияда оның нәтижесіне нұсқау жасалуы қажет; одан сыйақы төлеуге уәде бергені айқын болуы қажет. Уәде нысаны ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін.

Тараптары - **бастамашы (ұйымдастырушы) және қатысушы (қатысушылар)** деп аталады. Тараптардың құқықтары мен міндеттері уәдеде аталған нәтижеге жеткенде ғана пайда болады. Сыйақыға жария уәде берген тұлға хабарландыруда аталған әрекеттерді жасаған, яғни талаптарға сай келген тұлғаға сыйақысын төлеп беруге міндетті болады. Нәтижесі бірде бір және қайталанбастай болуы тиіс. Мысалы: жоғалған бір телефонды немесе итті екі рет тауып алу мүмкін емес. Бірақта кейбір жағдайларда сыйақыға жария уәде беру жөніндегі хабарландыруда аталған әрекеттер бірнеше тұлғалармен жасалуы мүмкін. Бұл жағдайда сыйақы алу құқығы бірінші болғанға беріледі, мысалы, сүретшілер конкурсы. Оның біріншісін анықтауға мүмкіншілік болмаса сыйақы қатысушыларға тең бөлінеді.

ҚР АК 913-бабында сыйақыға жария уәде беру ережелері бойынша лотерея, тотализатор және өзге де ойындар өткізілуі көзделеді. Бұл әрекеттер тиісті лицензия болғанда ғана жасалады. Шарттың жасалуы билет, квитанция

немесе өзге де құжат берумен рәсімделеді. Жеңген тұлғаға шарт жағдайларында көзделген мерзім мен мөлшерде және нысанда сыйақы төленуі қажет. Аталған құқықтарды бұзу оларды сотта қорғауға жатады.

Жұмысты жақсы орындағаны немесе өзге де нәтижелерге жеткені үшін ақшалай немесе өзгеше нысанда сыйақы төлеу туралы жария хабарлаған кез келген тұлға конкурс шарттарына сәйкес оның жеңімпазы болып танылған кез келген тұлғаның алдында өз міндеттемесін орындауы тиіс.

Сыйақыға жария уәде беру тапсырманың мәнін, нәтижелерді ұсынудың өлшемдері мен тәртібін, сыйақының мөлшері мен нысанын, сондай-ақ нәтижелерді жариялаудың тәртібі мен мерзімдерін көздейтін шарттарды міндетті түрде қамтуға тиіс. Сыйақы төлеу туралы шешім мен оны төлеудің өзі уәдеде белгіленген мерзімдерде қабылдануға және іске асырылуға тиіс.

Егер конкурс ғылым, өдебиет немесе өнер туындысын жасауға арналып хабарланса, сыйақыға жария уәде беруде өзгеше белгіленбесе, жария уәде берген тұлға туындыны жасаушымен оған қаламақы төлей отырып, оны пайдалануға шарт жасасуға басым құқық алады. Сыйақы туралы жария уәде берген тұлға, егер конкурс шарттарында өзгеше көзделмесе, сыйақы тағайындалмаған жұмыстарды олардың жасаушыларына қайтарып беруге міндетті.

Сыйақы төлеу туралы жария түрінде хабарлаған тұлға, бас тартуға жол берілмейтіндігі хабарландырудың өзінде көзделген немесе содан туындайтын немесе сыйақыға уәде берілген іс-әрекеттерді жасау үшін белгілі бір мерзім берілген немесе бас тарту туралы хабарланған кезде соған үн қосқан адамдардың ең болмағанда біреуі міндеттемеде көрсетілген іс-әрекеттерді орындап қойған жағдайлардан басқасында, берілген уәдеден сол нысанда бас тартуға құқылы. Сыйақыға жария уәде берудің күшін жою сыйақы туралы хабарлаған тұлғаны үн қосқан адамның хабарландыруда көзделген іс-әрекеттерді жасауға байланысты шеккен шығындарын өтеуден босатпайды. Барлық жағдайларда өтеудің мөлшері хабарландыруда аталған сыйақыдан аспауға тиіс (912-бап).

**Конкурстық міндеттемеде** оның бастамашысы конкурстың өзі айқындаған нысанасы мен бастапқы шарттарының негізінде тұлғалардың белгісіз немесе белгілі бір адамдар тобына оған қатысуға ұсыныс жасайды және конкурстың жеңімпазына белгіленген сыйақы төлеуге және (немесе) онымен конкурстық міндеттемелердің мазмұнына сәйкес шарт жасасуға міндеттенеді.

Конкурсқа қатысуға ұсынысты конкурстың бастамашысы тікелей немесе конкурстың делдал-ұйымдастырушысы арқылы жасауы мүмкін. Делдалдың құқықтары мен міндеттері оның конкурстың бастамашысымен жасасқан шартымен айқындалады.

Конкурс бастамашысының конкурсқа қатысуға шақырған ұсынысы баспасөзде және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында барлық тілек білдірушілерге хабарлау жолымен жолданғанда - ашық конкурс деп аталады, немесе конкурсқа қатысуға шақырған ұсыныс конкурс бастамашысының таңдауы бойынша тұлғалардың белгілі бір тобына жолданғанда - жабық болуы мүмкін. Конкурстың бастамашысы конкурсқа қатысуға тілек білдіруші

тұлғаларға алдын ала іріктеу жүргізгенде ашық конкурс оған қатысушылардың біліктілігімен байланыстырылуы мүмкін.

### **Тендер және аукцион**

**Тендер немесе аукцион түрінде өткізілетін сауда** жариялы конкурстарға жатады. Олардың нәтижесінде бастамашы тиімді жағдайларды ұсынған қатысушылармен тиісті шарт жасауға міндеттенеді. Аукционда, тендерге қарағанда, ең жоғарғы бағаны ұсынған қатысушы жеңіп шығады (ҚР АҚ-915, 916-баптары). Егер оларға екіден аз қатысушы қатысқан болса немесе басқа негіздер бойынша, аукцион немесе тендер өткізілмеген болып танылады.

**Тендер** нысанындағы конкурстық саудаластық кезінде оның бастамашысы (ұйымдастырушысы) өзі ұсынған бастапқы шарттардың негізінде тендер бастамашысы үшін шарттың ең жақсы талаптарын ұсынған тендер қатысушысымен шарт жасасуға (сатушы, сатып алушы, тапсырысшы, мердігер, жалға беруші, жалға алушы және т.б. ретінде) міндеттенеді (915-бап).

Тендерге қатысушылар, тендер шарттарында белгіленген мерзімнің шегінде, тендер бастамашысына немесе оның ұйымдастырушысына тендермен ұйғарылған барлық құжаттаманы қоса бере отырып, өз ұсыныстарын жазбаша түрде жібереді. Тендердің шарттарында ұсыныстарды желімделген конверттермен және девиздермен жіберу көзделуі мүмкін. Ұсыныстарды беру мерзімдерін бұзу, егер оның бастамашысы мерзімін өткізіп алған тұлғаның тендерге қатысуға жіберілгені туралы жазбаша түрде хабарламаса, мерзімін өткізіп алған тұлғаны тендерге қатысушылардың қатарынан шығаруға әкеп соғады.

Тендерге қатысушылардың арасынан оның жеңімпазын таңдауды тендер бастамашысы немесе ол құрған тендер комиссиясы жабық немесе тендердің шарттары бойынша ашық тәртіппен жүргізеді. Егер тендерге қатысушылар екеуден аз болса немесе тендерге қатысушылардың ұсыныстарын оның бастамашысы тендердің талаптарын қанағаттандырмайды деп таныса, оның бастамашысы тендерді өткізілмеген деп тануы мүмкін. Тендердің жеңімпазы мен оның бастамашысы тиісті шарт жасасады. Тендердің бастамашысы жеңімпазбен тиісті шарт жасасудан бас тартқан жағдайда тендердің жеңімпазы оған келтірілген залалдарды өтетіп алуға құқылы.

Тендердің шарттарында тендерге әрбір қатысушының тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін қатысушыларға қайтарылатын **кепілдік жарна** енгізілуі көзделуі мүмкін. Егер тендерге қатысушы тендердің мерзімі өткенге дейін өз ұсынысынан бас тартса немесе оны өзгертсе, кепілдік жарна қайтарылмайды. Жеңімпаз тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін жағдайларда тендер бастамашысымен тиісті шарт жасасудан бас тартса, кепілдік жарна жеңімпазға қайтарылмайды.

Тендер нысанында **мемлекеттің мүддесіне сатып алу-сату** әрекеттері жүзеге асырылады. Бұл жерде ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға не өзін құрған заңды

тұлғаның атынан әрекет ететін құрылымдық бөлімше. Тендерге қатысушылар «әлеуетті өнім беруші» деп аталады, олар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

Әлеуетті өнім берушіге жалпы және арнайы біліктілік талаптары қойылады. Жалпы біліктілік талаптарына келесілер жатады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатқызылмауы тиіс.

Арнайы біліктілік талаптарына әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие болуы қажет.

Заңда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды электрондық нысанда өткізу қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

**Аукцион** нысанындағы конкурстық саудаластық кезінде сатушы аукционның затын ол үшін неғұрлым жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді (916-бап).

Аукцион сатушы жариялаған бағаны арттыру немесе кеміту талаптарымен өткізілуі мүмкін. Бағаны төмендетумен өткізілетін аукцион шарттарында заттың сатылуы мүмкін болатын ең төмен баға көзделуі мүмкін. Мұндай аукцион голланд әдісімен жүргізіледі деп саналады.

Азаматтық айналымнан шығарылмаған кез келген қозғалатын немесе қозғалмайтын мүлік, оның ішінде интеллектуалдық меншік объектілері, импорттық, экспорттық және өзге де квоталар мен лицензияларды қоса алғанда, шарттар мен мүліктік құқықтар аукционның нысанасы болуы мүмкін. Аукционға қатысу туралы ұсыныстар аукцион заты, оның өтетін орны мен уақыты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Аукционға қатысуға тілек білдірген тұлғалар, егер оны өткізудің шарттарында өзгеше белгіленбесе, аукцион басталғанға дейін аукционға қатысуға өтініш беруге және кепілдік жарнаның белгіленген сомасын енгізуге тиіс.

Егер аукционға кемінде екі қатысушы (сатып алушы) қатысса, ол өте алады. Егер аукционның затын оған қатысушылардың бірде-бірінің сатып алғысы келмесе, бастапқы баға төмендетілуі немесе аукционның заты осы аукционнан алып тасталуы мүмкін. Егер аукцион шарттарында өзгеше белгіленбесе, ең жоғары баға ұсынған аукционға қатысушымен оған аукционның затын сату туралы шарт жасалады. Мұндай әдіс ағылшын әдісі деп аталады.

Егер сатып алушы шартты жасасудан бас тартса, ол аукционға қатысушылардың қатарынан шығарылады, оған кепілдік жарна

қайтарылмайды, ал сатып алушы сатып алудан бас тартқан аукционның заты қайтадан саудаластыққа қойылуы мүмкін.

Аукционға қатысқан, бірақ онда ештеңе сатып алмаған тұлғаларға кепілдік жарнаның сомасы қайтарылады. Аукционның қандай да болсын затын сатып алған тұлғаға кепілдік жарнасының сомасы төленген сатып алу бағасының есебіне есептеледі.

### **Ойын бизнесі шеңберінде ұйымдастырылатын бәс тігуге негізделген әрекеттер**

АК-ң 913-бабы бойынша мемлекеттің, әкімшілік-аумақтық бөліністің немесе уәкілетті мемлекеттік органнан **лотереялар, тотализаторлар мен тәуекелге негізделген басқа да ойындар** өткізуге лицензия алған тұлғаның осы ойындарға қатысушылармен арадағы қатынастары шартқа негізделген. Мұндай шарт лотереялық билет, түбіртек немесе өзге құжат берумен рәсімделеді және ойынға қатысушы лотереялық билеттің құнын немесе ойынға қатысудың өзге төлемін төлеген кезден бастап жасалған болып танылады.

Лотерея, тотализатор немесе өзге де ойындар өткізу шарттарына сәйкес ұтыскер болып танылатын адамдарға ойындардың бастамашысы (ұйымдастырушысы) ойындарды өткізудің шарттарында көзделген мөлшерде, нысанда (ақшалай немесе заттай) және мерзімдерде, ал егер бұл шарттарда мерзім көрсетілмесе - ойындардың нәтижелері шыққан кезден бастап он күннен кешіктірмей ұтысты төлеуге тиіс. Ойындардың бастамашысы (ұйымдастырушысы) міндеттерін орындамаған жағдайда лотереяда, тотализаторда немесе өзге ойындарда ұтып алған қатысушы оған ұтысты төлеуді, сондай-ақ өзіне келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

Лотереяны ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ақпарат мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс: лотереяның атауын, түрін және оны өткізу тәсілдерін, мерзімдерін, бағасын; лотереяны өткізу технологиясының сипаттамасын; лотереяға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін; лотереяға қатысушыларды лотереяға қатысу қағидалары және ұтыс ойынының нәтижелері туралы хабардар ету тәртібін; ұтыстарды алудың тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ ұтқан лотерея билеттерінің сараптамасын өткізу мерзімдерін; жүлде қорын қалыптастыру тәртібі, оның мөлшері және ұтыс мөлшеріне сәйкес (лотереядан түскен түсімнің пайыздық) жүлде қорын бөлудің жоспарлы құрылымын; бас жүлдені қалыптастыру тәртібін; лотереяның жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу тәртібін; лотерея билеттерін есепке алу, сақтау және сату тәртібін; лотерея билеттерін, оның ішінде сатылмаған лотерея билеттерін қайтару (алу), жою тәртібін.

Лотерея билетін сатып алу азаматтық-құқықтық міндеттердің туындауына негіз болады, оған сәйкес лотереяға қатысушы лотереяны ұйымдастырушыдан лотереяны өткізу шарттарын сақтауды, лотерея туралы ақпарат алуды және лотерея билетіне түскен ұтысты төлеу, беру немесе ұсынуды талап етуге құқылы. Лотереяға қатысушы лотереяны өткізу шарттары бұзылған жағдайда сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

Лотереяны ұйымдастырушының ұтқан лотереяға қатысушы туралы мәліметті, егер оның жазбаша келісімі алынбаса, жария етуге құқығы жоқ.

Лотереяны ұйымдастыруға және өткізуге лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған немесе одан айрылған жағдайда, лотереяны ұйымдастырушы үш ай ішінде ұтыс ойыны өткізілген лотереялар бойынша ұтыстарды төлеуді, беруді немесе ұсынуды жүргізуге, сондай-ақ ұтыс ойыны өткізілмеген лотереялар бойынша сатылған лотерея билеттері үшін ақшаны қайтаруға міндетті.

Бір сәттік лотереяның жүлде қорының ұтыс ойыны басталғанға дейін лотереяны ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және лотереяны ұйымдастырушының ресми сайтында лотерея билеттерінің жалпы саны және бір сәттік лотереяның жүлде қорының мөлшері туралы мәліметтерді жариялауы тиіс. Лотереяны ұйымдастырушы бір сәттік лотереяны сату аяқталған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және лотереяны ұйымдастырушының ресми сайтында сатылған лотерея билеттерінің және ұтыстардың саны туралы ақпаратты қамтитын бір сәттік лотереяның ұтыс ойынының нәтижелерін жариялауы тиіс.

Лотереялардан басқа, біртарапты міндеттемелер ресми түрде жүргізілетін **ойын бизнесі шеңберінде ұйымдастырылатын бәс тігуге негізделген әрекеттерден де туындайды.** Мұндай ойындарды ұйымдастырушылардың арасында казино және тотализаторларды атап кету керек. Казинолардың қызметі қазіргі таңда тек Ақмола облысы Бұрабай елді мекенінде ғана және Алматы облысы Қапшағай елді мекенінде ғана рұқсат етілген, ал тотализатор ойындарын көптеген букмекерлік ұйымдар жүргізуге құқылы.

Бұл тақырыпты игеру үшін келесі терминдердің түсінігін білу қажет:

- ойын бизнесі - мақсаты табыс табу үшін құмар ойындары мен бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу болып табылатын кәсіпкерлік қызмет;

- ойын мекемесі - құмар ойындар өтетін және (немесе) бәс тігу ставкалары қабылданатын орын: казино, тотализатор, ойын автоматтары залы, букмекер кеңсесі және өзге де ойын үйлері (орындары);

- бәс тігу - тәуекелге негізделген және жеке, сол сияқты заңды екі немесе бірнеше тұлғалардың арасында жасалған, нәтижесі туындайтыны немесе туындамайтыны белгісіз жағдайға байланысты ұтыс туралы келісім;

- құмар ойын - тәуекелге негізделген және ойын мекемесі белгілеген ереже бойынша жеке, сол сияқты заңды екі немесе бірнеше тұлғалардың арасында жасалған, нәтижесі туындауына тараптардың ықпал етуге мүмкіндігі бар жағдайға байланысты ұтыс туралы келісім;

- ойын үстелі - ойын мекемесі өзінің өкілдері арқылы тараптар ретінде немесе ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын құмар ойындарын өткізуге арналған ойын мекемесіндегі арнайы жабдық;

- ақшалай ұтыс шығатын ойын автоматы - ойын мекемесінде орнатылған және көрсетілген ойындарға ойын мекемесі өкілдерінің қатысуынсыз құмар



ойындарын өткізу үшін пайдаланылатын арнайы жабдық (механикалық, электрлі, электрондық және өзге де техникалық жабдық);

- тотализатор - қатысушының ұтысы болжамның туындаған нақты фактілермен ішінара немесе толық сәйкес келуіне байланысты болатын қатысушы ойындық, спорттық, өзге де жағдайда қандай да болмасын бір оқиғаның нәтижесіне болжам жасайтын (бәс тігетін) ойын.

Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялауды облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері жүзеге асырады. Лицензияның қолданылуы облыстың, Астана және Алматы қалаларының аумағымен шектелген. Лицензия бас және басқаға беруге болмайтын болып табылады. Лицензияның бланкі қатаң есептіліктегі бланк болып табылады. Лицензиялардың бланкілерінің есебін және оларды сақтауды Лицензиар жүзеге асырады.

Лицензиар тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алған заңды және жеке тұлғалардың тізілімін жүргізеді. Тізілімге тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны беру, оның қызметін тоқтата тұру, қызметін қайта жаңарту және тоқтату фактілері, сондай-ақ қайтарып алу туралы мәліметтер енгізіледі.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың арнайы талаптармен тіркелмеген орындарда тәуекелге негізделген ойындар немесе бәс тігу (құмар ойындар мен бәстер) ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға байланысты талаптары сот қорғауына жатпайды (914-бап).

## **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Солтанғазин мен Қайыров мәдениет және демалыс паркінде бильярд ойнауға келісті, үш сағат ішінде партиялардың көп санынан жеңіліп қалған адам жеңімпазға әрбір жеңілген партия үшін ең төменгі күн көріс деңгейіне (ЕТКҚД- 2013 жылы 18660 теңге) сәйкес соманы және бильярдты пайдаланғаны үшін ақыны төлейді деп келісті.

Үш сағат аяқталған кезде Қайыров 20 ЕТКҚД тең сомаға жеңіліп қалды. Солтанғазинға ол соманы келісімнің заңды күші жоқ деп төлеуден бас тартты.

Солтанғазин Қайыровтан аталған соманы өтеп алу үшін сотқа талап арыз береді. Пайда болған қатынастың мүліктік сипатына қарамастан, судья ҚР Азаматтық кодексінің ойындар және бәстесудің немесе Солтанғазин мен Қайыров арасында жасалған шарттардың азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарға қатысы жоқ екендігін және заңдар және басқа құқықтық актілермен қарастырылмағандығын және олардан ешқандай заңмен қорғалатын құқықтар мен міндеттер туындамайтынын айтып, қабылдаудан бас тартты.

*Пайда болған жағдайға құқықтық баға беріңіз.*

*Берілген жағдайда азаматтық-құқықтық шарт орынды ма?*

*Тараптарда шарттық міндеттеме пайда болды ма?*

2. Университеттің талапкері Темірханов және оның тума ағасы кәсіпкер Сартаев келесі шартпен бәстеседі. Темірханов университетке түскен жағдайда Сартаев Темірхановқа Университетке ресми түскен сәтінен бір ай мерзімде «Тойота» автокөлігін сыйлауға міндеттенеді. Темірханов түспеген жағдайда осы мерзімде ағасына 12 мың теңге төлеуі тиіс. Екінші емтиханды сәтсіз тапсырғаннан кейін тараптар арасында жасалған бәстесу Темірхановтың пайдасына емес екендігі айқын болды. Дегенмен, Сартаев бәстесу шарты бойынша оған тиісті соманы төлеуді талап еткен кезде, Темірханов Сартаевқа тек 5 мың теңге ғана төлейді. Қарыздың қалған бөлігін төлеу туралы міндетін Темірханов бұдан бұрын Сартаевқа сатқан «Панасоник» музыкалық орталығының құнын әлі төлемегенін, енді соны төлеуі туралы қарсы талаппен жабылуын талап етеді.

*Дәуды шешіңіз.*

3. Шыңғысов преферанс (құмар ойын) ойнап Жүнісовқа ірі сомаға ұтылады. Өз қарызын ол бүкіл соманы қолхатқа қол қойған күннен бастап 10 күннен артық кешіктірмей төлеуді міндеттеніп, ол туралы қарыздық қолхат жазып береді. Төлемді кешіктіру жағдайында Шыңғысов қарызының жартысындай көлемде айып төлеуді міндет етіп алады.

Қолхаттың жасалу күнінен 15 күн өткен соң қарыз толығымен өтеледі. Шыңғысов төлемнің мерзімін бұзғандықтан, Жүнісов айып төлету жөнінде талап арызын сотқа береді.

*Істі шешіңіздер.*

*Егер қолхат орнына Шыңғысов вексель берген болса, шешім өзгере ме?*

## **ШАРТТАН ТЫС (ҚОРҒАУШЫЛЫҚ) МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

### **Шарттан тыс міндеттемелердің ұғымы мен түрлері.**

Шарттан емес өзге негіздерден туындайтын міндеттемелер шарттан тыс міндеттемелер деп аталады. Мысалы, зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер немесе негізсіз баюдан туындайтын міндеттемелер. Бұл міндеттемелер тұлғаның зиян келтірілген мүліктік құқықтарын қалпына келтіруге бағытталады. Міндеттемелердің бұл тобының пайда болуына құқық бұзушылық негіз болады. Құқық бұзушылық латынша деликт (delictum) деп аталады, сондықтан бұл міндеттемелер деликттік міндеттемелер деп те аталады. Олар бұзылған қалыптағы құқықтық қатынастарды реттейді, сондықтан деликттік міндеттемелер жөніндегі нормалар императивтік түрде белгіленеді. Олар қылмыстық, әкімшілік және еңбектік құқық нормаларымен бірге қолданылады. Яғни, азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен қоса, құқық бұзушыға жасаған әрекетіне қарай, қылмыстық немесе өзге жауапкершілік түрлері де қолданылады.

### **Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер**

Зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер бойынша жәбірленуші (несие беруші, кредитор) зиян келтірушіден (борышкерден) заңсыз келтірілген зиянды заттай орындауды немесе шығындарды толық мөлшерде өтеуді талап етуге құқылы болады. Зиян келтіруші мен жәбірленуші ретінде азаматтық құқықтың кез келген субъектісі болуы мүмкін.

Келтірілген зиянды өтеу азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түріне жатады. Бірақта бұл жауапкершілік түрі шарттық міндеттемелер бойынша да қолданылады. Ал бұл жерде сөз шарттан тыс жауапкершілік жөнінде болады. Зиян келтірген үшін шарттан тыс жауапкершіліктің келесі төрт негіздері белгіленеді: мүліктік немесе моральдық зиян келтіру; зиян келтірушінің әрекеті заңсыз болуы; заңсыз әрекет пен келтірілген зиянның арасындағы себепті байланыстың болуы; зиян келтірушінің кінәсі.

Зиян – ол заңмен қорғалатын мүліктік немесе мүліктік емес игіліктердің кемуі. Мүліктік зиян жәбірленушіге шығындар келтіруден тұрады (ҚР АҚ 9-бабы), ал моральдық зиян – ол жәбірленушіні жан күйзеліс қалпына келтіру болып танылады (ҚР АҚ 951-б. қара).

Кінә – ол құқық бұзушылықтың субъективтік жағы және қасақаналық немесе абайсыздық нысанында қалыптасады. Қылмыстық құқыққа қарағанда азаматтық құқықта мүлікті немесе моральдық зиянды өтеу үшін кінә нысанының ешқандай маңызы жоқ. Және де азаматтық құқықта жауапкершілік ешбір кінәсіз де туындауы мүмкін, мысалы, жоғары қауіпті қайнар көздерімен келтірілген зиян.

### **Зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері (917-бап.)**

Азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен)

келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс.

Заң актілерінде зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі мүмкін, сондай-ақ өтеудің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленуі мүмкін.

Егер зиян келтіруші (Азаматтық кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда) зиян өзінің кінәсінен келтірілмегендігін дәлелдесе, оны өтеуден босатылады. Сонымен қатар заңды іс-әрекеттермен келтірілген зиян да Азаматтық кодексте және өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларда өтелуге тиіс.

### **Зиян келтірудің түрлері**

Зиян келтіруді келесі түрлерге саралауға болады:

1. келісім шарттық немесе өзге де міндеттемелерді орындау кезінде азаматтың өміріне келтірілген зиян;
2. келісім шарттық немесе өзге де міндеттемелерді орындау кезінде азаматтың денсаулығына келтірілген зиян;
3. 14 жасқа дейінгі жасөспірімдермен келтірілген зиян және олардың өздеріне келтірілген зиян;
4. 14 пен 18 жас аралығындағылармен келтірілген зиян және олардың өздеріне келтірілген зиян;
5. әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған тұлғалармен келтірілген зиян;
6. өз әрекеттерінің маңызын түсіну қабілеті жоқ азаматтармен келтірілген зиян;
7. аса қауіпті болып танылатын қайнар көзімен келтірілген зиян;
8. заңды тұлға мен азаматтың қызметкерлері келтірген зиян;
9. мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін өзі басқару органдармен және олардың лауазымды адамдарымен келтірілген зиян;
10. анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиян;
11. тауарлардың, жумыстардың немесе қызметтердің кемшіліктерімен келтірілген зиян;
12. моральдық зиян;
13. аса қажеттік жағдайда немесе қажетті қорғаныс шегінде келтірілген зиян.

Сонымен қатар, Азаматтық кодексінің 919-бабы мен 920-бабында келтірілген зиянды өтеуден толық немесе ішінара босату да көзделген. Мысалы, қажетті қорғану жағдайында келтірілген зиян, егер бұл ретте оның шегінен асып кетпесе, өтеуге жатпайды.

Аса қажетті жағдайда, яғни зиян келтірушінің өзіне немесе басқа тұлғаларға қатер туғызатын қауіпті жою үшін келтірілген зиян, егер бұл қауіпті осы жағдайларда өзге құралдармен жою мүмкін болмаса, оны зиян келтірген тұлға өтеуге тиіс. Алайда, мұндай зиян келтірілген мән-жайларды ескере отырып, сот оны өтеу міндетін зиян келтіруші мүддесіне іс-әрекет жасаған

үшінші бір тұлғаға немесе үлестік тәртіппен осы үшінші тұлға мен зиян келтірушіге жүктеуі, сондай-ақ осы үшінші тұлғаны да, зиян келтірушіні де зиянды өтеуден толық немесе ішінара босатуы мүмкін.

### **Моральдық зиян және оны өтеу**

Моральдық зиян дегеніміз, Азаматтық кодекстің 951-бабында көзделгендей, жеке және заңды тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.).

Жалпы ереже бойынша моральдық зиян зиян келтірушінің кінәсі болған кезде зиян келтірушімен өтелуге тиісті. Сонымен қатар, зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда өтеуге жатады:

1) егер зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;

2) егер зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

3) егер зиян адамның ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

4) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі.

Моральдық зиянды өтеу мөлшері Азаматтық кодекстің 952-бабында келтірілген. Моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі, бұл зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушінің ізгілік қасиетіне келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті түрде бағалау да, сондай-ақ жәбірленушінің жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де: қол сұғу объектісі болған игіліктің (өмір, денсаулық, ар-ождан, қадір-қасиет, бостандық, тұрғын үйге ешкімнің тимеуі және т.б.) өмірлік маңыздылығы; құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы (жақын туыстарын өлтіру, мүгедектікке әкеп соққан дене жарақатын салу, бас бостандығынан айыру, жұмыстан немесе тұрғын үйден айыру және т.б.); ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер тарату сипаты мен аясы; жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары (қызмет, отбасы, тұрмыс, материалдық, денсаулық жағдайы, жасы және басқалары), өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі.

Моральдық зиян өтелуге тиіс мүліктік зиянға қарамастан өтеледі.

Бұл жерде моральдық зиянды өтеу жөніндегі сот тәжірибесі туралы 2001 жылы 21 маусымда қабылданған ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік Қаулысын білу қажет болады. Аталған Қаулы ережелеріне сәйкес, азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтарын қорғау дегеніміз – ол мүліктік емес игіліктер мен

өзіндік құқықтар бұзылғанға дейін қолданылған ережені қалпына келтіру, оның ішінде мемлекеттік органдардың заңнамаға сәйкес келмейтін актілерін қолдануға жатпайды деп тану; мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың бұзылуының салдарын жою.

Моральдық зиянға өтем жасау ақшалай нысанында жүргізіледі.

Мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды сот жоғарыда көрсетілген тәсілдерді жинақтай отырып, сондай-ақ олардың әрқайсысын бөлек қолдана отырып қорғайды. Мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғаудың Азаматтық кодекспен көзделген тәсілдерін соттар осындай құқықтарды қорғау еңбек туралы, неке және отбасы туралы, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы және өзге де заңнамалық актілермен арнайы тиянақталмаған жағдайларда да қолдануы мүмкін.

Бұзылуы, айырылуы немесе кемітілуі азаматқа моральдық зиян келтіруге әкеп соғатын мүліктік емес өзіндік құқықтар деп азаматқа тумысынан немесе заңға сәйкес тиесілі және оның жеке басымен тікелей байланысты құқықтар мен игіліктерді түсіну қажет. Адамға тумысынан тиесілі игіліктерге өмір сүру, денсаулықты, ар-намысты, бостандықты, жеке басына қол сұқпаушылықты, ал құқықтарға - тұрғын үйіне немесе меншігіне қол сұқпаушылық құқығын, жеке өмірінің немесе отбасының құпиясын, телефон, телеграф хабарларының құпиясы мен хат алысу құпиясы құқығын; атын пайдалану құқығын; өз бейнесіне құқығын; интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне құқығын қорғау туралы заңнамаға сәйкес авторлық құқықты және мүліктік емес өзіндік құқықтарды; емін-еркін жүріп-тұру және тұратын жерін таңдау, нанымды ақпарат алу құқығын және республиканың заңнамалық актілерімен көзделген басқа да құқықтарды жатқызуға болады.

Моральдық зиян деп азаматтың құқық бұзушылық, оған тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың кемітілуінен немесе олардан айырудан туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет. Азаматтың жан азабы деп адамның кемсітуге, ызалануға, түңілуге, ашуға, ұятқа, қажуға, жайсыздыққа және т.б. байланысты басынан кешіретін эмоциялық-өзіндік жан күйзелісі сезімдерін түсіну қажет. Мұндай сезімдер тікелей жәбірленушінің өзіне немесе оның жақын туыстарының (ата-анасының, жұбайының, баласының, бауырының, апа-сіңлісінің) өмірі мен денсаулығына құқыққа қайшы қол сұғуға; бас бостандығынан заңсыз айыруға немесе шектеуге не емін-еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айыруға; денсаулығына зиян келуінің нәтижесінде, оның ішінде бет әлпетіне адам танымастай болып жарақат пен сызаттың түсуінің салдарынан алғашқы бейнесінен айырылуына байланысты белсенді еңбек ету және қоғамдық қызметті жалғастыру мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуға; отбасылық, жеке және дәрігерлік құпияның ашылуына; хат-хабар алмасу, телефон мен телеграф ақпараты құпиясының бұзылуына; азаматтың қадір-қасиеті мен ар-намысына кір келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратуға; өз атына, өз бейнесіне құқықтарының бұзылуына; авторлық және аралас құқықтарының бұзылуына және т.б. байланысты болуы мүмкін. Тән азабы деп құқыққа қайшы күш қолдануға немесе денсаулығына зақым келтірілуіне байланысты сезінетін тәнінің ауыруын түсіну қажет.

Моральдық зиян үшін жасалатын өтемнің мөлшерін белгілеу кезінде соттар субъективті баға ретінде жәбірленушіге келтірілген жан азабы мен тән азабының ауырлығын, сондай-ақ осыларды куәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда:

- мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың (өмірі, денсаулығы, жеке бас бостандығы, жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) өмірлік маңызын;

- жәбірленушінің басынан кешкен жан немесе тән азабының ауырлығын (бас еркінен айырылу, дене жарақатын түсіру, жақын туыстарынан айырылу, еңбек қабілетін жоғалтуы немесе шектелуі және т.б.);

- моральдық зиянды өтеу үшін қажет болған кезде зиян келтірушінің кінәсінің нысанын (қасақана ниетпен, абайсыздық) назарға алулары қажет.

Сот моральдық зиянның ақшалай нысандағы өтемінің мөлшерін анықтау кезінде іс материалдарымен негізделген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауапкершілік көтеретін азаматтың отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

### **Заңды тұлғалар және кәсіпкерлердің азаматтың денсаулығына жарақат келтіруден және қайтыс болуына байланысты зиянды өтеудің ерекшеліктері.**

Жауапкершіліктің жоғарыда аталған түрлері үшін өтеуге жататын залалдың мөлшерін анықтау қажет болады. Мүлікке келтірілген залалдың мөлшерін анықтау бұл жерде ешқандай қиындық тұғызбайды. Ал азаматтың өміріне, денсаулығына келтірілген залал мөлшері арнаулы ережелер бойынша анықталады. Мысалы, еңбектік қызметтерін атқару барысында азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу кезінде, егер қызметкер қайтыс болса немесе оның денсаулығына тұрақты елеулі зиян келтірілсе, зиян келтіруші екі түрлі төлемдерді өтеуге міндетті болады:

- 1) бір уақыт (біржолғы) төленетін төлем;
- 2) тұрақты түрде төленетін айлық төлемдер.

Аталған екі жағдайда да жәбірленушінің орташа айлық жалақысы және өзге де кірістерінің мөлшері есепке алынады. Егер зиян тек денсаулығына келтірілген болса, онда арнайы көрсетілген тәртіппен, жұмыс істемейтіндер үшін жалпы еңбекке қабілетінен, жұмыс істейтіндер үшін кәсіби еңбек қабілетінен айрылу мөлшері анықталады. Еңбекке қабілеттілігінен айрылу деңгейі пайыз нысанында **медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссиясымен** анықталады. Одан кейін **еңбек қабілеттілігінен айрылу пайызы** орташа айлық жалақысына (кірістеріне) көбейтіліп айлық төлем мөлшері анықталады (ҚР АҚ 938-б.). Өтеуге жататын жоғалтылған табыстың (кірістің) мөлшері жарақаттануына немесе денсаулығының өзгедей зақымдануына дейінгі не жәбірленушінің кәсіби еңбекке қабілетін, ал ол болмаған кезде - жалпы еңбекке қабілетін жоғалтуы дәрежелеріне сәйкес, еңбекке жарамдылығынан айырылу басталғанға дейінгі орташа айлық табысының (кірісінің) пайыздарымен анықталады.

Жоғалтылған табыстың (кірістің) құрамына негізгі жұмыс орны бойынша да, сондай-ақ қоса атқаратын жұмысы бойынша да еңбек және азаматтық-құқықтық шарттар бойынша еңбекке ақы төлеудің жеке табыс салығы салынатын барлық түрлері кіргізіледі. Біржолғы сипаттағы төлемдер (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақылар, жұмыстан босатылған кездегі жұмыстан шығу жәрдемақысы және басқалары) есептелмейді. Уақытша еңбекке жарамсыздық және жүктілік пен босануға байланысты демалыс кезеңі үшін төленген жәрдемақы есепке алынады. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістер, сондай-ақ авторлық қаламақы жоғалтылған табыстың құрамына кіргізіледі, бұл ретте кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістер мемлекеттік кіріс органы деректерінің негізінде кіргізіледі. Табыстың (кірістің) барлық түрлері салықтар ұсталғанға дейін есептелген сомаларда ескеріледі.

Орташа айлық табыс (кіріс) денсаулыққа зақым келтірудің не еңбек қабілетін жоғалту басталардың алдындағы жұмыстың он екі айындағы табыстың (кірістің) жалпы сомасын он екіге бөлу жолымен есептеледі. Зиян келтірілген кезде жәбірленуші он екі айдан аз уақыт жұмыс істеген жағдайда орташа айлық табыс (кіріс) денсаулыққа зақым келтірудің алдындағы нақты жұмыс істелген айларда тапқан табыстың (кірістің) жалпы сомасын осы айлардың санына бөлу жолымен есептеледі. Жәбірленуші толық жұмыс істемеген айлар оның қалауы бойынша толық жұмыс істеген айлардың алдындағы айлармен ауыстырылады не оларды ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда есептен шығарып тасталады

Жәбірленуші зиян келтірілген кезде жұмыс істемеген жағдайда оның қалауы бойынша жұмыстан босатылғанға дейінгі табысы не осы жердегі оның біліктілігіндегі қызметкер сыйақысының жай мөлшері ескеріледі, бірақ ол заң актілерімен белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Егер жәбірленушінің табысында (кірісінде) оған жарақат келтірілгенге немесе денсаулығының өзгедей зақымдануына дейін оның мүліктік жағдайын жақсартатын тұрақты өзгерістер болса (атқаратын қызметі бойынша жалақысы арттырылса, біршама жоғары ақы төленетін жұмысқа ауыстырылса, оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа тұрса және жәбірленушінің еңбегіне ақы төлеудің өзгертілуінің тұрақтылығы немесе өзгеру мүмкіндігі дәлелденген басқа жағдайларда), оның орташа айлық табысын (кірісін) белгілеу кезінде ол алған немесе тиісті өзгертуден кейін алуы тиіс болған табыс (кіріс) қана ескеріледі.

Келтірілген зиян үшін жауапты деп танылған жұмыс беруші кәсібі мен біліктілігі дәл осындай қызметкердің орташа жалақысының мөлшерін ұлғайтқан кезде жәбірленушінің кәсіби еңбекке қабілетін, ал ол болмаған кезде – жалпы еңбекке қабілетін жоғалтуы дәрежелеріне сәйкес келетін, ұлғайтылған орташа айлық табысының (кірісінің) пайыздарымен айқындалатын жоғалтылған табысты (кірісті) өтеу сомаларын қайта есептеу жүргізіледі.

Айлық төлем мөлшерін анықтау үшін көптеген жағдайларда жәбірленушінің өз кінәсінің мөлшері де ескеріледі.



Жәбірленушінің өміріне зиян келтірілген жағдайда, яғни ол қайтыс болғанда, асыраушысынан айрылуына байланысты төленетін төлемдерді алуға төменде көрсетілген азаматтар құқылы: оның кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балалары, еңбекке жарамсыз жұбайы және ата-аналары, асырауындағылар және қайтыс болғанның асырауында болған он төрт жасқа толмаған бауырларына, қарындастарына, немерелеріне, балаларына қарауға байланысты жұмыс істемейтін еңбек етуге жарамды оның ата-аналарының біреуі, жұбайы немесе өзге отбасы мүшесіне (ҚР АҚ 940-б.). Ол төлемдердің төлену мерзімдері: кәмелетке толмағандарға – олар 18 жасқа толғанға дейін, жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімдерде оқитындарға оқуларын бітіргенге дейін, бірақта тек 23 жасқа дейін; 58 жастан асқан әйелдерге және 63 жастан асқан ер адамдарға – ғұмыры бойы; мүгедектерге – мүгедек болу мерзімі аяқталғанға дейін. Асыраушысы қайтыс болғандарға төленетін төлемдер қайтыс болғанның орташа айлық жалақысы мөлшерінде есептеледі, оны барлық асырауында болғандарға бөлу арқылы және оның ішіне өзі де кіреді. Сонымен бірге зиян келтіруші қайтыс болған азаматты жерлеуге кеткен шығындарды да өтейтін болады (ҚР АҚ 946-б.).

**Жәбірленушінің қосымша шығындарын өтеу.** Жәбірленуші бір уақыт төленетін төлемдер мен ай сайын төленетін төлемдер ретінде алып отыратын айрылған жалақысының өтемінен басқа: емделуге, дәрі-дәрмек алуға, оны бағып қағуға кеткен, тамақтануға кеткен, протез салдыруға кеткен, санаторлық-курорттық емдеуге кеткен **қосымша шығындарын өтеп алуға** құқылы болады. Бұл төлемдер оның алып отыратын зейнетақысының және жәрдемақысының мөлшеріне қарамастан төленеді (ҚР АҚ 946-б.). Жоғарыда аталған есептеу тәртібі зиян келтіруден туындайтын барлық жауапкершілік түрлерінде қолданылады. Тек он төрт жасқа толмаған жасөспірімдерге келтірілген зиянды өтеуде алынбайды, оларға - емделуге, протез салдыруға, санаторийда емделуге кеткен бір уақыт төленетін нақтылы шығындары өтеледі (АҚ 939-б.).

Жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиян үшін жауапты тұлғалар жерлеуге қажетті шығындарды осы шығындарды көтерген адамға өтеуге міндетті. Осы шығындарды көтерген азаматтардың жерлеуге арнап алған жәрдемақысы зиянды өтеу есебіне қосылмайды (946-бап).

### **Заңды тұлға мен азаматтың өз қызметкерлері келтірген зиян**

ҚР Азаматтық кодексінің 921-бабында заңды тұлғаның немесе азаматтың өз қызметкері келтірген зиян үшін жауапкершілігі бекітілген. Заңды тұлға немесе азамат өзінің қызметкері еңбектік (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін атқару кезінде келтірген зиянды өтейді. Зиян келтіруі салдарынан туындайтын міндеттемелер туралы Азаматтық кодекстің ережелеріне қатысты қызметкерлер деп жұмысты еңбек шартының (келісім-шарттың) негізінде, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарттың негізінде орындаған, егер бұл ретте жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жауапты тиісті заңды тұлғаның немесе азаматтың тапсырмасымен және бақылауымен іс-әрекет жасаған немесе іс-әрекет жасауға тиісті болған азаматтар танылады. Шаруашылық серіктестіктер, акционерлік

қоғамдар мен өндірістік кооперативтер өздерінің қатысушылары (мүшелері) серіктестіктің, акционерлік қоғамның немесе кооперативтің кәсіпкерлік, өндірістік немесе өзге де қызметін жүзеге асыруы кезінде соңғылары келтірген зиянды өтейді.

### **Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян**

Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік туралы ережелер АҚ-тің 931-бабында көзделген. Қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен немесе кез келген басқа да заңды негізбен (мүліктік жалдау шарты, көлік құралын басқару құқығына берілген сенімхат, көздерді беру туралы күзіретті органның өкімі арқылы және т.б.) жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі. Жоғары қауіптілік көздерінің иелері қауіптілік көздерінің өзара іс-қимылының (көлік құралдарының соқтығысуы және т.б.) салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін ортақ жауапты болады.

Жоғары қауіптілік көздерінің өзара іс-қимылы салдарынан олардың иелеріне келтірілген зиян жалпы негіздерде өтеледі. Бұл орайда:

1) бір тараптың кінәсінен келтірілген зиянды осы тарап толық көлемінде өтейді;

2) екі немесе бірнеше тараптың кінәсінен келтірілген зиян олардың әрқайсысының кінәсінің дәрежесіне сай өтеледі. Тараптардың әрқайсысының кінәсінің дәрежесін белгілеу мүмкін болмаған кезде жауаптылық олардың арасында тең бөлінеді. Зиян келтіруде тараптардың кінәсі болмаған кезде олардың бірде-біреуінің зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ. Тараптардың әрқайсысы мұндай жағдайда өзі шеккен шығындар тәуекелін көтереді.

Жоғары қауіптілік көзінің иесі, егер қауіптілік көзі басқа тұлғалардың заңға қарсы іс-әрекеттері салдарынан иеленушінің иелігінен шыққанын дәлелдесе, осы көз келтірген зиян үшін жауап бермейді. Мұндай жағдайларда жоғары қауіптілік көзі келтірген зиян үшін ондай көзді заңға қайшы иеленушілер жауап береді. Жоғары қауіптілік көзін оның иелігінен заңға қайшы алуда иеленушінің кінәсі болған жағдайда жауаптылық иеленушіге де, жоғары қауіптілік көзін иеленген тұлғаларға да жүктелуі мүмкін.

Мысалы, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы Семей ядролық сынақ полигонындағы ұзақ уақыт ядролық сынақтар жүргізудің салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау ісін қамтамасыз етуге арналған. Заң көп

жылдық ядролық жарылыстар әсерінен зардап шеккен азаматтардың мәртебесі мен аумақтардың түр-түрін белгілейді, өтемдер, жеңілдіктер түрлерін және аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі шараларды айқындайды. Соның ішінде Заң азаматтардың өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруға құқықтарын белгілейді. Зиян келтіруші ретінде бұл жағдайда мемлекет болып табылады, ал мемлекеттің атынан Республикалық және жергілікті мемлекеттік органдар ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыртуға құқықтарын қамтамасыз етуге міндетті деп танылған. Заңды іске асыру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру және азаматтарды құқықтық қорғау жөніндегі міндеттерді мемлекет өз мойнына алады.

### **Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғалары келтірген зиян**

ҚР Азаматтық кодексінің 922 және келесі баптарында мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғалары келтірген зиян үшін жауапкершілік реттелген. Мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілерді шығаруының салдарынан келтірілген зиян актіні шығарған органдар мен лауазымды адамдардың кінәсіне қарамастан, сот шешімі негізінде өтелуге тиіс. Зиян мемлекеттік қазына есебінен өтеледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары да өз органдары мен лауазымды тұлғалары келтірген зиян үшін сот тәртібімен жауап береді. Мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының әкімшілік басқару саласындағы заңсыз іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян осы органдардың иелігіндегі ақшаның есебінен жалпы негіздерде өтеледі. Олар жеткіліксіз болған кезде зиян мемлекеттік қазынаның есебінен субсидиарлық жолмен өтеледі.

Заңсыз соттау, заңсыз қылмыстық жауапқа тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, үйде қамауда ұстау, ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдану, қамау немесе еңбекпен түзеу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолдану, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру салдарынан азаматқа **келтірілген зиянды** анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары лауазымды адамдарының кінәсіне қарамастан, заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық көлемде мемлекет өтейді (923-бап).

Мысалы, бір азамат адам өлтірді деп айыпталып, қалалық сот өкімі бойынша 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталды. Сот өкімі заңды күшіне ену бойынша ол сол жазаны өтеу орнында 2 жыл өткізгеннен кейін бұл қылмысты басқа адам жасағаны анықталды, ал сотталған адам ақталып, жазаны өтеуден босатылды. Осы орайда бұл азаматқа келтірілген зиянның негіздері және көлемін анықтау үшін Азаматтық кодекстен басқа Қылмыстық процестік кодексінің нормаларына сүйенеміз. Аталған кодекстің 40-бабына сәйкес осындай адамдарға келтірілген мүліктік зиян олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды; соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген

немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті; соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды; заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды; қылмыстық қудалау салдарынан шегілген өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды.

Мүліктік зияннан басқа, мұндай адамдар моральдық зиянның салдарын жоюды да талап етуге құқылы.

Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура органдарының өзге де заңсыз іс-әрекетінің салдарынан азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян Азаматтық Кодекстің 922-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өтеледі. Судьялардың және басқа сот қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) сот төрелігін жүзеге асыру кезінде келтірілген зиян да мемлекет есебінен өтеуге жатады.

### **Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиянды өтеу**

Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиянды өтеу негіздері АҚ-нің 947-бабында көзделген. Яғни, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) конструкциялық, рецептуралық немесе өзгедей жеткіліксіздігі салдарынан, сондай-ақ тауар (жұмыс, қызмет көрсету) туралы анық емес немесе жеткіліксіз ақпараттың салдарынан азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне не заңды тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян, олардың кінәсіне және жәбірленушінің олармен шарттық қатынастарда болғандығына немесе болмағандығына қарамастан, сатушының немесе дайындаушының (орындаушының) өтеуіне жатады. Осы ереже тек тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) **тұтынушылық мақсаттарда** сатып алған жағдайларда ғана қолданылады.

Тауардың кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды жәбірленушінің таңдауы бойынша тауарды сатушы немесе дайындаушы өтеуге тиіс. Жұмыстың немесе қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды орындаушы өтеуге тиіс. Тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) қасиеттері мен оларды пайдалану ережелері туралы толық немесе анық ақпарат бермеудің салдарынан келтірілген зиян жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес өтелуге тиіс.

Тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) кемшілігінен туындаған зиян, егер ол тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жарамдылығының (қызметтің) белгіленген мерзімдері ішінде келтірілсе өтелуге, ал жарамдылық (қызмет) мерзімі белгіленбесе - тауар (жұмыс, қызмет көрсету) өндірілген күннен бастап он жыл ішінде өтелуге тиіс.

Егер заң актілерінің талаптары бұзыла отырып жарамдылық (қызмет) мерзімі белгіленбесе немесе егер сатып алушы (тұтынушы) жарамдылық (қызмет) мерзімі өткеннен кейін қажетті іс-әрекеттер туралы және аталған іс-әрекеттерді орындамаған жағдайда мүмкін болатын зардаптар туралы ескертілмесе, онда зиян аталған мерзімдер шегінен тыс өтелуге тиіс (949-бап).

Тауар сатушы немесе дайындаушы, жұмысты немесе қызмет көрсетуді орындаушы зиян **дүлей күштің** немесе тұтынушының тауарды (жұмыстың, қызмет көрсетудің нәтижелерін) пайдалану немесе оларды сақтау ережелерін бұзуы салдарынан пайда болғанын дәлелдеген жағдайларда ғана жауапкершіліктен босатылады.

### **Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер**

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер меншік құқығын қорғауға бағытталған. Олардың жалпы ережелері АҚ-953 бабында келтірілген. Заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (иеленуші), негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті болады.

Міндеттеменің тараптары *мүлік иеленуші мен жәбірленуші* деп аталады. Бұлар ретінде тек әрекет қабілетті жеке және заңды тұлғалар бола алады.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер мүлікті алушының/иеленушінің өз әрекеттерінен, жәбірленушінің немесе үшінші тұлғалардың әрекеттерінен және белгілі бір оқиғаның нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Мысалы, бір азаматтың жеке жайылып жүрген малына бөтен сиыр қосылып кетеді, ал оның иесі көп уақыт анықталмайды. Ол сиыр 4-5 айдан кейін бұзау төлдейді. Сиырдың иесі 6 айға жуық мерзімнің ішінде осы азаматтың малына бөтен сиыр қосылғандығын біліп, келген бойында сиырын танып, оны тауып алған азамат оған қайтарып береді. Алайда бұзау туралы ешбір сөз қозғамайды, яғни, негізсіз бөтен мүлікке иеленеді. Біраздан кейін сиырдың иесі өз бұзауын да танып, оны қайтаруды талап етеді.

Осындай жағдайда негізсіз баю салдарының заты болатын мүлік сол түрінде жәбірленушіге қайтарылуы тиіс (ҚР АҚ 955-б.).

Егер негізсіз баю салдарынан алғанды заттай қайтарып беруге мүмкіншілік болмаса, мүлікті алушы жәбірленушіге ол мүліктің сатып алу кезіндегі нақтылы құнын және егер мүлік дереу қайтарылмаған болса мүліктің құнының кейінде төмендеуіне байланысты оның шеккен шығындарын өтеп беруге міндетті болады (АҚ 956-б.).

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттемелердің объектілері - тектік белгілерімен айқындалған заттар болады.

Егер заттар жеке белгілермен айқындалған болса онда виндикациялық талап қойылады, яғни өзге тұлғаның заңсыз иелігінен меншік иесінің мүлкін қайтарып беру туралы. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің ерекшелігі - мүлікті алған кезде мүлікті алушы оны иеленуін негізсіз екенін білмеуі тиіс. Егер мүлікті иеленген немесе сақтаған тұлғаның негізсіз иеленіп алудағы кінәсі анықталса, онда оған қарсы деликттік міндеттемелер жөніндегі ережелер қолданылады.

Бұл қаралатын құқықтық қатынас міндеттемелік қатынас болғандықтан, мүлікті заттай қайтару дегеніміз, нақтылы сол мүлікті емес, сол түріндегі және сапасындағы басқа мүлікті немесе оның ақшалай құнын қайтару болып танылады. Жәбірленушінің кінәсі бұл жерде ескерілмейді.

Мысалы, бір ЖШС келісім шарт бойынша Акционерлік қоғамға сатып алатын тауарлары үшін банк арқылы төлем төлепті. Алайда банк қызметкерінің олқылығынан ақша алушының есепшот номеріндегі бір сан қате жазылып, ақша мүлдем басқа заңды тұлғаның есепшотына түсіпті. Бұл қателік анықталып, шотына негізсіз түскен ақшаны қайтару туралы құжаттар рәсімделгенше, ол заңды тұлға бұл ақшаны өз мүддесіне ұстап қойған, яғни, оның тарапынан негізсіз баю орын алған.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің негіздері келесі түрінде де болады: төленетін сомадан асатын соманы төлеу шынымен жоқ, бірақта бар деп ойлайтын міндетті орындау. Мысалы, аудандық соттың шешімі бойынша талапкердің есебіне дереу орындау тәртібімен 2 миллион теңге аударылған, ал ол шешім екінші сатыдағы сотқа шағымдалып, сол соттың шешімі бойынша қанағаттандырылуға 2 миллион емес, 1 миллион теңге ғана жатқызылған. Сонда бұрын алынған ақшаның жартысы осы жағдайда негізсіз баю деп сараланады.

Негізсіз баю салдарынан алған немесе сақтаған мүлікті немесе оның құнын қайтару кезінде мүлікті негізсіз иеленген тұлға жәбірленушіден мүлікті сақтауға, ұстауға кетірген шығындарын өтеуді талап етуге құқылы болады. Егер мүлікті алушы мүлікті әдейі ұстап отырған болса, онда ол шығындарын өтеуді талап ету құқығынан айрылады. Кейбір жағдайларда негізсіз баю салдарынан алынған мүлік қайтарылмайтын болады.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Омаров қызмет бабымен өзіне бекітілген қызметтік автокөлікпен көшеде жол жүру ережелеріне сай жылдамдықпен келе жатқанда, кенеттен автокөліктің дөңгелегі үзіліп кетеді де сол көшеде келе жатқан жолаушы әйел - Алтаеваға тиіп, оған дене жарақатын келтіреді.

Жол апаты оқиғасын анықтау кезінде осы автокөлік екі күн бұрын техникалық қызмет көрсететін станциядан жөндеуден алынғаны анықталады. Дөңгелектің үзіліп кету себебі – осы станцияның жұмыскерлері дөңгелектің бұрайтын болттарын жоғалтып, олардың орнына өздері токарлық станокпен болттар жасап, дөңгелекті орнына қойғандары анықталады. Болттар жасалған металлдың сапасы нақты қажет сапасынан төмен болғандықтан екі күнге шыдамай, сынып қалады да дөңгелек үзіліп, ұшып кеткен.

*1. Азаматтық құқық бұзушылықтың элементтері/шарттары дегеніміз не және оларды атап кетіңіз.*

*2. Омаровтың әрекеттерінде азаматтық жауапкершіліктің негіздері бар ма?*

*3. Техникалық қызмет көрсететін станцияның осы жағдайдағы ролі қандай?*

*4. Алтаеваның денсаулығына келтірілген зиянды кім өтеуге тиіс?*

*5. Омаров кінәлі болып табылған жағдайда Алтаеваның алдында азаматтық жауапкершілікті кім көтереді?*

6. *Регресттік жауапкершілік дегеніміз не?*

2. Түс уақытында автобус жүргізушісі Алдаров үйіне тамақтануға келеді де капотты ашып су құйып жатқанда аулада ойнап жүрген 10 жастағы Ерлан мен Болат осыны пайдаланып, автобустың ішінде ойнамақ болып жасырынып кіріп кетеді. Ойын арасында олар сіріңке жағып, абайсызда оны орындықтың сыртында қапталған целлофанға түсіріп алады да, одан үлкен өрт басталып, автобус тез арада өртеніп кетеді, ал балалар аман шығып үлгереді.

1. *Осы жағдайда азаматтық жауапкершілік субъектілері кім болып табылады?*

2. *Мүліктік зиян кімге келтірілген?*

3. *Толық және субсидиарлық (қосымша) жауапкершіліктің айырмашылығы неде?*

3. «Арселор Миттал Теміртау» кәсіпорнының шахтерлері жер астындағы жұмыстарды жүргізіп жатқанда метан газы пайда болып, қопарылысқа келтірген. Оның нәтижесінде қопарылыс болған жерге жақын жұмыс істеп жатқан Алаев қайтыс болды, ал Отаровты көмір басып қалғандықтан, оны құтқарғанша бір аяғы сынып, өзге де орта және жеңіл дәрежедегі дене жарақаттары келтіріліпті.

Алаевтың отбасында 32 жастағы мектепте оқытушы болып істейтін жұбайы, 2 жастағы ұлы, 8 жастағы қызы және зейнеткер жасындағы ата-анасы бар. Оның екі баласына «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына сәйкес асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты жәрдемақы төленетін болды.

Кәсіпорынның қаржылық бөлімі берген анықтамаға сәйкес, Алаевтың айлық орта табысы 300 мың теңге болыпты.

Отаровтың айлық орта табысы да 300 мың теңгені құрапты. Және де ол 2 ай емделгеннен кейін ол дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссияның шешімі бойынша 1-топтың мүгедегі деп танылып, оған жоғарыда көрсетілген Заңға сәйкес мүгедектігі бойынша тиісті әлеуметтік жәрдемақы тағайындалды.

1. *Қалыптасқан жағдайды құқықтық қатынас ретінде саралаңыз: қандай құқықтық қатынастар пайда болды (2 түрлі)?*

2. *Зиян келтіруші ретінде кім танылады?*

3. *Екі шахтер бойынша жәбірленуші ретінде кімдер танылады?*

4. *Алаевтың қайтыс болуына байланысты зиян келтірушінің міндеттері қандай?*

5. *Егер төлемдер төленетін болса: кімге, қанша сомада, қандай мерзім бойы төленетінін есептеңіз.*

6. *Отаровқа қатысты төлемдер зиян келтірушінің тарапынан төленуге тиіс пе? Тиіс болған жағдайда нақты сомаларын және төлену мерзімін санап көрсетіңіз.*

4. 16 жастағы Аман жол бойындағы салынып жатқан құрылыстың жанынан тротуармен өтіп бара жатқанда кенеттен оның үстіне құрылыс кранымен көтеріліп бара жатқан бетоннан жасалған құрылыстық бұйым құлап түседі. Нәтижесінде оның жанбасы сынып, 1-топтағы мүгедек деп танылады, оған «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына сәйкес тиісті мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

Зиян келтірген құрылыс кәсіпорны Азаматтық кодекстің 939-бабына сәйкес ай сайын оған он еселенген айлық есептік көрсеткішті құратын өтемақы төлеуге міндеттелді.

Аман, мүгедектігіне қарамастан, мектепті жақсы бітіріп, ағылшын тілін де қоса үздік меңгеріп, компьютерлік технология мамандығы бойынша жоғары оқу орнын аяқтап, нәтижесінде 25-жасына келгенде беделді шетел фирмасының Қазақстандағы филиалына қызметке қабылданып, оның айлық табысы 200 мың теңге болды.

Біраздан кейін Аман зиян келтіруші компанияға зиян келтіргені үшін өтемақыны қайта есептеп, жаңа көлемде төлеп отыруын талап етті. Құрылыс фирмасы оның арызын қанағаттандырулан бас тартты.

*Қалыптасқан жағдайды саралаңыз*

5. Ырысты ауылының тұрғыны, Отаров Ерлан бастауыш мектепте 5 жыл оқып, сабақтар бойынша білімдерді меңгере алмаған соң, әрі қарай оқу оқымай, ересек жасына дейін ата-анасының қолында тәрбиеленді. Жасөспірім жасынан ол сол ауылдың тұрғындарының ұсақ заттарын ашық түрде сұраусыз алып кетіп, жасырын да ұрлап, кейде біреулерді соғып кетіп жүрген, бірақта ауыл тұрғындары Ерланның ақылы аздап жетіспейтінін біле тұра, оның ата-анасына немесе өзіне ешбір талаптар қоймаған. 30 жасында Отаров көрші үйге түн ортасында терезесін ашып кіріп, сіріңке жаққанынан өрт шығып, көршісі Имановтың үйіне едәуір зиян келтірген. Ал Имановтардың отбасы ұйқыдан оянып, кейбіреулері от пен түтіннен тұншығып, ден саулықтарына да зиян келтірілген, от сөндірілгенше жеке мүліктеріне де бірталай шығындар келтірілген. Ерлан болса сол үйде ұсталып, полиция қызметкерлеріне тапсырылған.

Иманов осы жағдай бойынша Отаровтардың отбасына, яғни 60 жастағы әкесі мен 50 жастағы анасына, 32 жастағы ағасы мен 25 жастағы өз отбасымен бөлек тұратын қарындасына ортақ талап қойып, барлық мүліктік шығындарын өтеуді және де моральдық зиянды өтеуді талап етеді. Бірақта Отаровтар Ерланның әрекеттері үшін жауапты емес екендерін және оның ақылы аз екендігі бәріне мәлім болғандықтан, оның әрекеттері үшін ешкім жауап көтермейді деп, зиянды өтеуден толығымен бас тартады.

Осы іс бойынша зиян келтірушіні және зиянды өтеуші тұлғаларды анықтаңыз.

*Имановтың талабы қанағаттандыруға жата ма? Қанағаттандырылатын болса, кімнің есебінен және қандай мөлшерде?*



## **ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ (ЗИЯТКЕРЛІК, САНАТКЕРЛІК) МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ**

### **Интеллектуалдық (зияткерлік) меншік құқығының ұғымы мен құрамы**

«Интеллектуалдық меншік құқығы» деген атау отандық азаматтық құқық пен заңдар үшін жаңа термин болып танылады. Ол алғашқы рет Кеңес одағы және республикалардың азаматтық заңдары Негіздерінде тек 1991 жылы бекітілген болатын. Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін тану және қорғау мәселелерінің аса жоғары халықаралық маңызы бар. Қазіргі кезде әлемде интеллектуалдық меншік құқығымен оны қорғау шаралары жөнінде көптеген конвенциялар, халықаралық шарттар қабылданған. Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау біздің мемлекеттің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі және саудада ең қолайлы жағдайларға қол жеткізу үшін басты шарттардың бірі болып табылатынын да айта кету жөн. Ал бұл біздің елдің беделін халықаралық сахнада арттыруға әсер етеді, өйткені зияткерлік меншік құқықтарын қорғау адам мен азаматтың құқықтарын және заңи мүдделерін сақтаудың қажетті шарттары мен кепілдіктерінің бірі.

Қазақстан Республикасына да әлем қоғамдастығынан шетте қалуға болмады, сондықтан 1992 жылдан бастап біздің мемлекеттің интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңдар әлем тәжірибесіне сай етіліп жасалды. 1992 жылы маусым айында Патенттік заң қабылданды, ал 1996 жылы маусым айында «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заң қабылданды. Бірінші Патенттік заң жеті жыл қызмет етті де, 1999 жылы шілде айында сол аттас жаңа Заң қабылданды. Және 1999 жылдан бастап «Тауарлық белгілер, қызмет белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Интегралдық микросызбалар топологияларын микротәсімдерді қорғау туралы» және т. б. заңдар қабылданды. 2000 жылы сәуір айында бұрынғы екі ведомстволар – Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі Мемлекеттік агенттігі және Ұлттық патенттік ведомство (Қазпатент) қайта құрылып, оның орнына біртұтас Интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі Комитет құрылған. Комитет қатарынан патенттік сараптамалар Институты құрылған, қазіргі кезде ол Ұлттық интеллектуалдық меншігі институты деп аталады. Интеллектуалдық меншік құқығын қорғау саласында аталған мемлекеттік органдарынан басқа, маңызды рөлді Қазақстан авторлар қоғамы деп аталатын және басқа да қоғамдық ұйымдар атқарады.

Интеллектуалдық (зияткерлік) меншік анықтамасы мен интеллектуалдық (зияткерлік) меншік объектісінің ұғымы заңда берілмеген. ҚР АҚ 961-бабында тек қана интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің екі түрі аталады:

- 1) интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері;
- 2) азаматтық кеңістіктегі (айналымдағы) қатысушыларды тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді дараландыру құралдары.

Осы баптың екінші және үшінші тармақтарында аталған объектілерінің саралануы келтіріледі. Сонымен, заң бойынша **интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне келесілер жатады:**

- 1) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- 2) орындау, фонограмма және хабар таратуды ұйымдастыру;
- 3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
- 4) селекциялық жетістіктер;
- 5) интегралдық микросызба топологиялары;
- 6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау).

Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарлар мен жұмыстарды, қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына келесілер жатады:

- 1) фирмалық атаулар;
- 2) тауарлық белгілер;
- 3) тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне меншік құқығының пайда болу негіздері оларды жасау немесе өкілетті мемлекеттік органмен құқықтық қорғауды қамтамасыз ету болады. Жасау фактісі - **авторлық құқықтың** пайда болуының негізі болады, ал өкілетті органмен құқықтық қорғауды қамтамасыз ету – **патенттік құқықтың** пайда болуына негізі болады.

Интеллектуалдық меншіктің барлық объектілеріне қатысты **«айрықша құқықтар»** деген термин қолданылады. «Айрықша құқық» - автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарын заңда белгіленген мерзім ішінде өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы.

Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторлары оларға деген мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болады. Авторлық мүліктік емес құқықты оның иесінен бөлуге болмайды және ол ешкімге еш уақытта көшпейді. Авторлардың тек мүліктік құқықтарын олардан бөлуге және басқа біреуге беруге болады.

Сонымен **интеллектуалдық меншік құқығы авторлық құқықтан, сабақтас құқықтардан және патенттік құқықтан** тұрады.

Бұдан ары келесі білімдерді бекіту қажет:

- авторлық құқық объектілерін, авторлардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын, авторлық құқықтың уақытта және кеңістікте әрекет етуін;

- сабақтас құқықтар объектілері мен субъектілерін, сабақтас құқықтарының уақытта және кеңістікте әрекет етуін;

- авторлық келісім шарттарды, олардың түрлері мен мазмұнын;

- патенттік құқықтар объектілерін, олардың түрлерін және оларды құқықтық қорғау жағдайларын; өнертабыстарды, қызметтік өнертабыстарын, өндірістік үлгілерді және пайдалы үлгілерді; өсімдіктер мен жануарлардың жаңа тұқымдарын; интегралдық микросызбалар топологияларын; ноу-хау;

- лицензиялық шарттарды, олардың мазмұнын; ноу-хау беру келісім шарттарын және т. б.;

- азаматтық айналымдағы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді дараландыру құралдарын (фирмалық атауларға, тауарлық белгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына деген құқықты, олардың қорғалуын).

Қазіргі уақытта Қазақстан интеллектуалдық (зияткерлік) меншік құқығы саласындағы көптеген халықаралық келісім шарттарға, ұйымдарға қатысады.

### **Авторлық құқық**

Азаматтық заңнамада автор деп шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға танылады.

Авторлық құқық Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған не жарияланбаған, бірақ авторлардың немесе олардың құқықтық мұрагерлерінің азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қандай да болсын объективті нысанда болатын туындыларға қолданылады. Және де Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары - авторлары және олардың құқықтық мұрагерлері деп танылады; сонымен қатар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және авторлардың (олардың құқықтық мұрагерлерінің) - шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқығы бар деп танылады.

Егер туынды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алғаш жарияланған күннен кейінгі отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жарияланса, ол Қазақстан Республикасында жарияланды деп саналады.

Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады.

Авторлық құқық белгілі бір объективті түрге ие болған келесідей туындыларға қолданылады:

1) жазбаша (қолжазба, техникалық құралмен басылған, нотаға жазылған және сол сияқты);

2) ауызша (көпшілік алдында айтушылық, көпшілік алдында орындаушылық және сол сияқты);

3) үнжазба немесе бейнежазба (механикалық, сандық, магниттік, оптикалық және сол сияқты);

4) бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне - немесе фотокадрлар және сол сияқты);

5) көлемді - кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, ғимарат, және сол сияқты);

б) өзге де нысанда жария болған да (жарияланған, жарыққа шыққан, баспадан шыққан, көпшілік алдында орындалған, көпшілік алдында көрсетілген), жарияланбаған да туындыларға қолданылады.

Жоғарыда аталған белгілері бар және дербес қолдануға болатын туынды бөлігі де (оның атауымен, кейіпкерлердің атауларымен қоса) авторлық құқық объектісі болып табылады.

Алайда авторлық құқық идеялардың, тұжырымдамалардың, принциптердің, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің өздеріне қолданылмайды.

Сонымен қатар туындыға деген авторлық құқық туынды жасалған материалдық объектіні меншіктену құқығымен байланысты емес. Қандай да болсын материалдық объектіге меншік құқығын немесе иелену құқығын беру, осы объектіде көрсетілген туындыға авторлық құқықтың берілуіне әкеп соқпайды.

Авторлық құқық объектілері болып табылатын туындылар келесілер жатады:

- 1) әдеби туындылар;
- 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- 3) сценарийлік туындылар;
- 4) хореография және пантомима туындылары;
- 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
- 6) дыбыс-бейнежазу туындылары;
- 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
- 8) қолданбалы өнер туындылары;
- 9) сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;
- 10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
- 11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
- 12) электрондық есептік машиналарға арналған бағдарламалар;
- 13) өзге де туындылар.

Бұдан басқа авторлық құқық объектілеріне мыналар да жатады:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер, аннотациялар, рефераттар, түйіндер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық өңдеулер және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және материалдарының іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар.

Электрондық есептік машиналарға арналған бағдарламаларды қорғау ЭЕМ-ге арналған бағдарламалардың (соның ішінде операциялық жүйелердің) бастапқы мәтін мен объектілік кодты қоса алғанда, кез-келген тілде және кез-келген нысанда жасалуы мүкін барлық түріне қолданылады.

Туынды және құрама шығармалар, өздерінің негізге алынған немесе өздеріне енген туындылардың авторлық құқық объектілері болу болмауына қарамастан, авторлық құқықпен қорғалады.

Ал мына туындылар авторлық құқық объектілері болмайды:

1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;

2) мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);

3) халық шығармашылығы туындылары;

4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

Ғылым, әдебиет және өнер туындысына авторлық құқық оның жасалу фактісіне қарай туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны өзге де арнайы ресімдеу немесе қандай да болсын шарттылықты сақтау талап етілмейді. Өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі жазбаша туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұрады:

1) қоршауға алынған латынша «С» әрпі;

2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы);

3) туындының алғаш жарияланған жылы.

Жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін автор, сондай-ақ құқық иеленуші туындыға айрықша мүліктік құқықтарды иеленетінін растау үшін авторлық құқықтың қорғалатын не тиісті шарттардың қолданылатын мерзімі ішінде кез келген уақытта оларды ресми тізілімдерде тіркеуге құқылы. Тіркеуді белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Өзге дәлелдер болмаған жағдайда туындының түпнұсқасында немесе данасында автор ретінде көрсетілген адам туындының авторы деп саналады. Ал туынды жасырын немесе бүркеншік атпен жарияланған жағдайда (автордың бүркеншік аты оның өзі екеніне күмән туғызбайтын жағдайды қоспағанда), туындыда есімі немесе атауы көрсетілген баспагер өзге дәлелдер болмаған кезде автордың өкілі болып табылады және оның өкіл ретінде автордың құқығын қорғауға, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге құқығы бар. Бұл ереже сондай туындының авторы өзінің кім екенін ашқанша және өзінің авторлығын мәлімдегенше қолданыла береді. Егер өзін жарияланбаған туынды қолжазбасының авторымын деп санайтын жеке тұлға оны басқалардың заңсыз пайдалануына немесе иемденіп кетуіне жол бермеу үшін сақтауға өткізуді қажет деп тапқан жағдайларда уәкілдік берілген орган қолжазбаны қабылдап алуға міндетті, ол туралы қолжазбаны өткізген адамға оның түскен мерзімі туралы анықтама беріледі. Қолжазбаларды тапсыру, қабылдау және сақтау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган автордың (авторлардың) немесе құқық иеленушінің

өтінішін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүргізеді. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеуге берілетін өтініштің нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

Мемлекеттік тіркеуге берілетін өтініште автордың (авторлардың) деректері, өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты толығымен, тұратын жері, байланыс телефондары, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетіледі. Егер өтінішті құқық иеленуші берсе, онда оның заңды мекенжайы көрсетіледі. Ал егер туынды төл туындыдан жасалса, пайдаланылған туынды авторының (авторларының) тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Көрнекті Қазақстан ғалымдарының бірі Атырауда тұрып жатқан өзінің мектептес досымен ұзақ хат алысып тұрады. Ғалым қайтыс болған соң, досы оның мәңгілік есте қалуын тілеп, Атырау баспасымен шарт жасасып, қолындағы хаттарды баспаға шығаруды шешеді. Хаттар жарық көргенде, ғалымның балалары әкелерінің досынан әкелерінің барлық хаттарын баспадан шығаруға тыйым салатынын айтады. Алайда бұл оның жеке басының ісі деп санап, әкесінің досы талапты орындаудан бас тартады.

*Қайтыс болған адамның балалары талабы қанағаттандыруға бола ма? Талап арыз кімге ұсынылуы мүмкін? Сот бұзылған құқықты қорғаудың қандай жолдарын таңдап алуы мүмкін?*

2. Суретші Р. А.Қ. Оңласынованың бейнесін салады. Суретшінің қайтыс болуынан соң мұрагерлері оның туындыларының альбомын шығармақшы болады, туындылар ішінде 25 жылдам астам тірілер қатарында жоқ. А.Қ. Оңласынованың бейнесі де болады. А.Қ. Оңласынованың балалары оны біле салысымен олардың анасының бейнесін альбомнан шығаруды талап етіп баспаға барады. А.Қ. Оңласынованың қайтыс болғанынан көп жыл өткендіктен, анасының бейнесін баспаға шығаруда балаларының келісімі қажет етілмейтінін түсіндіре отырып, баспа олардың талабынан бас тартады.

*Баспа А.Қ. Оңласынова балаларының келісімін алуға тиісті ме?*

## САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР

Сабақтас құқықтар қойылымдарға, орындаушылықтарға, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларына олардың мақсатына, мазмұны мен сапасына, сондай-ақ жеткізілу әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады.

Сабақтас құқықтардың субъектілері болып орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары танылады. Фонограмма жасаушы, хабар таратушы ұйым құқықтарын орындаушымен және фонограммаға жазылған не эфирде немесе кабель бойынша берілетін туындыны орындаушымен және оның авторымен жасалған шарт бойынша алған құқықтары шегінде жүзеге асырады. Орындаушы өз құқықтарын орындалатын туынды авторларының құқықтарын сақтаған жағдайда жүзеге асырады.

Сабақтас құқықтардың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін қандай да болсын формальдылықты сақтау талап етілмейді. Фонограмма жасаушы және (немесе) орындаушы өз құқықтары туралы хабарлау үшін фонограмманың әр данасында және (немесе) оның әрбір қорабында көрсетілетін және үш элементтен тұратын сабақтас құқықтарды қорғау белгісін пайдалануға құқылы, олар:

- 1) қоршауға алынған латынша «Р» әрпі;
- 2) айрықша сабақтас құқықтар иесінің есімі (атауы);
- 3) фонограмманың алғаш жарияланған жылы.

Фонограммада және (немесе) оның қорабында есімі немесе атауы көрсетілген жеке немесе заңды тұлға фонограмма шығарушы болып танылады.

**Орындаушының** құқықтары мына талаптарға сай болғанда танылады:

- 1) орындаушы Қазақстан Республикасының азаматы болса;
- 2) орындаушылық, қойылым алғаш рет Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылса;
- 3) орындаушылық, қойылым заң ережелеріне сәйкес қорғалатын фонограммаға жазылса;
- 4) фонограммаға жазылмаған орындаушылық, қойылым заң талаптарына сәйкес қорғалатын эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарына енгізілген болса.

**Фонограмманы жасаушының** құқықтары мына жағдайларда танылады:

- 1) фонограмма жасаушы Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында ресми тұрғылықты жері бар заңды тұлға болса;
- 2) фонограмма тұңғыш рет Қазақстан Республикасының аумағында жарық көрсе, танылады. Егер фонограмма Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған күннен кейін отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жарияланса, ол да Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет жарияланды деп саналады.

**Эфирлік немесе кабельдік хабар тарату** ұйымының құқықтары сол ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында ресми тұрғылықты орны бар

болса және хабарларын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан хабар таратқыштар көмегімен жүзеге асырса, танылады.

Шетелдік жеке және заңды тұлғалардың сабақтас құқықтары, егер тиісті орындаушылық, фонограмма, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабары Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша айқындалатын олардың шыққан елінде, сабақтас құқықтардың сол елде белгіленген қолданылу мерзімінің өтуі салдарынан қоғам игілігіне айналмаған болса және сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты Қазақстан Республикасында қоғам игілігіне айналмаған болса, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес танылады.

**Орындаушының құқықтары:**

1) есімінің құқығы;

2) орындаушылықты немесе қойылымды орындаушының ар-намысына және қадір-қасиетіне нұқсан келтіре алатын кез келген бұрмалаудан немесе өзге де қолсұғушылықтан қорғалу құқығы (беделін қорғау құқығы);

3) орындаушылықты немесе қойылымды пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алу құқығын қоса, кез-келген түрде пайдалану құқығы беріледі.

Мүліктік емес жеке құқықтар орындаушыға оның мүліктік құқықтарына қарамастан тиесілі және орындаушылықты пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарын берген жағдайда да олар өзінде сақталып қалады.

Орындаушының орындаушылықты немесе қойылымды пайдалануға айрықша құқықтары мынадай іс-әрекеттерді жасауға рұқсат ету немесе жасауға тыйым салуды қамтиды:

1) бұрын жазылмаған орындаушылықты немесе қойылымды жазуды;

2) орындаушылық немесе қойылым жазбасын кез келген нысанда тікелей немесе жанама қайта шығаруды;

3) орындаушылықтың немесе қойылымның жазбасын пайдаланбай-ақ орындаушылықты немесе қойылымды эфирге беруді, кабель арқылы жалпы жұрттың назарына хабарлауды немесе жалпы жұрттың назарына жеткізуді;

4) орындаушылық немесе қойылым жазбасын эфирге беруді, кәбіл арқылы жалпыжұрттың назарына хабарлауды немесе жалпыжұрттың назарына жеткізуді;

5) орындаушының қатысуымен орындаушылық немесе қойылым жазылған, коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы прокатқа (жалға) беруді. Орындаушылықты фонограммаға жазуға шарт жасалған кезде бұл құқық фонограмманы шығарушыға ауысады. Бұл ретте орындаушы мұндай фонограмманың даналарын жалға бергені үшін сыйақы алу құқығын сақтап қалады.

Орындаушының жоғарыда көзделген айрықша құқығы мына жағдайларда қолданылмайды:

1) орындаушылықтың немесе қойылымның бастапқы жазбасы орындаушының келісімімен жасалған;



2) орындаушылықты немесе қойылымды көшірмелеу орындаушылықты немесе қойылымды жазу кезінде орындаушының келісімі алынған мақсатпен жасалған;

3) орындаушылықты немесе қойылымды көшірмелеу заңға сәйкес жазба жүргізілген мақсатта жүзеге асырылған жағдайда.

Егер орындаушының эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымымен жасасқан шартында көзделсе, орындаушылықты немесе қойылымды кейіннен беруге, мұндай жазбаны беру мен көшірмелеу үшін эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының жазып жүзеге асыруға жоғарыда аталған рұқсат алу талап етілмейді. Бұлайша пайдаланғаны үшін орындаушыға берілетін сыйақы мөлшері де осы шартта белгіленеді.

Орындаушы мен дыбыс-бейнежазу туындысын шығарушы арасында жасалған шарт орындаушының жоғарыда аталған құқықтарды беруіне әкеп соғады. Орындаушының мұндай құқықтарды беруі дыбыс-бейнежазу туындысын пайдаланумен шектеледі және, егер шартта өзгеше көзделмесе, дыбыс-бейнежазу туындысына түсірілген дыбыс пен бейнені жеке пайдалану құқықтарын қамтымайды.

**Фонограмма жасаушының құқықтары:** Фонограмма жасаушыға өз фонограммасы жөнінде, авторлық заңнамаларда көзделгендерді қоспағанда, фонограмманы пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алу құқығын қоса, фонограмманы кез-келген нысанда пайдалануға айрықша құқықтар беріледі.

Фонограмманы пайдалануға айрықша құқықтар мынадай іс-әрекеттерді жасауға рұқсат ету немесе жасауға тыйым салуды қамтиды:

1) фонограмманы тікелей немесе жанама түрде кез келген нысанда қайта шығаруды;

2) меншік құқығын сату немесе өзгеше беру арқылы фонограмманың түпнұсқасы мен даналарын таратуды, оның ішінде импорттауды;

3) фонограмманы шығарушы немесе оның рұқсаты бойынша жүзеге асырылған оны таратудан кейін де фонограмманы прокатқа (жалға) беруді;

4) фонограмманы қайта жасауды немесе кез келген тәсілмен өңдеуді;

5) фонограмманы жалпы жұрттың назарына жеткізуді.

Егер заңды түрде жарияланған фонограмма даналары оларды сату арқылы азаматтық айналымға енгізілсе, оларды фонограмма жасаушының келісімінсіз және сыйақы төлемей одан әрі таратуға жол беріледі. Фонограмманың даналарын прокатқа (жалға) беру арқылы тарату құқығы сол даналарды меншіктеу құқығына қарамастан фонограмманы жасаушыға беріледі.

Коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы жасаушының және осындай фонограммаға орындауы жазылған орындаушының келісімінсіз, бірақ сыйақы төлей отырып, фонограмманы көпшілік алдында орындауға; фонограмманы эфирге беруге; фонограмманы кабель арқылы жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін хабарлауға жол беріледі.

Сыйақы жинау, бөлу және төлеу фонограмманы жасаушылар мен орындаушылардың құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың бірі осы ұйымдар арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырады. Егер бұл келісімде

өзгеше көзделмесе, аталған сыйақы фонограмма жасаушы мен орындаушы арасында тең бөлінеді.

Сыйақы мөлшерін және оны төлеу жағдайларын, бір жағынан, фонограмма пайдаланушылар немесе осындай пайдаланушылар бірлестіктері (қауымдастықтары) және, екінші жағынан, фонограмма жасаушылар мен орындаушылар құқықтарын басқарушы ұйымдар арасында жасалған келісім бойынша, ал егер тараптар мұндай келісімге келе алмаса - уәкілдік берілген орган белгілейді. Сыйақы мөлшері фонограммаларды пайдаланудың әр түрі үшін белгіленеді.

Ал фонограммаларды пайдаланушылар фонограмма жасаушылар мен орындаушылар құқықтарын басқарушы ұйымдарға фонограммалардың пайдаланылу мөлшері туралы дәл мәліметтер жазылған бағдарламаларды, сондай-ақ сыйақы жинауға және бөлуге қажетті өзге де мәліметтер мен құжаттарды табыс етуге міндетті болады.

#### **Эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының құқықтары**

Сабақтас құқықтар туралы заңнамаларда көзделген реттерді қоспағанда, эфирлік және (немесе) кабельдік хабар тарату ұйымына оның хабарына қатысты хабарды кез-келген нысанда пайдалануға және, мұндай рұқсат бергені үшін сыйақы алу құқығын қоса алғанда, хабарды пайдалануға рұқсат етуге айрықша құқықтар беріледі.

Хабарды пайдалануға айрықша құқықтар мынадай іс-әрекеттерді жасауға рұқсат ету немесе жасауға тыйым салуды қамтиды:

- 1) хабарды эфирге беруді;
- 2) жалпы жұрт назарына жеткізу үшін хабарды кабель арқылы хабарлауды немесе хабарды эфирге беруді;
- 3) хабарды жазып алуды;
- 4) хабардың жазбасын көшірмелеуді;
- 5) жалпы жұрт назарына жеткізу үшін хабарды ақы төлеп кіретін жерлерде хабарлауды;
- 6) хабарды жалпы жұрт назарына жеткізуді.

Жоғарыда аталған эфирлік және (немесе) кабельдік хабар тарату ұйымының айрықша құқығы мына жағдайларда қолданылмайды:

- 1) хабар эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының келісімімен жазып алынғанда;
- 2) хабарды көшірмелеу ол жазылған мақсатта жүзеге асырылғанда.

Айрықша құқықтарды басқа тұлғаларға толық немесе ішінара пайдалануға беру лицензиялық келісім шарт арқылы жүзеге асырылады. Лицензиялық шарт тиісті үлгідегі мемлекеттік тіркеу куәлігі беріле отырып, уәкілетті органда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркелуге тиіс. Лицензиялық шарттың бір түрі ретінде авторлық шарт болып табылады. Авторлық шарт дегеніміз – нысанасы бір немесе бірнеше авторлық құқық объектілерін пайдалануға мүліктік құқықтарды беру болып табылатын шарт.

Орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының құқықтарын бекітумен қоса, заңнамаларда бұл

құқықтарды шектеу де белгіленеді. Яғни, орындаушылықты, қойылымды, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын және олардың жазбаларын орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының келісімінсіз және сыйақы төлемей пайдалануға, сондай-ақ фонограмманы көшірмелеуге келесі жағдайларда жол беріледі:

1) орындаушылықтан, қойылымнан, фонограммадан, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарларынан шағын үзінділерді ағымдағы оқиғалар туралы шолуға қосу үшін;

2) тек қана оқыту немесе ғылыми зерттеу мақсаттарында;

3) дәйектеме ақпараттық мақсатта жүзеге асырылатын жағдайда, орындаушылықтан, қойылымнан, фонограммадан, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарынан шағын үзінділер түрінде дәйектеме келтіруге жол беріледі. Бұл ретте, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмма даналарын эфирге беру, жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлау үшін немесе жалпыжұрттың назарына жеткізу үшін пайдалануының қандайы болса заңнамалар талаптарын сақтаған жағдайда ғана мүмкін болады;

4) заңнамаларда белгіленген ғылым, әдебиет және өнер туындылары авторының мүліктік құқықтарын шектеуге қатысты өзге де жағдайларда жол беріледі.

Сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімдері төмендегідей анықталған.

Орындаушыға қатысты құқықтар алғашқы орындалудан немесе қойылымнан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Ал орындаушының есімін, орындаушылықты немесе қойылымды кез-келген бұрмалаудан немесе орындаушының ар-намысына және қадір-қасиетіне нұқсан келтіруі мүмкін өзге де қолсұғушылықтан қорғау құқықтарының қорғалуына шек қойылмайды, яғни олар мерзімсіз қорғалуда болады.

Фонограмманы жасаушыға қатысты құқықтар фонограмма алғаш жарияланғаннан кейінгі жетпіс жыл бойында, егер осы мерзім ішінде фонограмма жарияланбаған болса, ол алғаш жазылып алынғаннан кейінгі елу жыл бойы күшін сақтайды.

Эфирде хабар тарату ұйымына қатысты құқықтар мұндай ұйым эфирде алғашқы хабар таратуды жүзеге асырғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

Кабельдік хабар тарату ұйымына қатысты құқықтар мұндай ұйым кабель арқылы жалпы жұрттың назарына арналған алғашқы хабарлауды жүзеге асырғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

Заңды түрде жария болған немесе жасалған кезінен бастап, егер олар жарияланбаған болса, 1996 жылдың шілде айынан бастап жетпіс жыл мерзім өтпеген радио және телехабарлар (эфирге хабар тарату) қалған мерзімде сабақтас құқықтар объектісі ретінде қорғалады.

Мерзімдерді есептеу оның басталуына негіз болатын заңды жәйт орын алған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталады. Егер орындаушы қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталған жағдайда, жоғарыда

көзделген құқықтарды қорғау мерзімі ол ақталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын пайдалануға рұқсат ету және мерзімдердің қалған бөлігі шегінде сыйақы алу құқығы орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының мұрагерлеріне (занды тұлғаларға қатысты құқық мұрагерлеріне) ауысады.

Орындаушылыққа, қойылымға, фонограммаға, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарына сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімінің өтуі олардың қоғам игілігіне айналуына келтіреді.

**Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау** сот арқылы келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) құқықтарды тану арқылы;
- 2) құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру жолымен;
- 3) құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тыю;
- 4) айырылып қалған пайданы қоса алғанда, шығындардың орнын толтыру;
- 5) құқық бұзушы авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу салдарынан тапқан табысты өндіріп алу;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген, ең төмен жалақының жиырмадан елу мыңға дейінгі мөлшері, ал ЭЕМ-ға арналған бағдарламаның немесе деректер базасы авторларының құқығын бұзғаны кезде ең төмен жалақының бес жүзден елу мыңға дейінгі мөлшері сомасында өтем төлеу арқылы жүзеге асырылады. Зиянның орнын толтырудың немесе табысты өндіріп алудың орнына өтемақы мөлшерін сот белгілейді;
- 7) олардың құқықтарын қорғауға байланысты заң актілерінде көзделген өзге де шаралар қолдану арқылы жүзеге асырылады.

## ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚ

### Патенттік құқық ұғымы және патенттік құқық объектілері.

**Патент** (patens), латын тілінен аударғанда (атау септігінде patentis — куәлік, грамота) деген сөз қазіргі заманда екі мағынада пайдаланады.

1. Мемлекеттің жеке тұлғаға, жеке тұлғалар тобына немесе заңды тұлғаға беретін және оның өнертапқыштық нәтижесін белгілі бір мерзім ішінде пайдалануына ерекше құқықты мойындауды қамтамасыз ететін құжат.

2. Салық төлеушілердің жекелеген топтары үшін жеңілдетілген салық режимін тағайындайтын құжат.

Біздің оқу құралымызда және интеллектуалдық/зияткерлік құқығында «патент» термині бірінші көрсетілген мағынада қолданылады.

Патенттік құқық (объективтік мағынада) — ол интеллектуалдық/зияткерлік меншік құқығының патентпен қорғалатын объектілерін құрумен және пайдаланумен (дайындау, қолдану, сату, азаматтық айналымға басқа да әдіспен енгізу) байланысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтық нормалардың жиынтығы, азаматтық құқықтың салашығы. Аталған интеллектуалдық меншік объектілері сонымен қатар өнеркәсіптік меншік объектілері деп те аталады. Патенттік құқықтың негізгі қайнар көзі — өнертапқыштық зияткерлік меншіктің басқа нысандарымен байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін арнайы заңдар болып саналады.

Патенттік құқық (субъективтік мағынада) – техникалық шешім болып табылатын интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесінің құқық иесіне берілетін құқықтардың жиынтығы. Бұл құқықтар патентте көрсетіледі.

Субъективтік патенттік құқықтарды тану, қорғау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.

### Патенттік құқық объектілері:

**Өнертабыс** – патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес келетін, экономиканың, елдің әлеуметтік-мәдени құрылысы мен қорғанысының кез келген саласындағы жаңа техникалық шешім.

Өнертабыстың патентке қабілеттілік талаптары:

1) **жаңалығы** - егер ол техника деңгейі туралы мәліметтерде (басымдық алған күнге дейін, яғни ҚР Патенттік ведомствосына өнертабысқа өтінім берілген күнге дейін) белгісіз болса, өнертабыс жаңа болып табылады, яғни оның мәні белгісіз адамдар тобы үшін (ғылыми-техникалық жұртшылық үшін) ашылмаған жаңалық болса;

2) **өнертабыстық деңгейі** - егер маман үшін ол техника деңгейі туралы мәліметтерден айқын кездеспейтін болса, өнертабыс өнертабыстық деңгейде болады;

3) *өнеркәсіпте қолдануға жарамдылығы* – егер өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда және қызметтің басқа да салаларында пайдалануға болса, өнертабыс өнеркәсіпте қолдануға жарамды деп табылады

**Өнертабыс** ретінде қорғалатын **объектілер** – ол **өнімге** (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанаттар клеткаларының көбеюіне), **әдіске** (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті **жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға** жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер.

**Пайдалы модель** деп - жаңа және өнеркәсіпте қолдануға болатын өндіріс құралдары мен тұтыну заттарын конструкторлық орындау болып танылады.

**Өнеркәсіптік үлгі** деп - бұйымның сыртқы түрін белгілейтін, жаңа, түпнұсқалық болатын көркемдік-конструкторлық шешім танылады.

Өнертабысқа құқықтар инновациялық патентпен немесе патентпен, ал пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады. Инновациялық патент және патент алу құқығы туындайтын өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге қойылатын талаптар, патенттік органның оларды беру тәртібі арнайы заңнамалармен белгіленеді.

Өнертабысқа инновациялық патент мерзімі бойынша үш жыл бойы автордың құқықтарын қорғайды, патент иесінің өтініші бойынша бұл мерзімді патент органы ұзартуы мүмкін, бірақ екі жылдан астам емес. Өнертабысқа патент - жиырма жыл бойы қорғау береді; пайдалы модельге патент - бес жыл бойы, патент иесінің өтініші бойынша бұл мерзімді патент органы (ұйымы) ұзартуы мүмкін, бірақ үш жылдан аспауы керек. Өнеркәсіптік үлгіге патент он бес жыл бойы күшін сақтайды, патент иесінің өтініші бойынша бұл мерзімді патент органы ұзартуы мүмкін, бірақ бес жылдан астам емес.

Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні қорғау патент органына өтінім келіп түскен күннен бастап қолданылады. Құқықтарды қорғау инновациялық патент немесе патент берілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Патент немесе инновациялық патент беруден бас тартылған жағдайда қорғауға алынбаған болып есептеледі.

Патентке қабілеті жоқ техникалық шешімдердің, өндіріс құралдары мен тұтыну заттарын конструкторлық орындаулардың, бұйымдардың көркемдік-конструкторлық шешімдерінің тізбесі де арнайы заңнамамен белгіленеді.

Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалану құқығы ҚР АҚ-ң 992-бабымен реттеледі. Осыған орай, патент иесінің өнімді қорғалған шешімдерді қолдану арқылы өндіру, инновациялық патентпен немесе патентпен қорғалған технологиялық процестерді өз өндірісінде қолдану, қорғалған шешімі бар бұйымдарды сату немесе сатуға ұсыну, тиісті бұйымдарды импорттау құқықтарын қоса алғанда, инновациялық патентпен немесе патентпен қорғалған өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні өз қалауы бойынша пайдалануға айрықша құқығы болады, сондықтан басқа тұлғалардың өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні патент иесінің рұқсатынсыз пайдалануға құқығы жоқ.

Патенттелген өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні қолданып жасалған бұйымдарды рұқсатсыз жасау, қолдану, импорттау, сатуға ұсыну, сату, азаматтық айналымға өзгедей енгізу немесе осы мақсатпен сақтау, сондай-ақ өнертабысқа инновациялық патентпен немесе патентпен қорғалатын әдісті қолдану немесе тікелей өнертабысқа берілген инновациялық патентпен немесе патентпен қорғалатын әдіс арқылы дайындалған бұйымды азаматтық айналымға енгізу не осы мақсатпен сақтау патент иесінің айрықша құқығын бұзу болып танылады. Өзгеше дәлелденбейінше бұйым патенттелген әдіспен жасалған болып саналады.

Патентті және инновациялық патентті алуға құқық, өтінімді тіркеуден туындайтын құқықтар, патентті және инновациялық патентті иеленуге құқық, және патент пен инновациялық патенттен туындайтын құқықтар басқа тұлғаға толығымен немесе ішінара берілуі мүмкін.

Азаматтық кодекстің 994-бабына сәйкес өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің авторына авторлық құқық және өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге арнайы ат қою (атау беру) құқығы беріледі. Авторлық құқық және өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге басқа да жеке құқықтар қорғау құжатына негізделген құқықтардың туындаған кезінен бастап пайда болады. Өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі авторына заң актілері арнайы құқықтарды, әлеуметтік сипаттағы жеңілдіктер мен артықшылықтарды бекітіп бере алады. Өтінімде автор ретінде көрсетілген тұлға өзгеше дәлелденгенше автор болып есептеледі. Дәлелдемелер ретінде құқық пайда болғанға дейін орын алған фактілер мен мән-жайлар ғана тартылуы мүмкін.

Өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер екі және одан көп авторлармен жасалған болса, олар тең авторлар болып танылады, ал бұл туындыларды жасауға шығармашылық емес сипатта жасалған жәрдем (техникалық, ұйымдастырушылық немесе өзге де көмек, құқықтарды ресімдеуге жәрдемдесу және т.б.) тең авторлыққа әкеп соқпайды.

Өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындаған кезде қызметкер жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге (**қызметтік өнертабыс**) инновациялық патентке, патентке берілетін құқықты, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс беруші иеленеді. Бұл орайда авторға қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін берілетін сыйақының мөлшері, төлеу талаптары және тәртібі оның және жұмыс берушінің арасындағы келісіммен белгіленеді. Келісімге қол жетпеген жағдайда шешімді сот қабылдайды. Егер қызметтік өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні жасаудағы автор мен жұмыс берушінің үлесін мөлшерлестіру мүмкін болмаса, автордың жұмыс беруші алған немесе алуға тиісті пайдасының жартысына құқығы танылады (997-бап).

Шет мемлекет немесе халықаралық ұйым берген патенттер Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда қолданылады. Егер белгіленген тәртіпте мәлімденген шешім тиісінше өнертабыстарға, пайдалы модельдерге немесе

өнеркәсіптік үлгілерге Қазақстан Республикасының заңнамаларында қойылған талаптарға сай келсе, шетелдік азаматтар мен шетелдік заңды тұлғалар немесе олардың құқықтық мирасқорлары Қазақстан Республикасында инновациялық патент пен өнертабысқа патент, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент алуға құқылы.

Патенттік құқықтарды өзге тұлғаларға пайдалануға беру келісім шарт арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде лицензиялық келісім шарт арқылы. Бұл шарттар жазбаша нысанда жасалуы тиіс және патенттік органында тіркелуге тиіс. Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады (1000-бап).

Патент иесі кез келген тұлғаға өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға ашық лицензия шарты бойынша да бере алады. Ашық лицензияны пайдалануға ниет білдірген тұлға патент иесімен төлем туралы шарт жасасуға міндетті. Мұндай шарттың талаптары туралы дауларды сот шешеді. Ашық лицензияға құқық беру туралы патент иесінің өтініші қайтарып алуға жатпайды.

Егер пайдаланушы **инновациялық патент пен патентті бұзған болса**, патент иесінің талабы бойынша мұндай бұзу тоқтатылуы тиіс, ал оны бұзушы патент иесіне өзі келтірген залалдарды өтеуге міндетті. Патент иесі келтірілген залалдың орнына тәртіп бұзушыдан өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні заңсыз пайдалану салдарынан алынған кірісті өндіріп алуға құқылы.

Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің қорғалуға алынған күніне дейін Қазақстан Республикасының аумағында автордан тәуелсіз жасалған соған ұқсас шешімді адал ниетпен пайдаланған немесе осыған қажетті дайындықтар жасаған кез келген тұлға пайдалану көлемін кеңейтпестен оны әрі қарай тегін пайдалану құқығын сақтайды. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні басымдық алған күнінен кейін, бірақ өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге инновациялық патент немесе патент беру туралы мәліметтер ресми жарияланған күнге дейін адал ниетпен пайдалана бастаған тұлға патент иесінің талап етуі бойынша одан әрі пайдалануды тоқтатуға міндетті. Алайда мұндай тұлға патент иесіне өзінің осындай пайдалануы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге міндетті емес.

Патент иесінің құқықтарын шектеу негізі, патентті тоқтату (жою) талаптары, оны жарамсыз деп тану, оның қолданылуын тоқтату, лицензияларды мәжбүрлеп беру және патенттерді мәжбүрлеп иеліктен алу ҚР Патенттік заңымен және өзге де заңдармен белгіленеді.



## Тәжірибелік жағдайлар

1. Екі автор бас орамалдарды шығаруда қолданылған суреттерді жасайды. Барлық туындылар үшін, соның ішінде қызмет тапсырмасы ретінде жасалғандар үшін де авторлық құқық авторлардың өздеріне беріледі дегенге сілтеп, авторлар кәсіпорын әкімшілігінен олардың суреттерін пайдалану жөнінде олармен шарт жасасуды талап етеді.

Еңбек шартында авторлар еңбегінің барлық шығармашылық туындыларын пайдалану құқығы жұмыс берушіге берілетіні анық көрсетілгенін ескертіп, кәсіпорын әкімшілігі авторлар талабын орындаудан бас тартады.

*Бұл дауда кімдікі дұрыс? Қызмет туындыларына авторларының құқықтары қандай?*

2. Технологиялық бюро жұмыскерлері Сырбаев пен Қадыров заңмен белгіленген тәртіпте өнертабыстың – кәсіпорында істеп жүріп ойлап тапқан әкті қайнатудың жаңа әдісінің авторлары деп танылады. Сотқа бірлескен авторлар қатарына қосу жайлы мәселе көтерген технологиялық бюро бастығы Өтепов пен кеңсе қызметкері Айдаровтың талап арыздары түседі. Өтеповтың арызында оның кеңсе бастығы ретінде әкті қайнатудың жаңа әдісін шығарумен аяқталған барлық жұмыстарға жалпы басшылық еткені көрсетіледі. Айдаровтың арызында Сырбаев пен Қадыровқа жаңа әдістің негізгі ойын шын мәнінде өзі айтқанын, ал сонымен бірге ұқсас өнертабыстарды іздеу мен талдау бойынша үлкен жұмыс жасағанын, оның нәтижелерін де жауапкерлерге бергенін көрсетеді.

*Мәлімделген талап арыздар қанағаттандырылуға жата ма?*

3. Мамандықтары бойынша шебер мен технолог қызметтерін атқарып жүріп, бояу жаққыш жасау тәсілін ойлап тауып, өз өндірістеріне ендіреді. Ұсынылған тәсілдің бес айлық пайдалануынан кейін оның үлкен тиімділігі анықталады. Тәсілдің авторлары өз кәсіпорындарының әкімшілігіне оны өнертабыс ретінде патенттеуді ұсынады, бірақ, 2 ай бойы жауап алмай, өз аттарынан өтінім береді. Сонымен бірге, олардың жасап шығарған тәсіліне ерекше құқық алуды жеделдету мақсатымен олар оны өнертабыс ретінде емес, пайдалы модель ретінде патенттеуге шешім қабылдайды.

Патенттік мекеме өтінім жасаушылардың қазіргі заңды бұзғандығына сілтеп, пайдалы модельге куәлік беруден бас тартады.

*Өтінім бойынша қабылданған шешім дұрыс па? Егер өтінім берушілер қателіктер жіберсе, оларды атаңыз және оларды жою мүмкіндігі сақталғанын көрсетіңіз?*

## Селекциялық жетістіктер патенттік құқықтың объектілері ретінде

Селекциялық жетістіктерге құқықтарды белгілеу және қорғау туралы ережелер Азаматтық кодекстің 53-тарауымен және арнайы «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» ҚР Заңымен реттеледі.

**Селекциялық жетістік** – ол адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын өсімдіктің патент берілген жаңа сорты, жануарлардың жаңа тұқымы, яғни селекциялық жетістіктерге өсімдіктердің жаңа сорттары және жануарлардың жаңа тұқымдары жатқызылады. Азаматтық кодексінің 1006-бабында көрсетілгендей, өсімдіктердің жаңа сорттарына және жануарлардың жаңа тұқымдарына құқық (селекциялық жетістіктер) патент берілген жағдайда қорғалады. Патент арқылы патент иесінің селекциялық жетістіктерді, оның басымдығын пайдалануына және селекционердің авторлығына айрықша құқықты куәландырады.

Қазақстанда селекциялық жетістіктердің мемлекеттік **тізілімі** жүргізіледі – ол Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасының патенттер берілген сорттарды, тұқымдарды қамтитын қорғалатын жануарлар тұқымдарының мемлекеттік тізілімі.

Өсімдік шаруашылығында жасанды жолмен немесе сұрыптау жолымен алынған және оны қолда бар өсімдіктер сорттарынан ерекшелендіретін бір немесе бірнеше шаруашылық белгілері бар өсімдік сорты селекциялық жетістік деп танылады. **Сорт** – ол шаруашылық және биологиялық жағынан қасиеттері мен морфологиялық белгілері ұқсас, шығу тегі жағынан туыс, өз белгілерін тұқым қуалау арқылы келесі ұрпақтарға беретін және белгілі бір ботаникалық таксондағы өсімдіктердің басқа топтарынан ең болмағанда бір белгісі бойынша ерекшеленетін бір дақылдың өсімдіктер тобы. **Отырғызылатын материал** – ол репродукциялық және вегетациялық түрде көбейетін материалды қоса алғанда, кез келген түрдегі отырғызылатын материал (тұқым, көшет, өсімдіктер және өсімдіктердің оларды көбейтуге арналған бөліктері).

Мал шаруашылығында адам жасап шығарған және оны осы түрдегі жануарлардың өзге тұқымдарынан айыруға мүмкіндік беретін генеологиялық құрылымы мен қасиеті бар және бір тұқым ретінде көбейту үшін сан жағынан жеткілікті тұқым, яғни шығу тегі ортақ жануарлардың саны көп тұтас тобы селекциялық жетістік деп танылады. Осы орайда **тұқым** – ол белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайларда адамның шығармашылық қызметінің әсерімен қалыптасқан, «өз ішінде» ұзақ уақыт өсіп-өнуі үшін саны жеткілікті және шаруашылық және асыл тұқымдық құндылыққа ие, іріктеу, таңдау, олардың генотипіне сай келетін технологиялық жағдайлар жасау арқылы қалыпты күйі сақталатын, сондай-ақ оны бір түрдегі басқа тұқымдардан ерекшелейтін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылық жағынан пайдалы қасиеттерінде белгілі бір ерекшелігі бар жалпы шығу тегі ортақ ауыл

шаруашылық жануарларының бір түрінің тобы. Тұқымның қорғалатын санаттары: тип, кросс, желі болып табылады.

**Асыл тұқымдық өнім (материал)** – ол асыл тұқымды мал, оның ұрығы, эмбриондары. **Асыл тұқымды мал** дегеніміз тұқым типіне, бағытына және өнімділік деңгейіне, стандартына сай келетін шығу тегі құжатпен расталған таза тұқымды, жоғары сыныпты, өнімділігі жоғары мал;

Селекциялық жетістіктің авторы оның тиісті атауын айқындауға құқылы. Қорғалатын селекциялық жетістіктерді өндіру, ұдайы өндіру, сатуға ұсыну, сату және өткізудің өзге де түрлері кезінде олар үшін тіркелген атауларды қолдану міндетті. Өндірілген және (немесе) сатылатын тұқымдарға, асыл тұқымды материалға тіркелгеннен өзгеше атау беруге жол берілмейді. Тіркелген селекциялық жетістіктің атауын оған қатысы жоқ өсірілген және (немесе) сатылатын тұқымдар мен асыл тұқымды материалға беру патент иесі мен селекционердің құқықтарын бұзу болып табылады.

Патент иесі болып табылмайтын селекциялық жетістіктің авторы патенттің қолданылу мерзімі ішінде патент иесінен селекциялық жетістікті пайдаланғаны үшін сыйақы алуға құқылы. Селекциялық жетістік авторына сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптары оның өзі мен патент иесі арасында жасалған шартта белгіленеді. Бұл орайда сыйақының мөлшері лицензияларды сатудан түскен түсімді қоса алғанда, патент иесі селекция жетістіктерін пайдаланғаны үшін алатын жыл сайынғы түсімдер сомасының кемінде бес проценті болуға тиіс. Сыйақы авторға, егер автордың патент иесімен шартында өзгеше көзделмесе, селекциялық жетістік пайдаланылған әрбір жыл аяқталғаннан кейін алты ай ішінде төленеді (1008-бап).

Селекциялық жетістік патенті иесінің осы жетістікті «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңында белгіленген шекте пайдалануға айрықша құқығы болады.

**Сонымен қатар патент иесі** өндірісте пайдалануға жіберілген сортты, тұқымды айналымға енгізуге және өсімдіктің тиісті сортын немесе жануарлардың тиісті тұқымын патентті қолдану мерзімі ішінде сорттың немесе тұқымның сараптама органы белгілеген ресми сипаттамасында көрсетілген белгілері сақталатындай етіп ұстауға міндетті.

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуы патенттік органға өтінім берілген күннен басталады және жиырма бес жыл бойына жалғасады. Селекциялық жетістіктердің жекелеген түрлері үшін патентті қолданудың неғұрлым ұзағырақ мерзімі, сондай-ақ оларды патенттік органның ұзарту мүмкіндігі селекциялық жетістіктер туралы Заңымен белгіленуі мүмкін (1011-бап).

## Интегралды микротәсімдер патенттік құқықтың объектілері ретінде

Құқықтық қорғау интегралды микротәсімдердің түпнұсқа топологиясына ғана қолданылады. Интегралды микротәсімнің түпнұсқалық топологиясы дегеніміз - автордың шығармашылық қызметі нәтижесінде жасалып, материалдық көздерде көрсетілген интегралды микротәсімдер мен олардың арасындағы байланыстардың элементтері жиынтығының кеңістіктік-геометриялық орналасуы.

ҚР Азаматтық кодекс нормаларымен қоса, бұл қоғамдық қатынастар «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңымен реттеледі. Топологияда іске асуы мүмкін идеяларға, әдістерге, жүйелерге, технологияға немесе кодтандырылған ақпаратқа аталған заңнамаларда көзделген нормалар қолданылмайды.

Интегралды микротәсімдер топологиясы құқығына және осы құқықтарды қорғауға байланысты қатынастарға Азаматтық Кодекстің 994-997-баптарының ережелері қосымша қолданылады.

Интегралды микротәсімдер топологиясы авторының немесе өзге де құқық иесінің бұл топологияны өз қалауы бойынша, атап айтқанда, мұндай топологияны басқа тұлғалардың тиісті рұқсатсыз пайдалануына тыйым салу құқығын қоса алғанда, мұндай топологиясы бар интегралды микротәсім дайындау жолымен пайдаланудың айрықша құқығы болады. Топологияның бірнеше авторына немесе өзге де құқық иелеріне тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісім шартпен белгіленеді.

Автордың рұқсатынсыз интегралды микротәсімге енгізу арқылы немесе өзге де түрде, оның түпнұсқа болып табылмайтын бөлігін қоспағанда, топологияны тұтас немесе оның бөліктерін көшіріп алу; топологияны немесе осы топология бар интегралды микротәсімді қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату және өзге де айналымға енгізу айрықша құқықты бұзу болып табылады. Топологияға құқық иесінің айрықша құқығын бұзу болып табылмайтын әрекеттердің тізбесі «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңының 10-бабында келтірілген, осыған орай топологияны, осы топологиямен бірге интегралдық микросхеманы немесе осындай интегралдық микросхемасы бар бұйымды қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату және азаматтық айналымға өзге де жолмен енгізу заңсыз көшірме жасап алынған топологиясы бар интегралдық микросхемаларға немесе осындай интегралдық микросхемалары бар бұйымдарға қатысты жасау, егер осындай пайдалануды жүзеге асырушы тұлға осы интегралдық микросхемалардың немесе осындай интегралдық микросхемалары бар бұйымдардың топологияға айрықша құқықты бұза отырып дайындалғанын және таралып жатқанын білмесе және білмеуге тиіс болса, құқықбұзушылыққа жатпайды. Осы тұлға құқық иеленушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін, осындай топологияға лицензияны еркін иемдену кезінде төленуге тиіс болатын мөлшерлес сыйақыны құқық иеленушіге төлеген жағдайда, кез келген іс-әрекетті қолда

бар немесе сол кезге дейін тапсырыс берілген өнімге қатысты жасауға құқылы.

Сондай-ақ, топологияны пайда табусыз жеке мақсаттарына, сондай-ақ бағалау, талдау, зерттеу немесе оқыту мақсатында пайдалану; қорғалатын топологияны оның өзін бағалау немесе талдау негізінде жасалған түпнұсқалық басқа топологияға енгізу, қолдану, әкелу, сатуды осындай топологияға қатысты жасау; азаматтық айналымға заңды жолмен енгізілген қорғалатын топологиясы бар интегралдық микросхеманы тарату; басқа автор жасаған топологияға тәуелсіз, ұқсас түпнұсқалық топологияға қатысты енгізу, қолдану, әкелу, сату топологияға құқық иесінің айрықша құқығын бұзу болып табылмайды.

Интегралды микротәсім топологиясының авторы немесе өзге де құқық иесі уәкілетті мемлекеттік органға өтінім беру жолымен топологияны тіркеуге құқылы. Тіркеуге өтінім беру, егер топология қолданылған болса, оны алғаш рет қолданған күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін. Топологияны, сондай-ақ оларға құқықты толық немесе ішінара беру туралы шарттарды тіркеу тәртібі «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңының 10-бабында белгіленеді.

Топологияны пайдалануға айрықша құқық топология тіркелген күннен бастап он жыл бойы күшінде болады. Егер топологияны тіркеу жүргізілмесе, аталған он жыл мерзім осы топологияның немесе осы топология бар интегралды тәсімнің дүние жүзінің кез келген елінде алғаш рет пайдаланылғаны құжат арқылы расталған күннен бастап есептеледі. Түпнұсқамен бірдей, басқа автор өз бетімен жасаған топологияның пайда болуы айрықша құқық мерзімін үзбейді және тоқтатпайды (1016-бап).

## **Ашылмаған ақпаратты құқықтық қорғау талаптары**

ҚР Азаматтық кодексінің 126-бабы «Қызметтік және коммерциялық құпия» деп аталады. Осы баптың 1-тармағындағы нормалары бойынша, үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалады. Мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен иеленген тұлғалар, сондай-ақ, еңбек шартына қарамастан, қызметшілер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпаратты, оның ішінде үшінші тұлғаларға белгісіз (ашылмаған ақпарат) өндірістік құпияларды (ноу-хау) заңды түрде иеленетін тұлғаның, егер Азаматтық Кодекстің 126-бабының 1-тармағында белгіленген талаптар сақталса, осы ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғауға құқығы бар.

Азаматтық кодекстің ерекше бөлімінде бұл тақырып 55-тараудың нормаларымен реттеледі. Осыған орай, ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын шарттылықты орындауға (оны тіркеу куәлік алу және т. б.) қарамастан туындайды. Ашылмаған ақпаратты қорғау туралы ережелер, заң актілеріне сәйкес қызметтік немесе коммерциялық құпия бола алмайтын мәліметтерге (заңды тұлғалар туралы мәліметтер, мүлікке құқықтар және олармен мәмілелер туралы мәліметтер; мемлекеттік статистикалық есеп беру ретінде ұсынылуға жататын мәліметтер және басқалары) қатысты қолданылмайды.

Ашылмаған ақпаратты қорғау туралы ережелер, заң актілеріне сәйкес қызметтік немесе коммерциялық құпия бола алмайтын мәліметтерге (заңды тұлғалар туралы мәліметтер, мүлікке құқықтар және олармен мәмілелер туралы мәліметтер; статистикалық нысанда ұсынылуға жататын мәліметтер және басқалары) қатысты қолданылмайды.

Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік Азаматтық кодекстің 1118-бабында бекітілген. Яғни, ашылмаған ақпаратты заңсыз негізде алған немесе таратқан не оны пайдаланушы тұлға осы ақпаратқа заңды түрде иелік етушіге оны заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өтеуге міндетті. Егер ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланушы тұлға оны таратуға құқығы жоқ тұлғадан алса, ол туралы ақпаратты алушы білмесе және білуге тиіс болмаса (адал ниетті алушы), ашылмаған ақпараттың заңды иесі адал ниетті алушы оны пайдалану заңсыз екенін білгеннен кейін одан ашылмаған ақпаратты пайдаланудан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Ашылмаған ақпаратқа заңды иелік етуші тұлға оны кім заңсыз пайдаланса, содан оның пайдаланылуын дереу тоқтатуды талап етуге құқылы. Алайда сот ашылмаған ақпаратты адал ниетті алушының оны пайдалануға

жұмсаған қаражатын ескере отырып, оны айрықша тегін лицензия талаптарымен одан әрі пайдалануға рұқсат беруі мүмкін.

Ашылмаған ақпараттың мазмұнын құрайтын мәліметтерді өз бетінше және заңды түрде алған тұлға бұл мәліметтерді тиісті ашылмаған ақпарат иесінің құқықтарына қарамастан пайдалануға құқылы және мұндай пайдалану үшін оның алдында жауап бермейді.

Ашылмаған ақпаратқа иелік етуші тұлға осы ақпараттың мазмұнын құрайтын мәліметтердің бәрін немесе оның бір бөлігін лицензиялық шарт бойынша басқа тұлғаға бере алады (Азаматтық Кодекстің 966-бабы). Лицензиат шарт бойынша алынған ақпарат құпиясын қорғауға тиісті шараларды қолдануға міндетті және лицензиар сияқты оны үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануынан қорғауға да сондай құқығы болады. Егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиялық шарт тоқталғаннан кейін де, егер тиісті мәліметтер ашылмаған ақпарат болып қала беретін болса, ақпараттың құпиялылығын сақтау міндеті лицензиатқа жүктеледі.

## АЗАМАТТЫҚ АЙНАЛЫМҒА, ТАУАРЛАРҒА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ДАРАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдарына фирмалық атау, тауар белгісі және тауар шығарылатын жердің атауы жатады.

### **Фирмалық атау**

ҚР Азаматтық кодексінің 38-бабында заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады делінген. Заңды тұлғаның атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады.

Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі. Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан (олардың мұрагерлерінен) рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді. Заңды тұлға белгілі бір атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.

Заңды тұлғаның атауы Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалардың атауын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс, өйткені мұның өзі тиісті заңды тұлғалардың ұқсап кетуіне, сондай-ақ олар шығаратын тауарлар немесе көрсететін қызметтер жөнінде жаңылыстыруға әкеп соғуы мүмкін. Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті. Заңды тұлғаның фирмалық атауды пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері Азаматтық кодексінің 56-тарауында белгіленеді.

Заңды тұлғаның ресми бланкілерде, баспа басылымдарында, жарнамада, маңдайша жазуларда, анықтамалықтарда, шоттарда, интернет-ресурстарда, тауарлар мен олардың қорабында және заңды тұлғаны даралауға қажетті өзге де жағдайларда фирмалық атауды пайдалануға айрықша құқығы бар. Заңды тұлғаның фирмалық атауы оның жарғысы бекітілген кезде айқындалады. Тіркеліп қойған заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас фирмалық атауды пайдалануға болмайды. Егер бір заңды тұлғаның фирмалық атауы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын басқа заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда айрықша құқығы бұрын (ерте) пайда болған дараландыру құралы (фирмалық атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы) басымдыққа ие болады. Осындай дараландыру



құралының иеленушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) құқықтық қорғау беруді жарамсыз деп тануды немесе фирмалық атауды пайдалануға тыйым салуды талап етуге құқылы.

Заңды тұлғаның фирмалық атауы оған тиесілі тауар белгісінде пайдаланылуы мүмкін.

Шет мемлекетте тіркелген немесе кеңінен танымал фирмалық атауға Қазақстан Республикасының аумағындағы айрықша құқық заң актілерінде көзделген жағдайларда қолданылады, мысалы, франчайзинг келісім шарты бойынша.

Заңды тұлғаның таратылуына және оның фирмалық атауының өзгертілуіне байланысты фирмалық атауға құқықтың қолданылуы тоқтатылады.

Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған және кәсіпорын тұтасымен иеліктен шығарылған жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаның фирмалық атауын құқық иелігінен алуға және ауыстыруға жол берілмейді. Фирмалық атауға құқықтың иесі басқа тұлғаға шартта келісілген әдістермен өз атауын пайдалануға рұқсат етуі (лицензия беруі) мүмкін. Бұл орайда лицензиялық шартта тұтынушыны жаңылыстыруға жол бермейтін шаралар көзделуге тиіс.

### **Тауар белгісі субъектінің дараландыру құралы ретінде**

Тауар белгісі – ол бір кәсіпкердің (заңды немесе жеке тұлғаның) тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші бір кәсіпкердің (заңды немесе жеке тұлғалардың) осы тектес тауарларын немесе көрсететін қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін таңба.

Тауар белгісі бойынша қоғамдық қатынастар ҚР Азаматтық кодексімен қоса, «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңымен реттеледі.

Тауар таңбасы ретінде кез келген бояулы түсте немесе бояулы түстер үйлесімінде орындалған бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін.

Тауар таңбасын тіркеуге келесі жағдайларда жол берілмейді:

- 1) тауарлардың белгілі бір түрін белгілеу үшін жалпыға ортақ қолданысқа енген тауар таңбалары;
- 2) жалпыға ортақ қабылданған рәміздер мен терминдер болып табылатын тауар таңбалары;
- 3) тауарлардың түрін, сапасын, санын, қасиетін, мақсатын, құндылығын, сондай-ақ олардың шығарылған немесе өткізілген жері мен уақытын көрсететін;

4) тауарларды немесе көрсетілген қызметтерді белгілеу үшін пайдаланылатын олармен тікелей сипаттық және (немесе) ұқсастық байланысы бар тауар таңбалары.

Мемлекеттік елтаңбаларды, тулар мен эмблемаларды, халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларын және олардың елтаңбаларын, тулары мен эмблемаларын, ресми бақылаулық, кепілдік және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, олимпиадалық рәміздерді, наградаларды және басқа да айырым белгілерін, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді бейнелейтін белгілер тауар таңбалары ретінде тіркелмейді. Егер белгі солардан ғана тұратын болмаса және егер оларды пайдалануға тиісті құзыретті органның немесе олардың иесінің келісімі бар болса, мұндай белгілер қорғалмайтын элементтер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сондай-ақ, тауар таңбалары немесе олардың элементтері ретінде:

1) тауарға немесе оның жасаушысына қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілерді, оның ішінде тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектінің атауларын;

2) тауар шығарылған нақты жерді үстірт түрде көрсететін, бірақ тауар басқа аумақтан шығарылғаны туралы қате түсінік беретін;

3) минералды суларды, шараптарды немесе күшті спирт ішімдіктерін бірыңғайландыратын географиялық объектінің атаулары болып табылатын немесе оларды қамтитын белгілерді, осы жерден шығарылмаған сондай тауарларды белгілеу үшін, сондай-ақ егер аударма пайдаланылса немесе белгіде «түрінде», «үлгісінде», «стилінде» деген немесе басқа да осындай сөздер қоса жазылса, сол белгілерді;

4) өзінің мазмұны жөнінен қоғамдық мүдделерге, адамгершілік пен ізгілік принциптеріне қайшы келетін белгілерді тіркеуге жол берілмейді.

ҚР Азаматтық кодексінің 1024-бабына сәйкес, тауар белгісін құқықтық қорғау оны тіркеудің негізінде не Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде тіркеусіз беріледі. Тіркелген не халықаралық шартқа орай тіркеусіз қорғалатын сөзбен жазылған, бейнеленген, көлемдік белгілер немесе бір тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші тұлғаның біртектес тауарлары мен қызметтерінен ерекшелену үшін қолданылатын басқа да белгілер тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) деп танылады.

Егер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бір заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасы (қызмет көрсету таңбасы) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда айрықша құқығы ерте пайда болған дараландыру құралы (фирмалық атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы) басымдыққа ие болады. Осындай дараландыру құралының иеленушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған тауар таңбасына

(қызмет көрсету таңбасына) құқықтық қорғау беруді жарамсыз деп тануды немесе фирмалық атауды пайдалануға тыйым салуды талап етуге құқылы.

Тауар белгісі ретінде тіркеуге жол берілмейтін белгілер, тауар белгілерін тіркеу, олардың қолданылуын тоқтату және тіркелуі жарамсыз деп тану тәртібі, сондай-ақ тіркелмеген тауар белгілерін құқықтық қорғауға жол берілуі мүмкін болатын жағдайлар «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңымен белгіленеді.

Тауар белгісіне құқық куәлікпен куәландырылады. Тауар белгісіне құқық өтінім тіркелген кезден бастап он жыл бойы күшінде болады. Тауар белгісіне құқық иесінің тауар белгісі қолданылуының соңғы жылы ішінде патенттік органға берген арызы бойынша тауар белгісінің қолданылу мерзімін он жылға ұзартудың тіркелуі мүмкін, ұзарту шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.

Тауар белгісіне құқық иесінің өзіне тиесілі белгілерді қолдануға және билік етуге айрықша құқығы бар. Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбасын оның иесінің келісімінсіз ешкім де пайдалана алмайды. Тауар белгісін кез келген айналымға енгізу: дайындау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, тауар белгісін немесе осы белгімен белгіленген тауарды сату, маңдайшадағы жазуда, жарнамада, баспа өнімдерінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада пайдалану - тауар белгісін пайдалану болып саналады. Тауар белгілері және тауар белгілерімен белгіленген тауарлар жарнамасының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының патенттік органы немесе Қазақстан Республикасының бекітілген халықаралық шартына орай халықаралық ұйым тіркеген тауар белгісіне құқықтық қорғау беріледі.

Тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына арналған құқықтарды беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, қорғалатын тауар таңбаларының, қызмет көрсету таңбаларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу, куәліктерді беруге дайындау жөніндегі қызметтер мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады. Қазіргі таңда бұл ұйым «Ұлттық зияткерлік меншік институты» деп аталады. Сараптама ұйымының негізгі қызметімен технологиялық байланысты қызметке өтінімнің (басым құжаттың) көшірмелерін куәландыру, төлемдерді қайта есепке алу және растау жатады. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Тауар белгісіне күәлік беру үшін оған алдын ала сарптама және толық сараптама жүргізіледі. Алдын ала жасалған сараптама нәтижелері бойынша өтініш берушіге өтінімнің қарауға қабылданғаны, оған тиісті нөмір берілгені, берілген күні және басымдық күні белгіленгені туралы не өтінімді қарауға

қабылдаудан бас тартылғаны туралы дәлелді қорытынды түрінде хабарланады.

Өтініш беруші өзіне толық жасалған сараптаманың алдын ала қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде дәлелді қарсылық беруге құқылы, оны қарау нәтижелері бойынша сараптама жасау ұйымы қарсылық келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде түпкілікті қорытынды шығарады. Толық жасалған сараптаманың нәтижелері бойынша уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде тауар таңбасын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Тіркеу туралы шешім тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бүкіл тізбесіне не олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін.

Тауар таңбасына куәлік бере отырып, сараптама жасау ұйымы тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне келесі мәліметтерді енгізеді:

- 1) тауар таңбасының бейнесін;
- 2) оның иелері туралы мәліметтерді;
- 3) тауар таңбасын тіркеудің нөмірі мен күнін;
- 4) тауар таңбасы тіркелген тауарлар мен қызметтердің тізбесін;
- 5) сараптама жасау ұйымына берілген өтінімнің нөмірі мен күнін;
- 6) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, алғашқы өтінім берілген ел, оның нөмірі және берілген күнін;
- 7) қорғалатын тауар таңбасына құқық беру туралы мәліметтерді қоса алғанда, тауар таңбасын тіркеуге қатысты басқа да мәліметтер енгізіледі.

Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімі жалпыға ортақ болып табылады. Мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сараптама ұйымы Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен көшірме береді.

Тауар таңбасына куәлік иесі тауар таңбасына қатар тұстан пайдаланылып отырған белгі - Қазақстан Республикасында тіркелген тауар таңбасы екенін көрсететін латынның (R) әрпі түріндегі ескертпе таңбалауын не «тауар таңбасы», «товарный знак» немесе «тіркелген тауар таңбасы» деген сөз белгілерін соға алады.

Тауар белгісін иеленуші дәлелсіз себептермен оны үш жыл бойы үздіксіз пайдаланбаған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша оның тіркелу күшінің жойылуы мүмкін. Тауар белгісін пайдалануға Азаматтық кодекстің 966-бабына сәйкес лицензиялық шарт жасасу оны пайдалану болып есептеледі (1028-бап). Құқық иесі куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен қызмет көрсетулер сыныптарына не олардың бір бөліктеріне қатысты тауар белгісіне құқығын шарт бойынша басқа тұлғаға беруі мүмкін. Лицензиатқа тауар белгісін пайдалануға рұқсат ететін лицензиялық шартта, лицензиат тауарларының немесе көрсететін қызметінің сапасы лицензиар тауарларының немесе көрсететін қызметтерінің сапасынан төмен болмайтындығы және лицензиардың осы шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар екендігі туралы талапты қамтуға тиіс. Тауар белгісіне құқықтың қолданылуы тоқтатылған жағдайда лицензиялық шарттың қолданылуы тоқтатылады. Тауар белгісіне құқықтың басқа тұлғаға ауысуы лицензиялық шарттың тоқтатылуына әкеп соқпайды.

Тауар белгісіне құқық беру туралы шарттар мен лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалып, патенттік органда тіркелуге тиіс. Жазбаша нысан мен тіркеу туралы талапты сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Егер тауар белгісіне құқық тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға себепкер болса, ол белгіге құқықты беруге жол берілмейді. Тауар белгісіне құқықтың ауысуы, соның ішінде оның шарт бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен берілуі патенттік органда тіркелуге тиіс.

Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауапкершіліктің жалпы ережелері Азаматтық кодексінің 1032-бабында келтірілген. Тауар белгісін не оған араласу дәрежесіне дейінгі ұқсас белгілеуді заңсыз пайдаланушы тұлға тәртіп бұзуды тоқтатуға және тауар белгісінің иесіне келтірілген залалдарды Азаматтық кодекстің 9-бабына сәйкес өтеуге міндетті. Тауар белгісін заңсыз пайдаланушы тұлға тауар белгісінің дайындалған бейнелерін жоюға, тауардан немесе оның қорабынан заңсыз пайдаланылған тауар белгісін немесе олармен араласу дәрежесіне дейін ұқсас белгілеуді алып тастауға міндетті. Ал мұндай талаптарды орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда тиісті тауар жойылуға тиіс.

### **Тауар шығарылатын жердің атауы**

Тауардың шыққан жерінің атауы (шыққан жерін көрсету) деп айрықша қасиет ерекшелігімен немесе негізінен географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен немесе өзге де факторлармен, не табиғи жағдайлардың және сол факторлардың ұштасуымен айқындалатын тауарды белгілеу үшін пайдаланылатын елдің, елді мекеннің, жердің немесе басқа да географиялық объектінің атауы танылады (1033-бап).

Тауар шығарылатын жердің атауы географиялық объектінің тарихи атауы болуы мүмкін. Географиялық объектіні білдіретін немесе оның атауын беретін, бірақ Қазақстан республикасында тауар әзірленген жерге байланыссыз белгілі бір тауар түрінің белгісі ретінде жаппай қолдануға еніп кеткен белгі тауар шығарылатын жердің атауы деп танылмайды және ол құқықтық қорғау мақсаты үшін тіркелуге жатқызылмайды. Алайда бұл мұндай атауды адал пайдаланбаудан құқықтары бұзылған тұлғаға оларды заңнамаларда көзделген өзге де әдістермен, соның ішінде теріс пиғылды бәсеке туралы ережелердің негізінде қорғау мүмкіндігін береді.

Тауар шығарылған жердің атауы ретінде елдің, өңірдің, елді мекеннің, жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауы, сондай-ақ осындай атаудан шыққан белгі және олардың тауардың көріністік атауымен тіркесі тіркелуі мүмкін. Географиялық объектінің атауын білдіргенімен немесе қамтығанымен, бірақ Қазақстан Республикасында тауардың өндірілген жерімен байланысты емес оның белгілі бір түрінің белгілері ретінде жалпы қолданысқа енгізілген белгілер тауар шығарылған жердің атауы болып танылмайды.

Тауарлар шығарылған жерлердің атаулары ретінде:

1) тауар шығарылған жерге қатысты жаңылысуға әкеп соқтыратындай географиялық объектілердің атаулары болып табылатын;

2) тауар өндірілген нақты жерді үстірт түрде көрсететін, бірақ тауардың басқа аумақтан шығарылғаны жөнінде қате түсінік беретін белгілер;

3) тауарлардың шығарылған жерімен байланысты емес, географиялық объектілердің атауын қамтитын белгілер тіркелмейді.

Тауар шығарылатын жердің атауына, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оны тіркеудің негізінде құқықтық қорғау беріледі. Тауар шығарылатын жердің атауын тіркеуді патенттік орган жүзеге асырады. Тіркеудің негізінде тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығы туралы куәлік беріледі. Куәлік патенттік органға өтінім түскен күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады. Куәліктің қолданылу мерзімі оның иесінің куәлік қолданылуының соңғы жылы ішінде берген өтініші бойынша атауды пайдалануға құқық беретін талаптардың сақталуы жағдайында он жылға ұзартылуы мүмкін, ұзартылу шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.

Тіркеудің және куәлік берудің, оларды жарамсыз деп танудың және тіркеу мен куәліктің қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен талаптары тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылатын жердің атауы туралы заңнамалармен белгіленеді.

Сараптама жасау ұйымы тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлік берумен бірге Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізіліміне тауар шығарылған жердің атауын, тіркелу нөмірі мен күнін, тауардың айрықша қасиеттерінің сипаттамасын, тұрғылықты жерлерін (орналасқан жерлерін), өтінімнің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының барлық иелері туралы мәліметтерді және көрсетілген мәліметтердегі одан кейінгі барлық өзгерістерді, сондай-ақ тіркеуге қатысты басқа да мәліметтерді енгізеді. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының иесі тіркеу туралы мәліметтерге қатысты өзгерістер жайында сараптама жасау ұйымына хабарлап отыруға міндетті. Өзгерістер туралы жазбаны сараптама жасау ұйымы Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізіліміне және куәлікке түсіреді.

Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығын иеленуші тұлға осы атауды тауарға, оның қорабына, жарнамада, анықтамалықтарда, шоттарда орналастыруға және осы тауарды азаматтық айналымға енгізуге байланысты оны өзге де түрде пайдалануға құқылы. Заң талаптарына сай келетін тауарды белгілеу үшін тауар шығарылатын жердің атауын бірнеше тұлға бірлесіп те, бір-біріне тәуелсіз де тіркетуі мүмкін. Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығы мұндай тұлғалардың әрқайсысында болады.

Тауар шығарылатын жердің тіркелген атауына бара-бар немесе ұқсас географиялық белгілеуді ол алғаш тіркелген күнге дейін кемінде алты ай бұрын адал ниетпен пайдаланған тұлға патенттік орган (ұйым) белгілеген мерзім ішінде, бірақ аталған тіркеу күнінен бастап санағанда кемінде жеті жыл бойы одан әрі пайдалану құқығын сақтайды.

Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығын иеліктен алуға, оны беру туралы өзге де мәмілелерге және оны лицензия негізінде пайдалануға беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында республика аумағында орналасқан тауарлар шығарылатын жердің атауларына құқықтық қорғау беріледі. Басқа мемлекеттегі тауар шығарылатын жердің атауын құқықтық қорғау, егер осы атау тауар шығарылатын елде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген болса, Қазақстан Республикасына беріледі.

Тауар шығарылатын жердің атауын заңсыз пайдалану үшін жауапкершіліктің жалпы ережелері АҚ-ң 1037-бабында белгіленген. Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалануға құқығын иеленуші тұлға, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдар бұл атауды заңсыз пайдаланушыдан оны пайдалануды тоқтатуды, тауардан, оның қорабынан, бланкілерден және басқа да құжаттамадан заңсыз пайдаланылған атауды немесе олармен араласу дәрежесіне дейін ұқсас белгіні алып тастауды, атаудың немесе олармен араласу дәрежесіне дейін ұқсас белгінің дайындалған бейнелерін жоюды, ал егер бұл мүмкін болмаса, тауарды және (немесе) оның қораптарын алып тастау мен жоюды талап ете алады. Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығын иеленуші тұлға осы құқықты бұзушыдан Азаматтық кодексінің 9-бабына сәйкес келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

## МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ

### Мұрагерлік ұғымы мен түрлері

Мұрагерлік құқық – ол мұра қалдырушы мен мұрагер арасындағы мұраға қалған мүлік жөніндегі қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың салашығы. Мұрагерлік құқықтың негізгі институты - мұраға ие болу, яғни қайтыс болған азаматтың мүлкінің, мүліктік құқықтары мен міндеттерінің өзге тұлғаға - оның мұрагерлеріне көшуі. Мұрагерлік өз кезегінен меншік құқығына ие болу негіздерінің бірі болады.

Мұрагерлік құқық азаматтық құқық жүйесіндегі ең үлкен салашықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде мұрагерлік құқыққа жеке бөлім арналған. Бұл бөлім төрт тараудан тұрады: мұрагерлік туралы жалпы ережелер, өсиет бойынша мұрагерлік, заңды мұрагерлік және мұра алу. Ежелгі Рим құқығына көз жүгіртетін болсақ, онда мұрагерлік институты толықтай анықталған. Рим құқығы бойынша мұрагерлік деп қайтыс болған жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің басқа тұлғаларға өтуін айтады. Мұрагерлік әмбебап тәртібінде құқықтың ауысуымен өтетін, яғни мұрагер мұраны қабылдай отырып, мұраға қатысты барлық құқықтар мен міндеттерге ие болып отырған. Әмбебап құқықтың ауысуы ерекшелігіне қарай сингулярлық құқық ауысуымен ажыратылған. Алдыңғысы бойынша құқықтар мен міндеттерге бөлінсе, екіншісінде арнайы құқықпен ғана шектелген.

Мұраға ие болу - ол әмбебаптық мирасқорлық болады. Әмбебаптық мирасқорлық негізінде мұрагерлерге мұра қалдырушының мүлкімен қоса онын жеке басымен тығыз байланысты, бөлуге болмайтын құқықтары мен міндеттерін қоспағанда, өзге мүліктік құқықтары мен міндеттері бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы (1038-бап).

Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ Азаматтық кодексте белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады.

**Мұраның құрамына** мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді (1040-бап).

Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер мұраның құрамына кірмейді:

- 1) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы;
- 2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;
- 3) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;
- 4) зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақылар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының



әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңдарының негізінде басқа да төлемдер алу құқығы;

5) мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар.

Мұра қалдырушыға тиесілі болған жеке мүліктік емес құқықтар мен басқа да материалдық емес игіліктерді мұрагерлердің жүзеге асыруы және қорғауы мүмкін.

Мұраға ие болу екі негіз бойынша пайда болады: өсиет бойынша және заң бойынша. Алайда, ҚР Азаматтық кодексінің 59-тарауы «Заңды мұрагерлік» деп, біздің пікірімізше, қате жазылған, себебі орыс тілінде «наследование по закону» деген сөз тіркесін аудармашылар «законное наследование» деп аударған. Сондықтан біз мұрагерліктің екінші түрін тек «заң бойынша мұрагерлік» деп атаймыз.

Мұра қалдырушы тек жеке тұлға бола алады, ал мұрагерлер – азаматтар да, заңды тұлғалар да, және мемлекет те болуы мүмкін. Егер мұра жөнінде өсиет қалдырылмаған болса, онда, жоғарыда көрсетілгендей, мұраға ие болу заң бойынша орын алады.

**Мұра қалдырушы** ретінде, әрекет-қабілеттілігіне қарамастан, кез келген жеке тұлға болуы мүмкін. Ал өсиет қалдырушы ретінде тек қана толық әрекет қабілетті жеке тұлға бола алады.

Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұра ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады.

Ортақ бірлескен меншікке қатысушы жеке тұлға қайтыс болғанда оның мұрагерлеріне ауысатын мұралық мүліктің көлемі сол ортақ меншік құрамынан бөлініп шығару арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, жұбайлардың біреуі қайтыс болғанда мұралық мүлік ретінде ортақ бірлескен меншіктегі отбасылық мүліктің тек екіден бір бөлігі оның мұрагерлеріне ауысады, ал екінші жартысы тірі қалған жұбайына дара меншік құқығында тиесілі болады. Бұл жағдайда мұра қайтыс болған қатысушының ортақ мүліктегі үлесіне, ал мүлікті заттай бөлу болмаған кезде - үлестің құнына қатысты ашылады.

**Мұрагерлерді** қарастыратын болсақ, жеке тұлға санатындағы мұрагерлерге әрекет-қабілеттілік талаптары қойылмайды, яғни, мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған адам мұрагер бола алады. Ал заңды тұлғалар мұрагер болу үшін мұра ашылған кезде бар болуы, яғни тіркелуде болуы қажет. Мемлекет атынан мұраны жергілікті салық органдары қабылдайды.

Азаматтық заңнамаларда «лайықсыз мұрагерлер» институты бекітілген. Бұл туралы нормаларға орай, мұра қалдырушыны немесе болашақ мұрагерлердің біреуін қасақана өлтірген немесе олардың өміріне қастандық жасаған адамдар өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Бұлардың қатарына өсиет қалдырушы оның өміріне қастандық жасалғаннан кейін өздеріне қатысты өсиет қалдырған адамдар кірмейді.

Сондай-ақ, мұра қалдырушының соңғы еркін жүзеге асыруға қасақана кедергі жасаған және сол арқылы олардың өздерін немесе оларға жақын

адамдарды мұрагерлікке шақыруға не мұраның оларға тиесілі үлесін көбейтуге ықпал жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ.

Және де балаларына ата-аналық құқықтарынан айырылған және мұра ашылған кезде бұл құқықтарын қалпына келтірмеген ата-аналардың балаларынан қалған мұраны, сондай-ақ мұра қалдырушыны күту жөнінде өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған ата-аналардың (асырап алушылардың) және кәмелетке толған (асырап алынған) балалардың заң бойынша мұраны алуға құқығы жоқ.

Лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен шеттетуге негіз болатын мән-жайларды сот анықтайды. Бұл ережелер барлық мұрагерлерге, соның ішінде мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлерге де қолданылады.

**Мұраның ашылу орны** болып мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса – мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері табылады.

**Мұраның ашылу уақыты** болып мұра қалдырушының қайтыс болған күні, немесе ол қайтыс болды деп танылған күн, немесе сот шешімінің заңды күшіне енген күні саналады.

**Мұраны қабылдау** (алу, иелену) заң жүзінде және нақтылы түрде болады. Заң жүзінде мұраны қабылдап алу - ол жөнінде мұраның ашылған жері бойынша нотариалдық кеңсеге өтініш жазу арқылы жасалады. Мұраны нақтылы түрде қабылдап алу дегеніміз – ол белгілі бір азамат қайтыс болғаннан кейін болашақ мұрагері оның борыштарын өтеуі немесе мұра қалдырушыға тиесілі ақшаны үшінші тұлғалардан алуы, оның мүлкін иеленіп, басқаруы, оны жөндеп, сақтауы, оны қол сұғудан немесе үшінші тұлғалардың талаптарынан қорғау жөнінде шаралар қабылдауы, мүлікті ұстау шығындарын өз есебінен жүргізуі, тағы сондай әрекеттер жасауы арқылы дәлелденеді (1072-1-бабы).

Мұраны қабылдап алу үшін мұра ашылғаннан кейін алты айлық мерзім бекітілген.

Мұрагерлер мұра қалдырушының қарыздары бойынша өздеріне алған үлестері мөлшерінде мүліктік жауапкершілік көтереді.

Мұрагерлердің кез келгені мұраның ашылған жеріндегі нотариалдық кеңсеге ол жөнінде арыз жазу арқылы мұраны алудан бас тартуға құқылы болады. Мұрадан, мұрадағы үлесінен бас тарту: мұрагерлердің біреуінің, өзге мұрагерлердің барлығының, мемлекеттің немесе заңды тұлғаның пайдасына және ешкімнің пайдасына емес жасалуы мүмкін. Бұл қалғандардың үлесінің өсуіне әкелдіреді. Мұраның бір бөлігінен бас тартуға, мұрадан ескерту жасап немесе шарт қойып бас тартуға жол берілмейді.

Мұрадан бас тарту қайтарылмас болады яғни, басында мұрадан бас тартып, одан кейін ойланып, мұраны қабылдау жөнінде өтініш жасауға болмайды.

Өзге мұрагерлері болмаған жағдайда, мұраға қалдырылған мүлік иесіз деп танылып мемлекетке тиесілі болады.

## Өсиет бойынша мұрагерлік

Өсиет – міндетті түрде жазбаша нотариалдық нысанда жасалатын біртарапты мәміле. Өсиеттің түсінігі Азаматтық кодекстің 1046-бабында бекітілген, осыған сәйкес, өсиет дегеніміз - азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі.

Өсиет қалдырушы кез келген уақытта өсиет мазмұнын өзгертуге немесе оған өзгерістер, қосымшалар енгізуге, одан толық бас тартуға құқылы болады. Өсиетті куәландыру кезінде нотариус өсиетте аталған мүлікке деген құқығын куәландыратын құжаттарды талап етуге міндетті емес.

Өсиет бойынша азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір немесе бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке қалдыра алады.

Өсиетті мұра қалдырушы өзі жасауға тиіс, өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді. Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін. АҚ-тің ережелеріне сәйкес өсиетті жазу, оған қол қою немесе куәландыру кезінде куәлар қатысуға тиіс болған жағдайларда мыналар куә бола алмайды, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоя алмайды:

- 1) нотариус немесе өсиетті куәландыратын өзге лауазымды тұлға;
- 2) пайдасына өсиет жазылған немесе өсиет қалдырудан бас тартылған адам, оның зайыбы, оның балалары, ата-аналары, немерелері мен шөберелері, сондай-ақ өсиет қалдырушының заң бойынша мұрагерлері;
- 3) толық әрекет қабілеттілігі жоқ азаматтар;
- 4) сауатсыз және өсиетті оқуға қабілетсіз басқа да адамдар;
- 5) жалған жауап бергені үшін соттылығы бар адамдар.

Мұра қалдырушының өтініші бойынша өсиетті нотариус та жазуға құқылы, ол үшін мұра қалдырушы нотариусқа мұралық мүлік және өсиет бойынша мұрагерлер туралы өз қалауын толығымен түсіндіріп беру қажет. Нотариус мұндай жағдайда жалпы қолданыстағы техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т. б.) пайдалануы мүмкін. Нотариус өсиет қалдырушының айтуы бойынша жазған өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәнің қатысуы арқылы өсиет қалдырушы оны толық оқып шығуға тиіс. Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетті өзі оқи алмайтын болса, ол үшін оның мәтінін нотариустың қатысуымен куә оқып береді, ол туралы өсиет қалдырушының өсиетті өзі оқи алмауының себептері көрсетіліп, өсиетте тиісті жазба жасалады. Өсиетте куәнің тегі, аты және тұрақты тұратын жері көрсетілуге тиіс. Осындай мәліметтер өсиетке өсиет қалдырушының орнына қол қойған адамға қатысты да енгізілуі тиіс. Куә да, қол қоюшы азамат та толық әрекет қабілетті болуы қажет, олар өсиет құпиясын сақтау туралы жазбаша ескертіледі.

Мұрагерлік құқықта қазіргі кезде «құпия өсиет» түрі бекітілген. Құпия өсиет деп өсиет қалдырушының тілегі бойынша нотариус өсиеттің мазмұнымен таныспай-ақ оны куәландыратын өсиетті атаймыз. Құпия өсиет, оның жарамсыз болып қалу қаупімен, өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуға және қол қойылуға, екі куәның және нотариустың қатысуымен куәлар қол қоятын конвертке салынып, желімденуге тиіс. Куәлар қол қойған конверт куәлардың және нотариустың қатысуымен, нотариус куәландырып қол қоятын басқа конвертке салынып желімденеді.

Нотариус жоқ елді мекендерде тұратын адамдардың өсиетін заң актілерінде нотариалдық әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдар куәландырады.

Нотариуспен куәландырылған өсиеттерге келесі өсиеттер теңестіріледі:

1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;

6) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі.

Аталған лауазымды тұлғалар өсиетті рәсімдегеннен кейін оның бір данасын өсиет жазушыға беріп, ал екінші данасын 10 күннен кешіктірмей – өсиет қалдырушының тұрғылықты жері бойынша әділет департаментіне оны тиісті нотариусқа тапсыру үшін ресми түрде жіберу керек.

Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу

құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды. Мұра қалдырушы кез келген мүлікке қатысты өсиет жасауға құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрагер мінез-құлқының сипатына қатысты мұра алуды белгілі бір талаппен байланыстыруға құқылы. Мұрагер тағайындау немесе мұра алу құқығынан айыру туралы өкімге енгізілген заңға қарсы талаптар жарамсыз болады.

Өсиетке енгізілген мұрагердің денсаулық жағдайы бойынша немесе өзге де объективті себептерге байланысты мұрагер үшін орындалмайтын талаптар мұрагердің талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Өсиет қалдырушы негізгі мұрагермен қатар қосымша мұрагер тағайындауға құқылы. Мысалы, өсиетте көрсетілген мұрагер мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан болса, немесе лайықсыз мұрагер ретінде мұрагерліктен шеттетілген болса, сондай-ақ мұрагер мұра қалдырушының заңды талаптарын өсиет бойынша орындамаған жағдайда.

Өсиеттің күші келесі екі жолмен жойылуы мүмкін: нотариус кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің толық күшін жою туралы өтініш беру немесе жаңа өсиет жасау жолымен.

Ал өсиеттің мазмұнын өзгерту келесі екі жолмен жүзеге асырылады: нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің белгілі бір бөлігін өзгерту туралы өтініш беру немесе бұрын жасалған өсиетті бөліктері бойынша өзгертетін жаңа өсиет жасау жолымен өзгертілуі мүмкін.

Нотариустар, өсиетті куәландыратын басқа лауазымды тұлғалар, куәлар, өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоятын азаматтар өсиет құпиялылығын сақтауға міндетті, яғни, мұра ашылғанға дейін өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, күші жойылуына немесе өзгертілуіне қатысты мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

Нотариус, өсиетті орындаушы немесе сот өсиетке түсінік берген кезде ондағы сөздер мен тіркестердің дәлме-дәл мәнін назарға алу қажет. Өсиеттің қандай да болсын ережесінің дәлме-дәл мағынасы түсініксіз болған кезде ол осы ережені басқа ережелермен және өсиеттің тұтас мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Тиісті нысанда жасалмаған өсиет жарамсыз болады. Өсиеттің жарамсыздығы АҚ-тің 4-тарауының мәмілелердің жарамсыздығы туралы ережелеріне де негізделеді. Өсиетті жасаудың, оған қол қоюдың және оны куәландырудың тәртібінің бұзылуы салдарынан өсиетті жарамсыз деп танудан мүліктік зардап шеккен адамның талабы бойынша өсиет жарамсыз деп танылуы мүмкін. Өсиеттегі жекелеген өкімдердің жарамсыздығы өсиеттің қалған бөлігінің жарамдылығына әсер етпейді. Өсиет жарамсыз деп танылған жағдайда, осы өсиет бойынша мұрадан айырылған мұрагер, АҚ-тің 1060-бабында белгіленген тәртіппен заң бойынша мұра алу құқығына ие болады.

### **Өсиеттік бас тарту (легат)**

Өсиеттік бас тарту (легат) дегеніміз - өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге мұра есебінен бір немесе бірнеше адамның (бас тартылушылардың,

легатарийлердің) пайдасына қандай да болсын мүліктік міндетті орындауды тапсыруы.

Легат деген сөз ежелгі латын тілінен – *legatus* – *тағайындау, тапсыру* деген сөзден пайда болған.

Легатарий (бас тартылушы) ретінде заң бойынша мұрагерлер қатарына кіретін адамдар да, кірмейтін адамдар да болуы мүмкін. Өсиеттік бас тартудың нысанасы мұраның құрамына кіретін заттарды бас тартылушының меншігіне, пайдалануына немесе өзге заттық құқығына беру және оған мұра құрамына кірмейтін мүлікті беру, ол үшін белгілі бір жұмысты орындау, оған белгілі қызмет көрсету және т. б. болуы мүмкін. Өсиет қалдырушы өсиеттік бас тартуды жүктеген мұрагер, оны тек оған ауысқан мұраның шын мәніндегі құны шегінде және мұра қалдырушы қарыздарының өзіне артылған бөліктерін шегере отырып орындауға тиіс.

Өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагердің мұрадағы міндетті үлеске құқығы болса, оның бас тартуды орындау міндеті өзіне ауысқан мұраның оның міндетті үлесінің құнынан асатын құнымен шектеледі.

Егер өсиеттік бас тарту барлық немесе бірнеше мұрагерге жүктелсе, өсиетте өзгеше көзделмесе, ол мұрагерлердің әрқайсысына мұрадағы үлесіне мөлшерлес болады. Тұрғын үй немесе өзге де тұрғын үй-жай ауысатын мұрагерге өсиет қалдырушы тұрғын үй-жайды немесе оның белгілі бір бөлігін басқа адамға өмір бойы пайдалануға беру міндеттемесін жүктеуге құқылы. Тұрғын үй-жайға меншік құқығы кейіннен ауысқан жағдайда өмір бойы пайдалану құқығы күшін сақтайды. Өмір бойы пайдалану құқығы иеліктен айырылмайды, басқаға берілмейді және бас тартылушының мұрагерлеріне ауыспайды.

Бас тартылушыға берілген өмір бойы пайдалану құқығы, егер өсиетте өзгеше көрсетілмесе, оның отбасы мүшелерінің тұруына негіз болмайды. Өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагер қайтыс болған жағдайда немесе ол мұраны қабылдамаған жағдайда өсиеттік бас тартуды орындау оның үлесін алған басқа мұрагерге, не мүлік иесіз қалса, мемлекетке ауысады. Өсиеттік бас тарту мұра ашылғанға дейін немесе ашылғаннан кейін бас тартылушы қайтыс болған жағдайда, бірақ өсиет бойынша мұрагер оны қабылдап үлгерген кезге дейін орындалмайды. Бас тартылушы (легатарий) мұра қалдырушының борыштары үшін жауап бермейді. Легатарий мұрагерден өсиеттік бас тартуды орындауды талап ету құқығына ие болады.

### **Жүктеу**

Легаттан басқа, өсиет мазмұнына жүктеу де енгізілуі мүмкін. Жүктеу дегеніміз – ол өсиет қалдырушы мұрагеріне (мұрагерлеріне) мұраға қалдыратын мүліктің есебінен қандай да болсын жалпыға пайдалы мақсаттағы әрекетті (әрекеттерді) жасауға міндеттеуге құқылы. Мысалы, жетім балалар үйіне мұраға қалдырылған ақша есебінен ай сайын белгілі бір соманы беріп тұру немесе қалалық саябаққа, алаңға әйгілі тұлғаның мүсінін орнату, т.б.

Жүктеудің легаттан айырмашылығы – легат жеке тұлғаның мүддесіне орындалатын болса, жүктеу жалпы пайдалану мақсатында, қоғам мүддесіне

жасалады. Өзге бөлігінде мүліктік сипаты бар әрекеттер мәні болып табылатын жүктеуге тиісінше АҚ-тің легат туралы ережелері қолданылады.

### **Өсиетті орындау**

Өсиет қалдырушы өсиетті орындауды мұрагер болып табылмайтын, өсиетте өзі көрсеткен адамға (өсиетті орындаушыға), өсиетті орындауды жүктелген өкілге тапсыра алады. Бұл адамның өсиетті орындаушы болуға келісімі оның не өсиеттің өзіне өз қолымен жазған жазбада, не өсиетке қоса беріген өтініште көрсетілуге тиіс.

Егер өсиетте оның орындаушысы көрсетілмесе, мұрагерлер өзара келісім бойынша өсиетті орындауды мұрагерлердің біріне не басқа адамға тапсыруға құқылы. Мұндай келісімге қол жетпеген жағдайда бір немесе бірнеше мұрагердің талап етуімен өсиетті орындаушыны сот тағайындауы мүмкін.

Өсиетті орындаушы өсиет бойынша мұрагерлерді бұл жөнінде күні бұрын хабардар етіп, өзіне өсиет қалдырушы жүктеген міндеттерді атқарудан кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Өсиетті орындаушы өз міндеттерінен мұрагерлердің арызымен сотың шешімі бойынша да босатылуы мүмкін.

Өсиетті орындаушы:

- 1) мұраны қорғауды және оны басқаруды жүзеге асыруға;
- 2) мұраның өз пайдасына ашылуы туралы барлық мұрагерлер мен бас тартушыларды хабардар ету мүмкін болған барлық шараларды қолдануға;
- 3) мұра қалдырушыға тиесілі ақша сомасын алуға;
- 4) мұра қалдырушының еркі мен заң актілеріне сәйкес мұрагерлерге өздеріне тиесілі мүлікті беруге;
- 5) мұрагерлердің оларға жүктелген өсиеттік бас тартуды орындауын қамтамасыз етуге;
- 6) өсиеттік жүктеуді атқаруға не өсиет бойынша мұрагерлерден өсиеттік жүктеуді атқаруды талап етуге;
- 7) мұраны борыштардан тазартуға тиіс.

Өсиетті орындаушы өз атынан сот істеріне және мұраны басқару мен өсиетті орындауға байланысты басқа істерге араласуға құқылы, сондай-ақ мұндай істерге қатысуға тартылуы мүмкін. Өсиетті орындаушы мұраны борыштардан тазарту, мұра қалдырушыға тиесілі сомаларды өндіріп алу және барлық мұрагерлердің мұраны иеленуге кірісуі үшін қажетті қисынды мерзім ішінде өз қызметін жүзеге асырады. Өсиетті орындаушының мұраны басқару мен өсиетті орындау жөніндегі қажетті шығындарды мұраның есебінен өтеуге құқығы бар. Өсиетте өсиетті орындаушыға мұраның есебінен сыйақы төлу көзделуі мүмкін. Өсиет орындалғаннан кейін өсиетті орындаушы мұрагерлерге олардың талап етуі бойынша есеп беруге міндетті.

## Заң бойынша мұрагерлік

Заң бойынша мұраға ие болу үшін мұрагерлердің кезектерін және, егер мұрагерлердің өзара арнайы келісімінде өзгеше көзделмеген болса, келесі кезектегі мұрагерлер алдындағы кезектегілер болмаған жағдайда, мұраны алуға шақырылатыны жөнінде ережені білген жөн.

Бірінші кезектегі мұрагерлер - мұра қалдырушының балалары, ата аналары және жұбайы болады. Оның балаларына туған балаларымен қоса, асырауға алынған балалары және ол қайтыс болғаннан кейін туған балалары жатады. Ерекше назарды мұра қалдырушының асырауында болғандарға аударған жөн, өйткені оның асырауында болған деп танылғандар заң бойынша алтыншы кезектегі мұрагерлерге жатқызылады.

Заң бойынша мұрагерлер ҚР АҚ-нің 1061-1066-баптарында көзделген кезек тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі. Асырап алынғандар мен олардың ұрпақтары асырап алынушының туған ата-анасы, оның басқа да қандас туыстары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды. Асырап алынушылардың ата-анасы мен оның басқа да қандас туыстары асырап алынушы және оның ұрпақтары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды.

ҚР АҚ-нің заң бойынша мұрагерлерді мұрагерлікке шақырудың кезектілігі туралы және олардың мұрадағы үлестерінің мөлшері туралы ережелері мүдделі мұрагерлердің мұра ашылғаннан кейін жасалып, нотариат куәландырған келісімімен өзгертілуі мүмкін. Мұндай келісім оған қатыспайтын мұрагерлердің, сондай-ақ міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлердің құқықтарын бұзбауы тиіс.

Туыстық дәрежесінің жақындығы ортақ ата-бабасынан туу саны негізінде анықталады. Әрбір дүниеге келу бір ата (бір туыстық) дәрежесі деп аталады. Мұра қалдырушы мен мұрагерлердің туыстық дәрежесі туыстарды бір-бірінен сатылап алшақтататын туу санымен айқындалады. Мұра қалдырушының өзінің дүниеге келуі бұл қатарға жатпайды.

Және де заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған, оларды мұрадан шеттеткен, олар мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан жағдайда мұрагерлік құқығына ие болады.

Осылайша, заң бойынша мұрагер болу құқығын **бірінші** кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының балалары, соның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы мен ата-анасы алады.

Заң бойынша мұрагер болу құқығын **екінші** кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының ата-анасы бір, ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі алады.

Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын **үшінші** кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге



туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады.

**Төртінші** кезектегі мұрагерлер ретінде үшінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының арғы аталары мен әжелері танылады.

**Бесінші** кезектегі мұрагерлер ретінде төртінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының туған немере іні-қарындастарының, жиендерінің балалары (шөбере іні-қарындастары, жиеншарлары) және оның аталары мен әжелерінің туған аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері) шақырылады.

**Алтыншы** кезектегі мұрагерлер ретінде бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының шөбере іні-қарындастарының, жиеншарларының балалары, оның немере аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары және оның екі атадан қосылатын аталары мен әжелерінің балалары шақырылады.

Егер алдыңғы кезектердегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша **жетінші** кезектегі мұрагерлер ретінде мұра қалдырушымен кемінде он жыл бір отбасында тұрған мұра қалдырушының өгей әкесіне не өгей шешесіне еріп келген аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), өгей ұлдары, өгей қыздары, өгей әкесі және өгей шешесі шақырылады.

Заң бойынша басқа мұрагерлер болмаған кезде 1062, 1063, 1064-баптарында көрсетілген мұрагерлер тобына кірмейтін, бірақ мұраның ашылу күніне дейін еңбекке жарамсыз болып табылған және мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған мұрагерлер **сегізінші** кезектегі мұрагерлер ретінде өз бетінше мұра алады.

Ал егер алдыңғы кезектердегі мұрагерлер бар болса, онда заң бойынша Азаматтық кодекстің 1062, 1063, 1064-баптарында көрсетілген мұрагерлер тобына кірмейтін, бірақ мұраның ашылу күніне дейін еңбекке жарамсыз болып табылған және мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған мұрагерлер мұрагер болуға шақырылатын кезектегі мұрагерлермен бірге және тең мұра алады.

Егер заң бойынша мұрагер мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, ашылатын мұрадағы оның үлесі **ұсыну құқығы** бойынша оның ұрпақтарына ауысады. Қайтыс болған мұрагердің үлесі заң бойынша мұрагер ұсынған туыстығы бірдей дәрежедегі ұрпақтар арасында тең бөлінеді. Тікелей өзінен тарайтын туыстық бойынша мұрагерлік жағдайында ұсыну құқығы туыстық дәреже шектелмей қолданылады, ал көлденең туыстық бойынша мұрагерлік жағдайында ұсыну құқығын тиісінше оның туған аға-інілерін (апа-сіңлілерін, қарындастарын) ұсына отырып, мұра қалдырушының жиендеріне не оның туған немере ағасын немесе апасын ұсына отырып, немере аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) алады.

Осыған орай, бірінші кезектегі мұрагерлер мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, мұра қалдырушының немерелері мен олардың ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұра алады.

Екінші кезектегі мұрагерлер мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары (мұра қалдырушының немере іні-қарындастары, жиендері) мұраны ұсыну құқығы бойынша алады.

Үшінші кезектегі мұрагерлер мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, мұра қалдырушының немере аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мұраны ұсыну құқығы бойынша алады.

### **Мұрадағы міндетті үлес.**

Өсиеттің мазмұнына қарамастан, мұра қалдырушының кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ оның еңбекке жарамсыз жұбайы мен ата-анасы, заң бойынша мұрагерлік кезінде олардың әрқайсысына тиесілі болатын үлестің (міндетті үлес) кемінде жартысын мұраға алады. Мұндай үлеске құқығы бар мұрагер өсиет бойынша және (немесе) заң бойынша мұрадан алатынның барлығы, оның ішінде әдеттегі үй жабдықтары мен үй-іші тұрмысында ұсталатын заттардан тұратын мүліктің құны және мұндай мұрагердің пайдасына белгіленген өсиеттік бас тартудың құны, міндетті үлеске есептеледі. Мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагер үшін өсиетте белгіленген кез келген шектеулер мен жүктеулер өзіне ауысатын мұраның міндетті үлесінен асатын бөлігіне қатысты ғана жарамды болады. Нотариат туралы заңнамалар бойынша ондай мұрагерлердің нақтылы үлесін нотариус есептеп, оларға мұрадағы міндетті үлеске деген құқығы жөнінде куәлік береді.

Ерлі-зайыптыларға өсиетке немесе заңға орай тиесілі мұрагерлік құқықтың мұра қалдырушымен некеде тұру жағдайына байланысты оның басқа да мүліктік құқықтарына, оның ішінде мүліктің некеде тұрғанда бірге тапқан бөлігіне меншік құқығына қатысы жоқ. Егер мұра қалдырушымен неке мұра ашылғанға дейін іс жүзінде тоқтатылғандығы және ерлі-зайыптылардың мұра ашылғанға дейін кемінде бес жыл бөлек тұрғандығы дәлелденсе, сот шешімімен ерлі-зайыптылар заң бойынша мұрагерліктен шеттетілуі мүмкін.

### **Мұраға иелену**

Егер мұрагер кейін мұрадан бас тартпаса, мұрагерлік құқығынан айырылмаса және оны мұрагер етіп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп танудың салдарынан мұрагерлік құқығын жоғалтпаса, ол мұра ашылған уақыттан бастап өзіне тиесілі мұраға немесе оның бір бөлігіне (үлесіне) құқық алады. Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған **мұрагерлікке құқық туралы куәлік** беруге міндетті. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі. Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардың басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Мұрагер өзінің мұрагерлікке шақырылғандығы туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты айдың ішінде мұрадан бас тартуға

құқылы. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзімді сот ұзартуы мүмкін, алайда бұл екі айдан аспауға тиіс. Мұрадан бас тарту мұрагердің мұраның ашылған жері бойынша нотариусқа арыз беруімен жасалады.

Мұрадан бас тартуға өкіл арқылы да болады. Өсиет қалдырушы мұрадан айырған мұрагерлердің пайдасына мұрадан бас тартуға жол берілмейді. Егер мұрагер өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлікке шақырылса, ол осы негіздемелердің біреуі бойынша немесе екі негіздеме бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы. Мұрагер мұраның басқа бөлігі мұраға қалдырылуына қарамастан, үстелу құқығы бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы (АК-тің 1079-бабы).

Легатарий да өсиеттік бас тартудан бас тартуға құқылы.

### **Мұраны бөлу**

Мұраны қабылдаған кез келген заң бойынша мұрагер мұраны бөлуді талап етуге құқылы. Мұраны бөлу барлық мұра немесе оның бір бөлігі мұрагерлерге нақты мүлік көрсетілмеген үлеспен өсиет етілген жағдайда мұрагерлердің келісімі бойынша оларға тиесілі үлестерге сәйкес, ал келісімге қол жетпеген кезде – сот тәртібімен жүргізіледі. Егер мұрагерлердің арасында тұратын жері белгісіз адамдар бар болса, қалған мұрагерлер, өсиетті орындаушы (мұраны басқарушы) және нотариус олардың тұратын жерін анықтауға және оларды мұрагерлікке шақыруға қисынды шаралар қолдануға міндетті. Егер тұратын жері анықталған, мұрагерлікке шақырылып, болмай қалған мұрагер заңда көзделген мерзім ішінде мұрагерліктен бас тартпаса, қалған мұрагерлер өздерінің мұраны бөлісуді жүргізу ниеті туралы оны хабардар етуге міндетті.

Егер іште қалған мұрагер тірі туса, қалған мұрагерлер оған тиесілі мұралық үлесті бөліп шығару арқылы ғана мұра бөлуді жүргізуге құқылы. Жаңа туған баланың мүдделерін қорғау үшін бөліске қатысуға қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі шақырылуы мүмкін. Мұра ашылғанға дейінгі бір жыл ішінде мұра қалдырушымен бірге тұрған мұрагерлер тұрғын үйді, сондай-ақ жабдықтары мен үй-іші тұрмысы заттарын мұраға алуға басым құқыққа ие болады. Мұра қалдырушымен бірге мүлікке ортақ меншік құқығы бар мұрагерлер ортақ меншікте болған мүлікті мұраға алуға басым құқыққа ие болады.

Мұра қалдырушының қайтыс болар алдындағы науқасы туғызған қажетті шығындарды, мұра қалдырушыны жерлеуге арналған шығындарды, мұраны қорғауға, басқаруға, өсиетті орындауға, сондай-ақ өсиетті орындаушыға немесе мұраны сенімгерлікпен басқарушыға сыйақы төлеуге байланысты шығындарды өтеу туралы талаптар ол мұрагерлер арасында бөлінгенге дейін мұра есебінен қанағаттандырылуға тиіс. Бұл талаптар барлық басқа, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етілген талаптардың алдында мұраның құнынан басымдықпен қанағаттандырылуға тиіс.

Шаруа (фермер) қожалығының мүшесі қайтыс болған жағдайда мұра жалпы ережелер бойынша ашылады. Мұрагердің осы мүлікке жалпы меншіктегі оның үлесіне мөлшерлес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

Егер өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлер болмаса, не мұрагерлердің ешқайсысының мұра алуға құқығы болмаса, не олардың бәрі мұрадан бас тартса, мұра иесіз қалған деп танылады. Иесіз қалған мұра мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке ауысады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша жергілікті атқарушы органның арызы негізінде сот мұраны иесіз қалған деп таниды. Егер мұраны қорғауға және оны басқаруға байланысты шығындар оның құнынан асып түссе, мұра аталған мерзім өткенге дейін иесіз қалған деп танылуы мүмкін. Иесіз қалған мүлікті қорғау және оны басқару АҚ-тің 1071-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

### **Тәжірибелік жағдайлар**

1. Қырманов сотқа өз анасының өлімінен кейін ашылған мұраны қабылдау мерзімін ұзарту жөнінде талап арызын береді. Өз өтінішін ол мұраның ашылғаны туралы тек қазір, өлімінен кейін 1,5 жыл өткен соң білгенін дәйектейді. Істі қарастыру барысында Қырмановтың соңғы жылдар бойы анасымен ешқандай қарым-қатынас жасамағанын, дәлірек айтқанда, анасының материалдық көмек сұрағанына қарамастан, оған көмек көрсетпегені анықталды. Анасын күту мен бағуға байланысты барлық жұмысты өз мойнына Қырмановтың апасы алады, міне, соған мұрагерлік мүліктің бәрі өтеді.

*Қырмановтың талап арызы қанағаттануға жата ма?*

*Мұраны қабылдап алу азаматтық құқықтағы мерзімдердің қандай түріне жатады?*